


84.5423 = B
M 16


Мукаталу



Шығармалары



Mykatalu



*Өлеңдері мен
дастандары
Үшінші басылым*



Мукатали

Шығармалары



КӨП ТОМДЫҚ
ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

I-ТОМ

069133-

2/2

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛЫҚ ЖҮЙЕ

05

АЛМАТЫ
“ЖАЛЫН БАСПАСЫ”
2013

2013 - 2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
М 16

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”
бағдарламасы бойынша шығарылды**

*2001–2002-жыл аралығында басылған
4 томдығы негізінде шығарылды*

Мақатаев Мұқағали
М 16 Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық.
Құраст. Оразақын Асқар. 3-басылым – Алматы:
“Жалын баспасы” ЖШС, 2013.
I-том: Өлеңдері мен дастандары. — 320 бет

ISBN 978-601-7286-62-0

Бұл томға ақынның 1949-жылдан 1966-жылға дейінгі кезеңде жазған өлеңдері мен дастандары жазылған күндерінің ретімен берілді. Сондай-ақ жазылған уақыты белгісіз жыр, дастандары алғаш енген жинақтары бойынша топтастырылды.

Кітап көпшілік оқырманға арналып отыр.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-7286-62-0 Т.1

ISBN 978-601-7286-61-3

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2013

АҚЫННЫҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ

Мұқағалидың ата тегі қысқаша былай тарайды: Албан — Сары — Сүйерқұл — Алжан — Сырымбет — Қангелді — Қойбас пен Түке. Түкеден Райымбек туады. Ал Қойбастан Менжі — Дәлі — Қамысбай — Мақатай — Сүлеймен — Мұқағали. Демек Мұқағалидың 6-атасы Қойбас — Райымбектің әкесі Түкемен бірге туған ағайынды кісілер. Мұқағалидың Тоқтарбай, Көрпеш деген інілері бар. Мұқағалидан Жұлдыз, Айбар атты екі ұл, Ләззәт, Майгүл, Алма, Шолпан деген төрт қыз туған. Немере, жиендері өсіп келеді.

Мұқағалидың азан шақырып қойған толық аты — Мұхаметқали. "Пайғамбардың атын түгел айту балаға ауыр болады" деп әрі еркелетіп, қысқартып Мұқағали атап кеткен. Шешесі Нағиманның айтуы бойынша, 1931-жылы 13-наурызда (күрәлікте 9-ақпан деп қате жазылған) Алматы облысы Нарынқол, қазіргі Райымбек ауданына қарасты Қарасаз ауылында туған. Ол кезде әкесі Сүлеймен 1930-жылы ұйымдасқан Энгеліс атындағы колхоздың алғашқы төрағасы еді. 1941-жылы Отан соғысы басталғанда, яғни Мұқағали 10 жасқа келген кезде әкесі майданға аттанып, Калининград майданында болған сұрапыл шайқаста 29 жасында ерлікпен қаза табады. Үй ішінің бар ауыртпалығы баланың тұңғышы Мұқағалидың иығына түсті. Сөйтіп балалық, оқушылық кезі кріі бағып, егін орып, кетпен шабумен өтеді. Сол кездерде олар жаза бастайды. 1948-жылы ауыл орта мектебін үздік бітіріп, Алматыға жоғары оқу орнына аттанып, зеректігінің арқасында, еш қиындықсыз Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Бірақ орталыққа жақын аудандардың студенттеріне жатақхана берілмегендіктен, стипендиясы не тамағына, не пәтер ақысына жетпей, асыраусыз қалған үй ішінің ауыр тұрмысы оқуын әрі қарай жалғастыра беруге мүмкіндік бермей, бір жылдан соң оқуын тастап, Шибұт деп аталатын көрші ауылда ауылдық кеңестің хатшысы болып қызметке орналасады. Әрі қызыл одау меңгерушісі, кітапханашы да болады. Комсомол мүшесі әрі жас кадр ретінде қоғамдық үгіт-насихатқа, өркөмөнерпаздардың ойын-сауық жұмыстарына белсене аралысады. 1949-жылы "Советтік шекара" газетінде екі өлеңі жарық көреді. Сол ауылда мұғалім бойжеткен қыз Лашын да үгіт-насихат, ойын-сауық жұмыстарында Мұқағалиға сенімді

серік болады. "Қозы Көрпеш – Баян Сұлу" пиесасында Мұқағали – Қозы, Лашын – Баян рөлін ойнап жүріп, бірін бірі ұнатады. Сөйтіп жүріп, 1949-жылдың көктемінде екеуі үйленеді.

Мұқағали үзіліп қалған оқуын жалғастыруды армандайды. Лашын: "Қызметім, жалақым бар, үй ішіне мен қараймын, сен алаңсыз оқуыңды жалғастыр", – деген кеңес беріп, Мұқағали екінші рет Алматыға оқуға аттанады. 1950-жылы Шет тілдер институтының неміс тілі фәкүлтетіне түсіп, оны да тұрмыс жағдайына байланысты орта жолдан тастауға мәжбүр болады. Ақын болам деген кісі заңды жете білгені дұрыс деген оймен Қазақ Мемлекеттік Университетінің заң фәкүлтетіне оқуға түседі. 1952-жылы Қ.Аманжолов құрастырған "Жастық жыры" атты жинаққа өлеңдері М.Әлімбаев, Ғ.Қайырбеков, І.Мәмбетовтермен бірге енеді. 1954-жылы ауылға қайтып, өзінің туған жері Қарасаздағы орта мектепке орыс тілінен сабақ береді. Ауыл мектебіндегі мұғалімдігін дипломы бар кадр алып, Мұқағали жұмыссыз қалған соң, қалаға келіп, 1957-жылы Алматыда Республикалық радиоға диктор болып қызмет істейді. 1960–62-жылдары аудан орталығы Нарынқолда "Советтік шекара" газетінде жауапты хатшы болады.

1962-жылы Алматы қаласына қоныс аударып, "Социалистік Қазақстан" газетіне әдеби қызметкер болып орналасады. Одан Жазушылар одағында кеңесші, "Жұлдыз" журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады.

1964-жылы "Ільич" атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады, "Армысындар, достарым!" (1966), "Қарлығашым, келдің бе?" (1967), "Мавр" (1969), Аудармадан У.Уитмен "Шөп жапырақтар" (1969), У.Шекспир "Сонеттер" (1970) жинақтары жарық көргеннен кейін 1970-жылы Жазушылар одағына мүшелікке қабылданады. Дантенің "Құдіретті комедиясын" аударады (1971), "Дариға жүрек" (1972) жинағы басылады. 1973-жылы Қазақстан Жазушылар одағының жолдамасымен Мәскеудегі М.Горький атындағы халықаралық әдебиет институтына оқуға барады, "Аққулар ұйқтағанда" (1974), "Шуағым менің" (1975), "Өмірдастан" (1976) атты кітаптары жарық көрді.

Өмірінің соңғы кезінде денсаулығы нашарлап, ауруханаға жиі түсіп жүріп, 1976-жылы 27-наурызда қайтыс болады.

Бейіті Алматы іргесіндегі Кеңсай зиратында. Туған жері Қарасазда еңселі мұражайы, Алматыда өз атында кең көше бар. Алматыда және көптеген елді мекенде Мұқағали атымен мектеп, гимназиялар аталады.

Жазушылар одағының үздік шыққан жас ақындарға берілетін сыйлығы Мұқағали атында.

Ғасырлар тоғысында Мұқағали ғасыр ақыны болып танылды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Лашын Әзімжанқызы
Әбдіке Асанұлы

ЕЙ, ЖҰМАШ!

Мықты болып екеуіміз,
Сен он төрт сом, мен отыз.
Сыйлық алдық не етеміз?
Дүкен жаққа барайық,
Көмпит сатып алайық,
Тойлатайық ұлдарды,
Тойдыралық қуларды.

Ей, ұлдар!
Дүкен жаққа барыңдар
Сатушыны табыңдар.
Конфет сатып алыңдар.

*Жұмабек (Жұмаш) Айдаровтың айтуынша өлеңді
Мұқаң 7-сыныпта (1945-ж) шығарған.*

ҚЫРМАН БАСЫНДА

Қызу қарқын, көңіл шат,
Шығады жарқын дауыстар.
Ұштасқан қимыл қат-қабат,
Еселенген екпін бар.
Бұлшық етті білектер,
Еңбек сүйгіш жүректер.
Жойқын күш үдей түседі,
Шыққан сайын ашшы тер.
Молотилка үйіріп,
Төгеді меруерт алтын дән.
Жал-жал астық үйіліп,
Қырманға көрік берді сән.
Қарт колхозшы Есімхан
Қолынан түспей күрегі.
Бойына еңбек тым жаққан,
Жарқырап жүзі күледі.
Тау жақтан кенет жел тұрып,
Қыздырды еңбек қызуын.

Есекең де желініп,
Ұшырып жатты қызылын.
Зағипа әкпей асығып,
"Бол, болға" алды көп елді.
Арбаға астық басылып,
Мемлекетке де жөнелді.
Шабыттанып мен тұрмын
Ерекеңнің қасында.
Өмірге осы келтірдім
Жырымды қырман басында.

*(Бұл өлең – бала Мұқағалидың 1949-жылы қазан айының 3-і күні
"Советтік шекара" газетіне жарияланған алғашқы өлеңі – О.А.)*

ҚОЙШЫ БАЛА ӘКІТАЙ

Алғыр, өжет Әкітай,
Өзі қалап қой баққан.
Қозысын қорғап аялай,
Лағын жарға ойнатқан.
 Жайлауда болды Әкітай,
 Семіртіп қойын бірнеше ай.
 Шілденің ыстық күнінде,
 Мал бабын тапты жалықпай.
Жайлаудан қайтты Әкітай,
Күз болды енді түн ұзап.
Күзетіп қойын ұйқтамай,
Бөріге бермей бір лақ,
 Қыс болсын мейлі Әкітай,
 Мәпелеп қойын бағады.
 Өмірден оқып қажымай,
 Малының бабын табады.

24-қазан, 1949 ж. "Советтік шекара" газеті.

БҰЛТ (1-нұсқа)

Тұңғиық, түпсіз көк аспан
Жайымен ғана жатыр сұлқ,
Керуендей адасқан
Келеді жылжып бір топ бұлт.
 Дауылдың құлы қошқыл бұлт
 Көмескі торға байланып,

Бойында күші етпей бық,
Барады қайда айдалып?
Бұлтты кенет буды ашу,
Долдана дауыл сыпырды.
Көк беті болды уда-шу,
Найзағай оғы атылды.
Тәкаппар, долы тынды жел,
Бұлт өксіді еңіреп.
Қарық болды қара жер,
Қайғылы жасын төгіп ед.
Кенет дауыл сап етті,
Қайтадан мініп қалпына.
Бұлтты айдап әкетті
Бұрылттырмай артына!

3.IV.1949ж.

ЖҮРЕГІМ

Кейде суық, кейде жылы,
Кейде тәтті ләззәт тілі.
Кейде бейне көңіл нұры,
Кейде махаббат өнген гүлі.
Сұрғылт дүние теңізінен,
Сұстана қорқып жиренген.
Тақуа тіршілік негізінен,
Өшпейтін өнер үйренген.
Жүрегім менің жүйткіп жүзген,
Долы мұхит кемесі.
Шабыт туып шаттық жүзден,
Келешек өмір елесі.
Жүрегім менің — дәл соққан
Уақыты өмірдің,
Талабыма нұр жаққан
Қуанышы көңілдің.
Жүрегім менің — жанған от,
Жылуы бітпей сөнбейтін.
Жүрегім менің — ұшқан оқ,
Тастауға қағып көнбейтін.
Кейде мұңды, кейде шат,
Жүрегім менің қат-қабат.
Аяулысы сол жүректің —
Ләззәтті махаббат.

01.IX.1949 ж.

МҰЗДАМА, ЖЫЛЫ ЖҮРЕГІМ

Дәрменсіз, ойсыз шарқ ұрып,
Қалғанша қатып қайғыға.
Дариям бітіп, тартылып,
Кіргенше өлім қойнына.

Мұздама, жылы жүрегім,
Сенгенше сәулең біржола.
Өлімнің салып жүгенін
Болғанша табыт қу мола!

01.IX.1949 ж., Шибұт.

ДОСЫМА!

Қамығып көңіл сарғайды,
Аласұра бір жүрек.
Өмір әлде алдайды,
Көз жетпейді, кім білед!..

Сонау бір бала шағымда,
Қол ұстасып өскен ем.
Өмірдің рахат таңын да,
Сенімен бірге кешкен ем.

Сұрапыл соғыс бірақта,
Амалсыздан айырды.
Ауыр жағдай шыдатпай,
Дос жүрегін қайырды.

Соғыс бітті. Жаңарды өмір,
Жүректің кірі жуылды.
Алып-ұшып достық көңіл,
Табысар күн туылды.

Қайда менің тату досым,
Көріселік, бермен келші!
Ізгі достық сыры болсын,
Арманыңды айта берші!..

Келші, досым, келші бермен!
Еске түссін балалық!
Асыр салып жүрген жермен,
Адасқан күнді табалық.

Әлденеге жабығамын,
Адасқан достық сырын айтып.
Ойымнан неге жаңыламын,
Өткен өмір келмес қайтып.

Суысқалы достық жүрек,
Талай жылдар болды міне.
Ұшқанша ол қайта түлеп,
Күні шығар жаңа дүние.

3.IX.1949 ж., Шибұт.

ЖАСЫМА, КӨҢІЛ!

(I-нұсқа)

Жасыма, көңіл, жасыма!
Бақытқа басың кенелер!
Серік боп қиял қасыңа,
Жүлде алып, жүйткіп жөнелер!
Биікке ұшып шыңға өрле;
Көк бетін жүзіп, қалықта;
Кез салып келер күндерге,
Хабаршы болғын халыққа.
Жасыма, көңіл, жасыма,
Сезімің бір күн оянар.
Өмірдің гауһар тасына,
Кіршіксіз денең боялар.
Кәрі тарих долданып,
Тербесе өмір бесігін.
Ашасың сен де қолға алып,
Жаңа дүние есігін.

3.IX.1949 ж.

ЖАСЫМА, КӨҢІЛ!

(II-нұсқа)

Жасыма, көңілім, жасыма!
Іздегін, саған не керек?
Әр гүлдің қонған басына
Секілденбе көбелек.
Қапаланба, қайғырма!
Біткен жоқ әлі бесігің.
Болашағың алдыңда,
Піскен жоқ әлі несібің.

3.IX.1949 ж.

КҮЗГІ КЕШТЕ

Төңірекке тұрмын қарап,
Дымқыл сызды күзгі кеште.
Күн батарда қызыл жолақ,
Әр нәрсе әкеп түсірді еске.
Күздің салқын күні батты,
Күрең тартты жер беті,
Тауларда өркеш бұлттар жатты,
Құдды қыстың келбеті.

Сол бұлттардың ызғарынан,
Түсіпті тауға жұқа қар.
Таудың шыңырау құздарынан,
Соққандай боп тұр зәрлі ызғар.
Күзгі кеште біраз тұрып,
Еске алдым сүйген жарымды.
Суреті келіп, сүйкімді қылық,
Тербеді ұзақ жанымды.

04.IX.1949 ж., Шибұт.

ҮМІТ

Түнек түннің ішінде,
Көз ұшында алыстан,
Әлде ой, әлде түсімде,
Тек бір сәуле танысқан.
Ол сәулеге ұзақ қарап,
Қимадым тастап кетуге.
Алып ұшып жігер-талап,
Ұмтылдым мен де жетуге.

Ұстатар емес ол сәуле,
Келемін қуып, жетпедім.
Болмаса игі босқа әуре,
Талпына жігер еткенім.
Ол сәуле — үміт шырағы,
Талайлар қуып жығылған.
Жай тауып қалай тұрады,
Ұштастпай оған шыбын жан.

11-12.IX.1949., Шибұт.

АРМАНЫМ!

Көз салдым өмір тереңіне,
Құлашым жетсе дүние көлеміне.
Әлпештеп мені өсірген — Ұлы Отан,
Жарасам сол Отанның керегіне.

Отан сүйгіш елімнің ізгі салтын,
Әлем білген әйгілі совет халқын.

Дарқан күш, қайнар бұлақ білім шыққан,
Мадақтасам Ұлы Отан өшпес даңқын.
Ұлы күш қимылдауда ұзақ жолда,
Атой сап адал еңбек оң мен солда.
Коммунизм жолына сапар шегіп,
Ерінбей еңбек етсем мен де сонда.

Арманым қиял емес даурыққан құр,
Лепірген өлең емес, өтірік жыр.
Жүректен комсомолдық тұнып шыққан,
Көңілде көптен жүрген бұл — шындық сыр.

12.IX.1949 ж., Шибұт.

АҚ ГҮЛ

Жаз болды. Көріктенді құлпырып жер,
Оранып көк көрпеге бар өңірлер.
Төсінде жер ананың толықсиды,
Сансыз көп, сары, жасыл өсімдіктер.
Атқанда таң бозарып алтын арай,
Аралап өсімдікті жүрдім талай.
Ашығы сүттен аппақ жалғыз түп гүл,
Алдымнан болды пайда әлдеқалай.

Ақ гүлді қызықтым да алдым жұлып,
Орнаттым үйге әкеліп орнын құрып.
Бейне бір күнәсіз зат күлімдейді,
Тұрғандай жүрегімнің сырын ұғып.
Қараймын ақ гүліме күнде-күнде,
Көркінен айырылып кетті мүлде.
Ақ гүлім сарғыш тартып сала берді,
Мұңайып, назаланад әлдекімге.

17. IX. 1949 ж., Шибұт

ТАУДА

Шоғыр тас, құлама құз төніп тұрған,
Қарағай басын иіп тағзым қылған.
Бар тіршілік қойнына паналаған,
Алып дене құралған ұзақ жылдан.
Мүлгіген ну орманы сыңсып жатты,
Долы өзені долдана жылап ақты.
Суық соққан самалға шың жартастар,
Кере төсеп кеудесін аймалатты.
Жотада арқар жортқан, елік ойнап,
Қара тас бітпегендей мәңгі ойлап.
Қанатын кесе сілтеп құстар да жүр,
Тамаша табиғаттың тойын тойлап.
Алып жота, асқар шың, ұлы кеуде,
Көз жібердім көлбеген кербез белге.
Тауда тұрып тамаша сырын ұғып,
Бет сүйгіздім азырақ самал желге.

17.IX.1949 ж., Шибұт.

ӨМІРГЕ СЕРТ!

Келдім, өмір, қойыныңды аш, енейін,
Ашты-тәтті тамағыңнан өбейін.
Тартылмаған талабымды қуат қып,
Соқпағыңмен мен де алысып көрейін.
Көрген күнім егерде қараң болса,
Оған менің жетпесе бойда күшім.
Қан орнына жүрекке қайғы толса,
Жас жанымды қиямын соның үшін!
Жас жанымды бере алмаспын бекерге,
Арпалысып азабыңды алармын.
Жер бетінде жақсы тіршілік етерге,
Өзіме лайық бақытымды табармын.
Бақыт іздеп соңғы сәулем сөнгенше,
Азабыңмен аянбай-ақ алысам!
Сенің түрткі күндеріңе көнгенше,
Мәңгі дымқыл төсегіммен табысам!

17.IX. 1949 ж., Шибұт.

ЖАР ЕСІНЕ!

Қиял — күш, ашу — батыр, ақыл — шабан,
Аймалап адал жүрек төнген саған.

Төрт бұрышын төңіректің шарласам да,
Сендей жар жанға жайлы қайдан табам?

Жас жүрек өз жұбайын таппады ма?

Адамдық ардан тайып аттады ма?

Қосылған қуанышты қос жүректің,

Сағаты бірге соғып жатпады ма?

Сенсің — күн: тек мен үшін нұрын шашқан,

Сенсің — сусын: көкірек шөлін басқан.

Сенсің — бақыт: менімен душарласқан,

Сенсің — жар: жүрегімнің сырын ашқан.

Мүмкін, ертең айырылар күндер болар,

Махаббатты жүрегім дертке толар.

Ұштасарға дәрмен жоқ, екі жүрек

Бірін бірі шырылдап сырттан солар.

"Жарым қайда қалды?" — деп аңсармын мен,

Бір секунд кетпессің көңілімнен.

Түсте көріп түріңді жалт еткізіп,

Махаббатың дертіне болармын жем.

Сарғайарсың сен дағы мені ойласаң,

Ойламасаң, атымды ұмытарсың,

Мүмкін, сүйіп көңілің басқа бір жан,

Маған деген жүректі суытарсың.

Бірақ олай етпессің, адалым ең,

Жүрегің — от, дария — ақылың кең.

Аузынан тірі болсам ажал шіркін,

Табармын жер мен көкті алса да сең.

Сағынарсың сәулем деп, жүрегім деп,

Зарығарсың махаббат уытын жеп,

Шын махаббат иесі болсаң егер,

Ет жүрегің елжіреп өртенер тек.

Осы бетін дәптердің сонда сен аш!

Қара көзден бұршақтай төгілсін жас!

Таза шыққан жүректен өлеңімді,

"Алтыным!" — деп, аймалап бауырыңа бас!

23.IX.1949 ж.

ТҮС
(Елес)

Қара жолмен келе жатып,
Кездестім ескі досыма.
Сөз айтпақ боп аз тоқтатып,
Ентіге жеттім қасына.
Ескі досым жорға мініп,
Жортып кетіп барады.
Қиястана көзі күліп,
Тек қана бір қарады.

Іріккен жоқ аттың басын,
Жөніне кетті қарамай.
Қолына алып тапаншасын,
Жүрегімді атты жаралай.
Ілестіре шаңына, —
Қиялымды тұрмын қарап.
Дақ салып кетті-ау жаныма,
Жүректі махаббат уы жалап.

Кетті!.. Кетті!.. Бұрылмай,
Еш нәрсе кірмей ойына!
Жүрегім мұз боп жылынбай,
Қала бердім жайыма.
Көз жасымды жаңбыр етіп,
Қара жолдың шаңын бастым.
Жүрегімді зар еңіретіп,
Жолға ғана сырымды аштым.

Артымнан кенет келіп жетіп,
“Осынша неге қиналдың?” — деп,
Қара көзін мөлдіретіп,
Мұңая ол да қарады тек.
Жол бойында ару қалқам,
Отырды ақ жамылып.
Мойнына сонда қолымды артам,
Жоғалған досым табылып.

Қалқамның кенет алдына,
Сүйедім иіп басымды.
Көзімнен сүйіп алды да,
Көңілмен сұртті жасымды.
Бойымды шарпып бір жылу,
Аймалап іздеп тапқандай.
Көсілген көзден ащы су,
Досыма мұңын шаққандай.

Солғын ғана сүзіледі,
Бетімді сипап қолымен.

Күдерім қалай үзіледі,
Оте ыстық едім онымен!

Досыма келіп қолын созад,
Тосыннан болған бөгде күш.
Кім біледі? Неткен ғажап!
Таң алдында көрінген түс!

26.IX.1949 ж., Шибұт

БҰЛ ҚАЛАЙ?! (I-нұсқа)

Үдәйі болды екі түн
Тосекте тыныш жатпаймын.
Әлекке салып әлдекім,
Мүжылып біткен заттаймын.

Ілінсе көзім ұйқыға,
Келеді жетіп бөгде жан.
Үңіліп қарап сыйқыңа,
"Кім екен?" — деп таңданам.

Қарасам байқап жуықтап,
Жүректің сөнген жұлдызы.
Жарымнан мені суытпақ,
Көрініп бейне қырмызы.

Құлшына бірақ құшақ жайып,
Түсінгін жүрек семгенін!
Сәулең сөніп, нұрың тайып,
Бұл қалай енді келгенің?!

27.IX. 1949 ж.

БҰЛ ҚАЛАЙ?! (II-нұсқа)

Үдәйі болды екі түн,
Тосекте тыныш жатпаймын.
Әлекке салып әлдекім,
Мүжіліп біткен заттаймын.

Ілінсе көзім ұйқыға,
Келеді жетіп бөгде жан.
Үңіліп қарап сыйқыңа,
Кім екен деп таңданам!

Қарасам байқап жуықтап,
Жүректің сөнген жұлдызы.

Сүйгенімнен суытпақ,
Көрініп бейне қырмызы.

Қаралы көңілім көмірден,
Махаббат өлген сен үшін,
Болғанда ұмыт көңілден,
Бұл қалай енді келісің?

27.IX.1949 ж., Шибұт.

ӘКЕ АМАНАТЫ (*Еске алу*)

Аттанарда алыс жолға,
Тапсырды әкем аманатын.
Серт етіп мен де алдым қолға,
Әкемнің берген асыл затын.

Сұстандырған суық лебі,
Соғыс жылы, қыстың кезі.
Әкемнің сонда аймалап мені,
Аманат еткен мынау ед сөзі:

"Тыңда, балам! Тыңда, күнім!
Болуға жара қолқанат.
Көрі апаң, сәби інің —
Барлығы саған аманат!

Мен де сенің он жасыңда,
Атадан жетім қалғанмын.
Аса ақылды болмасам да,
Аманатын алғанмын!

Санамда сіңіп сақталып,
Әкенің сөзі өлмеген.
Болғанша қашан ақталып.
Тұратын бел боп көлденең.

Талпын өмір шыңына,
Жетіп те, мүмкін, қаларсың!
Анаңның ауыр мұңына,
Сергіткіш себеп боларсың!

Сен — жас буын, жаңа тал,
Гүлің де өсіп шашырар.
Сарылып оқып білім ал,
Сөнгенше сәулең асырар", —
Деп жан әкем аттанып,
Кетті қайта айналмай.
Тек сол сөзі жатталып,
Жүрегімде қалғандай.

27.IX. 1949 ж., Нарынқол

АУЫРМАЙ ЖАНЫМ ҚИНАЛДЫ!

(I-нұсқа)

Луырмай жаным қиналды,
Луытқып жүрек орнынан.
Уайым қоршап мені алды,
Жігерім жасып болды нан.

Болса да жүйрік ой ұшқыр,
Өзіме өзім жақпадым.
Өміріме жол нұсқар,
Ақылшы адам таппадым!

Бақытты тіршілік өмірге,
Басылмас менің құмарым!
Алысқан көп ой көңілде,
Кім білед немен тынарын,

Жүректе — сәуле, ойда — шам,
Жарығы шықпай ішімнен.
Ауырмай жаным қиналам,
Жадына сақтар түсінген.

2.X. 1949 ж., Нарынқол.

АУЫРМАЙ ЖАНЫМ ҚИНАЛДЫ!

(II-нұсқа)

Ауырмай жаным қиналды,
Ауытқып жүрек орнынан.
Уайым қоршап мені алды,
Жігерім жасып болды нан.

Бақытсыз сорлы болдым да,
Өмірдің кештім батпағын. —
— Адаспа, қалқам, жол мұнда, —
Деп айтар адам таппадым.

Жүректе — сәуле, ойда — шам,
Шықпады іштен жарығы.
Ауырмай жаным қиналам,
Көңілдің өртеп жалыны.

2.X. 1949 ж., Нарынқол.

ӨМІР ТОЛҚЫНЫ

(Элегия)

Жаралып жаңа ішінде ана,
Жай ғана жаттым жансыз бір жалқық,
Жалқықта сәуле кішкентай ғана,
Жүгіріп жүрген бетінде қалқып.
Тірілтті сәуле, бірікті жалқық,
Бейне бір сурет жасалды адам.
Жайлы бір жылу суретті шарпып.
Қимылдап кенет жан бітті оған.

Жан бітіп жалқық жатпады тағы,
Құрсағын ана ауырта тарпып.
Өзгеріп кенет табиғат заңы,
Мен болып шықтым сондағы жалқық,
Емеспін жалқық, адаммын енді,
Құмарым күшті жалғанға жарық,
Тәуекел етіп ғазиз жан көнді,
Жатса да жалған жалыны шалып.

Өмірдің толқыны төкаппар тулап,
Аялдап артты емес-ау күтер.
Жүректің қанын құпия ұрлап,
Тіршілік дәмін таусып та бітер.
Асаудай тулап ұмтылып алға,
Барады өмір жеткізбей желге.
Апарар сені амалың бар ма,
Ұйқтайтын мәңгі бір дымқыл жерге.

Болса да бір күн қымбат қой жарық,
Бірақта бітер тіршілік дәмі.
Дымқыл жер сонда баурына алып,
Оятпас сені әлдилеп мәңгі.
Болдым мен адам баяғы жалқық,
Бір күні ажал желкеме мінер.
Оған дейін өмірге құмарым артып,
Іздеймін мен де күш-қуат, жігер!

Толқынында өмірдің,
Толғана ойлап ағамын.
Түйінін шешпей көңілдің,
Көрге неге барамын?!

6-7.X.1949 ж., Шибұт.

СОҢҒЫ САФАТТА

(Элегия)

(I-нұсқа)

Тәтті өмірдің тамаша қимас күні,
Тоқтата алмас ажалдың уын тыйып!
Соғар соңғы сағаттың аяулы үні,
Көз алдыға елестер бір тұңғыық,
Жасарымды қанша жыл білмеймін мен,
Түсінем бірақ жалғаннан өтерімді.
Аянышты үн шығып жүрегімнен,
Көз жұмып мәңгі ұйқыға кетерімді.

Ажал келіп еліммен арандатар,
Үнсіз, тілсіз жанталас халге салып.
Күнәсіз көз жаутаңдап қарап жатар,
Кең, жарық тіршілікке құмарланып.
Қысылармын қиналып, демім бітіп,
Тіл күрмелер ақырғы сөзге келмей.
Сонда мені суық қор алар күтіп.
Иненің де көзінде сәуле бермей.

Жатқанымда бітетін сағат санап,
Қош айтуға достарым мүмкін келер.
Қорқынышты көзбенен сонда қарап,
Мәңгі ұйқтауға қалғыған мені көрер.
Қия алмай тіршілікті жатқанда өлмей,
Мүмкін, тұрар достарым мені бағып.
Қоштасарға бірақта тілім келмей,
Бас изермін, ең соңғы иек қағып...

Жылу кетіп жүректен, тоқтар қаным,
Қисаярмын өлімнің күні жетіп.
Шырылдап көкке ұшар менің жаным,
Аяусыз сұм ажалдың ызғары өтіп.
Жасай білген жүрегім өле білген,
"Өлмеймін", – деп айта алман көңілменен.
Бірақ өлер алдында өткір тілмен,
Қош айтыссам тіршілік өмірменен.

Тәтті өмірдің тамаша қимас күні.
Тоқтата алмас ажалдың уын тыйып.
Соғып соңғы сағаттың аяулы үні.
Көз алдыға елестер бір тұңғыық,

7.IX.1949 ж., Шибүт.

СОҢҒЫ САҒАТТА (II-нұсқа)

Тәтті өмірдің тамаша қимас күні,
Тоқтата алмас ажалдың уын тыйып.
Соғар соңғы сағаттың аяулы үні
Көз алдыға елестер бір тұңғиық,
Жасарымды қанша жыл білмеймін мен,
Түсінемін өмірден өтерімді.
Аянышты үн шығып жүрегімнен,
Мәңгі ұйқыға тұншығып кетерімді.
Ажал келіп өліммен арандатар,
Үнсіз, тілсіз жанталас халге салып
Күнәсіз көз жаутандап қарап жатар,
Аяулы тіршілікке құмарланып.
Жатқанымда бітетін сағат санап,
Қоштасуға достарым мүмкін келер.
Қорқынышты көзбенен сонда қарап,
Мәңгі ұйқтауға қалғыған мені көрер.
Қия алмай тіршілікті жатқанда өлмей,
Мүмкін, тұрар достарым мені бағып.
Қоштасуға дәрмен жоқ, тілім келмей,
Бас иермін ең соңғы иек қағып.
Ақырында тынармын, бітер демім,
Жарқыраған жұлдызым сөнер менің.
Тон ішінде мұздаған қайран тәнім,
Бетдүздігің бес метір болар кебін.

7.X.1949 ж., Шибұт.

ТҮНГІ ТАБИҒАТ (Лирика)

Іңірде тұрмын қарап ойға қалып,
Тәтті қиял тулайды жүрек жарып.
Ұйқтаған бар табиғат майда лебі,
Аймалап өтіп жатты бетті шалып.
Ай қалқып, тұнық көкте жұлдыз да тұр,
Тау қалғып сақтағандай құпия сыр.
Шибұттың өзенімен үнін қосып,
Келеді жүрегіме бір тәтті жыр.
Тып-тыныш бар табиғат демін алып,
Тәтті бір ұйқыға енді төсек салып.

Өзені қос Шибұттың баяу ғана,
Жалығып үн шығарад талып-талып.
Толассыз соққан самал салқын леппен,
Өзеурей өліп-өшіп сүйді беттен.
Тамаша түннің тыныш табиғаты,
Еріксіз жүруіңе әуес еткен.
Әддилеп түн бесігі тербетілген,
Ұйқының нұры ағып келбетінен.
Қалғытып адам мен аң, тау мен тасты,
Құпия сыр аштырмай жер бетінен.
Балбұл жанып сан жұлдыз, жымың қағып,
Түн көрпесін қуаттап тұрды бағып.
Жалықты ма, кім білсін, кейбір жұлдыз,
Бес минуттық із тастап кетті ағып.
Ай да батты, ақырғы иек қақты,
Рас түн қараңғылық енді жапты.
Қос Шибұттың не болды өзеніне?
Дамылсыз зар еңіреп жылап жатты.
Таң атуға таянып түрілді түн,
Естіледі ұйқыдан оянған үн.
Құлан иек таң атып алтын арай,
Шыға келді жарқ етіп, шашырап күн.

8.X.1949 ж., Шибұт.

ӨЗІМ ҮШІН

Жылату көп, көңілді жұбату жоқ,
Қалай жүрсең күйесің, бәрібір от.
Лаулап жанған арманның ұшқынынан,
Жүрегімде тұтанып жайнады шоқ,
Талаптанам өмірдің нұрын көріп,
"Күмәнсіз" келешекке адал сеніп.
Өмірімді ойланумен өткізермін,
Амал не, жүрек гүлі қалса семіп!
Адам боп дүниеде жаратылдым,
Мылқау емен надан боп қалатұғын.
Талабым зор, жүректе шырағым бар,
Өмірден өз үлесін алатұғын.
Біреу айтад: "Ардақты боламын", — деп,
Әр адамның өзінше мақсаты көп.
Әріне өмір шіркін кім шығарын,
Дамылсыз миды қажып ойланам тек.

Өзім үшін от жағып, өзім күйем,
Өз ісімді өзгеден артық сүйем.
Ой топас, санам керең болса егер,
Әлекке сап жүректі неге тием?

Өзім үшін өмірге келгенмін мен,
Хабар күтем келешек үмітімнен.
Мен де адам, менің де сезімім бар,
Жат алдында жабырқар қай жерім кем?

Өзім үшін жылаймын, күлемін де,
Өзім үшін шаттанып жүремін де.
Өзім үшін тіршілік оты сөніп,
Суық көрпе ішіне кіремін де.

Дерт суын сылқып жұтқан мешкей ішім,
Жиналмай быт-шыт болған бойда күшім.
Өз тәнім өз қолымда, өз жүрегім,
Не етсем де жарайды өзім үшін.

10.X.1949 ж., Шибұт.

ДОСЫМА ХАТ **(Жүрек жайы)**

Уай, өмір! Көрсеткенің осы ма?
Тыйым салшы көздің мына жасына!
Мінажат қып күн-түн демей зарласам,
Бақыт құсы келер ме екен қасыма?
Тыңда, досым! Тыңда жүрек жұмбағын,
Мұңлы досты есіңе ала тыңдағын.
Мына өмірдің тұйығына тұншығып,
Қайғылану, жабығудан тынбадым.
Есіңе алшы кешегі өткен күндерді,
Жасырынбақ ойнап жүрген түндерді.
Сол балалық бақытымнан арылтып,
Ауыр арман мені басып үлгерді.
Ауыр арман желі гүлеп, азынап,
Ақ қағазға арыз болып жазылап.
Қайғыланып, қапаменен қан жұтқан,
Жас жүректің сырын ұққын азырақ.
Мен бақытсыз, өмірім тұман, қараңғы,
Сәуле орнына қайғы басты санамды.
Өзің көрген қасіреттің қанжары,
Қарс айырып көкірекке қадалды.

Өз-өзімнен жара салдым жаныма,
 Білте өткізбей жас жүректің шамына.
 Шырмауынан шыға алмай тұрмыстың,
 Көндім, міне, табиғаттың заңына.
 Ақыл айтар бір адамды таппадым,
 Жалынсам да ешбір жанға жақпадым.
 Өлі бастан қуғын көріп өмірден,
 Көңілімді көр ішінде сақтадым.
 Үмітім зор, мақсатыма жетермін,
 Мұндай күнді мен де ұмытып кетермін.
 Мүмкін, өмір қуғынынан құтылмай,
 Мәңгі бақи жылауменен өтермін.
 Сен оқисың, бақыттысың сондықтан,
 Оқу деген — маған болды енді таң.
 Баянсыз бір тіршілікке алданып,
 Бұл өмірден мешеу қалған мен бір жан.
 Бақыттысың, пісер сенің жемісің,
 Көгересің еңбек етіп ел үшін.
 Сенің сондай оқушылық өмірің,
 Өте қымбат, тәтті қиял мен үшін.
 Иә, мен де сен сияқты өскен ем,
 Тіл түйінін мектепке оқып шешкен ем.
 Менде де үміт бар сияқты, бірақта
 Дәл қазіргі өмірімнен сескенем.
 Оқу десем, ет-жүрегім қан жылап,
 Фазиз басым мең-зең болып қайғырад.
 Дел-сал болған жігерімді жетектеп,
 Қиял құсы алып-ұшып қаңғырад.
 Сүйем мен де тіршіліктің дәм-тұзын,
 Деп тілеймін: "Бар өмірім болса ұзын!"
 Арман етед жас жүрегім шырылдап,
 Көрсем-ау, деп бақытты өмір жұлдызын.
 Түсін, досым! Шермендеңнің зар үнін,
 Сыртқа шықпай, ішті өртеген жалыным.
 Сонау алыс шыңырауда — бір сәуле,
 Сол сәуленің күтіп тұрмын жарығын.
 Достым, мені неге болса көнді де,
 Талай-талай "тамаша" күн көрді де.
 Асқақтаған арманына жетпесе,
 Мезгілі жоқ жас жүрегі сөнді де.
 (Жас жігерім, жасымашы болып дал),
 Егер ертең алса мені сұм ажал.
 Шын дос болсаң, қабіріме сонда кеп:
 — Ерте сөнген бауырым! — деп есіңе ал!

1949 ж., Шибұт.

ЖАПАНДА ЖАЛҒЫЗ ЖАС ЕМЕН (Кансон)

Жапанда жалғыз жас емен,
Келеді өсіп жаңадан.
Тербеліп баяу желменен,
Өткізген күнін санаған.
Емен жалғыз әрі жас,
Күндіз-түн дауыл ұрады.
Сондада мойып, қажымас,
Қалпынша қарап тұрады.

Жапанда жалғыз жас емен,
Тұрғандай бейне күйініп.
Жабықты екен ол неден?..
Мұңаяд басы иіліп.

Жапанда жалғыз жас емен,
Табылар серік қасыңа!
Жаңарып бірге күнменен,
Өсе бер толып, жасыма!

10.X.1949 ж., Шибұт.

ЖҮРЕККЕ НӘЗІК ТІЛ БІТТІ

Шыр етіп шығып анадан,
Іңгәлап біраз жаттым тек.
Кешікпей анам мені алған:
"Бақытты бол, жаным!", – деп,
Қос бұлақ ағып төсінен,
Аузыма келді тәтті сүт.
Сол сүтті еміп өсіп ем,
Жетектеп бақыт, зор үміт.

Әліппе оқып "а", "б" – деп,
Түйінін шештім тілімнің.
Сәби жүрек лүпілдеп,
Сағаты соқты білімнің.
Еліктеп шаттық заманға,
Мектепте оқып ер жеттім.
Еркелеткен заманда,
Еркіммен жырлай бермекпін.

Он сегізге толды жасым,
Болдым мен де комсомол.
Бақытқа неге апармасын.
Ұлы Ленин салған жол.

Бақыттың биік асқарына,
Ұлы Ленин бастап барады.
Жазылып өмір дастанына,
Өшпейтін орын алады.

Туғанда алғаш анадан,
Келешек бақыт күн күтті.
Шешіліп сөйлеп жаңадан,
Жүрекке нәзік тіл бітті.

Жүректен шыққан тұнық жыр —
Бүршіктенген жаңа гүл.
Түйдектеп талай шыңдық сыр,
Жаттықпақ әлі нәзік тіл.

11.X.1949 ж., Шибұт.

ҚИЯЛЫМ

Меңіреу түн қалғытады қойнына ала,
Мелшиіп мен отырмын жалғыз ғана.
Құпия жүрегіммен сырласамын,
Ойланып келешекке құмарлана.

Отыр ем сан алуан ойға қалып,
Қылышын қиялымның қылға жанып.
Кенеттен қиял құсы жүрегімнен
Самғады әлдеқайда қанат қағып.

Шарықтап кетті самғап кең жиһанға,
Қарсы алып сәлем берді нұрлы таңға.
Сыр әкелер өмірден тек өзіме,
Сездірмей менен бөлек тірі жанға.

Тек бағынған өмірдің анығына,
Жүректің жыр қайнатқан жалынына.
Ұшады, ұшады ол, желпінеді,
Қуаныш, сәби жүрек зарын ұға.

Қиялым зор бақытқа талпындырған,
Қиялым келешекке құлаш ұрған.
Ойлансам қалам алып, қағаз ашып,
"Кел! Кел!" — деп, жетектеуге даяр тұрған.

Қиялым жүрегімнің ішегін шерткен,
Қиялым құтқарушы ауыр дерттен.
Сәулесін зор үміттің жылтыратып,
Көңілдің кірін жуып, мұзын еріткен.

Қиялым, қақшы қанат, ұшшы самғап,
Өмірдің ең асылын алшы таңдап!
Қиялым! Жоқ нәрсеге әуес етіп,
Жүдетіп жас жүректі кетпеші алдап!

13-15.X.1949 ж., Нарынқол.

ЖАС ЖҮРЕК

Өмір деп, тіршілік деп, келешек деп,
Соғады әлсін-әлі қатты үлпіддеп.
Жаралып жас жүректің толқынынан,
Еседі бетті аймалап нәзік леп.

Жас жүрек, асықпағын, жиі соқпа,
Өмірдің тайғағында тұрғам жоқ па?
Аңдаусыз аяғымды түртіп қалып,
Лаулаған өрт жалыны түсірме отқа.

Жас жүрек, бақыт іздеп ұлы өмірден,
Тіршілік түрткісіне көне білген.
Аяулы жас өмірдің ең қымбатты,
Алтынды ұмытылмас сағаты — сен!

Жас жүрек, сөйле сен де, тілің шықты,
Жас талап сенің құпия сырынды ұқты.
Тұр, қане, төсегіңнен, сәби жүрек,
Тұр енді бетің басқан шымылдықты!

15.X.1949 ж., Нарынқол.

МЕНІ ОЯТҚАН...

Жатыр едім маужырап кеше ғана,
Мейірбанды қойнында кәрі ана.
Шомылып тәтті ұйқыда көзді жұмып,
Хабарсыз еш нәрседен сәби бала.

Кенет ана қойнынан мені алған,
(Кім екенін өзім де білмей қалғам).
“Оян, сәулем, ұйқыңнан, серпілгін!” — деп,
Сонда мені сүйген жар ойға салған.

Мені оятқан ұйқыдан — сүйген жарым,
Тіршілігім, бақытым, шыбын жаным.
Жол нұсқап біраз жерге аз да болса,
Аймалап айтты маған ақылдарын.

Мені оятқан ұйқыдан — сол сүйген жар,
Ол үйретті адамдық, ұят пен ар.
Сезімімді серпілтіп маған айтқан,
Серігімнің бірнеше сөздері бар.

15.X.1949 ж., Нарынқол.

САБЫР ЕТ, ДОСЫМ, АЗЫРАҚ!

Налыма, досым, налыма!
Неге жүзің солғын тартты?
Тікенек кіріп жанына,
Жас жүрек-досым жылап жатты.
Шырылдап шығып шыңыраудан,
Тартымсыз, әлсіз, нәзік үн.
Тапсырардай ажалға жан,
Ыңырсып тұрды күні-түн.
Кейде өктем, кейде солғын,
Кейде судай тасыған.
Қайран досым, өлер болдың,
Әлденеден шошыған.
Сия етіп қанын жас жүректің,
Қағазға халім жазылад.
Кепкені солар көкіректің,
Сабыр ет, досым, азырақ!

16.X.1949 ж., Нарынқол.

ТҰҢҒЫШЫМ

(Бірінші жарыққа шыққан өлеңім үшін)

...Не болар екем, япырай!
Қызбысың әлде ұлмысың?
Болмады тыныш көңіл жай,
Туғанша қашан тұңғышым.
Бебеулеп ұзақ толғаттым,
Қиналдым, қайтем, туа алмай.
Жаныммен әлек боп жаттым,
Жүрегім күліп қуанбай.
Шыр етіп кенет тұңғышым
Ашты дүние есігін.
Сайраған сәби жыл құсым,
Іңгөлап іздейді несібін.
Тұңғышым, ержет, қанаттан,
Өмірге жаңа сый әкел!
Қақ қанатты, талаптан!
Не болса да тәуекел!

16.X.1949 ж., Нарынқол.

КҮЗГІ ТАҢ

Сары түн, айлы аспан, суық ызғар,
Шық тұрған жер бетінде дымқыл сыз бар.
Суық соққан самалдан сәл сескеніп,
Тоңазып, тітіркеніп денең мұздар.
Түріліп түн көрпесі қойнын ашқан,
Әлемді маужыратып ұйқы басқан.
Күздің сары түнінің суығы өтіп,
Мыңқ етпей маңтөбеттер құты қашқан.
Тым-тырыс. Жұлдыз бенен тек көкте ай,
Олар да телміруден жалыққандай.
Тұрсаң егер күзетте міндетті боп,
Дер едің: "Мына түннің ұзағын-ай!"
Кезім ед Нарынқолға баратұғын,
Тәтті ұйқыдан амалсыз жаңа тұрдым.
Сескеніп күзгі түннің суығынан,
Телміре күтіп тұр ем таң атуын.
Шығыс жақтан бозалаң беріп ірең,
Баяу ғана түріліп қара кілем.
Сімірлеп, бірте-бірте көтеріліп,
Айнала боп барады ала күрең.
Ақ басты кәрия тау жатты сұлап,
Ақ басын таң лебі өтті сылап.
Аймалап ала күрең болмап еді,
Күңірене бастады ұйқысырап.
Оянды ұйқысынан құмарлана,
Шырылдап емшек іздеп сәби бала.
Емізіп нәрестесін төсіне ала,
Оянды ұйқысынан мейірімді ана.
Күн күлді, ай ұялып бетін басты,
Жымыңдасып жұлдыздар тұра қашты.
"Шашуым міне, менің бүгінге!" — деп,
Күн сұлу жарқ еткізіп нұрын шашты.

16.X. 1949 ж., Нарынқол.

КҮЗГІ ЖОЛДА (I-нұсқа)

"Көңдім", — деп жатқан қара жол,
Көтеріп бозғыл шаңдарды.
Сан ғасырлар жатқан ол,
Ұзатып талай таңдарды.

Шытқансын кейіп қабағын,
Құйынмен ұшқан топырақ,
Құр сымпитып сабағын,
Қурап біткен жапырақ,
Ауыр мұң басқан құла дүз,
Сарғайып біткен бетеге,
Аңызақ ауа, шіркін күз,
Қабағын ашпай кете ме?
Жалықтырып, пыстырып,
Ұшырып тозаң жел үрген.
Қайта-қайта пысқырып,
Жүруден ат та ерінген.
Шаңытып мұнар күн басқан,
Сүп-сүр тартқан жер беті.
Сұрынан суық зәр шашқан,
Сұмырайдың келбеті.
Тұнжырайды айнала,
Бар табиғат үһілеп.
Келемін жортып мен ғана,
Тебініп атты шу-шулеп.

19.X.1949 ж., Шибұт.

КҮЗГІ ЖОЛДА (II-нұсқа)

"Көңдім" — деп жатқан қара жол,
Көтеріп бозғыл шаңдарды.
Ғасырлар бойы жатқан ол
Ұзатып талай жандарды.
Айналама қарадым:
Құйынмен ұшқан топырақ,
Құр сымпитып сабағын
Қурап біткен жапырақ,
Құла дүз ауыр мұң басқан,
Қызғалдақ басы мұңайып.
Сылдырлап шилер сырласқан,
Дегендей бірге жылайық,
Тұнжырап тұйық айнала,
Тау да тұр өне үһілеп.
Келемін жортып мен ғана,
Тебініп атты шу-шулеп.

19.X.1949 ж.

БАЛАПАН

(*Баллада*)

(*I-нұсқа*)

Шыңырау күз, шың жартас,
Басында соның бір ұя.
Шырылдап сонан шыға алмас,
Бір балапан... дүния!..

Зәрлі жылан астынан,
Ысқырып уын жіберер.
Ұшайын десе, басынан
Тұншықтырып бұлт төнер.

Көмек күт. Жігер жасытпа!

Көкдауыл көкте қыраннан!

Айырар ол, асықпа,

Бұлт пенен жыланнан!

Шырылдама, балапан,
Әуелі жетіл ертерек!
Ұшырар сені көк аспан,
Самғарсың қалқып еркелеп.

22.X.1949 ж.

БАЛАПАН

(*II-нұсқа*)

Шыңырау күз, шың жартас,
Басында соның бір ұя.
Шырылдап сонан шыға алмас,
Бір балапан... дүния...

Мен айттым оған: "Асықпа!
Мен емес сені алатын.
Келсе егер ұшқың ашықта,
Қанатың қайда, қанатың?"

Түсінсін қайдан сөзіме
Айтыппын текке шығындап.
Көрінбей менің көзіме
Зарланып жатты шырылдап...

22.X.1949 ж., Шибұт.

КӨҢІЛСІЗ КҮН

Күздің күні. Сұп-сұр бұлт,
Шытынап аспан тұнжырап.
Зорлі боран тұрса ұлып,
Бар табиғат қынжылад.

Боранмен бірге терезе
Үн шығарад сықырлап.
Қыс келді ме, немене,
Есік қағып: "Тұр-тұрлап!"

Жатып алды көсіліп,
Күннің көзін бұлт басып.
Суық боран есіріп,
Үрді де тұрды зер шашып.

Қыс келді ме, япырмау!
Қарашы қардың ұшқынын!
Не ойлап тұрсың, батыр-ау,
Неге қашты ұсқының?

Терезеден қарайсың,
Қабағыңды түйініп.
Көзіңді неге қадайсың
Әлденеге күйініп?

Мұңаясың қарап тек,
Мұңайтқан сені немене?
Тоңдың ба әлде, інішек,
Суық тиіп денеңе?

Әлде, інішек, зарықтың ба?
Жағуға отын таба алмай.
Болмаса әбден жалықтың ба,
Су отыңды жаға алмай?

Ешнәрсе жоқ тарынатын,
Қой, інішек, қапаланба!
Пеш жанына табынатын,
Аязды күн әлі алда.

20-21.X.1949 ж., Шибұт.

КӨКІРЕК

(Бізамен)

Бұл өмірге бағынамын сонда мен,
Сәуле сөніп, гүл ұшқанда көңілден.
Менің үшін түкке тұрмас еш қорлық,
Өлгенімше арпалысып жеңілмен!

Ажал ғана улы қолын батырмақ,
Күн біткенде ажал оғы атылмақ,
Мейлі мені қалжыратып қара түн,
Бассын бұлт найзағайы шатырлап.
Бассын мейлі, әлсіретсін қайғы-зар,
Оны дағы көруте мен ынтызар.
Өте нәзік, бірақ мықты болаттан,
Әлі жетіп, айтшы, оны кім бұзар?
Бұза алмайды, сәби жүрек бекінед,
Қозғаған жан қолы сынып өкінед.
Неге соғып қираса да ерікті,
Лепірген шіркін албырт көкірек!
20-21.X. 1949 ж., Шибұт.

ТҮНГІ ЖОЛДА

— Сәтгі болсын сапарың,
Тез орал қайта, сарғайтпа! —
Деп айтып менің жан жарым,
Жабырқап қарап тұрды артта.
Жол қатқыл, күздің түні еді,
Арба да даяр, жегілді.
Жалыққан күннің бірі еді,
Уайым басқан көңілді.
Ауыр арба, арық ат,
Шықыр-шықыр етеді.
Қиялдың құсы жалығад,
Көзім де қалғып кетеді.
Мазақтап, әлек қылғандай,
Аспанның өне жұлдызы.
Қиялы қарап тұрғандай,
Секілді жарым қырмызы.
Көңілсіз, үнсіз келемін,
Қалғып, кейде жығылып.
Жасқанған айды көремін,
Бұлтқа тұрған тығылып.
Ұйқыға кеткен кең дала,
Шығарып самал тынысын.
Келемін жортып мен ғана,
Кетіріп түннің тынышын.
Түн самалы азынап,
Сергітіп мені оятар.
Шыда, шыда азырақ!
Жарқ етіп қазір таң атар!

31.X.1949 ж., Нарынқол.

ӨМІР

Өмір, сені ешкім жетіп алмаған,
Сен бір жүйрік кең жиһанды шарлаған.
Кеудесінде шыбыны бар жанды зат,
Тек сен үшін тіршілік деп зарлаған.

Ала жүрген бақыт пенен сорың бар,
Соқпағы көп сорға лайық жолың бар.
Пайдаланар жарты сағат болса да,
Бақыттыға жан рахат орын бар.

Шіркін өмір, қымбатсың-ау дегенмен,
Алданыш боп біраз күнге келгенмен.
Айналсоқтап кете алмайды еш пенде,
Жапа шегіп, қасірет уын жегенмен.

Біреуде ерте, біреуде жай тынбақсың,
Жарты минут жасасаң да қымбатсың.
Жақсы-жаман өз өмірін өткізбей,
Арпалыспай тіршілікпен кім жатсын.

02.XI.1949 ж., Шибұт.

* * *

Осы күн мен бір жексұрын
Туысқан-туған, анаға.
Кетіріп жүрек тынышын,
Суық сөз кірді санаға.

Естісем де естімен,
Томсарып, "сезбей" жүремін.
Қояр ма көңілің өксімей,
Өсекке кетсе жүрегің.

Көңілім ояу, денім сау,
Еңбексіз бұл күн бос өттім.
Сол үшін жүрек жабырқау,
Шеңгелінде өсектің.

Ауытқып жүрек орнынан,
Айналып басым зыр қақты.
Жігерім жасып, болып нан,
Жүректі сәби жылатты.

30.XI.1949 ж., Шибұт.

ЖҰЛДЫЗ

Жиектен күн асқанда,
Жер бетін түн басқанда.
Көтермекке көңілді,
Қараймын тұнық аспанға.
Мен туғанда туғандай,
Дүнияға жаңадан.
Секілді жаным бір жұлдыз,
Мұңая маған қараған.
Ол жұлдызда өмірімнің,
Жалынды оты шашылар.
Көрген сайын көңілімнің,
Көмескі тұманы ашылар.
...Жанымның сүйген жұлдызы,
Жарығың бір күн сөнеді-ау!
Кез салған саған қырмызы,
Қыршын да солай... өледі-ау!

1-2.XII.1949 ж., Шибұт.

ТАБЫТ

Астында ауыр топырақ,
Ұйқтаған мәңгі әлдекім.
Көзімді жасқа толтырад,
Көңілге салып мұнар мұң.
(Сыр айтпайсың кісіге)
Сонда да сөйле сен маған!
Қараңғы қапас ішінде
Қасірет шеккен қандай жан?
Еріксіз айдап өмірден,
Әкетті-ау ажал, япыр-ау!
Шіркін дене көмілген,
Қимылсыз, үнсіз жатыр-ау!
Кешегі адам жаны бар —
Бүгінгі табыт. Өлді үміт.
Өлім арзан, табылар,
Жарты жарық күнді күт!

02.XII.1949 ж., Шибұт.

АЙ
(I-нұсқа)

Бұлтты бұзып, көкті сызып,
Дірілдеп сәулең төгілер.
Өткен өмір алуан қызық,
Түндері сенен көрінер.

Кейде тұнық, мөлдір көктен,
Сыршыл сәулең дірілдеп.
Күнәсіз сұлу тәнін өпкен,
Сағынған жардай күлімдеп.

Кейде шоғыр бұлтқа бұғып,
Ғайып боп біраз кетесің.

Ұрланған жастар сырын ұғып,
Сәулеңмен сипап өтесің.

Қош айтысып мөлдір көкпен,
Кетті қайда жарық ай?
Жүректің біраз мұңын шерткен,
Баттың-ау сен де, япыр-ай!

03.XII.1949 ж., Шибұт.

АЙ
(II-нұсқа)

Тұнық көктің төсінде,
Қалықтап қайда барасың?
Күндердің бір-ақ кешінде,
Талай сыр түйіп аласың.

Сүйеді сені жас жаным,
Жаңадан толып туған ай!
Сүйіскен ұрлап жастардың
Суреті сенде тұрғандай.

Кейде тұнық, мөлдір көктен
Сыршыл сәулең сырғанап.

Қыз-жігітке бірге кеткен,
Жымың етіп бір қарап.

Біраз минут бұлтқа бұғып,
Сәл ғайып боп кетесің.
Сол жастардың сырын ұғып,
Сәулеңмен сипап өтесің.

Сүйеді сені жас жаным
Жаңадан толып туған ай.
Сәулеңде сүйген қалқамның
Суреті сенде тұрғандай.

03.XII.1949 ж. 18.XII. 1951 ж.

БҰЛТ *(II-нұсқа)*

Көнбеске көнген көк аспан,
Меңіреу, тілсіз жатты сұлақ,
Керуендей адасқан,
Келеді жылжып бір топ бұлт.
 Дауылдың құлы-қошқыл бұлт,
 Көмескі торға байланып.
 Бойында күші... етпей былақ,
 Барады алыс айдалып.

Бұлтты кенет буды ашу,
Бірақ дауыл сапырды.
Көк бетін кернеп у мен шу,
Найзағай оғы атылды.
 Өксіді бұлт еңіреп,
 Бұлтты айдаушы тыңды жел.
 Қайғылы жасын төгіп ед,
 Қарық болды қара жер.

Кенет дауыл сап етті,
Қайта түсіп қалпына.
Бұлтты алыс әкетті,
Қаратпай қайта артына.

03.XII.1949 ж., Шибұт.

ТУҒАН ЖЕРІМ *(Қысқы көрінісі)*

Түнерген кейуана Қарасазым!
Қойнында өткізіп ем өмір жазын.
Болса да бір шақырым жүрмін алыс,
Амал не, алла ісіне бар ма лажым?
 Сылдырап бауырында бұлақ аққан,
 Сыңсыған ну орманың мүлгіп жатқан.
 Сылаңдап өзен суы әзілдесіп,
 Сылқылдап әденеге езу тартқан.

Қарасаз, кіндік қаным саған тамған,
Жолдасым бірге келген сенде қалған.
Шыбықтан ат қып мініп, балық аулап,
Өзен мен орманыңда асыр салғам.
 Бұл күні қысқы тұман бүркеп алған,
 Көрсетпей тоғайыңды қырау шалған.
 Аязды түн жамылған қарт жылқышы,
 Ыңырсып қайғы-мұңлы өнге салған.

Аязды сағым ойнап қырлы далаң,
Сұлқ жатыр, жансыз бейне болмай алаң.
Өткізген сол далаңда өмірімді,
Қайғыра, тебірене есіме алам.
 Әне тұр менің туған жаман тамым,
 Сол тамда көргем тұңғыш өмір шамын.
 Есігін өмірімнің сонда ашып,
 Іңгәлап мен де өмірге ұмтылғанмын.
Жиегінде өзеннің ол тұрады,
Қарасам, көзді жасқа толтырады.
Қымбат маған көзімнің қарасындай,
Ол тамның әрбір түйір топырағы.
 Ұшырған ұясынан Қарасазым,
 Айттым мен, ұқшы сен де көңіл назын.
 Аяңнан еш уақыт алыс кетпен,
 Әкетсе тағдыр айдап бар ма лажым?

5-6.XII.1949 ж., Қарасаз.

ӨКПЕ-НАЗ *(әні бар)*

Мына алла шыныменен қарғады ма?
Рахымсыз тұрмысым алдады ма?
Өмірлік досым деген мына адамға,
Беделім бес тиындық қалмады ма? Яу!
 Көңіл қымбат алтыннан,
 Білмес оны қандай жан.
 Мен — бақытсыз бала құс,
 Қанаты отқа шарпылған!
Ойым — қыс, жүрегім — жаз, көңілім — көктем,
Басым — бұлт қар жаудырып, нөсерлеткен.
Қамқоршым — қағаз, қалам, жүйрік қиял,
Жабырқау жас жүректі еңіреткен. Яу!..
 Сайра, сайра, қызыл тіл!
 Ерік сенде, өзің біл!
 Деуші едің ғой, қалқажан:
 "Өмір — күрес, көңіл — гүл!".

08.XII.1949 ж., Шибұт.

ШЫБЫҚ

Қорғансыз, жалғыз жас шыбық,
Желменен баяу иіліп.
Аязға қыста тұншығып,
Ыстыққа жазда күйініп.
 Рахымсыз, тілсіз табиғат,
 Семдірмек болад шыбықты.
 Бақытсыз, жүдеу нәзік зат,
 Қауіпті жерге шығыпты.

Тамыры тасқа таңылып,
Нәрсіз, сусыз шөлдеген.
Әлсіз бүрін жамылып,
Солқылдайд соққан желменен.
 Аллаң берген денеңде,
 Аяулы жалғыз аманат.
 Тамырың мықты тереңде,
 Тапжылтпас сені ешбір зат.

Аязды, ыссы сағымның,
Бойыңа уы жұға алмас.
Тәкаппар, долы дауылдың,
Екпіні сені жыға алмас.
 Қорғансыз, жалғыз жас шыбық,
 Өсерсің келіп қалпыңа!
 Беймаза күннен тыншығып,
 Шашарсың бүршік артыңа!

Жападан жалғыз жас шыбық,
Басына дауыл төкті зәр.
Бойынан тұнық жас шығып,
Тамырына алды нәр!

11.XII.1949 ж., Шибұт.

* * *

Өмірге ерте құлаш сермегенмен,
Өзімшіл жас жүректі тербегенмен.
Өсиетсіз, сүйеусіз, самарқау жас,
Өте алмассың өткелсіз көлденеңнен.
 Сен бір жан тұрмыстың зор торындағы,
 Соқпағың көп жүрсең де жолыңдағы.
 Сенетін, сескендірер құралың сол —
 Сенімді тәтті үмітің қолыңдағы.

Мүмкін, сен өтерсің де соқпақтардан,
Ұшарсың, шығарсың да темір тордан.

Қарғыс айтып тұрмысқа қашқанменен,
Пана болар жасырып қайсы қорған?
Алданба, ерке жаным, бұл тұрмысқа!
Өмірдің ең қызығы білімді ұста!
Сабыр ет! Сабыр, сабыр бір азырақ!
Асқақтама, көңілім, аспанға ұшпа!

26.XII.1949 ж., Шибұт.

ШИБҰТ ШЫҢЫНДА

Үкің-бұлт, найзатасың көкке тиген,
Лймалап ақ басыңды бұлт сүйген.
Аспанның дауылпазы долы боран,
Көркіңді күндегендей тұман үйген.
Отырмын үстінде мен найзатастың,
Жасырын жан сырымның мұңын аштым.
Шибұт, сенің шыңында жас жүректің,
Арманын терең ойлап, мауқым бастым.
Отырмын, ой тұманы шытырмаңды,
Басымды бейуақыт қоршап алды.
Туылған тұл тұрмыстан әлсіз шабыт,
Азырақ әддиледі сәби жанды.
Тигендей төбем тұнық бұлтты көкке,
Көрінед көлденең бел сонау шетте.
Солдаттай сапқа тұрған қарағайлар,
Мелшиіп қара тастар жатыр текке.
Төменде мұз астында ерке бұлақ,
Түншыға демін алып жатыр жылап.
Тыпыршып, тыншыға алмай нәзік толқын,
Сылақ етіп тілсіз тасқа төсін ұрад.
Көрінед көлбеп жатқан сонау жалдан,
Ақ бурыл қарағайлар қырау шалған.
Бұл күні еркін жатқан тау деңгейін,
Ақша қар ақ көрпемен қымтап алған.
Көрінед көз ұшында көмескі Іле,
Жыландай жылжып барад иіріле.
Қаңғырып қияда жүр ақсақ елік,
Адасып қосыла алмай үйіріне.
Отырмын, басымда — бұлт, астымда — тас,
Айланды ұршықтайын бір ғазиз бас.
Қайғылы қара көзден шыңырауға,
Мөлт етіп бұршақтайын төгілді жас.

28.XII.1949 ж.

ЖАС АНА
(Лыкенге арнаймын)

Ұйқысыз жүдеу жас ана,
Бөбегін отыр тербетіп.
Көзіне тұнық жас ала.
Дейді ол: "Қалқам ер жетіп,
 Ұмытпас, сүйіп асырар,
 Төгілмес текке ақ сүтім,
 Жүректің дерті басылар,
 Алдамас күткен үмітім".

Ол — оның тәтті тұңғышы,
Дүнияға келген жаңа адам.
Ол — оның ерке жыл құсы,
Қолына қонған жаңадан.
 Ел ұйқыда, жас ана
 Бөбегін баяу тербетер.
 Көзіне мұңлы жас ала,
 Жүрегінен күй шертер...

10.1.1950 ж., Шибұт.

* * *

(I-нұсқа)

Шіркін-ай, қымбат жастық шақ,
Ұрланып жүріп өтеді-ау!
Лап етіп сөнген отқа ұсап,
Күл болып ұшып кетеді-ау!
 Өмірдің гүлді көктемі,
 Өсе алмай күзде қуарар.
 Білінбес жылжып өткені,
 Сарқылып әлі-ақ суалар...

11.1.1950 ж., Шибұт.

* * *

(II-нұсқа)

Шіркін-ай, қымбат жастық шақ,
Ұрлана жүріп өтерсің!
Лап етіп сөнген отқа ұсап,
Күл болып ұшып кетерсің!
 Өмірімнің гүлі, көктемі
 Күз болар, әлі қуарар.
 Білінбей жылжып өткені,
 Сарқылып бірақ суалар...

12.1.1950 ж.

Қараңғы түнді жамыла,
 Қағазға қарап жалыға,
 Бақытты түннен күтемін,
 Алдағы өмір таңына.

Қараудан көздің талғаны-ай,
 Таусылмас теңіз арман-ай!
 Өтпесең етті біраз күн,
 Аяулы жарық жалған-ай!

Шытынса көңіл жабығып,
 Қаламға ғана табынып.
 Болмашы сәби шабыттан,
 Күй шерткен болам зарығып.

Дәмсіз, тұзсыз өлеңім,
 Саңдалып әлі келемін.
 Шын шабытын ақындық,
 Еркіммен қашан көремін?!

11.I.1950 ж.

ТАСТАҒЫ ГҮЛ

Кәрі жартас жатыр тік
 Жел дамылдап бетінде.
 Әлдеқалай жалғыз түп
 Гүл өсіпті шетінде.

Жансыз жартас қатпай тіл,
 Мелшиеді жалтырап.
 Жайсыз өскен жалғыз гүл
 Ұшқалы тұр қалтырап.

Жартасқа жатқан көлденең
 Күн қараса күлімдеп.
 Гүл сабағы желменен
 Ұшқалы тұр дірілдеп.

12.I.1950 ж.

19.IV.1950 ж.

Шытынса көңіл жабығып,
Қаламға ғана табынып.
Болмашы сәби шабытпен
Күй шерткен болам зарығып.
Бірақта дәмсіз өлеңім
Сонда да сайрай беремін.
Тұлпардың көрмей тұяғын
Өгізге мініп келемін.

12.1.1950 ж.

19.IV.1950 ж.

ЖОЛАУШЫ

Жолаушы шықты Шибұттан,
Бұлыңғыр оймен алысып.
Аязға аты шыныққан,
Келеді жолмен жарысып.
Қар жамылған кең дала,
Бетінен аяз сүйеді.
Селдір тартқан ши ғана,
Қатқыл жолдың жиегі.
Шауып, кейде аяңдар,
Кейде желіп кетеді.
Із түспеген сүрлеу қар,
Күмістей жылт-жылт етеді.
Бұлыңғыр ойдың тұманы,
Сәулесін жауып жүректің.
Кетеді оның шыдамы,
Бақытын күтіп тілектің.
Аяңымен атының,
Телміріп үнсіз келеді.
Анда-саңда ақырын,
Бүлк-бүлк етіп желеді.
Қонатын жерге жетуге,
Қамшылап атын шу-шулер.
Жалғыздық... мынау үнсіздік,
Көңілге әрне түсірер.
Көңіл кейде басылып,
Телміріп аттың жалына.

Жарқ етіп кейде ашылып,
Қуаныш кірер жаныңа.
Қызыл күрең тұмандау,
Ұяға күн де тығылды.
Үсті-басы ақ қырау,
Көздеген жерге жығылды.

17.1.1950 ж., Сарыбастау.

ҚЫСТАУДА (1-нұсқа)

Аязды боран өтінде,
Ақша қарға көмілген.
Жабырдың сонау шетінде,
Көңілсіз қыстау көрінген.
Су да тапшы, отын жоқ,
Ескірген кедей қыстауда.
Ысқырып аяз, тұман боп,
Қайтеді боран қысқанда?
Қыңқылдап мұздап ұл бала,
Жерошақтың басында.
Аунап түсіп ыңырана,
Күшігі жатыр қасында.
Кемпір ұстап кетпенін,
Аударад қойдың тезегін.
От үрлейді жас келін,
Түгін шалып өзегін.
Өрістен қой мен ешкілер,
Келеді қайтып бүрсеңдеп.
Бзың-шу үні естілер,
Қораға ерте кірсем деп.
Малынан келді жас жігіт,
Қырау шалған жағасын.
Қор болған, шіркін, жас үміт,
Тыныштық қашан табасың?
Қалжыраған кәрия,
Арықтарға шөп салып.
Амал нешік, дүния,
Жатыр жайсыз дем алып.
Үрпиген, тоңған қарт ана,
Бөбегін бүркеп алады.
Әтуерсіз ыңырана,
Сүйкімсіз үнге салады.

Тозған қыстау, тоңған жан,
Жабырқау келін, жас бала.
Кәрия жүдеу, қисайған
Үрпиген тоңып қарт ана.

16.1.1950 ж., Бөрібасы.

ҚЫСТАУДА (II-нұсқа)

Үскірік, аяз өтінде,
Үйілген қарға көмілген
Жабырдың шығыс шетінде
Жайсыз бір қыстау көрінген.
 Су да тапшы, отын жоқ,
 Ескірген кедей қыстауда.
 Ысқырып аяз, тұман боп
 Қайтеді боран қысқанда?
Қыңқылдап мұздап ұл бала
Жерошақтың басында.
Аунап түсіп ыңырана
Күшігі жатыр қасында.
 Кемпір ұстап кетпенін
 Аударар қойдың тезегін.
 От үрлейді жас келін
 Түтін шалып өзегін.
Өрістен қой мен ешкілер,
Келеді қайтып бүрсеңдеп.
Ызың-шу үні естілер,
Қораға ерте кірсем деп.
 Малынан келді жас жігіт
 Қырау шалған жағасын.
 Қор болған шіркін жас үміт,
 Тыныштық қашан табасың?
Қалжыраған кәрия,
Арықтарға шөп салып.
Амал нешік дүния,
Жатыр жайсыз дем алып.
 Тозған қыстау, тоңған жан,
 Жабырқау келін, жас бала.
 Кәрия жүдеу қисайған,
 Үрпиген тоңып қарт ана.

16.1.1950 ж., Бөрібасы.

ҚЫСҚЫ БОРАН

(I-нұсқа)

Соқты боран, ұшты қар,
Тікендейін үскірік.
Шыңылдаған зәрлі ызғар,
Күшінде тұр түшкіріп.

Лезде суып аяқ, қол,
Қырау тұрды кірпікке.
Тақтақ жатқан ұзақ жол,
Айналды қасат, күртікке.

Желпініп көкте бұлт тағы,
Жүйткіді боран қуалап.
Бұралқы иттей жұрттағы,
Ұлиды кенет тұра қап.

Қысқы боран соқты үдей,
Соқты қарды үйіріп.
Қасат қарлар боп үйдей,
Қалды жолға үйіліп.

16.1.1950 ж., Сарыбастау.

ҚЫСҚЫ БОРАН

(II-нұсқа)

Соқты боран, ұшты қар,
Тікендейін үскірік.
Шыңылдаған зәрлі ызғар,
Күшінде тұр түшкіріп.

Лезде суып аяқ, қол,
Қырау тұрды кірпікке.
Тақтақ жатқан жайлы жол
Айналды қасат, күртікке.

Желпініп көкте бұлт тағы,
Жүйткіді дауыл қуалап.
Бұралқы иттей жұрттағы,
Ұлиды боран тұра қап.

16.1.1950 ж.

ЖАС БАЛА

Теріскей бет жел үрген,
Аязға тоңған жас бала.
Тумай жатып өмірден,
Қалды екен неге жасқана?
Алты жасар жас бала,
Тұрмыстың кілтін қолға алып.
Семьяға бас бола,
Тіршілік еткен қой бағып.
Анасы қайда жас құстың?
Әкесі қайда кетті екен?
Тәкаппар тұл тұрмыстың,
Қинауы қалай жетті екен?..

16.1.1950 ж., Бөрібасы.

БІР ОЙ

Сезесің әлденені, сорлы жүрек,
Қорку ма, қуаныш па — нені білед?
Жай соққан тамырдағы жылы қандай,
Асқақ ой бірі шығып, бірі кіред.
Қорку ма, қуаныш па келер маған?
Арман ба жүректі өртеп жалындаған?
Әлде ол үйреншікті мұң мен шер ме?
Баяғы тұманды ой ма арылмаған?
Болмаса тыңнан келген уайым ба?
Білмеймін қуанам ба, жылаймын ба?
Кірленген жүрегімді өр шабытпен,
Серігім өлеңіммен жуайын да!
Мен бір жан іші толған мұң мен шерге,
Басымды бұлт басады кей күндерде.
Дамылда, жайлап соқшы, сорлы жүрек,
Даулатып жас жанымды өртей берме.

16.1.1950 ж., Бөрібасы.

ЖАБЫР ТАУ

Ұйқыда жатыр Жабыр тау,
Ақ көрпеге оранып.
Көде мен жусан жабырқау,
Қиыршық шыққа оралып.
Ақ көрпе әлі жыртылып,
Жабыр тау сергіп оянар.
Көде мен жусан құлпырып,
Алқызыл гүлге боянар...

17.1.1950 ж., Жабыр.

КҮНІМ БАТАР МЕНІҢ ДЕ

Құл болып мәңгі кетермін,
Қайырымсыз кәрі өлімге.
Жалғаннан жылжып өтермін,
Күнім батар менің де.
Қуатым — "құдай" сүйенген,
Жалғанында еркелеп.
Тілеуім сол иемнен:
Алмаса екен ертерек!

Өмірін мәңгі санаған,
Өшпес шамы, өлмес кім?
Туар ертең жаңа адам,
Шығар әлі жаңа күн!

17.1.1950 ж., Жабыр.

* * *

Ұша алмай бала бұлбұл темір торда,
Еркімен сайрай алмай толғанады.
Дамылсыз кезек қарап оң мен солға,
Құпия баяулатып ән салады.
Құпия құбылжыған бұлбұл әнін,
Кім естіп тек ішінен қуанады?
Қор болған көріне алмай ерке жанын,
Құтқарып темір тордан кім алады?

27.1.1950 ж., Шибұт.

ЖАС ҚАЙЫҢ (I-нұсқа)

Жаңадан өскен жас қайың,
Қорексіз шөлдеп налып тұр.
Күтпесе егер жастайын,
Өсуден мәңгі қалып тұр.

Жасайын қорған гүліне,
Жаңарып өссін жас қайың.
Су жіберіп түбіне,
Тіршілікке бастайын.

27.1.1950 ж., Шибұт.

ЖАС ҚАЙЫҢ (II-нұсқа)

Жаңадан шыққан жас қайың,
Қорексіз шөлдеп налып тұр.
Күтпесе егер жастайын,
Өсуден енді қалып тұр.

Жасайын қорған гүліңе,
Жаңарып өскін, жас қайың.
Су жіберіп түбіңе,
Тіршілікке бастайын.

27.1.1950 ж.

* * *

Кейде көңілім жалынды өрт секілді,
Салқын тартқан жүректі жылытқандай.
Кейде суық, кетпеген дерт секілді,
Біржолата тірлікті ұмытқандай.

Жат тәрізді кей кезде үй де, түз де,
Сырттан естіп өсекті, үйден көріп.
Кейде ұқсайды көңілсіз салқын күзге,
Күн жауғалы басыма бұлт төніп.

Жабырқау бол, жат болған үйде, түзде,
Мейлің ұқса, көңілім, салқын күзге.
Жалындап өрт, қалыңдап дерт болсаң да,
Үмітіңнен, жүрегім, күдер үзбе!

27.1.1950 ж., Шибұт.

ЛӘЗЗАТ
(Туғанына екі ай толуына)

Кезінде лаулап жанған махаббаттың,
Кезінде жалындаған отты шақтың,
Адал бір махаббаттың Шолпаны боп,
Арайлы алтын таңдай болып аттың,
Туғанда жаңа ғана сен іңгөлап,
Тұрған ед Шолпан жұлдыз күле қарап.
Бұғынған бұлт артына булығып ай,
Бұлқына шыға келген сені аймалап.
Ләззатжан, солай-солай күн өткен ед,
"Іңгө!" — деп әлсіз үнің шыр еткен ед.
Айғағын әкеліктің сезгендей боп,
Жүрегім баяу ғана дір еткен ед.
Бөбегім, келешегім — Ләззатым!
Бақытым, жаңа шыққан жас қанатым!
Үнінен балды тілді махаббаттың,
Шыққан еді Ләззат деп сенің атың!

15.11.1950 ж., Шибұт.

СЕН НЕГЕ?..

Жаным сүйген жарым-ай!
Жабығасың сен неге?!
Жас жүректің жалыны-ай!
Зарығасың сен неге?
Жаңа туған жарық ай!
Қараясың сен неге?
Жүдеп кеттің, жаным-ай!
Сарғаясың сен неге?
Құлазыған қу дала!
Құлпырмайсың сен неге?
Тіршілікке, қубала!
Ұмтылмайсың сен неге?
Бұлттан шығып, күміс күн!
Нұр шашпайсың сен неге?
Меңіреу, мылқау қара түн!
Сыр ашпайсың сен неге?
Қасиетті қара тау!
Таңданасың сен неге?
Ашуланшақ анам-ау!
Шамданасың сен неге?

Ми қажытқан арманым!
Өмірсізсің сен неге?
Думанды едің, жан жарым!
Көңілсізсің сен неге?

Бойым балқып елжіреп!
Қуантасың сен неге?
Алып-ұшпа, шер жүрек!
Құмартасың сен неге?..

19.11.1950 ж., Шибұт.

* * *

Бақытты сонау сәби шақ,
Ескерусіз өтіпті-ау!
Тіршіліксіз күн құсап,
Баянсыз жылжып кетіпті-ау!
Жойылып жастық бедерің,
Жоқ болып ұшып кетеді-ау!
Не кәрілік, не өлім,
Мендіксің деп жетеді-ау!..

19.11.1950 ж., Шибұт.

ҚЫСТЫҢ КҮНІ

Күн күлмейді еркінше нұрын шашып,
Дамылсыз көк күмбезін бұлт басып.
Отыр міне қарт анам ойға шомып,
Таянып ұршығына, құты қашып.
Күн шығып, көп кідірмей қайта батқан,
Тұншығып бұлт астында таулар жатқан.
Қар жамылған кең дала, асау өзен
Үстінде көкшіл меруерт мұзы қатқан.
Тәкаппар қыс лебі неткен күшті,
Ақ қырау алыстағы орман үсті.
Иіліп әлсіз дене жас шыбықты,
Ұлыған долы боран соға түсті.
Ұлпа қар кеше ғана жауып өтті,
Кіршіксіз аққа орап төңіректі.
Жүзіңді бейне сұлу нұрға бөлеп,
Жабысад шытқыл аяз қарып бетті.
Ақша қар көз ұялтып, шағылысып,
Алтынның ұнтағындай жылт-жылт етті.

Ысқырып, аяз зулап кең далада,
Көркіне көз ілеспей қаққан сылаң.
Албімен уын шашқан айналаға,
Тәрізді ысқырығы зәрлі жылан.

(Аяқсыз қалды).

13.III.1950 ж., Шибұт.

ЖЫЛ ҚҰСЫ

Сағынған самалындай ескек желмен,
Сызылтып әнін айтып бірге келген.
Жыл құсы, аман-есен оралдың ба?
Мұңая қоштасып ең туған елмен.

Ескенде тоңды ерітіп жаз лебі,
Келед деп қуанышпен күткем сені.
Қыйқулап дәл төбемнен ұшып өтіп,
Мың толғап әнге салып қуант мені!

Қатар түзеп ән салшы, ұзын тырна!
Шықылықта, шымшығым, сен де тұрма!
Қара торғай, қарлығаш, байғыз, көкек,
Мақтан етіп өзіңді сен де жырла!

Сүйеуім жоқ, панам жоқ, еш туыс та,
Ескерусіз төбемнен жүрмін тыста.
Саралақаз төбемнен қаңқ етіп ед,
Медеуім деп мұң шақтым ұшқан құсқа.

14.III.1950 ж., Шибұт.

КӨКТЕМ

Ыстық нұрын төкті күн,
Жадырады қыр мен бел.
Сағынғандай аймалап,
Бет желпиді ескек жел.

Сабыр болып қар еріп,
Ақты өзенді қуалап.
Доп ойнап, көңіл көтеріп,
Балалар да қуанад.

Өскен жерге жыл құсы,
Сағына қайта оралды.
Жібіді жердің қыртысы,
Мейірімсіз тоңы жоғалды.

Жаршы боп бақыт таңына,
Жарқ етіп ертең жаз келед,
Нәр алып сәби жанына,
Гүл жарады жас терек.

05.III.1950 ж., Шибұт.

* * *

Ойында арман,
Қасірет шалған.
Қасиетсіз мен бір жан.
Әуре етіп босқа,
 Жат қылып досқа.
 Алдадың-ау, сұм жалған.
 Беймаза көңіл,
 Белгісіз өмір.
Бақытсыз өтіп барады.
Әлдене тілеп,
Талпынған жүрек,
Әуреге неге салады?
 Өсекшіл дос көп,
 Сыйласар дос жоқ,
 Көңілдің кірін ашатын.
 Қорғалар ел жоқ,
Қорғанар ем жоқ,
Жүректің уын басатын.
Қор болды жаным,
Жоғалды арым,
 Осы ма, тағдыр, қосқаның?
 Ағытқан сырды,
 Жоқтасқан мұңды,
 Сағындым, қайран достарым?
Қорғансыз, әлсіз,
Қорексіз, нәрсіз,
Секілді шыбық жалғыз тал.
Көмегің болсын,
Сағынған досым,
Мен ғаріпті есіңе ал!

21.III.1950 ж., Шибұт.

БЕС ХАТ

1. ЖІГІТ СӨЗІ

Сәулем, саған жаздым хат,
Жүрсің бе есен, көңіл шат?
Жас жүректің толқыны,
Тек өзіңе аманат!

Сен — бір асыл гауһар тас,
Саған ғашық мен бір жас.
Отқа салсаң, өзің біл,
Қол артамын, қолаң шаш.

Уландырды махаббат,
Күйдіреді отқа ұқсап.
Өлсін, күйсін демесең,
Еңіретпей емін тап.

Сәлем саған, қара көз,
Сен — бір алтын, мен — бір жез.
Қайрылмасаң өзің біл,
Қасіреттен шыққан сөз.

2. ҚЫЗ ЖАУАБЫ

Жаздым жауап, замандас,
Тілеуі бір балғын жас.
Аманатың жүректе,
Айрылғанша жоғалмас.

Жүзіңе сенің қарайын,
Дертіңе шипа болайын.
Менде болса тағдырың,
Отыма неге салайын?

Сендей ыстық махаббат,
Маған дағы емес жат.
Жаным бірге егерде,
Тұйықтан өтсең сен бастап.

Өткір сәулең түсті ішке,
Таңданамын бұл іске,
Әуре етпегін мен сорды,
Әйел жолы — жіңішке...

3. ЖІГІТ СӨЗІ

Айттым сәлем сәулеме,
Салайын неге әуреге.
Сағынғаннан қараймын,
Сенің нұрлы сәулеңе.

Сертіңе сенің жетейін,
Әуре етіп босқа не етейін.
Шынымен ерсең сен маған,
Тұйықтан алып өтейін.

Айырылған досынан,
Мен де өзіндей шошыған.
Ұнатса адал жүрегің,
Сөз байлайық осыған.

Сәлем саған, қыпша бел,
Мен ғаріпке көңіл бөл.
Сипатар ем бетімді,
Соқса сенен самал жел.

4. ҚЫЗ ЖАУАБЫ

Айттым сәлем, замандас,
Айналады ғазиз бас.
Мен бір көмір, сол үшін
Аққа күйе жағылмас.

Екінші алдым хатыңды,
Жаныма жайлы, татымды.
Қиялым, ойым адасып,
Шытырман болып шатылды.

Сайратпа көңіл бұлбұлын,
Айнытпа жүрек құрғұрын.
Бабыңда сен — балапан,
Байлаудағы мен — құлын.

Түсінсең, сырым ашылды,
Түсірсең, отым басылды.
Сүйсең мені шынымен,
Ноқтаға сұқпа басыңды.

5. ЖІГІТ СӨЗІ

Айттым сәлем, сүйіктім,
Айғағымен күйіктің.
Жайлы жатқан жаныңа,
Жазықсыз бекер тиіппін.
Жүрегімді шөлдетіп,
"Махаббат" деп желдетіп.
Оятыппын ұйқыңнан,
Ұйқатам деп тербетіп.
Дерт салдың бірақ жаныма,
Адастым, міне, тағы да.
Амалым не алаға,
Өтемін де сағына.
Қош бол, қош бол, сәулежан,
Жоғалып түнің, атсын таң.
Бұрылып қайда тартсаң да,
Ақ күн шықсын аддыңнан.

22.III.1950 ж., Шибұт.

* * *

Ерікке қоймас күлдірмей,
Албырт жастық аяулы-ақ,
Баянсыз, бірақ білдірмей,
Жылысып өтер баяулап.

22.III.1950 ж., Шибұт.

ТУҒАН ЖЕР ТУДЫРҒАН ОЙ

Болмады қайта тағы кішірмеске,
Болмады ойға өткенді түсірмеске.
Анамның аймалаған ілебіндей,
Ескегің ежелгіні түсірді еске.
Өскен жер әлі ойымда, ұмытпадым,
Ежелден аңсаушы едім, жуықтадым.
Егерде жырламасам, риза емес
Кешегі бірге өскен шыбық, талым.
Мені жырла дегендей қара суың,
Мені жырла дегендей қалың нуың.
Мені ойыңнан қалайша шығарасың,
Деп маған айтқан да еді талай ұлың.

Өскен жер, өн бойыңа тұрсам қарап,
Өзіме, өлеңіме бітер қанат.
Құшуға сыйдыра алман құшағыма,
Сондықтан жырым кетсін сені аймалап.

Анамның мені өсірген аясындай,
Әкемнің мені сүйген санасындай.
Өскен жер, қамқоршымдай қарайсың сен.
Өзіммен бірге туған жанашырдай.

Шаттанам шыбығыңды сүйемін де,
Балқиды ішім емес, сүйегім де.
Есігін дүниенің ашқан едім
Кішкентай өзеніңнің жиегінде.

Өзеннің жағасында, тозған тамда,
Туылу қандай қымбат меңдей жанға.
Жыртық там жүруіме сүйеу болған
Талпынып, мен өмірге ұмтылғанда.

Орап ап мені шоқпыт бөстегіне,
Қуана күн-күн сайын өскеніме.
Мен үшін менің ғазиз ата-анам,
Өмірдің тозақ отын кешпеді ме?

Өткізіп талай түнді ғазиз анам,
Ақ сүтін аймалатып берген маған.
Сол тамда түн ұйқысын төрт бөлген-ді,
Бесікте даусымды естіп шырылдаған.

Әкемді неге ұмытам кетпенімен,
Жалаң аяқ жұмысқа кеткенін мен.
Мен үшін, менің алғы күнім үшін
Өткен-ді талай азап өткелінен.

Әйелі: "Маған киім әпермедің! –
Деп жылап, – маған неге әкелмедің?"

Үрпиіп от басында мен отырсам,
Қиналып күрсінген-ді әкем менің

Қайғы мен қапада өсіп, шаттанбай-ақ,
Сазына тұрмысының батқандай-ақ,
Елестейді Қарасаз құм-тасынан
Әкемнің азап жолы жатқандай-ақ.

Қарасаз менің алтын бесігімдей,
Бір күндік өмірімнің бесініндей.
Сенен татқан алғашқы бие емшегім
Өмірдің тұңғыш берген несібіндей.

Бойына қара судың шығып қалың
Бірге өскен бауырымдай шыбықтарың,

Шиңді от, шілігінді қорған етіп,
Асыр сап аралында шыныққамын.
Жаныма сусын болып бал бұлағың,
Киіктей орманында қарғыладым.
Жерінде жетімек боп қалғанымда,
Суыңа сырымды айтып зар жыладым.
Әне тұр соған куә жар қабағың,
Жағалап сонда жүріп зарлағамын.
Мейірбанды әкемнен мені айырған
Өлім еккен соғысты қарғағамын.
Баса алмай өксігімді құспап па едім,
Шыдамай шыбығыңды қыспап па едім.
Сілем қатып бір сәтте жата қалып,
Тасың менен құмыңды құшпап па едім.
Туған жер, тұлғаң жібіп сонда сенің,
Жұбатып, жұпар құйып, ескек желің,
Әкемнің сақалындай көк балаусаң
Жасымды сұртпеп пе еді сүйіп менің.
Сәбиді жетімекке теңеместен,
Туған жер, асыраған сен емес пе ең?
Қармақ сап, балық аулап, бақ-бақ теріп,
Өспеп пе ем жоқшылықты елеместен.
Туған жер, тұлғаң сенің шықпас естен,
Болсам да ойы сараң, үміті өшкен.
Сүйемін, шын сүйемін өлкеңді мен,
Себебі: балапанмын сенен өскен.
Анамның маңдайындай аспаныңа,
Қарасам, азық алам жас жаныма.
Сенделіп сендегі өткен күндерімді,
Теңеймін өмірімнің асқарына.
Жағасында жайқалып жасыл құрақ,
Көз жасындай төсінде көкшіл бұлақ,
Өмірден көп өкініш көрген жаңдай
Өксігін тоқтата алмай жатыр жылап.
Әне сонау алыста, қиыр шетте,
Жасыл орман жабырқап жатыр текке.
Немене, неге қаулап өсе алмай тұр?
Шырпысын өрт шалған ба ертеректе?
Жатыр мүлгіп кең далаң мұң басқандай,
Жапырағы дірілдеп ымдасқандай.
Баяу соққан толассыз ескек желмен
Сары селеуің сыбырлап сырласқандай
Басқаның бай өлкесін, ауданын да,
Алмаймын сенің кедей аумағыңа.

Дамылдап бұлттар жатыр бура жалды,
Көз салсам өркеш-өркеш тауларыңа.

Жалғыз түп таудағы өскен балашығың,
Аяулы-ау айналайын қарашығым.
Төгілген төмен қарай бүрі ғана
Өмірдің ұтқандай-ақ бар асылын.

Аңсатқан талай жанды, таңырқатқан,
Көз салшы Шалкөдеге көлбеп жатқан.

Арқада аңыз болған Бурабайды
Ұтпай ма мына біздің Есекартқан?

Көз жетпес көк тіреген шыңырау құз,
Жалтырап жазы-қысы жамылған мұз.
Әлпі мен Елбұрыстан кем түспейтін
Міне тұр Хан тәңірі мен Төншәніңіз.

Жақын тартпас жан қалай өз еліне?
Өз елін сақтамай ма өзегіне?

Жылғасын Текес пенен Байынқолдың
Теректің теңгермес ем өзеніне.

Жабырқап, жалтармас ем жастығыма,
Еріксіз еңкеймес ем бастығына.
Бермес ем Бердібектің "Бұлағын" мен
Тайырдың тәкәппәрлі "Тасқынына!"

Япырмау, не айттым мен, кімді естідім?

Бишара-ау, неге қозды күнDESTігің?

Сезгенше Тайыр ағаң ендігі жыл,
Сыртынан таласа бер, білмес бүгін!

(Бұл шумақ үстінен сызылған — Құрастырушы).

Отырмын ортасында өз елімнің,
Ішімнен сөзін жұптап өлеңімнің.
Сұрауға судың сырын ебін таппай,
Шетінде қарап тұрмын өзеніңнің.

Өзенім сүйсіндірді, таңырқатты,
Наз, еркелі сұлудай сылаң қақты.

Жағада күбірлеген мені байқап,
Сылқылдап, келекелеп күліп жатты.

Толқыңды толқын қуып бұлаңдады,
Адастым тәтті ойымнан, су алдады.
"Қарғам-ау, нені күтіп отырсың?" — деп,
Еңкейді анам менің су алғалы...

Туған жер, шаттығың мен күйігіңе
Ортақпын. Жырым айғақ сүюіме.

Аралыңда адасқан аққуыңды
Тапсырсаңшы ертерек үйіріне!

Жабырқатпай, жасытпай жігерімді,
Егерде қабыл алсаң тілегімді,
Шынымен керек десең, берер едім
Данкоша жұлып алып жүрегімді.

1950 ж.

ШИБҰТТА

Асыр сап қойынында өспесем де,
Шаттанып шалғыныңды кешпесем де.
Көркіңді сенің сұлу жыр етпекпін,
Төселтіп тіл түйінін шешпесем де.
Келгелі жылдан асты осы жерге,
(Жат елде күнелткелі мен шерменде).
Дос тұтып сыр ашамын, мұң шағамын,
Осынау көлбеп жатқан кербез белге.
Кеудең — кең, жотаң — алып, тасың — найза,
Аспанда төбең тиген алтын айға.
Тулатып толқындарын тасқа соғып,
Тасқындайд ерке өзенің терең сайда.
Домалап тастан аққан әлсіз бұлақ,
Сылдырап ағып жатыр ол да құлап.
Өзеннің ерке үнімен тербеледі,
Жағада жапырақ пен көкше құрақ,
Көкте күн өн бойына нұр себелеп,
Гүлденіп, бүршік жарған тал мен терек.
Самалмен салқын соққан қарағайлар
Толықсыйд жамылып ап жасыл желек.
Қырқада құлпырғанда қызғалдағың,
Қия алмай мен де күндеп қызғанамын.
Қыйқулап жыл құстарың әндеткенде,
Шабыт туып жүректе, қызған жаным.
Балауса балдырғаның гүл атқанда,
Шаңқ етіп тау қыраны тіл қатқанда.
Мен де сол таң нұрынан нәр алғамын,
Ұйқыдан таң шолпаны оятқанда.
Шыңың мен, Шибұт, сенің асқарыңа,
Шыңыраудан көз салам тастарыңа.
Мүмкін, сен ақылымның арқауы боп,
Өмірімнің жазыларсың дастанына.

5.IV.1950 ж. Шибұт.

ЛӘЗЗАТҚА

(Сен мұны жаттап алып, әнімен айт)

*"Сенсің жан Ләззаты,
Сенсің тон шарбаты.
Артықша жаратқан
Алланың рахматы".*

(Абай)

Құлпырса да қызғалдақ, қуарса да,
Қайғыланған жүрегім қуанса да.
Ләззатым көңілімнен кетпес менің,
Қайнап аққан бұлағым суалса да.
Ләззатым!

Өсе алмай өшкен қанатым.

Мұңаюмен, кеюмен күнім өтті,
Жүрегіме сұм ажал уын екті.
Бақытымның тұңғышы, ең тәттісі —
Ләззатым кешегі қайда кетті?
Ләззатым!
Хош бол, сәулем,
Қанатым!..

20.IV.1950 ж., Шибұт.

* * *

Жетектеп үміт, қиялым,
Қайда мені сүйреді?
Оқу болып құмарым,
Бойымды жігер биледі.
Құмарым сол бір басылып,
Болсам-ау ие бақытқа.
Білімге ғана бас ұрып,
Отырсам нақ сол уақытта.

Айналып арман аныққа,
Тілекке, мүмкін, жетермін.
Жексұрын болып халыққа,
Жылаумен, мүмкін, өтермін.

20.IV-50 ж., Шибұт.

ТІЛЕК
(*Аттанар алдында*)

Өтті күндер, жетті күткен сағатым,
Бұл күнді ойлап жүрек жайсыз соғатын.
Күтеді алда мені тағы ауыр сын,
Не жақсылық, не жамандық табатын.
 (Іздеймін ыңсыз-дыңсыз бос орын),
Күтед мені не бақытым, не сорым.
Арманыма жете алмасам егерде,
Сол да өмір ме, маған тірлік несі оның?
О, жасаған! Жара салма тағы етке,
Келеке етпе достарыма желөкпе.
Аңсап күткен арманыма жеткізгін,
Досқа күлкі, дұшпаныма таба етпе!
 Жәрдем бергін дәрмені жоқ күшіме,
 Тиянақты нәтиже бер ісіме.
 Шерді басып, қуанышты құшақтап,
 Оралайын дос пен қастың ішіне!

21.IV-50 ж., Шибұт.

* * *

Шіркін қиял, ойды жеген дертпен тең,
Тұрлауы жоқ сайқал едің неткен сен.
Құр талаптың құшағында күн өтіп,
Өшпес арман арасында қалдым мен.
 Мықты болып, күшті бойға жиямын,
 Алдандырад арман қуған қиялым.
 Үміттенген кіре алмасам ұяға,
 Айтшы, досым, қайда барып сыямын?..

8.VII.1950 ж., Алматы.

МАХАББАТ

Құмартасың жете алмай,
Қайғырасың сағынып.
Қыл көпірден өте алмай
Қиыласың табынып.
 Жүрегінді бос етіп,
 Жүдеп жүріп сүйерсің.
 Өзіңе өзің қас етіп,
 Өз отыңа күйерсің.

Өзіңе бал, басқаға у,
Сезімдіге ең қымбат:
Қайғы, сүйо, құмарту —
Ең бірінші махаббат.

9.VII.1950 ж., Алматы.

АЛМАТЫ

Ақ сақалды Алатау
Бауырына алып тербеген.
Көрік берген бақша-бау,
Көкке құлаш сермеген.
Сәулетті, әсем астана,
Гүлденіп, өсіп барады.
Еңкейген кәрі, жас бала.
Көркіңнен қорек алады.

Астанам аспан көгінен,
Орын ап, дәурен сүреді.
Соғады бірге сенімен,
Қазақтың әрбір жүрегі.
Алатаудың бауыры,
Аяулы жердің жаннаты
Осынау қазақ ауылы,
Астанам менің Алматы.

9.VII.1950 ж.

* * *

*...Ең болмаса аяулы сөз айтысып,
ақырғы уақыттың ырымын істесекші?!
Жәй ғана көзтаныс адамдарша,
кірпіш үйдің бұрышында тұрып,
қысқа ғана күңк еттік те жүре бердік.
Сол соңғы минуттың жаманы-ай!
Жаныма өте жайсыз бұл жағдай...
(М.Мақатаев)*

...Япырмау, қалай едің сен?..
Қайғыға салдың тағы да.
Бойыма өлшеп теңбе-тең
Қасірет бердің жаныма.
Атқандай еді алтын таң,
Орнаттың қайта түнекті.
Дамылдап еді, жаңадан
Оянттың қайта жүректі.

Шіркін-ай, қымбат сол бір шақ,
Шибұттан сені көріп ем.
Жалынсыз таза отқа ұсап,
Көңлімді адал беріп ем.
Сүйкімді едің сонда сен,
Аяулы менің жанымдай.
Ойласам соны, сорлы мен
Шыдармын қалай жарылмай?
Өмірдің гүлі — жастық шақ,
(Деп ойлап ем, жоғалды).
Қайғы, сүю, махаббат
Жүрекке қайта оралды.
Болжай алмай жүзіңді,
Елестетіп табындым.
Қайраттың қылы үзілді,
Қайтадан тағы сағындым...
б. VIII. 1950 ж., Алматы.

САҒЫНАМ, ШИБҰТ, СЕНІ ДЕ

...Жылап аққан өзені,
Мұңлы ма еді, қандай ед?..
Жасырын жүрек сезеді
Көз жасы оның балдай ед.
Түнекпен тұтып көңілді,
Түнжыраушы едің сен ғажап.
Алыс бір арман өмірді
Қайғыртушы едің ойға сап.
Адасқан кейде ақша бұлт,
Қонақтаушы еді басыңа.
Ойымнан қайғы боп ұмыт,
Отырушы едім тасыңа.
Толқын беріп шалғынға,
Толықсушы еді самал жел.
Күн батардың алдында,
Көгілдір тартып асқар бел.
Сағынам, Шибұт, сені мен,
Аяулы, жалғыз жанымдай.
Сағынам адал көңліммен,
Өзіңді сүйген жарымдай.
Ауыр бір ойда отырып,
Жазғанда сәлем еліме.
Көзімді жасқа толтырып,
Сағынам, Шибұт, сені де.
б. VIII. 1950 ж., Алматы.

Өскен жер жылы жүрекке,
 Шибұттан мен де адастым.
 Жақын да болса алыстап,
 Ауыр бір халге жанастым.
 Лебің ыстық — өз елім,
 Биіктесің өмірімде.
 Қоштасқанша көз жұмылып,
 Сақталарсың көңілімде.

1950 ж.

БОЛЖАУ

Айтшы, дос, айтшы маған кім аңғарған
 Белгісіз болашағын тұмаңданған?
 Жұмбағын алғы күннің көрсем-ау деп,
 Мен дағы келешекке құмарланғам.
 Ол күндер жеткізер-ау, бірақ маған,
 Жүдетіп осы шағым жара салған.
 Бата алмай күл болуға бір-ақ сөніп,
 Тек өлмей, ыстық отқа күйіп-жанам.
 Кім білсін болашағым әлде жарық,
 Көлденеңсіз жол шығар айқын, анық,
 Дегенде: "Күресусіз бақыт қайда?"
 Түнерем тұңғыық бір ойға қалып.

11.IX.1950 ж., Алматы.

БІР ОЙ

Аңсадым, амалым не, сәулем, сені,
 Жүдетіп жасырын ой жанды жеді.
 Қайнаған қасіретке ем алайын,
 Жарқ етші көз алдымнан келсе жөні.
 Ойнар едім, күлер ем, ойда бірақ;
 "Ұмығам ба сәулемді?", — деген сұрақ,
 Кенеттен арам ойды ыдыратып,
 Мені алып адалдыққа кетер жырақ,
 Ақталып, айрылғанда ойдан бөтен,
 Тапқандай түзу жолды, адал мекен.
 Сол кезде көз алдыма елестейді,
 Бейнесі алыстағы адал некем.

12.IX.1950 ж., Алматы. Ш.Т.И.

Үміттенем ұшпай жатып ұяда,
 Құзда тұрып көз саламын қияға.
 Дәметемін болашақтан, маған да
 (Шаттық нұрын жүрегіме құя ма?)
 Бақытынан жалғыз тамшы қия ма?
 Құмартамын, өмір, саған жалғыз-ақ,
 Жалынды отың жас жүректі жанғызад,
 Соқпағы көп қара жолың қауіпті,
 Үмітті үзіп, ойыма арман салғызад.
 Өмір — теңіз, ол теңізде мен шабақ,
 Тұтпақ болып түрлі қауіп тұр қарап.
 Озбыр шортан қармағына баланың
 Лінбесем, маған бақыт сол ғана-ақ,

15.IX.1950 ж., Алматы.

Шет тілдер институты.

ҮМІТІМ – ӨЛЕҢІМ

Жасыма, көңіл! Жас талап,
 Жұмбағың сенің шешілер.
 Жүзіңді бақыт аймалап,
 Жүректің дертін өшірер.
 Үміттің оты жылытад,
 Мұз болып қатқан бойымды.
 Қайғыны көңіл ұмытад,
 Өлеңім тербеп ойымды.

21.IX.1950 ж., Алматы.

САҒЫНЫШ САФАТТАРЫ

Қасіреттен атылып қадалған оқ,
 Сағынудан суалып қайнаған шоқ,
 Аңсап жүрген жүректі алдандырар,
 Асылымнан қалайша хабар да жоқ,
 Қам көңілім хатыңа табынса да,
 Ғазиз жүрек құмартып сағынса да,
 Арамдыққа шын ойым аттатпайды,
 Адал ойдан асылым жаңылса да.
 Зарығу, сағынумен күн өтсе де,
 Көр ішіне көңілімді түнетсе де,

Ауылда махаббатым шын иесі,
Бөгде жан жүрегіме гүл ексе де.
Елесі түнде ғана құшақ жайып,
Қарсы алад... Бірақ сәтте көзден ғайып,
Іздеп жүріп оянсам... көңіл бей-жай,
Күңгірт түске өкпелеп таңғажайып.

3.X.1950 ж.

* * *

Шынымен еткен еңбек еш кете ме?!
Ұрланып есіл өмір босқа өте ме?!
Тәкаппар, ұлы өмірдің зор толқыны
Шетіне лақтырып шошқа ете ме?
Достар-ау, жандарың бір ашымай ма?
Бүйте берсең, жас талап жасымай ма?
Өмір-ау, өзің айтшы көнейін мен,
Үмітім сенен күткен осылай ма?
Қорқамын, ұяламын, қысыламын,
Көңілді енді қайда ұшырамын?
Өсектің бұлты төніп келеді әне!
Тағы да қандай дертке ұшырадым!
Бесікте жатқанымда-ақ, өмір, саған,
Бой ұра, құлаш жая құмарланғам.
Жарайды, тартқан сыйың қайғы болса,
Амал не, өлгенімше қабыл алам.

30.XI.1950 ж., Алматы.

ЛЫКЕНГЕ!

Баруға бата алмай бықсық елге,
Өткізіп өмірімді жүрмін мен де.
"Япырай, сәулем қашан оралар", — деп,
Күтумен сарғайдың-ау, жаным, сен де.
Әлі-ақ ертең жетермін сол бір елге,
Ақсақ қаз қонар барып ылай көлге.
Қуаныш пен қайғымды қабат алып,
Сырымды жеткізермін Лыкенге!

30.XI.1950 ж., Алматы.

ЕСІНДЕ МЕ?

Шіркін-ай, сол бір өмір мұңсыз өскен,
Аңғарсам, адастырған, ізі өшкен.
Санаусыз сан ғасырлар өтсе дағы
Қызығы балалықтың шықпайды естен.

Мініп ап "жүйрік", "жорға" шыбық атқа
Барушы ек тамашалап өзен жаққа.
Алаңсыз өмірдің еш қыймылынан,
Қарамай ойнаушы едік ар-ұятқа.

Ерке өзен жатушы еді қағып күлім,
Естуші едік біз оның нәзік үнін.
Әуес қой бала жаны әрнемеге
Таласа жұлушы едік дала гүлін.

"Үйленіп", үйшік жасап ойнамаққа,
Топырлап жыйналушы ек жар қабаққа.
Судан арақ, бақбақтан закуска етіп
Бүлдірген теруші едік тойламаққа.

Достарым, есінде ме сол бір шағың,
Даурығып оқуыңнан қайтқандағың,
Естіген сөзіңді бір әлдекімнен
Лепіре жолдасыңа айтқандағың?

Тұмансыз, тұнық ауа қысқы кеште,
Өзенге ат суарған сен емес пе?
Асқақ ой артына бір жалт еткенде,
Ұрланып өткен өмір келеді еске.

Айтқандай, есінде ме, құрбым, сенің?
Дұшпан мен дос аралас өскен елің?
Қораздана қалыпсың, құрбым, қайдам!
Ұмытты ма деп сенен сескенемін.

Достарым, есінде ме сол бір шағың,
Қанат жая өмірге жаралғаның?
Бойға рахат, жанға азық сол өмірден
Бір ескерткіш қалайша ала алмадың?

01.XII.1950 ж., Алматы.

ДОСТАРҒА

Достарым, риза емен мен сендерге,
Аспаннан айды алып берсеңдер де.
Қайтейін қалған көңіл қабыл алмас,
Айламен неше түрлі келсеңдер де.

Дос болмай садаға кет сенің бәрің,
Сыр ұрлаған сұмпайы өңшең зәлім,
Сыртыңнан өліп-өшіп тұрғаныңмен,
Білемін, бықсып жатыр, ішің мәлім.

Әуелден сырларыңды ала алмағам,
Сол үшін торларыңа араңдағам.

Айламен алуға бар, беруге жоқ,
Жанкеспе қасқырсыңдар жалаңдаған.

Бұйымға жарамайтын жапырақтар,
Сендермісің дос деген атын ақтар?
Шаң басқан топтарыңнан енді аулақпын,
Өздеріңмен өзің бол, ақымақтар.

14.II.1950 ж., Алматы.

ЖАНАЙБЕККЕ

Өлеуреген көзіне қарай бердім,
— Амансың ба, бұл жерге қалай келдің? —

Деп, жанына қол созып бара берсем,

— Ой, әкеңнің... — дегені Жанайбегім.

Аңғармаппын досымның еліргенін!

Бір рөмке араққа семіргенін.

— Ден таза ма, хал қандай? — деп сұрасам,

Көзін қысып шертеді кеңірдегін.

14.XII.1950 ж., Алматы.

СЕЗІГУ

Аңғарсам, айналамның бәрі соқпақ,

Адасып ортасында жүрмін оттап.

Сүрінбей бақ, сүрінсең, болғаны сол —

Аңдып тұрған құзғындар түтіп, оппақ...

Былғанған сорлы жүрек уламай ма?

Жыңданған асау көңіл туламай ма?

Қара түнек қайта тұр оралғалы

Қапамен ой жіберсем туған айға.

Тілемеп ем түнді мен алайын деп,
Барады күн төбеден ауайын деп.
Қара баста қайғының бұлты тұр,
Қабыл алсаң, қанеки, жауайын деп.
(Құр қиялға алданып, сене білдім),
Сергелдеңі сол үшін мен өмірдің.
Ауыр-жеңіл тұрмысты елең етпей,
Қайсысына мен б...қ көне білдім.

15.XII.1950 ж., Алматы.

МАҒАН ЫСТЫҚ

Жылуы жалыннан да өтімдірек,
Көңілімді керген сайын бекіндіред.
Шығарып махаббаттың асқарына
Шыңдайды, сүюімді жетілдіред.
Қайғырса, қам көңілі қыстан жаман,
Қуанса, лебі оттай алаулаған.
Көңілімнің сүйетіні жалғыз-ақ жан,
Кедір-бұдыр кейпі оның ыстық маған.
Көңілсіз кейде оның томсарғаны,
Күдіретті көңілге ой салғаны.
Еркелеп, шалқығаны кейде күліп,
Мен үшін келер бақыт, бір зор үміт.
Жүрегімнің жұбайы — жалғыз-ақ жан,
Ол маған оттан да ыстық лаулаған.

13.1.1951ж.

ЖҮРЕГІМ НЕГЕ...

Жете алмайсың, сен неге асығасың?
Соққы көріп сен жиі басыласың.
Сезгендейсің... ол тұман маған бірақ,
Сен менен не құпия жасырасың?
Сотқар жүрек, соқтықпа әрнемеге!
Әбігерге түскенмен, ол келе ме?
Қайғының малынсаң да уына сен,
Қайрылып қамқоршы жан нәр бере ме?
Жүрегім неге... сонша көрсеқызар?
Сезе қалса, селт етіп көңіл бұзар.
Құмарлығы неге оның басылмайды?
Бір жапырақ ет жүрек неге ынтызар?

18-19.1.1951 ж., Қарасаз.

БЕТОРАМАЛ

(Жабырқаймын жанымнан арылғанда)
Қымбатсың, беторамал, жанымнан да.
Адал қол сені тіккен маған арнап
Сол үшін тазарақсың арымнан да.
Бетінде кестелеген гүл жапырақ,
Аяулы алтыннан да қымбаттырақ,
Қорғаймын, қызғанамын сені, орамал,
Етіндей жүрегімнің бір жапырақ.
Кестелі төртбұрышты болатындай,
Досым менен сырласым болатындай.
Жел тисе, нәзік гүлі бетіндегі,
Қалтырап жүрегіммен соғатындай.
Аңызбенен айта алмай сыр амалды,
Сылтаулап сені көп жан сұраған-ды.
Мұң, арманын бетіңе сыйдыра алмай,
Ерке жаңды талай қыз жылаған-ды.
Аяулысын алам деп еске немен,
Сүюін шын дәлелдеп кестеменен.
Сүйгенінің ұмытпас айғағы етіп,
Тек саған ой-қиялын дестелеген.
Орамал, сен көңілдің кір, жаманын
Кетіріп, бетін жаптың у жараның.
Медеу еткен көңіліме гүліңді мен
Қуартпай көз жасыммен суғарамын.

26-27.II.1951 ж., Алматы.

ЖИЫРМА

Келгелі жиырма жыл мен өмірге,
Қызығын жиырманың көремін бе?
Кім білсін, жасай алмай енді бес жыл
Жабығып жайбарақат өлемін бе?
Жиырма!
Қуанамын келгеніме!
Бірақ сен айналдырма ермегіңе.
Аллама тәуба етейін әлде қалай...
Бірзамын бұл өмірді бергеніңе.
Жиырма!
Тағы мені шиырласа,
Қайтемін еш қуаныш бұйырмаса?
Тез жойып оннан өткен қателікті,
Өмірді бастар ма екем жиырмаша...

27.III.1951 ж.

СҮЙЕМІН, ӨСКЕН ОТАНЫМ!

Сүйемін мен жерімнің
Топырағын, тасын да.
Сүйемін думанды елімнің,
Кәрісін және жасын да.
 Бұлтсыз, айсыз, жылы леп,
 Сүйемін салқын кештерін.
 Бетті аймалап уілдеп,
 Толассыз соққан ескегін.
Шаңдатып жота, қырларын
Жылқы ойнаса біріндеп.
Мен сүйемін тұрғанын
Жылқышының күлімдеп.
 Сүйемін гүлге нәр берген
 Нәсерді жауған сіркіреп.
 Жарқ-жүрқ етіп әр жерден
 Сілкінсе аспан күркіреп.
Бұлт ойнаған бетінде,
Сүйемін көкшіл аспанын.
Ауылдың оқшау шетінде,
Асыр салған жастарын.
 Байқасам кейде тұра қап,
 Тәтті бір сырды сеземін.
 Сүйемін суды қуалап
 Сарқырап жатқан өзенін.
Сан алуан гүл өскен
Даланды сүйем сұлаған.
Төбелестен, күрестен,
Балаңды сүйем жылаған.
 Сүйемін, өскен Отаным,
 Жылысып өткен жылыңды.
 Қарыздармын сондықтан
 Берермін талай жырымды.

11-12.V.1951 ж.

* * *

Талабым арыстанның жүрегіндей,
Өмірім — жетімектің іреңіндей.
Өлермін, кім біледі, еш белгім жоқ,
Белгісіз миллионның біреуіндей.
 Өлермін, өшер менің шамшырағым,
 Тата алмай тіршіліктің тамшыларын.
 Не қасірет ажалға дөп келерін,
 Кім білсін қандай болып жан шығарын?

1951 ж.

ЕКІ СЕЗІМ

Жайлы бір түнде жас ана
Бөбегін баяу тербейді.
Аналық мейірім толғана
Жүрегін шаттық кернейді.
Ананың ойы, тілегі,
Келмесе де әлі еске.
Сезгендей сергек жүрегі
Бесікте жатыр нәресте.
Кіршіксіз сәби жатса тек
Жұп-жұқа беті үлбіреп.
Бақытты менің жаным деп
Искеп те ана үлгіред.
Таң атып, баяу өтті түн,
Ояңды ана бөбегі.
Қарызым деп ақ сүтін
Асыға тез-тез емеді.

1951 ж.

МЕНИҢ ІНИМ

— Жақсы кітап таптым, — деп, — аға, бүгін!
Өткір көзі ойнақшып қаға күлім.
Көсемнің өмірбаян кітабын ап,
Құмарта оқып отыр менің інім.
Ой тастап Отанның жас түлегіне,
Қарасам оттай жанған іреңіне.
Ұлы адамдай елге еңбек етсем деген
Ұялапты бір сезім жүрегіне.

* * *

Ызаға қалай шыдарсың?
Кернесе ашу бойыңды.
Амалсыз қарап тұрарсың
Жеңдіріп ақыл, ойыңды.
Сөз түсінбес ақымақ,
Сөйлей беріп көпіріп.
Жеңіп шығар ақыр-ақ,
Абыйырды кетіріп.

24.V.1951 ж.

МАЙ ГҮЛІ

Атты баяу, атты, міне, май таңы,
"Май келді!", — деп өлем әнін айтады.
Жақсы айдың жаршылары — жыл құсы
Жұмыртқасын бауырына алып шайқады.
Жадырады жан-жануар, іреңді,
Жер жамылды жасыл барқыт кілемді.
Ен далада, сай-салада, өзенде,
Жасыл жапырақ, жалғыз сабақ гүл өнді.
Жыр қосылды жүрегімнің күйіне,
Шаттанамын, мақтанамын сүйіне.
Майдың гүлі — жалғыз сабақ қызғалдақ,
Шешек атып шықты менің үйіме.
Ашықтығы мөлдір, тұнық қызылдай,
Қызғалдағым менің сәби қызымдай.
Асыраудан анаң сүтін аямас,
Алаң болма, өсе бергін бұзылмай.
(Өмір саған жолатпасын қайғыны),
Достарың кеп: "Тудың, — десе, — қай күні?"
"Туған күнім, бірінші май, сондықтан
Менің атым, — дерсің, жаным — Майгүлі".
Күлші, жаным, күлші, жаным, күл енді,
Көктем гүлі менің қызым іреңді.
Дәл төріне менің жұпыны үйімнің,
Май айының жалғыз сабақ гүлі өнді.

10.V.1951 ж.

АНАМА!

Түсінбеймін, қашан сенің ақ сүтің
Ақталады, менен күткен үмітің..
Аяулы анам, қасіретгі, шерлі анам,
Тұл тұрмыстың торы сені шырмаған!
Тілегіңе жетемін деп көздеген,
Тентімеген жерің бар ма, кезбеген?
Фазиз анам, мейрімді анам, мен деген,
Бақыт дәмін тата алмай бір шөлдеген.
Жанарыңдай үміт етіп аңсаған,
Жақсылықтан не көрсеттім мен саған.
Ақтай алмай сенің төккен теріңді,
Арқалаттым күйігім мен шерімді.

Көрген сайын самайыңнан ағыңды,
Жасырын ой жей береді жанымды.
Көзім түссе мандайыңның сайына,
"Сорлы" деген сөз келеді ойыма...
Жоқ, Анажан! Сені мұндай қорлыққа
Тастамаспын, ап шығармын жарыққа!
(Сүтіңменен бірге сіңген санама...)
Ақ сүтіңнен адал қаным садаға!
Сенгің, ана! Сенгің, ана, балаңа!
Ақ үмітің текке кетпес далаға!
Аяулы анам, асыл анам, мен деген,
Өтгі-ау өмірің қасіретпен, шерменен.
Сенсің, анам, бақытым да, барым да!
Тастамаспын сені от пен жалынға!

27.IX.51 ж., Алматы.

ҮЙШІНІҢ ОЙЫ

Үй жасаған жігітке жақын келіп,
Қимылына қызықтым, сүйсіндім де.
— Іс ілгері бассын! — деп сәлем беріп,
Қол ұсындым әдеппен иілдім де.
Шыныққан, шебер қолмен қолымды алып:
— Айтсын, інім, — деді де отты жігіт,
Қабырғаға кестелеп ою салып,
Тарғыл тасты тақтадай жатты тіліп.
Қулана, қасақана сұрадым тек:
— Тамаша, кімнің үйі, аға, мұның?
Тартынбады, ол да айтты: — Бұл үйі, — деп,
Болашақ коммунизм адамының.

КӨРДІҢ БЕ СЕН?

Көрдiң бе
көктемде гүл қуарғанын,
Сарқылып дарияның суалғанын?
Адасып сүйгенінен
тулап аққан,
Көрдiң бе жас сұлуды суға батқан?
Көрдiң бе
ғаріп болған
жас баланы?
Көзінен неге мөлдір жас тамады?

Көрдiң бе
 қайғы басқан қарт ананы?
Өлгенше неге шерi тарқамады?
Көрдiң бе
 жас жiгiттi азап шеккен,
Телмiрiп терезеге түрмеде өткен?
Көрдiң бе?
Түсiндiң бе барлығына?
Сендiң бе өмiрiңнiң тарлығына?

29.I.1952 ж., Алматы.

КӨҢІЛСІЗ-АҚ!

Көңiлсiз-ақ тұмаңды, аспан бұлтты,
Денем емес, жүрегiм де суытты.
Қайда менiң жан жолдасым қайғылы,
Қайда сәулем, неге менi ұмытты?
 Алданбаймын сұлу көркем қаланың,
 Көрсем дағы шат-шадыман адамын.
 Медеу болмай менiң мұңлы жаныма
 Сағынышпен сенi есiме аламын!
Жан жадырап, гүлi атса да көктемнiң,
Көңiлсiз-ақ сенсiз, сәулем, өткен күн.
Махаббатты, жүрегiмдi, қызықты.
Қуанышты саған тастап кеткенмiн.
 Сенсiз өткен өмiрiм тең өлiкпен,
 Сен иемсiң, айрылғанмын ерiктен.
 Сенсiз өмiрiм қуанышсыз, серiксiз,
 Тағдыр сенi ыстық еттi нелiктен?

13.II.52 ж., Алматы.

* * *

...Өмiрден менiң күткен үмiтiм сол:
Өлеңiм, мен өлсем де, сен тiрi бол!
 Ишiнен жалыныңның сонда сенiң
 Жабырқау жүрегiмдi тапсын менiң.
...Сәлем бер жас буынға, басыңды iй,
Менi сүйген адамды мен болып сүй.
 Ежелгi әдегiңнен айнымастан,
 Фарiптi жұбата бiл қайғы басқан.
Сендiргiн болашақтың жас адамын,
Белгiлi болсын менiң жасағаным.
...Өмiрден менiң күткен үмiтiм сол:
Өлеңiм, мен өлсем де, сен тiрi бол!

13.II.52 ж., Алматы.

АРМАН

Өлермін, өшер талабым,
Сөнер де қалар шамшырақ,
— Сөзі еді сол бір ағаның, —
Де дағы, мұны ал, шырақ!

1952 ж.

* * *

Қайдасың,
Қайдасың, менің ерке жан серігім?
Жабырқау жандырсаңшы жан сенімін.
Қайдасың, тәтті қиял ой шумағы,
Бассаңшы қасіретін жан шерінің!
Қайдасың,
Қайдасың сен, ерке өлеңім?
Баламдай көз алдымда еркелегін.
Сен болсаң сенімді дос, ұлы алып күш,
Артымнан миллионды ертер едім.

13.11.52 ж., Алматы.

КЕЛ, ІШЕЛІК!

Келші, досым, кел, ішелік, кел, бүгін,
Ұмыттылсын ойымыздан шерлі күн.
Көтерелік татулыққа, саулыққа,
Бой жадырап, бір тарқасын шер бүгін.
Кел, ішелік, ішсек, көңіл басылар,
Тұманды ойдан тұлғаны аулақ жасырар.
Жеткізбейтін жат дүние, ізгі арман
Біраз минут өзі-ақ келіп бас ұрар.
Кел, ішелік тым болмаса жүз грамм,
Кедейленіп кетпеспіз-ау біз бұдан.
Па шіркіннің қасиетін көрдің бе?
Жұта салып тамыр соғып, қызды қан.
Кел, ішелік, кетсін бізден уайым,
Көтере алсаң, тағы құрмет қылайын.
Кел, ішеміз, ұмытамыз бәрін де,
Кешірмесе, өзі білсін "құдайың".

13.11.52 ж.

* * *

Білесің бе менің мұңлы жанымды,
Білесің бе бір жасырын сыр барын?
Ете ме әсер саған менің жалынды,
Қайғы аралас қарапайым жырларым?
Білесің деп еркелесем наздана,
Бейқам өткен мағынасыз күнімді.
"Түсінем, — деп аясаңшы аз ғана, —
От аралас сенің мұңлы үніңді".

Сәуір, 1952 ж., Шибұт.

* * *

Көңілім риза емес саған, жаным,
Жарасын жүрегімнің таба алмадың.
Ізін де кешегі өткен махаббаттың
Жүзіңнен сенің қатал таба алмадым.
Арымды кім сыртымнан жерлемеді,
Қаныма канша жауыз шөлдемеді?
Қойныма құпия енген сұр жылаңдай,
Шағасың ысқырып кеп сен де мені.

17.IV.1952 ж., Алматы.

3...FA!

Жарқ етіп найзағайдай сөне қалған,
Жастықтың тұңғыш нәрін сенен алғам.
Сәбилік пердеңді мен дал-дұл етіп,
Махаббаттың тәттісі саған тамған.
Күнәсіз сәбилікпен ойламаған,
Жасырын махаббатпен қайнамаған.
Жаныштап жетілмеген екі алмаңды,
Астынан тамағыңның аймалағам.
Хош, сүйіктім, есіңе ал сол бір күнді,
(Менен артық сүйсең де мейлі кімді).
Есіңе алсаң, егіліп жылағайсың,
Жайлауды, шулы өзенді, айсыз түнді...

23.IV.1952 ж., Алматы.

СЫДЫҚҚА!

О, бақытсыз, мұңлы досым, саналы,
Балғын жүзің жүдеу тартып барады.
Үміт еткен тағдырыңды жаныштап,
Сұм өмірің алдамаса, жарады...
Ауырады сенің жаның, жүрегің,
Қайғырасың, ойланасың, білемін...
Алдымызда қайғы барын хабарлар
Сенің сарғыш, солғын тартқан іреңің.
1952 ж., Алматы.

ЭЛЕГИЯ

Адастым, мен, адастым,
Айрылдым ақыл, санадан...
(қолжазбада үстінен сызылған — құрастырушы).

* * *

Хош, бақытым, хош, өмірдің көктемі,
Асығасың менен аулақ кеткелі.
Асығасың, түнересің бұлттанып,
Бақытсызға бұршақ сеуіп өткелі.
Адастым мен, айрылдым мен санадан,
Айналамды сор тұманы қамаған.
Мені білер дұшпаным да, досым да,
"Ақымақ" — деп, бәрі маған қараған.
1952 ж.

* * *

Жалғыз жұлдыз аспанда,
Жанасың неге соншама?
Жабырқау тартқан жас жанға
Жайлы емессің оншама.
Мұңлы қыздай бұйығып,
Мөддірейсің, жылайсың.
Айтсаңшы, деп қиылып
Әлденені сұрайсың?!
1952 ж., Алматы.

ТҮС

...Қадалды шерлі жүрекке,
Ажалдың алмас қанжары.
Тұйықтан ұстап түнекте,
Жаралады, қандады.
 Дұшпаным емес, туысым,
 Пышақтады неліктен?
 Тұншықтым, бітіп тынысым,
 Тең болып бейне өлікпен.
Байқадым, баяу қан ақты,
Жабырқау жылы жүректен,
Оянсам, түсім, таң атты,
Сейілдім сонда түнектен.

1952 ж., Алматы. Радио.

Арманға алдандырып алыс кеткен,
Қош, менің жас өмірім, бейқам өткен!
Әр нәрсе шер жүрекке шайпау тиіп,
Жасырын, жабырқау күн қайғы үдеткен.
 Жыл емес, маған қымбат бір сағатым,
 Жабыққан жүрегіме сыр салатын.
 Аяулы минуттарым неткен ғажап!
 Ұрланып өміріммен бір соғатын.
Қош, менің махаббатым отқа салған,

.....
31.XII.52 ж.

АПАМА

Өмірімнің елестетіп бақшасына,
Қараушы ем үлпілдеген ақ шашыңа.
Тынымсыз зыр айналған ұршығыңмен
Отырып ойнаушы едім тап қасыңа.

ЛАШЫНҒА

...Деген ойым, жаным, саған білдірмен,
Жел ме, күн бе жеткізіп те үлгірмен.
...Деген ойым, жаным, саған білдірмен,
...Солай жағдай, түсін, менің асылым
Тірі де емес, өлі де емес жүрмін мен.
Есінде ме, достасқанда сенімен
Жанымменен ант етіп, серт беріп ем!
Қарағанда қарапайым жүзіңе,
Адамдықтың қасиетін көріп ем.
Содан бері айлар емес, жыл өтті,
Арман ғана алдандырып жүректі.
Ой зарығып, үміт күтіп ертеңді,
Айлар өтті алып қашып тілекті.
Сәлем, досым, бір қуанып, бір күлген
Сәлемімді ал тірлігімді білдірген.
Ой зарығып, үміт күтіп ертеңді,
Тірі де емес, өлі де емес жүрмін мен.
Мен азғанмен, сен сертіңнен айныма,
Бізге ортақ қуаныш та, қайғы да.

9.42 минут. Түн.

19.III.1953 ж., Алматы.

* * *

Сәлем, сәулем, бір қайғырып, бір күлген
Сәлемімді ал, тірлігімді білдірген.
Ой зарығып, үміт күтіп ертеңді
Тірі де емес, өлі де емес жүрмін мен.
Саған, досым!
Қайсыбірін санаймын,
Өмірді ұрлап өтіп жатыр талай күн.
Сен айтқандай: "Бақыт деген қайда?" — деп,
Туар ай мен шығар күнге қараймын.
20.III.1953 ж., Алматы.

БІЗДІҢ ЖАҚТЫҢ ІҢІРІ

Тау артына күйіп-жанып күн батты.
Ауыл үстін елең-елең түн жапты.
Сонау егіс даласында колхоздың,
Қызған еңбек әлі дағы тынбапты.

Жарқырайды түнгі ауылдың оттары,
Адам даусы, пысқырынған аттары.
Қызыл сәуле бір көрініп, бір сөніп,
Белден асып машиналар кетті әрі...
Дүбірлеткен көшеміздің жан-жағын,
Дыбыстары машинаның, арбаның.
Қалтырайды қойлы ауылдың оты да.
Жағасында тасып жатқан арнаның.
...Күндегіден әлдеқайда жай тіпті,
Қыр астынан өрең-өрең Ай шықты.
Жатағынан кешеу қалған топ үйрек,
Жаңа ғана жайылымнан қайтыпты.
Көз алдымда оның кейпі, сыр, түсі,
Сыпайы бір ашық-жарқын күлкісі.
Ар жағында қарауытқан қыраттың,
Әндетеді менің досым жылқышы.
Өсекшіл жел сыбырлайды алыстан,
Сырын ұрлап жастардың да табысқан.
Әлі қарап, мен де тұрмын бір үйге, —
Жұмысынан келді ме? — деп, — таныс жан.

1954 ж.

ӘКЕМ ТУРАЛЫ СӨЗ

Әке, әке, әке қымбат, әрине,
Сол қамқоршы семьяға, әр үйге.
— Көп жыл болды, ол өмірден кеткелі,
Бірақ менде елесі жүр әлі де.
Ол жас еді, Октябрьмен бірге өскен,
Ол емес-ті күнін босқа түгескен.
Оның өмірі күреспенен басталып,
Оның өмірі аяқталды күреспен.
Отан үшін, семья үшін, мен үшін,
Аямады ол не өмірін, не күшін.
— Тәрбие ал, — деп, қалдырыпты ол маған
Коммунистік ерлік ісін, жеңісін.
Әрқашанда қарапайым кіші еді,
Менің әкем міне осындай кісі еді.
Есіме алам... Есіме алсам, мақтанам:
Коммунистік партияға ол мүше еді!

1954 ж.

ХАТ

Саған таныс адыр, қырқа, беттегі,
Жыңғыл, жусан, тобылғылар көктеді.
Рақат та іші-сырты ауылдың,
Қуантсаңшы сен де, сәулем, кеп мені.
Сағынышым — тек өзіңсің бір ғана,
Ұшып жетті қарлығаш та, тырна да,
Саралақаз жұмыртқалап үлгірді,
Кеше екеуміз асыр салған жылғаға.
Ең алғашқы нәсер де өтті себелеп,
Әлдеқашан гүлге қонды көбелек.
Байлық, бақыт — бәрі де бар ауылда,
Өттең, сәулем, тек сен жоқсың, не керек?!

1954 ж.

АНАШЫМ

(Оқу бітірген студент хаты)

Анашым!
Асыл анам, есіл анам,
Елжіреп есіркеймін, есіме алам.
Мен үшін сен суалтқан ақ сүтінді
Ақтамасам, боп жүрмін несіне адам.
Алыс жолда жүрсем де арып-ашып,
Ағат ойлап түсірмей жаныңа шық,
Оқытып кешеу барған хаттарымды
Отырмысың үрпиіп, жаның ашып?
Өткізіп талай жылды, ай, аптаны,
Оқуын ұлың жақсы аяқтады.
Анашым, білем сені, қарсы емессің
Кеттім мен тың даланы оятқалы.
Анашым!
Қайда жүрсем сен — күш, арым,
Сүйемін дидарыңды мен, құшамын.
Қайда барсам, өзіңдей қарсы алады
Кең байтақ Отанымның кең құшағы.

Анашым!
Жаратылдың бағыма шын
Білемін көңілсізсің, сағынасың.
Қайда жүрсем, қамқоршым Отаным бар.
Қапа болма мен үшін, неғыласың...

1954 ж.

ОЙЛАР

Отырмын жалғыз түнде мен
Оқымай, жазбай мелшиіп.
Кіре алмай ұлып іргеде
Үнімді тұрды жел сүйіп.
Менімен бірге сұр сағат
Дем алмапты, тынбапты.
Біздің үйді тұмшалап
Қап-қараңғы түн жапты.

Отырмын әлі жата алмай,
Отырдым дағы күрсіндім.
Дүниеде бақандай,
Бір ақын барын білсін кім?

1955 ж.

* * *

Қайдасың, көріктім, гөзелім,
Сен дағы ойлайсың, сеземін.
Жалғызбын, білмеймін неліктен
Болса да өз үйім, өз елім.
Едің ғой ақ қанат көгершін,
Қайтейін, өмірің көгерсін!
Әзірге мен бір жан белгісіз,
Әйтеуір, соңында көрерсің.

1955 ж.

ҚОТЫР ҚОЙЛАРДЫҢ ШАҒЫМЫ*

Басқа қойлар жетіліпті, жүндепті,
Оны біздің бақташымыз білмепті.
Қысы-жазы емдеу көрмей, қышындық,
Енді, міне, есеп берер күн жетті.
Біз сорлының бақташысы Сабазбек,
Естуші едік ақылды деп, сабаз деп.
Бізді ұялмай қырықтыққа тықпақшы,
Қысы бойы қышынғаның тағы аз деп.
Жарықтықтың бізде өші болмаса,
Жүнімізді күні бұрын ойласа.
Қотыр жеген денемізден не алар,
Жалғыз қабат терімізді соймаса?!

* "Маркс" колхозының қабырға газетінен.

Мал дәрігерлер бізді жақсы күтті ме,
Кім біледі, түсінбейміз түкті де.
Күзде жақсы шомылайық деп жүрсек,
Тығып-тығып ала салды күпкіге.

Не болмақшы біз сорлының тағдыры,
Куә болсын Күркөксайдың адыры.
Қысы бойы қышынғанда жан таппай,
Қайда кетті Мәткәрімі, Қадыры?

Бастықтарды қотыр қойға жоқ қыры,
Кішкене деп менсінбейді тоқтыны.
Сыртымыздан қамқоршы деп естуші ек
Қайда әлгі қой фермесі, дохтыры.

Бізді, мүмкін, арызшылар деп те ойлар,
Амал қанша, талай-талай кетті ойлар.
Басқармаға осы арызды ұсынған –
Сабазбеков қара қойлар, ақ қойлар!

28.V.1955 ж.

* * *

Мүлде бөлек бір жан бар осы маңда
Опық жеген қасынан, досынан да
Айтыңдаршы, құзғындар, нелерің бар,
Қарапайым тек жүрген осы жаңда?!

Қабындырған, кеулеген жел өкпесін,
Тобырлар мейлі оны бөлектесін.
Татындар, таласындар, үймелендер,
Сендерге ол тастады ғой өлексесін.

О, дәрменсіз найсаптар, пасық жандар!
О, шерменде бықсықтар!

Қоқыр-моқыр.
Қаламымды кезеймін шошынбаңдар!
Өлімсіреп мәлімей, түзу отыр!

1955 ж.

* * *

Сен ақынсың демесе де мені ешкім,
Қоямын ба, ақындармен теңестім.
Жетпегенмен Мұзафар мен Сырбайға,
Нұрсұлтаннан қалысатын емеспін.

Жүргеніммен ақжарқын, ардың-күрдің,
Сен мені ойламағын қайғысыз деп.
Мен дағы, қараңызшы, жүдеп жүрмін,
Мен де өзімше бір жанмын қайғысы көп.

Ақынмын, мамандығым аса қызық,
Бірақта қайғысыз бір толғатпаймын.
Алдымен жанарымнан жас ағызам,
Сонан кейін еркелеп шолжақтаймын.

11. VI. 1955 ж.

* * *

Білесің бе менің отты жанымды?
Сеземісің нелер ғажап сыр барын.
Ризамын дір еткізіп қаныңды,
Әсер етсе қарапайым жырларым.
Естідіңдер еркелесем наздана,
Қыр астынан баяу шыққан үнімді.
"Көргемін, — деп аясаңшы аз ғана, —
Шешек атып келе жатқан гүліңді".

VI. 1955 ж.

ЖАЛҒЫЗ КӨКЕК

Жетімсіреп, жем іздеп балапанға,
Жалғыз көкек жүретін жаға талда.
Әлдекімді жоқтайтын күн батарда,
Әлдекімді жоқтайтын таң атарда.
Иесіз қалған, бұзылған тамға барып,
Қонушы еді қанатын қомдап алып.
Жоқтаушы еді оңаша отырып ап,
Оқшау шетте ұясы, талда қалып.
Сұңқыл үнді сұрша құс, жан Отанын
Ойлаңдырып тастайтын жаға талын.
Оңашада отырып жоқтаймын деп,
Оятатын ұядан балапанын.
Сұқ саусақтай балапан ес білер ме,
Сұрша құстың сұм даусы есті желде.
Ұясында құйттай құс қобалжиды,
Таныс үнді шалғайдан естігенде.
Қайдан білсін, әкесі жем бергенін,
Жем бергенін... Қаршыға өңгергенін...
Қайдан білсін, шешесі шер бергенін?..
Түйір дәндей жүрегі тулап жатыр,
Ұядағы титімдей шерменденің.
Жетімсіреп жем іздеп балапанға,
Жалғыз көкек жүретін жаға талда.
Әлдекімді жоқтайтын күн батарда,
Әлдекімді жоқтайтын таң атарда.

1955 ж.

МЕНИҢ БІР ДОСЫМ

Ана бір жыл Алматыға келгенде,
Өз аузынан досым былай деп еді.
— Дүниенің барлығын да өлеңге
Сыйғызатын ақын болғым келеді.

Былырғы жыл Алматыға келгенде,
Былай деген сөзін ұқтым батырдың:
— Шалқар ойым сыймайды екен өлеңге,
Алты әктілі пьеса жазып жатырмын.

Биыл тағы Алматыға келіп ем,
Досым менің барлығын да тастапты.
Ақысы мол, өзі қалың, жолы кең,
Екі томдық романын бастапты.

1958 ж.

Н-НЫҢ МОНОЛОГЫ

Бір мінезім бар еді көкке өрлеген,
Батылдықты, шындықты жек көрмеген.
Ол әншейін жастықтың жалыны екен,
Ауыздықсыз әзірше тек терлегем.

Бір мінезім бар еді аңқылдаған,
Досқа да, дұшпанға да жарқылдаған.
Ол да әншейін жастықтың желігі екен,
Иі шикі киіздей қарпылмаған.

Пайда болды бір мінез енді маған,
Алып қашпам басылды, бітті шамам.
Кімдер қандай қабақпен қарайды деп,
Асыранды тазыдай жылмаң қағам.

1958 ж.

МЕНИҢ ОТАНЫМ

Таулар,
Сулар,
Аралдар.
Ағайын-туған адамдар.

Қамыстар,
Шилер,
Бейіттер.

Қажыған күйлер,
кейіптер.
Борандар,
Бұлттар,
Жауындар.
Тоналған
Жұрттар,
Ауылдар.
Қуарған,
оңған
далалар.
Суаттар,
нулы жағалар.
Шуақтар,
шулы балалар.
Жаздар,
Қыстар,
Көктемдер.
Қаздар...
Құстар өпкен жер...
Жылғалар,
Көлдер,
Бұлақтар.
Тырналар,
Дөңдер,
Лақтар.
Асқарлар,
Қырлар,
Биіктер.
Арқарлар,
Құрлар,
Киіктер.
Қырандар,
Түндер,
Перілер.
Жыландар,
Құздар,
Түлкілер.
Ұландар,
Қыздар,
Күлкілер.
Қайғылар,
Мұңдар,
Бақыттар.
Айрылар сырлар,
Уақыттар...

1958 ж.

* * *

Қатыгез қайсыбір сағатта
Өмірді келеді тастағың.

Сонда да үмітті жоғалтпа

Қаралы күндерден қашпағын.

Сабыр ет, тоқтау қыл,

шеше біл,

Тағдырың улы оғын жолдаса.

Өзің-ақ ойлашы, несі өмір

Қуаныш, қайғысы болмаса.

Қай жерде тіршілік өмір бар,

Сол жерде қуаныш, қайғы да.

Болса да алдың — құз, артың — жар,

Төзе біл, өмір сүр, айныма.

1958 ж.

* * *

Не айтам саған, жаным-ай, не айтам саған,

Кете бердім жолменен шайтан салған.

"Қолда барда алтынның қадірі жоқ",

Қиын екен қосылып, қайта аңсаған.

...Сен қалдың қадіріме жетпей менің,

Шын берілсең, қара үзіп кетпей де едім.

Сол сәттен көз алдымда қалғаны тек

Үстіңде желбіреген көк көйлегің.

...Сонымен сен де кеттің, мен де кеттім,

Ойран-асыр көңілді жөндемек кім?

Кімді сүйсең оны сүй, бақытты бол!

Бірақ менің сүйгенім сен демекпін.

Мейлі күн, мейлі айлар, жылдар өтсін,

Өкініп, опық жейтін мезгіл жетсін.

Шынайы саған деген махаббатым

Өміріңе қарыз боп бірге кетсін.

VIII.1958 ж.

АЖАЛҒА

Ажал досым, болсаңшы кешірімді,

Сабыр етші таусайын несібемді.

Басталмаған ісім көп. Аялдашы!

Қақпашы тым ертерек есігімді.

(Алам десең, пендеңнің жаны дайын),

Тоқташы, тіршіліктен жалығайын.

Рақатқа белшемнен батпасам да,

Қалтам толы сорымнан арылайын.

Осынау азын-аулақ тәтті өмірді
Қайтер еді өткізсем сап көңілді.
Аялдашы, бой жазып бір түзейін,
Өкінішпен ұзатқан сәттерімді.

Баянсыз жылдарым бар текке кеткен,
Бишара жандарым бар өкпелеткен.
Әлде мені тірлікте масқаралап,
Өмірдің азғыны боп от демек пе ең?!

Қапаста жатса дағы күрсінбеген,
Жомарт менің жүрегім дүрсілдеген.
Міне, соның жасырмай алуан сырын,
Ақтарайын, ел-жұртым білсін деп ем.

Риза етіп досым мен қастарымды,
Жастанайын сонан соң тас қабірді.
Тым болмаса сөнейін бір жарқ етіп,
Қишы маған әзірше жас жанымды.

1958 ж.

НЕМІС ЖҰМЫСШЫСЫНА ХАТ

Соғыстан соғыс...

Соғысқан кімдер?

Есіңде, досым, сені мен біздер.

Болса да ісің ағат тым,

Амал не, маған оқ аттың.

Соғыстан соғыс...

Қаусаған кімдер?

Есіңде, досым, сені мен біздер.

Гитлер қару әперді,

Өлтірдің менің әкемді.

Соғыстан соғыс...

Соғыстың, досым, неліктен?

Сөзіне ердің фашистің

Мас болып қанға желіккен!

Алдады фашист сені де,

Әкелді қайғы еліне.

Соғыстан соғыс...

Соғыста біздер шынықтық.

Соғыстың мәнін шын ұқтық.

Берілмеуге ант еттік,

Табымыз үшін қан төктік!

Табымыз кім?
Ол — жұмысшы, шаруа.
Мейірімсіз қатал жауына!
Бірлігін жұмысшы табының
Бұзбайық, кәнеки, бауырым!
Жойылсын соғыс!
Болмасын өрт!
Адамның жанын шалмасын дерт!
Дәстүрлі күрестің туын ұстап,
Қарсы тұр соғысқа
Жұмысшы тап!
IV.1959 ж.

РОССИЯ

Қарыса да кеудесін, дат баспаған,
Россия — өзімнің ақ шашты анам!
Мен қазақтың, қазақтың баласымын,
Менің де мақтан етер бар асылым.
Бірақ та маған қымбат Россия,
Россия — Отаным, жанашырым!!!
1959 ж.

ЛАШЫНҒА

Бүгін де, кеше де, өткенде
Іздесең, қателік көп меңде.
Қауғадай басыма барлығы
Сірә да соқпай бір өткен бе...
Іздесең, қателік көп меңде,
Сен бірақ түңілме, жек көрме!
Лайсаң, жауындар, дауылдар
Болмай ма күншуақ көктемде.
Өмірде кең, даңғыл жол қайда...
Дауылдар, жауындар болмай ма?
Бас қорғап жататын оңайда
Айтшы өзің, мен шымшық торғай ма?
Лайсаң жауындар, жауындар,
Жауындар, жауындар, жауындар.

Лай су шаймайтын арым бар
Дауылдан қорықпас жаным бар!!!
Іздесең, қателік көп меңде
Бүгін де, кеше де, өткенде.
Сен бірақ түңілме, жек көрме!!!

II.1960 ж.

ОТЫЗДАН АСЫП БАРАМЫН

Сұқтанып тұрып жанарың,
Сұрыма неге қарадың?
Солайда-солай, қарағым.
Отыздан асып барамын.
Шашымның санап әр ағын,
Таңырқай берме, қарағым.
Санаулы басқан әр адым,
Отыздан асып барамын.
Белгісі тұр ма ағаның,
Бетіме неге қарадың?
Бақытын тілеп баланың,
Отыздан асып барамын.
Қуанып кейде қаламын,
Қуарып кейде қаламын.
Аттанған ата-ананың
Артынан қуып барамын.
Әзілің қайда, қарағым,
Әжімге несін қарадың?
Артымда қалып аларым,
Отыздан асып барамын.
Солайда-солай, қарағым,
Көңілдің таппай қалауын.
Жастықтың жықпай жалауын,
Отыздан асып барамын.

1961 ж.

МАЙГҮЛІМЕ

БІРІНШІ ӨЛЕҢ

Ол өмірге келгенде көктем еді,
Жер гүлін, көк те нұрын төккен еді.
Саялатып сал-самал өпкен еді,
Сол өмірге несіне өкпеледі?!

Сол өмірге несіне өкпеледі?!

Ал өмір оны сыртқа теппеп еді.

Қайғырмаймын, жырым ғой жазылмаған,

Күрсінткені болмаса текке мені.

Күрсіндіріп кетті ғой текке мені...

Қойшы, тәйірі, осынау ит өмірге

Текке келіп, адамдар текке өледі.

Дей алмаймын өмірге ол өкпеледі.

Жер астына жем керек түзден кейде,

Жүздер өтіп өмірден, жүз келмей ме.

Қойшы, тәйірі, даланың раушаны

Көктемде өсіп, осылай күзде өлмей ме?!

14.XI.1962 ж.

ЕКІНШІ ӨЛЕҢ

Түсіме енді ап-арық қызым бүгін,

Қызым бүгін... Жұлынған қызыл гүлім.

Бақшамдағы балбырап пісіп тұрған

Үзіп кетті, апыр-ай, жүзімді кім?

...Түсімде қызым мені шақырады,

Өзеннің ар жағында отыр, әні...

Ғафу, балам, ғафу ет, бара алмаймын,

Мен деген жер бетінің "ақымағы".

Мен деген жер бетінің "ақымағы",

Алдымда асқар асу жатыр әлі.

Сабыр, балам, қай жаққа қашар дейсің

Сені жапқан қара жер топырағы...

Дей көрме әзір маған жаныма кел,

Тағдырдың дегеніне бағына бер.

Түбінде бір жол бізді табыстырар,

Қайтейін, сағына бер, сағына бер...

15.XI.1962 ж.

ИЛЬИЧ

Поэма

I. ҒАСЫРЛАР ПЕРЗЕНТІ

I

Ғасырлар — Аналар
Әдилеп сәбиін тербеген.
Қатыгез күн туса, паналар
Ер ұлға жерік боп шөлдеген.
 Ғасырлар — әкелер
 Сенімді мұрагер көрмеген.
 Бостандық, Бақытты әперер
 Перзентке зәру боп шөлдеген.

Ғасырлар — Аналар
Сан рет босанып, толғатқан.
Ол туған бейбастақ балалар
Өмірге қамшысын ойнатқан.
 Сен туған қайсыбір балалар,
 Өзіңді шаштан ап сабаған.
 Ғасырлар,
 Ғасырлар — Аналар,
 Ол сенің садағаң...

Ол сенің садағаң.
Оларға толғатпа!
Төсінде шыр еткен жаңадан
Волгалық* сәбиді ардақта!

II

Көктемде,
Бойында Волганың.
Кім еді шыр еткен нәресте?
Дүние сездің бе?
Ол — жаның,
Ол — сенің жүрегің емес пе?
Дүние,
 сезбедің, сезбедің
Шыр еткен шып-ширақ бөбекті.
Дүние,
 бұл сенің өз демің
 Әлемге ауадай керекті.

* Волга — Еділ өзені.

– Армысың,
Перзентім. Ай маңдай
Аңсап ем.
Өмірге келдің бе?
Алаңсыз ойыңа қайғы алмай
Өсе бер, өсе бер! – дедің бе?
Демедің!
Қалғыдың қалпыңша қарт өмір
Жалаңаш нәресте келгенін
Самарқау қабылдап, әйтеуір...
Қалғыма қарт өмір
Шерменде!
Кім сені қамаған бұғаулап?
Төсіңе ұлы Адам келгенде
Орныңнан тұр аунап!

III

Волгалық ер Ана сабырлы,
Ғасырлар перзентін әпердің.
Замана дерттенді, ауырды,
Сен оған дәрігер әкелдің.
Сен оны орама жөргекке,
Күнге ұста.
Күн одан нұр алсын!
Күн оны шуақ қып жер-көкке
Әлемнің төріне шығарсын.
Ей, Ана!
Сезесің сен нені?
Сен тудың ғасырлар намысын.
Паш еткін!
Адамды жердегі!
Аспанның Ай, Күні танысын!
Сен оны бос ұста шуақта,
Дүние тұтқасын танысын!
Жыласа жыласын!
Жұбатпа!
Жыласын адамзат бағы үшін.
Сен оны әдилеп, тербетпе,
Жер оның бесігі, қорғаны.
Одан да:
– Тезірек ержет, – де,
Тезірек ержетсе болғаны.
Әдилеп бесік жыр шырқама,
Халқының мұң-зарын тыңдасын.

Жергөкте шамдана, бұрқана,
Кішкентай күрескер туласын!
Алып жер — адамның бесігі
Тербесін сәбиін, тербесін.
Адамзат бақыты, несібі
Абайла!
Төгіле көрмесін.

Адамзат мұң-зары — көк теңіз
Сол сабыр.
Көзінде селдетсін.
Толқынға жем болып кетпеңіз.
Сәл сабыр
Күрескер ержетсін.

...Ойрандап көк жүзін, жер бетін,
Дүние арпалыс жатқан бір.
Ер Ана!
Ғасырлар перзентін
Майданға аттандыр!

Қарт өмір, қатыбас!
Қанеки, орныңнан тұр аунап.
Қан майдан басталмақ,
Сен оған қатынас!
Бас көтер, емессің тірі әруақ!
Шіріген замана ашқарақ
Қалай тұр қалтырап, дірілдеп?!
Бұл күрес сондықтан басқарақ,
Өлгендер қару ап тірілмек!

Бұл майдан, бұл күрес тым басқа
Алысар адамдар қанжоса.
Халықтар күресті тыймас та,
Қалаған арманы болмаса.
Көтеріл жиекке, күрес, Күн,
Сапырып кек-ыза арнасын.
Адамзат жүргізген күрестің
Бастаймыз жаңасын,
жалғасын!

IV

Жұмыр жер!
Нелерді көрмедің,
Жұмыр жер!
Нелерді білмедің?
Жұмыр жер!
Бусанып өр демің
Бәрібір жасардың, гүлдедің!

Адамдар қашаннан,
Қашаннан,
Азаттық тілеген, аңсаған
Көндіккен, көзіне жас алған.
Күрескен.

Амал не, қаусаған
Азаттық іздеген барша адам.

Олар да күреске ұмтылған
Шоқпар ап, садақ ап, найза алып
Айығып заманның бұлтынан
Кете алды қай халық?

Қай халық жол тапты түнектен?
Қай халық шыдады ойранға?
Батырлар бірінен-бірі өткен,
Мерт болып ең соңғы майданда.

Қай халық шыдады дауылға!
Қай халық өшпеген ұрандай?
Құлаған Париждық Коммуна,
Аяғын нық басып тұра алмай.

Жеңіссіз күрестер өте көп
Құлаған,

қираған,
күйреген.

Адамның бақытын жетелеп,
Қай халық тарихты сүйреген?

Тұғырда қырандай орныққан,
Халыққа басымды иемін.
Орысты сүйемін сондықтан,
Орысты сүйемін!

Ол — дана
Ол — көрі.
Ол жасаң
Онымен бір әке,
бір ана.

Ұлы орыс!
Егер сен болмасаң
Ленин жоқ еді, сірә да...

V

...Дүние дүрбелең,
дүрбелең
Басталды ең соңғы зор майдан.
Кейбіреу түсініп, білмеген,
Бастарын қорғауға қол қойған.

Ал кейбір саяси мешелдер
Күрестен күйзеліп, бас тартты.
Боратып өсектер, кеселдер,
Бұрышта бұғып қап, тас та атты.

Біреулер сығалап жабықтан.

Аятын оқиды жаттаңды.

Алысқан ашулы халықтан

Аулада қандендей сақтаңды.

Әзәзіл диюлар, сайтандар,

Халықтың ішіне от жақты.

Ақымақ!

Саяси сайқалдар!

Оттапты!

Қару ап жұмысшы, шаруа

Күрестің арнасын тасытты

Ентелеп ертеңгі бағына

Жетуге асықты.

...Ескі өмір, жығылған палуандай,

Құлады, қарманды, ұмтылды.

Жаңа өмір жаршысы Ай маңдай

Волгалық ұл тұрды.

Жағымпаз судья-сүмелек

Ескіні сүйейді, демейді.

"Онсыз ел жүдемек?"

дей ме өзі?

Жеңілген, күйреген даңқты

Лақтыр!

Рингтен лақтыр!

...Ойлантқан, толғантқан халықты

Бір ғана сұрақ тұр...

VI

Мінбеде көпіре, шарқ ұра,

Бір шешен лақап тастады:

"Жоқ бізде саяси партия

Білмеймін басқаны.

Жоқ бізде саяси партия,

Өкімет басында тұратын.

Ие боп халқына, даңқыңа,

Билік ап, салтанат құратын".

Ашулы, айбынды жүректен

Құдіретті үн шықты.

Жай оты жалт беріп түнектен,

Қара бұлт жалп етіп, тұншықты.

“Бар ондай партия біздерде!
Мемлекет тізгінін алатын.
Бар ондай партия біздерде!
Мәңгілік ие боп қалатын!”

Бір адам мінбеге ұмтылды,
Ұшатын қырандай қомданып.
Ғасырлар аңсаған ұл тұрды,
Ұл тұрды Волгалық!

Көр көңіл саяси жалдаптар,
Кет былай мінбеден!
Кіріспе!

Революцияны ардақтар
Сөз бергін Ильичке!

Ғасырлар — Аналар!
Өмірге әкелдің қанша адам.
Өзіңнің бойыңа бара-бар
Ұл осы аңсаған.

Ғасырлар — Аналар!

Таппап ең таяныш, мұрагер.
Жұлдызың — Волгалық бала бар.
Мәңгілік көтер де тұра бер.

Талайды тауысып, ғасырлар,
Талайды өмірге бергесің.
Өлсе де болаттар, асылдар,
Волгалық перзентің өлмесін!

Ғасырлар!

Ол — сенің борышың,

Ол — сенің несібің.

Ғасырлар!

Қадірле сол үшін

Волгалық перзенттің есімін!

Уақытын ұрлап ап жер-көктің
Ғасырлар, алмаса жатарсың.
Әр ғасыр Волгалық перзенттің
Атымен аталсын!!!

VII

Бәлки, күн сөнуді, өшуі,
Бір өмір мәңгілік жасамас...
Ал бірақ Ильичтің есімі
Өшпейтін уақытпен аталас.

Мүмкін-ау.

Мәңгілік Күн батпас,

Мүмкін-ау.

Жер мәңгі көгерер...
Ұлы есім солармен сымбаттас,
Соларға теңелер.
Бәлки, ай біздерге табынар.
(Күн сайын жол тартып тұратын)
Онда да бір ақын табылар,
Ильич деп бастайтын жыр атын...
Сенбеймін. Күн біздің сөнбейді!
Күн бізді мәңгілік асырар.
Уақыт... Уақыт өлмейді
Ендеше Ленин ғасырлар!
Өзгермей, бүлінбей келбеті,
Қара Жер қалпында тұрса егер,
Өлді деп ғасырлар перзенті
Жұмыр жер бетінде кім сенер?

2. ЖЫР ЖАЛҒАСЫ

"Шушада, Саян тауы бөктерінде"
В.И.Лениннің аяқталмаған өлеңінен.

Пролог

Жер төсінде керуенін шұбалтып,
Өмір көшіп барады.
Селеу жапқан ескі жұрттай мұнартып,
Көп нәрсе өшіп қалады.
Қазы уақыт барлығын да екшейді,
Барлығын да ол болжаған.
Бірі жаңа, бірі ескіні көксейді,
Әлек болып сонда адам.
Уақыт қой өлтірген де, өсірген,
Кімді тапап, кімді ап шыққан жарыққа
Кімді жазып, кімді сызып өшірген,
Қазы уақыт — редактор тарихқа.
Аңызы боп халықтың,
Кімдер жатыр екі өліп,
Уақыт — қарт қателігін тарихтың
Қарап отыр, арагідік жөтеліп...
Он тоғызыншы алтын ғасыр,
Азабынан арылып,
Амалсыз жер жастанды
Дауыл қуған жалыңдай,
Біздің ғасыр "Ленин!" деп басталды.

Араласып от пен кек,
Арпалысты бар дүние, ашынды
Бара жатты ол Саян тауын бөктерлеп,
Жетектеп ап жиырмасыншы ғасырды.
Жаңа ғасыр жаңа шеру туралы тартты бір
Жаңа жолға аттанды.
Мәңгілікке тұтқын етіп қарт Сібір
Қарт ғасырды ап қалды.
Жер бетінде керуенін шұбатып,
Өтсін өмір. Келсін жаңа адам да.
Білсін олар жүрдік бір кез жүк артып,
Тарпаң, тағы заманда.
Тулағанмен ете алмады ол тас-талқан
Біздің ғасыр арбасын.
Қазы уақыт "Ленин" деп басталған,
Тарихтың өзі жазар жалғасын...

I

Айналаң кіл жасыл мақпал,
Ақша бұлтың шашың жапқан,
Ата Сібір сен бе едің?
Азап өмір қосын тартқан,
Тек күрестен досын тапқан
Перзентіңді қарсы алуға келмедің.
Енесейдей боларсың ба?
(Енесейге рақмет, қарсы алды).
Ал тәкаппар Саян тауы
Суыт жүрген жолаушыға
Неге сонша тамсаңды?
Кісендерін сылдыратып,
Декабрьдің құрбандары өткенде,
Қарт көзін ол бұлдыратып,
Қарағаны ұмыт болып кеткен бе?
Мүмкін жаны кекті болар
Құса шықпай көңілінен.
Кетті олар.
Өтті олар,
Келем, міне, енді мен.
Қатал Сібір!
Есіңде ме,
Қабақ шытып қарағаның?
Есіңде ме,
Құрбан болған балаларың?

Қойның толы байлығыңнан
Неге оларға қимадың?
...Азап шеккен қайғы мұңнан
Ұлдарыңның өлімтігін жинадың.
Неге оларға бермедің,
Байлығыңның жартысын?
Ата Сібір сен бе едің,
Ата Сібір, армысың?

II

Зыряновтың лашығы,
Төрт орындық, бір стол.
Алда карта тұр ашулы
Әзірге тек жұмыс — сол.
Уақыттар... Уақыттар өтуде
(Жаңа қоныс болса игі еді құт мекен).
Россия картасынын бетінде
Шуша титтей нүкте екен.
Ойхой, тағдыр!
Қайда әкеліп тастаған?
Туған жерден тым жырақ,
Отырды да, сол жабықты жақсы адам,
Сәл жабықты тұнжырап.
Питердейін Ордасы да күрестің
Бір қиырда қалыпты.
Ести ме екен, біле ме екен мұны ешкім?
Жауыз тағдыр жас адамды налытты...
Зыряновтың лашығы.
Төрт орындық, бір стол
Ульянов әлденеге ашулы,
Қандай іске кірісті ол?!
Толғантты ойлар жас жанды,
Ойды отыр ол түгендеп.
"Капитализм дамуы" деп басталды
Айдаудағы ұлы еңбек.
Капитализм Россия төсінде
Қазып жатыр өз көрін.
Қалтырап тұр өшуге
Өзі бітеп өз демін...
Уақыттар... Уақыттар өтуде
Бірін-бірі қуалап.
Ақ қағаздың — ақ майданның бетінде
Жауынгер ой атой салды уралап.
Россия — жерік Ана
Ауырды әлде толғатты.

Әзер-әзер демін ала,
Өзегінде бір ғаламат боп жатты.
...Күндер, айлар өтті арада
Уақытты реттеп.
Ульянов дертті Анаға
Жазып отыр рецепт.
Россия — Ульянов.
Бірі — Анасы, бірі — ұлы,
(Бір-бірінсіз жоқ күні).
Екеуі де бірге суып, жылынды.
Бірге көрді соққыны.
Екеуі де отқа бірге күйде,
Екеуі де ескі өмірмен алысты.
Шушадағы Зыряновтың үйінде
Міне, тағы табысты.
...Түн жарымы өтті де,
Мақпалменен тұмшалады
Сібірді Ульянов ойға шомып кетті ме,
Неге жазбай кідірді?!
Емін-еркін көсіліп,
Ұйықтап кетті қаламы,
Ульянов үнсіз отыр тесіліп,
Ұшқын атып жанары.
...Дегенменен жас адамға
Жалғыз қалу қиын-ақ,
Көңіл ұқсап қашағанға,
Зытты үмітті жиып ап.
Ана!
Ана жалғыз жанашырың
Анамен кім теңеспек?
Кейпі ғазиз Анасының
Өтті бір сәт елестеп.
Экран ғой көңіл деген
Барлық ойды өткізуде біртіндеп.
Уайымға берілмеген
Надя тұрды күлімдеп.
Сүйдің бе? — деп сұрағанға
Жоқ, — деп айту бір айып.
Жас адамға, ұлы адамға
Жар сүю де лайық,
Надежданы шақыртпаққа жанына
Ойлап еді анада.
Ойын үзіп, қалам алды ол тағы да,
Көңіл сырын ашпақшы боп Надяға.

Кейде жарқын, кейде тұйық жат елес.
Көңіл, көңіл...
Көңіл неткен адуын.
Жалғады ол, тек Надяға хат емес,
Құрып кеткір капиталдың дамуын...

III

— Күні-түні бітпейді екен жұмысың,
Күні-түні отырғаның телміріп,
Кеттік, әйда, туысым,
Жүр орманға, бой жазайық сергілік.
Үлгірерсің көп қой әлі уақытың
Бұ Сібірдің күні-түні, таңы аз ба?
Тасташы әрі, қалса дағы бақытың
Осы ала қағазда!
Жазғаныңмен мың сан арыз, мың сәлем
Патша ағзам босатпайды,
Текке кетер үмітің.
Кеттік, әйда!
Танысып қайт Шушамен,
Кеттік, әйда, жігітім.

* * *

Ауру адам тамырындай тым баяу
Жалқау Шуша өзгерге ағып барады.
Жас жапырақ бірде қалғып, бірде ояу,
Аймалайды жағаны.
Дамыл таппай, тобын жазбай, ән салып,
Маса, шіркей, құстар біткен жүр ұшып.
Ұзын тұмсық көкқұтан да тамсанып,
Жағада отыр құнысып.
Ақ шағала сызып өтіп су бетін
Бар өнерін көрсетіп жүр қайталап.
Көргісі кеп көкжиектің суретін
Шоршып түсті күміс қарын май шабақ,
Ақ жаулығын сыпырып ап Шушаның
Тәлкек етіп тұр сағым.
Ульянов әлдеқандай ойда отыр
Аясында бәкене өскен шыршаның.
Бір қарт келді
Алқам-салқам киінген.
Белі еріксіз кәрілікке иілген.
Қарт Сібірмен түйдей құрдас, тетелес
Күңіреніп жағада тұр диірмен.

Қарт саусағы сала-сала
 Тамырындай еменнің,
 – Есен бе, ұлым, бала-шаға,
 Неге отырсың, не көрдің?
 Сақалыңа баласам,
 Сібірлік пе деп қалам.
 Ал өзіңе қарасам,
 Жүзіңді күн қақпаған...
 – Мені осы Шушаның
 Біледі ғой бәрі де,
 Өзің ойлап біл, шалым,
 Ойлап көрші әлі де.
 – Мені де осы Шушаның
 Білуші еді бәрі де.
 Бунтарь ұлдың бірі ме деп тұр шалың,
 Ұшыраған патша ағзам көріне.
 – Солай-ды, әке, солай-ды,
 Жасырар сізден сыр бар ма?
 Бунтарь болмай болмайды
 Патша ағзам тұрғанда...
 Бар әңгіме осыменен тынғандай,
 Бишара қарт біраз кейіп отырды.
 Дәл төбеде Исус қарап тұрғандай,
 Шошыды қарт. Шошыды да, шоқынды:
 – Тәңірім-ай, қайтпексің бұл халықты.
 Өзіңді де танудан жұрт қалыпты.
 Жұмыр басты пенделерің жыңданып,
 Барса келмес тамұққа бет алыпты. –
 Деді де қарт кете барды жолымен
 Пәтуәсіз шым-шытырық бір ойда,
 Бірге ілесіп бара жатты онымен
 Патша да, пайғамбар да, құдай да.
 ...Аптап, азап...
 жиып алып бәрісін
 Қонағына күн кетті.
 Ойы уланған адамзаттың бәрі үшін
 Ульянов ойлануға міндетті.
 Патшадан да, құдайдан да,
 Соққы көрген халықты
 Құтқаруға күш керек...
 Қандай шара істемек?!
 Ауру адам тамырындай қыбырлап,
 Жалқау Шуша өзер-өзер ағады.
 Жел тайгаға, тайга желге сыбырлап,
 Сібір қалғып барады.

Алма-кезек әнге басты басқа да,
Жамырады ымырт та.
...Халқың жатса қара түнек қапада,
Хақың да жоқ қуануға, ұмытпа!
Аптап, азап...
Жиып алып бәрісін
Ауыр жүгін арқалаған түн жетті.
Әлгіндегі ойы уланған шал үшін
Шал үшін де ол ойлануға міндетті.
Аспан ашық. Соқты міне түнгі ызғар.
Алыста тұр Саян тауы,
Шың құздар.
Жердің бетін тамашалап, қызғанып,
Жабыла бір қарайды кеп жұлдыздар.
Тым ғарышта тұрса дағы өздері
Биік санап қарайды кеп өзгені
Қарай-қарай қайсыбірі төзбеді,
Аппақ нұры ағып түсті көздегі.
Жер мен көктің арасын
Түн жауыпты,
Ульянов білемпті.
Бұл өмірдің ағы менен қарасын
Анықтауға, жалықтауға ол міндетті.

IV

Жаңа жыл. Қар аппақ,
Талауратып, талмаусырап күн шықты.
Тиісерге қара таппай жалақтап,
Тентек аяз өз деміне түншықты.
Ақ қайыңдар қардан алқа тағынып,
Шаттануда шалқайып,
Ата Сібір ақ күпісін жамылып,
Жата кетті жантайып.
Кәрі емендер қарс айрылса шатынап,
Уһилесе атырап,
Жан сауғалап, пана іздейді, зытады
Қоян дейтін ақымақ.
Мылтық даусы...
Кетік ерін құлап түсті тоңқалаң,
(Ұшырады ол аласының кәріне).
Қорқақ қоян артық емес сорпадан,
Қорқақтардан сорпа жақсы, әрине...

Ойлар... Ойлар, сан ойлар
 Ойды қуып, күндер өтті, түн де өтті.
 Ұлы еңбектің бітуіне талай бар.
 Бітіруге міндетті.

Алып Отан азап, сорын арқалап,
 Дем алады күрсініп,
 Капитализм тырнағынан қанталап,
 Дөңбекшиді тіршілік.

Капитализм – сараң бай,
 Майға бықты оның қанды шеңгелі,
 Дүниені бірақ қылғып алардай,
 Өзеурейді өңмені.

Ульянов қиялы
 Сан тарапқа самғай берді алыстап,
 Анықтады ол бүкіл Россияны
 Тұл капитал құл етіпті жаныштап.

...Шуша ұйқыда,

Сібір жатыр түс көріп,
 Жастық етіп Саянды.

Долы аяз оята алмай тістеніп,
 Шатынап бір шорт сынуға таянды.

Ақ мамыққа еркін еніп кете алмай,
 Алжасты аяз, кідірді.
 Сынып түскен металдай
 Сыңғырымен мазалайды Сібірді.

Енисейдің шанағы да шатынап,
 Қирап бітті біршама.

Бүкіл Сібір, бүкіл тайга, атырап
 Мойнын созып, қарайды кеп Шушаға.

Жалғыз ғана Шушада,
 Жалғыз шырақ тұр жанып.
 Ұзақ түнді ұзатып сап, мұншама
 Отырған кім сұрланып.

Отырған кім бас көтермей іске еніп,
 Талмай күтіп таң нұрын?

...Россия ұйықтап жатыр түс көріп
 Осы адамға табыс етіп тағдырын.

Таңға жуық. Аяз әлі күшінде.
 Саян тауын асып әрі түн кетті.
 Ұйқыдағы Россия үшін де
 Осы бір жан ұйықтамауға міндетті.

Ел тағдырын арқалаған мұншама
 Осы бір жан кім еді?

Талмай соққан Шушада

Ульянов — Россия жүрегі.

...Ертеңгілік, сүттей таза күллі жақ,

Аяз барып әлдеқайда жайғасқан.

Жалғыз ғана терезелер тұр жылап.

Ашық ауа. Айнала аппақ, айна — аспан.

Қыз қайыңдар үсітіпті өкшесін,

Аязбенен асыр салып шалғайда.

Ақ ваннаға малып қойып бөксесін

Отыр село,

Тері шығып маңдайдан.

Шелек алып алма беттер албырап,

Келіншектер бара жатты суатқа,

Маң төбеттер қыңсылайды маужырап,

Болар-болмас шуақта.

Ала қанат сауысқан

Ол да өзінше қызықтар,

Бір-біріне бірдеме деп дауыстап,

Үй алдында күйбеңдеп жүр мұжықтар.

Алыс Саян тауларына ой тастап,

Ульянов әлдеқандай тұр ойда.

Бай ауладан жолға шықты ойқастап,

Қоңыраулы тройка.

Шүү, тройка! Бұрқыратты жол үстін,

Айнала қар ақ айдын.

Осынау бір тірлігіне орыстың

Ульянов тамашалап қарайды.

Ортасында осынау бір қоныстың

Қомсынады ол бір өзін.

Буырқанған тройкадай орыстың

Ұнатады ол мінезін.

Дала жатыр оранып ап кебінін

Дала әзірге тұрмас-ты.

Желпіп өтіп Ульянов көңілін

Жеңіл ғана мұң басты.

"Ана, Надя!

Бәрі алыста,

Есен бе екен достарым,

Питер — Сібір...

Жер мен көктің арасы.

Айдан асты, сайтам алғыр поштаның

Кешігуін қарашы...

Тірі адамға сыр ағытар дос керек,

Надя, Надя!..

Сен келмесең болмайды.
Егіз өмір секілденіп қос терек
Көктемесе ол — қайғы.

Бес-ақ сөзбен барлық сырын білдірді,
Бес-ақ сөзде бар махаббат уайым.
Бес-ақ сөзбен ойын айтып үлгірді,
“Келші, Надя, болшы менің жұбайым...”

3. АППАССИОНАТА

Бірінші бөлім

Увертюра

Қаланың еңсесін басты да,
Қалғытты боз тұман астына.
Кешем күз. Пешкова пәтері,
Кешең күз. Октябрь. Москва.
Кешқұрым. Қалт еткен тыным бір.
Әзірге бөлме іші бұлыңғыр.
Ал, қане, Алексей Максимыч,
Әзілмен Ильичті жылындыр.
Көңілсіз отыр ғой әзірге,
Кенелтші Ильичті әзілге.
Көзінің о шетін, бұ шетін
Қарашы, торлаған әжімге.
Етті ме дарыған оқ мезі?
Бір түрлі самарқау бопты өзі.
Жабыңқы тәрізді, қарашы,
Жалтылдап тұратын от көзі...
Ильичтей сезімтал жан қайда?!
Қамырық емес-ті ол сарғайма.
Не жатыр екен, о, бұл сәтте
Осынау сократ маңдайда?..
(Бір түрлі самарқау секілді)
Тағы да қандай ой бекінді?!
Япыр-ау, сырқаты Ильичтің
Тағы да мазасын кетірді?!
Өзінен, өзіңнен сыр жиып,
Жаныңа жіберер нұр құйып.
Жадырап қалатын әп-сәтте,
Жанары неліктен тұңғиық?
Күш-қайрат бойынан тайды ма
Не болды Ильичке, қайғы ма?!

Әлде оған қатыгез кәрілік
Сіңірлі саусағын жайды ма?!
Әлде оны сырқаты меңдеді?!
(Берілген ырқыма көн! — деді)
Әлде оны қажытты, шаршатты.
Әзіргі ауыр хал елдегі?!
Сырқатқа Ильичтің көнгені —
Өмірдің шырағы сөнгені!
Қиындық Ильичті жеңгені —
Бүкіл бір болашақ өлгені!
...Не керек сандырақ, сенбеңдер,
Қауесет-өсекке ермендер!
Әрқайсың Ильичті емдеңдер,
Ильичке денсаулық бер деңдер!
...Қалай деп қараймыз бұл іске,
Әлдебір кездейсоқ күйініш пе?!
Неге Ильич жабырқау, жүдеулі,
Япыр-ау, не болды Ильичке?!

* * *

Өртеніп Антанта өзегі,
Опат боп қираған кезеңі.
От-дауыл шарпыған Отанның
Тыныс ап тұрған бір кезі еді.
Отанды шарпыған от-дауыл,
Саябыр тартқан кез тәп-тәуір.
Сібірде, Кавказда, Шығыста,
Салтанат құрған шақ Октябрь.
Әлемге даңқыңды таныттың,
Октябрь тудырған жарық күн!
Сан жылғы шайқастан дамылдап,
Уһ деген кезі еді халықтың.
Қаланың еңсесін басты да,
Қалғытты боз тұман астына.
Кешең күз. Пешкова пәтері.
Кешқұрым. Октябрь. Москва.
Кешқұрым, қалт еткен тыным бір.
Көп жан жоқ. Бөлме іші бұлыңғыр.
Ал, қане, Алексей Максимыч,
Ильичті әзілмен жылындыр.
Осынау ойшыл жан, дана адам,
Неліктен өзіңді қалаған?
Бәлкім, ол ақжарқын өзіңді,
Өзінен биікке балаған?!

Өмірді жаңартқан, жасаған,
Өзіңе неге үйір осы Адам?
Өзіңнен өтерлік шынайы,
Өмірде жоқ па екен дос оған?!

Ильичке мәңгілік қосылар,
Ильичтің миллион досы бар.
Жазушы, дихан мен жұмысшы,
Тағысын-тағылар – осылар!

Жә, қойдық, соқпалы әр неге
(Бос сөзді, оқушым, сән деме!)
Сол кеште Алексей Максимыч
Ильичке айтты екен әддене?!

Кім білсін, қос ұлы Волганың,
Сөз етті орыстың орманын,
Әлде олар қуаныш етті ме,
Шайқаста сол толас болғанын?!

Ерітіп ескі өмір тондарын
Өртеп бір өткенді зор жалын.
Кім білсін, қос ұлы Волганың,
Құттықтап қысысты қолдарын?!

– Россия ауыр сын өткерді.
– Антанта жойылды, өрт сөнді!
Кім білсін, қос ұлы Волганың,
Осылай әңгіме шерткен-ді?!
Әлде олар бұл дархан өмірде
Мәңгілік жасауға серт берді?!

Белгісіз, білмейміз ол жағын,
Әйтеуір, біздерге сол мәлім –
Азамат соғысы жылдары,
Атқара жүрісіп сырларын,
Сырласқан қос ұлы Волганың.
Әйтеуір, біздерге сол мәлім
Қосылып қос ұлы Волганың,
Русьтің есімін ардақтап,
Адамзат өмірін қорғады!
өртенген дүние күлінен
Ертеңгі қауымды болжады!
Сөз болған жәйттар солдағы...

* * *

Тұлпардай тықыршып кермеде,
Керемет үн-саз тұр бөлмеде.
Бірде ол жүйкеңе нұр құйса,
Бірде ол мұң салар зердеңе.

Жаныңды жетелеп жарыққа,
Бірде ол ұмтылар шабытқа.
Біресе көңіліңді құлатып,
Әкете жаздайды тамұққа.

Біресе өтініш жалынған,
Біресе кек-ыза қабынған.
Ал кейде өрт пайда болғандай,
Ондағы лаулаған жалыннан.

Бұл не өзі, найзағай, дауыл ма?

Болмаса, нәсерлі жауын ба?!

Болмаса, күреске шақырған,

Ашу ма, ұран ба, дабыл ма?!

Болмаса қарғыс па айтылған,

Қатыгез, тоғышар қауымға?!

Мына бір баяулап өткен не?

Мезгілсіз жылысқан көктем бе?

Ал мына әлсіздік немене?

...Өр өмір құлазып кеткен бе?!

— О, өмір, жан — өмір, нұр — өмір!

Ән — өмір, күй — өмір, жыр — өмір!

О, сырлы табиғат, шіркін-ай,

Адамға қисашы мың өмір.

О, тағдыр, неғылған зұлмат ең!

Өмір-ай, неғылған қымбат ең!

Сағаттар ғасырмен өлшеніп,

Минуттар болсашы жылға тең...

Тыңда, өмір! Аялда, өл, деме!

Санаулы жаралдың сен неге?!

Өтінем, о, сырлы табиғат,

Мәңгілік өмір бер пендеңе!

Дегендей сөйлеп тұр Бетховен

(Дейміз бе өмірі өтті оның?..)

Тыңдашы, Бетховен емес пе,

Осы Аппассионата кек толы?!

Тыңдай бер, ұғынсаң бәрі бар:

Қуаныш, қайғы да табылар,

Тыңдай бер, осы Аппассионата —

Өлмеген Бетховен жаны бар!

Тәкаппар тағдырдың соты да,

Сөнбеген жүректің оты да,

Тыңдашы, тіл бітіп сөйлеп тұр

Осы бір сиқырлы нотада.

Баурап тұр сиқырлы үн есіп,

(Қуаныш, қайғы ма, бұ несі?!)

...Азапты, арманды өмірдің
Бұл — шері, өксігі, күресі!
Өксікті, арманды, кек толы үн —
Өмірді құрсауда кетті оның!
Ильичті толғантқан осы бір
Музыка құдайы — Бетховен.
...Армансыз тұйық, — деп, — Ұлы Адам,
Айтыңдар, шек қойған кім оған?!
Ұлы Адам кей сәтте шаттанып,
Ұлы Адам кей сәтте жылаған!
Ұлы адам суынар, жылынар,
Оның да өзіндік мұңы бар.
Ал Ильич, туыстар, өмір ғой,
Өмірдің сан қилы сыры бар.
Көтеріп күрестің туын нық,
Күресте өскенмен шынығып,
Өткізген қуаныш, қайғыға
Шек қоймас ешқандай ұлылық!
Іркілмей түсінер мән-жайға
Ильичтей сезімтал жан қайда?!
Қандай ой жатты екен сол сәтте
Сонау бір сократ маңдайда?..
Мейлі өтсін күн, айлар, жыл, ғасыр
...Ильич деп бастаймыз жыр басын.
Бетховен толғантқан Ильичтен,
Қанеки, оқушым, тыңда сыр!
Келіңдер, шабытқа ерелік!
Көсілсін жырға ерік берелік.
Мұхиттай жанына Ильичтің
Жасқанбай бір сүңгіп көрелік?

Екінші бөлім

Волга жағасында

Я июнь, я июль шамасы,
Шуақ жаз. Волганың жағасы.
Алаңсыз нәресте — табиғат
Маужырай қалғанын қарашы.
...Мына бір сазды әнді салды кім?
Аяныш әуезі — зарлы мұң.
Шаруа, болмаса бурлак па?
Отырған үстінде баржаның.

Дамылсыз аймалап жағаны,
 Волга-ана ағады, ағады.
 Шаруа шалғысын иыққа ап,
 Шабындық жер іздеп барады.
 Талма түс. Маздап тұр шуақ күн.
 (Көркін-ай көк, жасыл құрақтың)
 Саялар жандарын сиырлар,
 Жағасын паналап суаттың.
 Жым-жырт, үп-үнсіз қала да,
 Бұлыңғыр сағым бар далада.
 ...Оңаша осы бір жағада,
 Ойланып әлі отыр Володя.
 Ойлады ол сабырлы анасын,
 Ойлады ол Сашаны, ағасын.
 Өзінше кей сәтте өлшейді
 Өмірдің ағы мен қарасын.
 Өлшейді, әділдік таппайды.
 Санасы сан жаққа аттайды.
 Бір сәтке өзегін күйдіріп,
 Жаншақ болады жат қайғы.
 Жалғыздық, Сашаның күйреуі,
 Жандарм. Қорқыныш үйдегі.
 Бәрісі-бәрісі жабылып,
 Володя жүрегін түйнеді.
 Даярлап тұзағын, жалманын,*
 Үй сыртын торыған жандарм.
 Қайткенмен қақпанға түсірмек
 Русьтің "Қауіпті жандарын".
 Осы бір семьядан от басқан,
 Дұшпандар даурығып, дос қашқан.
 ...Әлгі бір келімсек қарт тағы
 Бұл үймен біржола қоштасқан.
 (Осының бәрінен мұң шығар)
 Осындай қорлыққа кім шығар?!
 Абысын-ажындар өсектеп,
 Жан сала қарманған тыңшылар.
 ...Лайсаң замана май батпақ,
 Жауыздық ботқасын қайнатпақ.
 О, арсыз! Ақсия күліп тұр.
 Адамды адамға айдап сап.
 Адамның тағдырын қорлаған,
 Сондай да болыпты-ау сор заман.
 Айдынын "топан су" ылайлап,
 Аспанын қара бұлт торлаған,
 Сондай да болыпты-ау сор заман.

* Жалман — кей жерде қармақ деген мағынада қолданылады.

...Сол заман ашынты жас жанды,
Володя көзінен жас тамды.
Жүрегі күреске шақырып,
Миында төңкеріс басталды.

Заманның түрте түнегін,
Қорлауға құлдықтан ұлы елін,
Сол кезде-ақ өзіне ант еткен,
Сондағы Володя — Ленин!

...О, Волга! Неге сен ылайсың?
Ағасың, тек үнсіз жылайсың.
Арнаңнан асып бір тасышы
Азапқа қаншама шыдайсың?!
О, Волга! Неге үнсіз жылайсың?

Толтырып теңіздің сабасын,
Ағасың, ағасың, ағасың...
Арнаңда Русьтің арманын
Айтсаңшы, қайда алып барасың?
О, Волга! Қайда алып барасың?

Толқыны тонапты заманның
Жиегін жұлмалап жағаңның.
Арманын қайда ұрлап барасың
Анамның, әкемнің, бабамның?

Ұрынбай тауға да, сайға да,
Ағасың асықпай, жай ғана.
Аяда осынау Русьті О, Волга!
Түгелдей аймала!

Аймала, ақтарыл арнаңнан,
Шөліккеп жатыр ғой айнала.
О, Волга! Күшінді жисаңшы!
Еліңе ерлікті қисаңшы.
Арнаңда Русьтің өз терін
Өзіне қуат қып құйсаңшы!

Ашу мен ызанды жеңбек кім?
Ақтарыл, кірін жу жер-көктің!
Езілген, жаншылған жұртыңа
Бостандық, бақытты бермек кім?
О, Волга! Шәй кірін жер-көктің?

Өзіңнен күшті кім, дүлей кім?!
Біз торын қорқыныш, үрейдің!
Ақтарыл, ақтарыл арнаңнан
Дауылды күніңді тілеймін!

О, Волга! Өзіңнен кім басым?!
Буырқан, толқының туласын!
Тереңде шортандар теңселіп,

Жағаңда шағала шуласын!
 Толқының тағылық кемесін
 Тас-талқан етпей бір тынбасын!
 Толтырып теңіздің сабасын,
 Ағасың, ағасың, ағасың...
 Арнаңда Русьтің арманын
 Айтсаңшы, қайда алып барасың?
 Айтсаңшы, қайда алып барасың?..

Ақыл, ой құрсауда дат шалған,
 Ар-намыс, аяққа тапталған.
 Құтқарар қандай күш Русьті
 Ауыр жүк, зіл қара батпаннан?
 ...Отаным, уа, ғазез Русім!
 Русім – Жүрегім, тынысым.
 Серпілші, бұрқана сілкінші,
 Күйресін күйкі өмір, құрысын!
 Тек сенде бар тілек, бар арман,
 От қайда қаныңмен жаралған?
 Қайда әлгі ер даңқың, өр даңқың
 Әйгі боп әлемге таралған?
 Русім! Неғылған көрікті ең!
 Табынам өзіңе сеніп мен.
 ...Әйтсе де бұл күйкі күніңе
 Көнікпен, көнікпен, көнікпен!
 Бұл күйкі күніңе көнбеймін,
 Руське бостандық бер деймін!
 Қаны қас патшадан жақсылық,
 Келеді дегенге сенбеймін!
 Лағынет патшаның тағына!
 Көбеймін тағылық заңына!
 О, озбыр! Ордаңмен омырыл,
 Басына қара түн жамыла!
 ...Жолатпа, санаңнан жат сана,
 Халықтар, сенбеңдер патшаға!
 Сенбеңдер, қазынасын ақтарып,
 Алтыннан таратып жатса да!
 Ойран қыл тәжін де, тағын да
 Халықтар, патшаға бағынба!
 Өзіңде өзіңдік бақыттың
 Тақ мінген азғынға жалынба!
 ...Эх, Саша! Жолыңды таппадың,
 Аңламай тым ағат аттадың,
 Қателік – қан жұтқан патшаға
 Қару ап, құртуға шапқаның.

Қоғам ол кісі емес жығылар,
Патшаның бірі өлсе, мыңы бар.
Ал патша өлгенмен, патшалық
Бәрі бір сол таққа тығылар.

Террормен қоғамды жоймайсың,
(Ол оймен батпаққа бойлайсың).
Бір ғана патшаны өлтіріп,
Өмірге тиянақ қоймайсың!

...Эх, Саша, жаңылдың, жаңылдың!
Артыңа қалдырдың ауыр мұң.
Өзіңмен өткізген күндерді
Сағындым, амал не, сағындым...

Амал не, ақылды ең, зерделі ең,
Арыма идеал сен деп ем.

Жаныңнан ұшқындап тұратын,
Жалынды сан рет көрген ем.

Асқақ ой, арыңа құштар ем
Аға едің, ақылшы ең, ұстаз ең,
Өмірде өзіңдей болсам деп,
Еліктеп жолыңды ұстап ем.

Сендегі асқақ ой, санадан –
Жаныма жақсы нұр тараған.
Арманым бар еді ойлайтын
Сашадай болса деп бар адам.

Өзіңе орасан жүктеген,
Істерің көп еді бітпеген.
Амал не, эх, Саша! Мен сенен
Осынша ағаттық күтпеп ем.

Ақылшы едің-ау сен менің!
Аяныш тым ерте сөнгенің.
Әйтсе де жарайсың, Саша, сен
Мерт болдың, арыңды бермедің!

Сабағы секілді жүзімнің,
Эх, Саша, тым ерте үзілдің!
Соқпақта дағы да қалмапты
Шиырлап таптаған ізіңнің...

(Атаймын атыңды құмартып)
Мәтел бар: "өледі шынар тік".

Қорлыққа құл болып кеткеннен,
Ерлікпен өлгенің мың артық!

Кеудемде қалғанша суып қан,
Қош, Саша, мен сені ұмытпан!
...Бірақ та таңдаған жолыңды,
Ғафу ет, жаныма жуытпан.

Күресем! Басқа жол таңдаймын.
Сен салған соқпаққа бармаймын!
Террордан Русьқа бостандық,
Келеді дегенге нанбаймын!

...Күрестің құзы бар, оры бар,
Күрестің мың бұраң жолы бар,
Біреулер батпаққа малтығып,
Біреулер соқпаққа жолығар.

Сан жылдар, сан ғасыр барша адам,
Бақытты іздеген, аңсаған.

Алайда қиялдан шыға алмай,
Қажыған, түңілген, шаршаған.

(Біреулер құр босқа күштейді)
Патшаның қанын да іш дейді...
Ал одан бақыт кеп түспейді,
Бақытты адамдар істейді!

Қиялға сүңгімен, жүзбеймін!

Бақытты күрестен іздеймін!

Дүние тұлданып тұрғанмен,
Күрестен күдерді үзбеймін!

...Апыр-ай, не деген сұм заман!
Ақыл, ой қапаста улаған,
Адамдар ашына шулаған,
Көктемде бәйшешек құраған,
Апыр-ай, не деген сұм заман!

Апыр-ай, не деген сұм заман!

Күйзелткен, матаған, шырмаған.

Бейнетқор, еңбеккер халықтың

Қанын да, терін де ұрлаған.

Шаттықты, шуақты күн қайда?!
Азан, сор бітпей ме, тынбай ма?!
Күйзелткен өмірді матаған,
Құлдықтың құрсауы сынбай ма?!
Азаптан арылар күн қайда?!

* * *

...Я июнь, я июль шамасы.

Шуақ жаз. Волганың жағасы.

Өзеннің о шеті қиырсыз,

Құлазып жатқанын қарашы...

Бұл өлке, бұл дала неге үнсіз?!
Қалғып тұр, тірліксіз, өмірсіз.
Осынау иесіз аймаққа
Володя қарайды көңілсіз.

Тым құрса үп еткен жел де жоқ,
Қимылсыз, селт еткен пенде жоқ,
Тек қана шуақ күн маздап тұр
Секілді қозыңдай сөнген от.

Дамылсыз аймалап жағаны
Волга-ана ағады, ағады.
Ойларын Володя Ульянов
Русьқа ап қашып барады.

Осылай, көңілсіз жағада,
Көз салып қиырсыз далаға
Болашақ күресті ойлаған
Бір кезде Ульянов Володя.

Ұшқындап өрт, жалын жас жаннан
Ұлы өмір осылай басталған.
Ұлы ой осылай туған-ды.
Жар сала, тау бұза, тас жарған.

Сойқанды заманның түнегін
Түргелі жаралды ол. Білемін!
Осынау ғаламат өмірге
Осылай енген-ді Ленин!

Үшінші бөлім

Күрес алда

...Сан жылдар өтіпті-ау, сан жылдар,
(Сабыр ет, оқушым, сан жыр бар).
Ильичтің басынан алмасқан,
Аумалы-төкпелі тағдыр бар.

Тағдырлар аумалы-төкпелі,
Ильичке соқпай бір өтпеді.
Қиды оған күресін, азабын.
Жалт бере, жасырып өткелін.

Сұрапыл сұсты өмір толқыны,
Оны тек жасытып кетпеді.
Қуылып оқудан. Қазаннан,
Он жеті жасында-ақ жаза алған.

Өш өлім қуғанмен екшелеп,
Өш алған Ильич ажалдан.
Айдауда, жат жерде түрмеде
Асқақ ой дат шалмай тазарған.

Тағдырдың талқысы жиі ұрған,
Бас тартты ол тапталған шиырдан.

Жастығы айдауда жоғалып,
Некесі айдауда қиылған.
Әйтсе де өр өмір төсінде
Емес-ті ол күрестен тыйылған.
Жүрсе де жат елде, айдауда,
Ильич ол әрқашан майданда.
Күрестен ол есте тайған ба,
Күресте жол берді қай жанға?!
Кім қарсы тұра алды Ильичтің
Ақылын ақылмен байлауға?!

Дос жау да, қас жау да сыралғы,
Майысқақ темірдей бұралды.
Өр кеуде өзімшіл "даналар"
Ильичтен "сый" алды, сын алды.
Ақылдың атасы Ильичке
Қандай жау қарысып тұра алды?!
Ақыл ой, арларын сарқысты,
Қас жау да, дос жау да тартысты
Ашына торыған жауынан
Ап шықты Ильич Марксты!

* * *

...Питерде. Жұмысшы үйінде,
Алғашқы маркстік үйірме.
Сақтаулы Ильичтің жадында
Бәрі де баяғы күйінде.
Питерде. Надямен танысу,
Күрестес достармен табысу.
Алғашқы айтыстар, таластар
Халықшыл "ерлермен" қағысу.
Питерде сәтсіздік бастапқы
Алда әлі заңғар тау, тас жатты.
Ауыр жол, азапты сапардан
Талайлар тайсалды, бас тартты.
Талайлар тайсалды, түңілді,
Тапталған соқпаққа жүгірді.
Тайсалмай Ильич тапжылмай,
Болашақ өмірге үңілді.
Питерде. Алғашқы абақты,
Ильичтей дананы қаматты,
Сонда да ұшқыр ой жол тауып,
Түрмеден сыртқары тарапты.
Ильичтей иесі тұрғанда,
Отты ой өртемей тынған ба?!

Арсыздар! Адамның тағдырын
Қажытпақ болыпты-ау зынданда!
Питерде, Питерде барлығы,
Питерден таралған таң нұры.
Питерде тоғысқан Русьтің
Арманы, ашуы, тағдыры.
...Бойында булығып өш-кегің.
Қарт Питер, халқыңа ес бердің,
Қарт кеудең қайыспай көтерді,
Қазасын Радищев, Пестельдің.
Азамен құса боп іш күйді,
Арыңа сан улы тіс тиді.
Намысы қорланып жатқанда,
Жұбаттың Чернышевскийді.
Бойыңа болаттан күш құйдың,
Жауыңнан жирене іш жидың.
Қайғыра, жүрегің қан жылап,
Қазасын өткердің Пушкиннің.
Қапаста жатқанда Отаның
Ақылын айттың сен атаның.
Ес бердің Руське, желкілдеп
Жеңістің туындай сақалың.
Шашыңды шалғанмен от, жалын,
Қарт Питер, даңқыңды ақтадың.
Еліңнің ең соңғы үміті —
Рақмет, Ильичті сақтадың!
Жалғанып күреске жаңа арқау,
Қарт Питер, куаңдың самарқау.
Қойныңда кек селін қайнатып,
Атқалы тұрдың сен жанартау.
Шайқалып Неваның айдыны,
Қарт Питер, ысырдың қайғыны.
Ана-Русь аунақши бастады,
Жақындап толғағы, ай, күні.
Ай, күндер, жыл, ғасыр өтті ауыр,
Асыр сап кеудеңе от, дауыл.
Ақ басың иіліп қарсы алдың,
Атойлап жеткенде Октябрь.
Айдынын аймалап, Неваның
Қатыгез күндерге көне алдың.
Октябрь дүбірі келгенде,
Жасардың, сілкіне дем алдың!

...Жоғалтып жел үрген көрігін,
 Антанта басқан кез желігін,
 Қауіпті күндерден тыныстап,
 Тұрған шақ жас совет елінің.

Азапты күндер де өтті ауыр,
 Салтанат құрған шақ. Октябрь.
 Бір сәтке толастап сөнген кез,
 Отанды шарпыған өрт, дауыл.

(Ал, ақын, желпіне жаз дастан)
 Кез келді Советтер қаз басқан.
 Қаусаған дүниені қалың ел
 Жөндемек, бірлігін жазбастан...

...Аштықтан айықсын ұлы елің,
 Тереңдет, соқаның түреңін!
 Бәйек боп, қарашы, бірге жүр
 Еңбекқор, инженер Ленин.

Көркейсін десең сен ұлы елің,
 Станок басына түнегін.
 Бәйек боп жүргенін қарашы
 Мазасыз инженер Ленин.

Жандансын десең сен ұлы елің,
 Сақайт та сауықтыр, біл емін.
 Жаралы Отанды күзетіп
 Тұр әне дәрігер Ленин.

Жазылсын, жандансын ұлы елің!
 Ал аңда қалғыған кім едің?!

Тұр, жолдас, ұйқыңды аш, іске ұмтыл,
 Ұйықтамай отыр ғой Ленин!
 Ертеңгі асыңды түн ішпей...
 Сеземін... Қиын-ақ.. Біл іштей...
 Ильичтей ауыр жүк арқалап,
 Азапқа төзе біл Ильичтей.

...Жоғалар жоқшылық шақ та бұл,
 Аштық та, аяз да, жат бауыр.
 Тек Ильич есен-сау болса екен,
 Есен-сау болса екен Октябрь!

Коммуна үнімен үндес ем,
 Мартеннің шоғын да үрлесем.
 Октябрь есен-сау болса екен,
 Есен-сау болса екен күн-көсем!

...Сонымен, аңсаған келді күн,
 Ардақтап адамның теңдігін,
 Мақтан ет, алып ел Россия,
 Бұл – сенің даңқты ерлігің.
 Мәңгілік бақытты алшы, Анам,
 Күн келді кеше сен аңсаған.
 Арынды, жаныңды қорғауда,
 Амал не, мерт болды қанша адам...
 Күңірене құлазып қыр-түзің,
 Мерт болды қаншама ұл-қызың...
 ...Россия! Россия! Россия!
 Жасаршы, жарқырап жұлдызың!
 Сескенбе дауылдан, өрттен де,
 Жетеді, бас көтер дерттенбе!
 Бостандық жұлдызы – Россия,
 Әлемнің назары тек сенде.
 Ес жиған езілген ел бүгін,
 Бостандық, бақытты берді кім?
 Ол – сенің сенімді партияң,
 Ол – сенің, Россия, ерлігің!
 Сен өткен күрестің мектебі –
 Күрескер елдердің өткелі.
 ...Дүниені бір өзі төңкерген
 Батырға балама тек мені.
 Сен үшін күрестім, жатпадым,
 Демеймін борышымды ақтадым.
 Тек өзің әлемнің алдында
 Абырой, даңқыңды сақтадың.
 Сен алып, сен зорсың, жан ана!
 Батырға сен мені балама,
 Сенімді партияң бар сенің,
 Сонымен өзіңді бағала,
 Тек мені батырға балама.
 Партия ұлыңмен қолдаса,
 Мәңгілік өмірге жол жаса!
 ...Бостандық әперер кім еді,
 Болаттай партияң болмаса?..
 Жұмысшы-шаруаңмен қолдаса,
 Мәңгілік бақытқа жол жаса.
 Өмірді өзгертер кім еді.
 Жұмысшы-шаруаң болмаса?
 Тындырар істер көп қолдасаң,
 Сен үшін әлі көп жол басам.

Октябрь тағдыры не болмақ,
Алып ел, егер сен болмасаң?!.

Жеңеміз аштықты. Сенем мен!
Кез болар нанға да кенелген.
Октябрь әкелген отты ұшқын,
Кетпесе болғаны тек елден.

Отты ұшқын ойнаған дененің,
Жылуы сарқылмас, сенемін!
Бойыңнан, Россия, лықсыған
Болашақ қуатты көремін.

Мойымай бас көтер, керек бұл!
Болмаса, дұшпандар өрекпір.
Сарқылмас қазынаң қойныңда
Қойныңда — отын, нан, электр.

Байлыққа, бақытқа кенелген,
Бір кезде бай елді көрер ме ең...
"Кремльдің қиялы" жанына
Мырзалар, сол кезде сенер де ең...

...Сонымен өзгерттік заманды,
Әлемнің бір бұршы жаңарды,
Ал күрес біткен жоқ, бітпейді,
Күреске күрес кеп жамалды.

Шоғы әлі сөнген жоқ тартыстың
Контр бар, солшыл бар әр түсті.
Әлі де жауымыз жетерлік,
Жаулары әлі көп Маркстің.

Қандары құтырып қастықтан,
Жаулар көп қойнына тас тыққан.
...Арылу, қалайда арылу,
Әзіргі аяз бен аштықтан.

Жаулар көп іштегі, шетелдік,
Жауымыз әлі де жетерлік...
Бостандық, теңдіктің жалауын
Тек қана бір елде көтердік.

Жаулар көп айнала қоршаған,
Елдер көп теңдікті аңсаған.
Еріксіз капитал құлы боп,
Езілген, жаншылған қанша адам...

Күресті тыймаймыз әмәнда,
Алмаған асу бар әлі алда...
Тыныштық орнатпай болмайды,
Осынау беймаза заманға.

Алда әлі тартыс көп, тартыс нық,
Күресте жеңеміз, ант іштік!

Әлемге салтанат құрмақшы,
Коммуна, идея Маркстік!
...Жойылған антанта қатері.
Кешең күз. Пешкова пәтері,
Қосылып қос ұлы Волганың,
Дамылдап отырған сәті еді.
Тұмшалап қаланы, көшені,
Тұрған бір тымырсық кеш еді.
Тербетіп, толғантып Ильичті,
Тәкаппар музыка еседі.
Бір сәтке тұңғыық шомды ойға,
Шомды ойға бостандық көсемі.
Шомды ойға, уайым емес тек
(Ол асқан асқар көп, белес көп)
Бетховен сазына сәл босап,
Шомды ойға өткені елестеп...

4. СОҢҒЫ МИНУТТАР

I

Москва. Кремль.
Жиналыс.
Советтер сап түзеп, жиған күш.
Қуаныш хабарды әкелді
Ақсақал Михаил Иванов.
— Жолдастар! — деді ол,
байыпты,
— Шүйінші, Ильич айықты!
Ол ертең оралар жұмысқа
Сыйыңды әзірле лайықты!
— Ильич өмірге оралды,
Бойынан сырқаты жоғалды, —
Деді де, Михаил Иванов
Осымен хабарын доғарды.
Кең залды кернеді бұл хабар
Шартта-шұрт шапалақ, Уралар
Айғай. Шу. Ашылған құшақтар,
Сүйісу, жыласу, ду да бар...
Кенелсін шаттыққа, кенелсін,
(Қуанған қауымға не дерсің).
Шаттықты ақ қанат көгершін
Әлемге іліп ап жөнелсін!

Үміттің сәулесі жылтылдап
Бар әлем, барша жұрт тұр тыңдап,
Бәрі де көсемін құшып бір
Бәрі де Ильичпен бір тұрмақ,

Лондон, Парижде, Берлинде,
Прага, Варшава, Кельнде.
Ильичтей бостандық көсемін
Аңсап-ақ алыпты ел мүлде.

Париждың байырғы докері
(Ғажап-ақ неғылған от еді!)
Елисей сарайы алдынан.

— Ильич! — деп, жар салып өтеді.

"Тәңірі" қорқақ қып жасаған
Буржуйлар сығалап тасадан,
Қояндай жытады, қашады,
Қашады... Мәссаған!

Жатсын ол
Дұрыс қой қашқаны-ақ.
Жатсын бір түкпірден баспана ап.
Ал мұнда,
Советтер елінде,
Бүгінгі қуаныш басқарақ,

...Январь. Жаңа жыл — жас қанат.
Біздерде қуаныш басқарақ,
Сауыққан Ильичті құттықтап
Күліп тұр миллион қас, қабақ,

II

...Сібірде. Алысқа, Шушаға
Ағызып барады бір шана.
Тайганың желімен жарысып,
Асыққан кім екен мұншама?!

Айнала ақ түтек борасын.
Сен кімсің? Тым суыт жолаушым?
Бәлкім, бір асығыс іспенен
Алыстан шыққан да боларсың?

Ағызып атыңның боздағын,
Бәрібір Тайгадан озбадың.
Жол болсын, жолаушым?
Не хабар? Қанеки, әңгіме қозғағын?

Ұлып тұр. Сыңсып тұр айнала.
Жолаушым үн қатты жай ғана:
— Айыққан Ильичтің хабарын
Ап кетіп барамын Тайгаға.

Тез жеткіз. Тежеме ат басын!
Тез жеткіз. Жақсылық жатпасын!
Қарт Сібір қалпағын қолына ап,
Білсін де қуансын, шаттансын.
Ұлына сыбаға сақтасын!..

Қарамай аязға, дауылға,
Артта қап қырқаң да, тауың да
Құйылтып келеді бір қазақ
Қиырда отырған ауылға.
— Жол болсын, жолаушым, кім едің?
Жүрісің тым суыт білемін...
— Шүйінші, бауырым, шүйінші!
Айықты, жазылды Ленин!

Атын ол бір тартты борбайға
(Қазекең тұрсын ба ондайда).
Құйын боп құйылып барады
Андамай жар қайда, ор қайда.
Тез жеткіз, тежеме ат басын!
Тез жеткіз, жақсылық жатпасын!
Қарт қазақ қолына бөркін ап,
Білсін де қуансын, мақтансын!

Ал сен ше?
Шығар күн, батар күн,
Ильичке не сыйлық апардың?
Сен дағы қарыздар емес пе ең?
Сен дағы Ильичтен от алдың!
Қайнаған тіршілік астыңда:
Өзен, тау, орман, көл, тас, құм да.
Осынау жұмыр жер жонына
Ильичті шуақ қып шаштың ба?
Сен де, түн! Маңғаз түн, бейхабар,
Тербеткін Ильичті, шайқа, бар!
Сәбидей қалғыған дүниеге
Ильич деп бесік жыр айта бар.
Соқ, дауыл!
Соқ, дауыл, соқ, дауыл!
Жаңылма, жырыңды жатқа біл.
Ленин тірі де әлемге
Тірі де Ленин-Октябрь!

...Январь. Айнала ақша қар,
Бұлт та жоқ, көлеңке дақ салар.
Көз ілмей Ильичті күзетіп,
Күліп тұр тоғайлар, бақшалар.

Москва өзені, қаласы,
Сәбидей мәз боп тұр, қарашы!
Қарашы!

Ақсия күліп тұр

Шығыс пен Батыстың арасы.

...Өмірге Ильичтей ұл туған
Дүние, айналдым ғұрпыңнан!
Жаңарған, жасарған нұр тұлғаң
Екен ғой Ильичпен құлпырған,
Дүние, айналдым ғұрпыңнан!

III

Па, шіркін!

Горкада күн қандай!

Боз қырау,

Ал боран тынған жай.

Ақ мамық төсеніп, жамылып,

Ағаштар сүйісіп тұрғандай.

Па, шіркін!

Горкада күн қандай!

Аяз қарт дауылдап, дауылдап,

Басылған сәті еді мамырлап.

Қатал қыс өріге бара алмай

Тұр ма әлде Горкада дамылдап?!

Қарт аяз – жараған ақ бура

Айқара шудасын жапты да,

Құлай кеп қисайды. Кім білсін,

Горкадан тыныштық тапты ма?

Түк... Түк... Түк соғылса тұмсықтар,

Қайыңнан түседі сусып қар.

Бұтақтан бұтаққа секірген

Бармақтай, бармақтай шымшықтар.

Па, шіркін!

Горкада күн қандай!

Тыныштық құлаққа ұрғандай.

Тіршілік, тыныштық тынысы

Осында мекендеп тұрғандай.

Па, шіркін! Горкада күн қандай!

Табиғат, Горкаға жерік пе ең?

Сен мұнда неғылған көрікті ең!

...Апыр-ау, айтса да оқушым,

Бұл маңда Ильич жоқ неліктен?!

Иесі қайда жүр бақшаның?

(О, жүрек! Не күдік бастадың?)

Кет, күдік! Қайдан сен тап болдың?
Кет әрмен! Көңілге жат сағым!
..Батуға еңкейді күн дағы
Неге үнсіз тіршілік мұндағы?
Мана әзір жиналған топ сәби
Неліктен аялдай тұрмады?
Көп күтті сәбилер бақшада
Ильичпен ойнауға аққала.
Шіркін-ай, сол адам тағы да
Ойнаса, күлсе-ау бір шаттана...
Бір-бірден жентек қар алып ап,
Шіркін-ай, ойнаса жамырап...
Келмеді ол. Әнеки, босқа тұр
Қар басқан орындық қаңырап...
Жоғалтып бүтінгі шаттығын
Сәбилер тарасты. Батты күн.
Бейхабар сәбилер біле ме,
Ильичке не болды тап бүтін?!

IV

Кешқұрым.
Көк жиек нарттанып
Неліктен тұлданды бет қарып?
Жомарт Күн шашылған шуағын,
Апыр-ау, қай жаққа кетті алып?!
О, менің тірлігім, қуаттым!
Неге сен батасың, шуақ Күн?
Тағы әне, түнге ерік бердің де,
Тағы да дауылды жылаттың!
Сен неге батасың, шуақ Күн?
Сәулеңді ұрлайды кім келіп?
Неліктен бересің түнге ерік?
Сақшысы бол дағы өмірімнің
Төбемде мәңгілік тұр көріп,
Батпа сен! Бермеші түнге ерік!
Төбемнен ұзама жүз қадам,
Жылыта бер денемді мұздаған.
Зәредей сәулеңді мен сенің
Некелі жарымдай қызғанам.
Барым да, байлығым, мақтаным,
Батпашы, шуақ Күн, батпағын!
Осынау алып ел үстінде
Мәңгілік борышыңды ақтағын!
Асықпа, аялда, батпа күн!

V

...Әлгінде дәрігерді қабылдап,
Ол жатыр бөлмеде дамылдап.
Ол жатыр. Ауру жеңгенмен,
Әуелгі қалпында сабырлы-ақ,

Қиын ғой сабырлы деуге де,
Сарқылмай ой жатса кеудеде.
Қиын ғой сабырлы деуге де,
Тасыған күй жатса кеудеде.

Амал не? Сырқаты меңдеді.
Жеңбекші ол осы ұлы кеудені.
Амал не? Науқасы көнбеді,
Әйтпесе бір нәрсе дер ме еді?!

Табиғат, қаталы-ай заңыңның!
Қайратын мұқадың дана ұлдың.
Ол рас.

Қимылың ақиқат,
Әйтсе де бұл тұста жаңылдың!
Алжаспа, табиғат, демеп қой!
Ильич ол — ұлы арман, қоректі ой.
Ағың мен қараңды айқындар
Ильичтей адал жан керек қой!

...Ол жатыр оңаша бөлмеде.
Ордалы ой жатыр кеудеде.
Ұлы ойға ұрынды жіберген
Табиғат, ес жоқ-ау сенде де!

...Ол жатыр.
Надя отыр қасыңда...
Сабырлы
Мезгіл жоқ жасуға!
Қарайды ол.
Жанары аймалап,
Дегендей: "Өлімге бас ұрма!"

Ол жатыр.
Надя отыр қасыңда.
Болмайды, болмайды жасуға!
Болмайды! Ежелден белгілі
Сыну бар, сызат жоқ асылда!
Ол жатыр.
Күрмеулі тіл бірақ,
Қос жанар қарайды тұнжырап.
Гранит кеудеге соғылып,
Тулайды толқын ой ұрғылап.

...Ол жатыр.
Күрмеулі тіл бірақ,

Аулада Аяз қарт тұр жылап.
Бусанған қап-қара әйнектен
Төнеді Горка да тұнжырап.
Ол жатыр.
Ол жатыр, от — дана
Баяулап сөнуге шоқтана...
Қайтпапты.
Үй сыртын торып жүр
Ойнауға жиналған топ бала.
Бүгін кеш неғылған қап-қара?!
Жадаулық, жүдеулік бақта да.
Ильич пен балалар жасаған
Жабырқап тұр, өне, Аққала.
Ол аппақ, Айнала қап-қара.
Арайлап, баяулап, тап бүгін,
Сөнген жоқ, бірақ та батты күн.
Сендерге, сәбилер, қалдырды ол
Өзінің өмірін, шаттығын.
Тараңдар, сөнбейді, батты күн.

VI

Жиырма төртінші жылда ауыр,
Қарғыстап, қаһарлы тұр дауыл.
Ал Горка томсарып, налиды
Қаралы, жаралы, тұлды ауыл.
Горка, сен, налыма тұнжырап
Секілді жапырақсыз мұңлы бақ,
Көтер бас! Налыма!
Сен маған:
Батады, сөнбейді! Күн бірақ!
Қатыгез қайғы уын шашты ма!!
Түтеп тұр біздің қарт Москва
Сақалы желкідеп, бүгілді
Ер ұлын баурына басты да..
Шұғыла сәулеңмен түнді жап,
Қайғырма, Москва, тұнжырап!
Қайғырма, Москва! Сен маған:
Батады, сөнбейді Күн бірақ,
Кеудесін кек кернеп ұрғылап,
Көз алды мұнартып бұлдырап.
Егіліп. Таянып таяғын,
Бір қазақ қарт қойшы тұр жылап.
Ей, қартым!
Күрт түсіп тұнжырап,

Сыр берме, жауларға тым жылап!
Жылама, жасың сұрт!
Сен маған:
Батады, сөнбейді Күн бірақ,
Қайғы — жат.
Қайғымен туыспа!
Қайғыңды айналдыр құрышқа!
Ильичтің есімін мәңгілік
Орақ пен Балғаңдай тік ұста!

1962 ж.

* * *

Бүлініп кеттің дейсің бүгінде сен,
Мен мына табиғатпен күбірлесем.
Осы бір жаратылыс құбылмаса,
Мен дағы құбылмас ем, бүлінбес ем.
Сүрініп жүрсің дейсің бүгінде сен,
Жерімді сүйе алмаймын сүрінбесем.
Осы бір жаратылыс жалтармаса,
Жалтарып, тізе бүгіп, жүгінбес ем.
Қарашы, әлгіндегі ашық аспан,
Қажып тұр, қара нөсер ласы басқан.
Жасаусыз көрі терек жыламаса,
Мен дағы қуанар ем жасымастан.
Жалтарма, жаратылыс, құбылма сен!
Құбылмасаң, қуалап, жығылмас ем.
Кез келгенге кезбе жел ұрынбаса,
Кез келгенге мен дағы ұрынбас ем.
Бүлініп жүрсің дейсің бүгінде сен,
Бүтінделе алмаймын бүлінбесем!
Жаратылыс, мен сенен түңілмеймін,
Сен өзіңнен сезік ап, түңілмесең.

1963 ж.

ЖЫЛДАРЫМ МЕНІҢ, ЖЫЛДАРЫМ

Жылдарым менің, жылдарым
Жазылмай қалған жырларым.
Айтылмай жүрген сырларым,
Ақтармай жүрген мұңдарым,
Жылдарым, қайран
жылдарым.

Жылысып өткен жылымды,
Жоғалтқан өмір дер едім.
Айта алмай қамап мұңымды,
Шерменде болып келемін.

Көргенім ығи өгейлік,
Қуанам неге тоқсынып.
Жыл өткен сайын кедейлік,
Жыл келген сайын жоқшылық,
Кедейдің көңілін жасытып,
Мұң басады екен мұндайда,
Дәулетімді тасытып,
Бақытқа бөлер жан қайда?
Жылдарым менің, жылдарым,
Айтылар ма екен сырларым.
Ашылар ма екен мұңдарым,
Жазылар ма екен жырларым.

1963-64 жж.

ӘКЕМЕ

Сонымен құладың ба, тас қамалым,
Қалмады күйініштен басқа амалым.
Зиратың аяқ асты болмасын деп,
Бұзылған қорғанымнан тас қаладым.
Шынымен құладың ба, шым қорғаным,
Шынымен өртеңдің бе, нулы орманым.
Әке, сенің өміріңді жалғамасам,
Құрып кетсін жер басып ұл болғаным!

1964 ж.

ТЫНЫШТЫҚ ДЕГЕН ОСЫ ДА...

Үйленіп жатыр, үй салып жатыр жас жандар,
Иленіп жатыр, иленіп жатыр лайлар.
Қашалып жатқан, жасалып жатқан тастар бар,
Жасанып жатқан, жасарып жатқан шырай бар.
Немере – ерке, әжелер жүрді арқалап,
Керіліп тұрмай, келіндер түсті лайға.
Сап түзеп жатыр, бақ құрап жатыр салтанат
Аталар отыр марқайып көңілі мұндайға.
Жадырап тұрды, жарқырап тұрды жаңа үйлер,
Қауышып жатқан, табысып жатқан бастар бар.

Алысып жатты, қағысып жатты сәбилер,
Үйленіп жатты, үй салып жатты жас жандар.
Кернеді күлкі, тербеді күлкі үй ішін,
Шаттықта бүгін, шаттықта көрші-қошына.
Шаттана берсін, шаттансын өмір, иісін,
Рақат деген, тыныштық деген осы да!

1964 ж.

АҚМАРАЛ

Содан бері күн өтті, айлар өтті,
Айлар өтті, арман боп ойлар өтті.
Алатаудың төсінде сайраңдаған
Ақмаралым адасып қайда кетті?
Әй, Ақмарал, Ақмарал,
Ауылға кел, баққа бар,
Ести қалсаң, Ақмарал,
Осынау әнді, осынау әнді
Жаттап ал, әй, Ақмарал!

Үкі тағып, ұстаушы ем бұрымыңа.
Ойым сергіп қалатын қылығыңа,
Саялаған сайыңда, Ақмаралым,
Әлдекімнің іліндің құрығына.
Ақмаралым, күнөдан пәк, қарағым.
Әнге қосып атыңды мақтанамын.
Ренжіте көрмеңдер, ағайындар,
Алатаудың ақ жанды Ақмаралын...

31.VII.1964 ж.

* * *

Келіншек — жастық, кереметсің-ау, керемет!
Керексе, пәлі, керемет кімді елемек.
Ерекше гүлде нәр алып жүрген көбелек,
Керексе болды, үй де талқан, не керек.
Қызғалдақ — қыздар қауызын ашқан көктемде.
Қырындай қарап, қыздарға жанап өткенде.
Талайда-талай бозарып алма беттер де,
Талайда-талай қызарған бозай беттер де.
Қымыздық самал құйылып тұрса қырлардан,
Теңселуші еді қиылып гүлдер бүр жарған.
Талықсып кетіп тамылжып тұрған нұрлардан,
Толықсып барып толастап еді бұл жалған.

Жайғасып алып, жазира жазық мақпалда,
Келіншек — жастық базарлап барын жапқанда,
Абдырар еді алыстан қарап ақ таулар,
Бар тірлік тегіс мас болып жатқан шақтарға.

1964 ж.

* * *

Тура қара көзіме, тура қара,
Тура қара көзіме, тура қара,
Ашық айтқан сөзімді бұрмалама.
Ақиқаттың алдында бүгежектеп,
Тағасыз байталдайын сырғанама.
Тірі жансың айлаң бар, шалымың бар,
Көрсетші қанша сенің қарымың бар.
Адалдық ақиқаттан сомдап соққан,
Тасқа салсам мұқалмас қаруым бар.
Тура қара көзіме, тура қара,
Арамдығың бұғынып тұр ма, бала?!
Қалжасын жеп қуаныш, шілде жасап,
Сені де перзентім деп туды-ау Ана...

1964 ж.

* * *

Алматының жерінде атам жатыр,
Жалғыз бейіт құлазып жапанда тұр.
Қайтсем сені қоршаймын қыш дуалмен,
Аруағыңнан айналдым, атам батыр!
Батыр атам, сен менің жүрегімде,
Асыр салып аруағың жүр өмірде.
Аруағыңды жырыммен бір нақыштау —
Арманым да, ойым да, тілегім де...
Ұрпағыңа медет бар, ұлы бабам!
Ұлы бабам, ұлыңның құны қараң.
Қара жерге өмірім көмілгенше
Қасиетті ананың құлы болам!

1964 ж.

* * *

Сатқан емен.
Сатпаймын дінімді мен,
Өлмейтұғын, өшпейтін күнім білем.
Алла есімі — жүрегім жұдырықтай,
Жүрегімнің соққанын біліп жүрем.

Мұхаммедтің үмбеті — мұсылманмын,
Пайғамбарым қолдайды қысылған күн.
Алсын тағалам, ант етем, ант етемін,
Алла есімін кеудемнен ұшырған күн!

Алла — ақиқат.

Аллаға сеніп өтем,

Адалдық пен ақиқат серігі екен.

Адаспаймын, аллама сеніп өтем,

Арамдыққа баспаймын — жолы бөтен!

8.11.1965 ж.

САБЫРХАНҒА

Қызылқұмда ізіміз қалар ма екен,
Іздеген жан біздерді табар ма екен?

Адасармыз адассақ, қарамай-ақ,

Кел, екеуміз кезейік жалаңаяқ.

Қасиеттеп, қадірлі жерімізді,

Қалдырайық,

басайық мөрімізді.

Әуестемей әлдекім салған ізді,

Өзімізше сызайық таңбамызды.

Адасармыз мықтаса құм шағылда,

Тынығармыз Қызылқұм құрсағында.

Тек ізіміз...

ізіміз өшпесе екен,

Құйын тұрып,

құм басып, көшпесе екен.

Өшсе өшер,

өшкенге қарамай-ақ,

Қызылқұмды кезейік жалаңаяқ.

Қызылқұмда ізіміз қалар ма екен,

Іздеген жан біздерді табар ма екен?..

1965 ж. (Ақын Сабырхан Асановқа арналған)

МІНЕЗІМ

Алаңсыз жүргеніме ардың-гүрдің,

Досым менің, ойлама санасыз деп.

Қуаныш-өкініштер көрдім-білдім,

Жалын атқан жүрегім жарасыз тек.

Аумалы мінезім бар аса қызық
(Мінезге қолдан қорған орнатпаймын).
Рас, кейде көзімнен жас ағызып,
Көбінесе еркелеп шолжақтаймын.

1965 ж.

ЖАНАРСЫЗ АДАМ КЕЛЕДІ

Топсасы жұмыр тобылғы томсарып алып келеді,
Толайым мына тірлікті тобылғы таяқ көреді.
Толғанып жүрген бейбаққа тобылғы таяқ тіл бітсе:
Алдында ор бар, аяулым, бері жүр, бері! — дер еді.

Көрінбей оған көктем тұр,
көрінбей нұр тұр себелеп,
Топ қыздар өтіп барады —
топтанып ұшқан көбелек.

Жанарсыз адам келеді аттай да алмай жақсылап,
Тозығы жеткен әсфәлтті тобылғыменен шегелеп.
Іздейді көзін басынан, іздейді көзін аяқтан,
Іздейді көзін қолынан, іздейді көзін таяқтан.
Жанарсыз адам келеді...

жанарлы бейқам тірліктен,
Жанарын даулап, дүниені
таяқпен түртіп оятқан.

1965 ж.

ЕСКЕРТУ

Бағам соның әрдайым қас-қабағын,
Мінезі мінезіндей жас баланың.
Тағы да сен бе, тентек, тілін алмай,
Анамды өкпелетіп тастаған кім?

Мен ұлымын, сен болсаң немересің,
Азабыңнан басқа сен не бересің?
Ақ шашты әулиеңді өкпелетсең,
Қайда барып, мұрынбок, күн көресің?

Айтшы қане, бар ма оның тыншығаны?

Бірге кіріп, сенімен бір шығады.

Байқа, тентек!

Сен емес Ана алдында,

Мына тұрған "құдайың" қымсынады.

Оның жөн, еркеледің, жайраңдадың,
Апыр-ау, көңілін неге ойраңдадың?
Жеткілікті еді ғой көнбіс жанға,
Менің де салып жүрген "сайраңдарым".
Анамды өклетепе, байқа, бала,
Екінші мұндай істі қайталама!

1965 ж.

СЕН БАТЫСТА, МЕН ШЫҒЫСТА...

Сен Батыста, мен Шығыста — халықпыз,
Бір бақшада бірге бүршік жарыппыз.
Бір Отанда бірге Бақыт тауыппыз,
Бір Отанда бірдей теңдік алыпмыз,
Біз осындай тірліктегі халықпыз.
Мен Шығыста, сен Батыста — достармыз
Бір денеге бірге біткен қос жанбыз,
Ұлы Одаққа басымызды қосқанбыз,
Біз осындай бірліктегі достармыз.
Даутаваға құя алмайды Сыр барып,
Бірақ біздер бір арнада, бір халық,
Достығымыз жатыр, міне, шыңдалып,
Ұлы Отанда шешек атып, гүл жарып.
Өттік біздер өткелдерден не түрлі
Сын сағатта босағамыз бекінді.
Латыш, Қазақ екеуі де бір құстың
Егіз біткен қос қанаты секілді.
Сен Батыста, мен Шығыста — екі елміз,
Мәңгілікке бауыр болып кетерміз.
Сен Батыста, мен Шығыста Отанға
Қалқан болып жаратылған екенбіз.
Төрлетіндер, ардақтары Балтықтың!
Балтық жырын Балтыққа ұқсап шалқыт бір!

4.IX.1965 ж.

* * *

Иә, Жаратушы Аллаһ!
Қолдай гөр,
сүйей гөр мені, сүйей гөр!
Қолдары да, қорғаны да жоқ жан ем.
Жасаған ием!
Құлап барам, сүйей бер!
Пенделерге табына-табына болған ем.

Жаратушы жалғыз ием, қуат бер,
Азабымды, тозағымды жеңейін.
Жаратушы жалғыз ием, шуақ бер,
Өзіме де, өзгеге де төгейін.

Иә, Аллаһ!
Жаратушым,
Қорғаушым,
Өзің – өмір, өзің – қуат, қорғансың.
Іші өртенсін, дұшпандарым долдансын,
Достарым кеп демесін бір, қолға алсын.
Иә, Аллаһ!
Адамдарға қас қылма,
Сорлы қылма көк аспанның астында.
Иә, Аллаһ!
Жауыздықтан сақтай гөр,
Жамандыққа, жауыздыққа бастырма!

1965 ж.

* * *

Иә, Аллаһ!
Жаратушы жалғыз ием,
Медет бер, жапаңдағы жалғыз үй ем!
Хал сұрар, жәй түсінер бір пенде жоқ,
Жүрек – жүн, ойым – опат, жаңды жүйем.
Иә, Алла!
Жарылқай гөр, жалғыз ием!
Көнейін, көндігейін тапшылыққа,
Жат жұртта күн кешейін жатшылықта.
Иә, Алла!
Иә, Атамның аруағы!
Ақырын соқтыра гөр жақсылыққа,
Сақтай гөр, соғындырма жат қылыққа!

1965 ж.

* * *

Әнеки менің Отаным,
Әнеки менің мекенім.
Солармен бірге жатамын,
Солармен бірге кетемін.

7.IV.1965 ж.

ДАЛА ДАНЫШПАНЫ

Дала жатыр өн бойы тұнған өлең.
Абай, міне, жапанда тұрған емен.
Ата сөзі тербеткен бесігімді,
Ата сөзін өмірде тыңдап өлем.
...Ұлы емес Абай жалғыз сахараның,
Мен емес, солай деген аталарым.
Сол ұранды ұрпаққа апарамын,
Мен қазақ — Абай болып атанамын.

Уһ, дала!

Дала толған көл-көсір жыр,
Дала — қобыз, тұтпайды пернесін кір.
Тірі Абайды әлдиле, дарқан далам,
Өлең селі өңіріңді тербесін бір.

Дала, дала...

Сал дала селеулеген,
Жырмен ұйқтап, оянған
өлеңменен.

Дала деген — күй сандық бұл
қазаққа,

Абай десе, құлағы елеңдеген.

Жылдар, жылдар...

Қаншама алыстадың,
Қаншама өзен өзгертті ағыстарын.
Уақыт озды, сен бірақ қалыспадың,
Уа, армысың, арысым, данышпаным!

1965 ж.

АҚ ҚАЙЫҢ ӘНІ

Поэма

Лия Жақановқа

...

Ей, күнәдан пәк жас жандар,
Қапелімде қателікке баспаңдар!
Қосыларсың қол ұстасып, саспаңдар,
Махаббатпен ойнағанды тастаңдар,
Ей, күнәдан пәк жас жандар!

Иә, жастық — ән, салтанат, күй, өмір,
Жастық дейтін — жанға мирас, ие бұл.
Махаббатқа тұрақсыздық — күйе бір,
Махаббатты құрметте де сүйе біл!

Ей, күнәдан пәк жас жандар,
Махаббатпен ойнағанды тастаңдар!
Қапелімде қателікке баспаңдар,
Ал оқыңдар, ол туралы дастан бар.

I

Неліктен тұта қалды қабақ қайғы?
Перделеп қос жанарды қаратпайды.
Жөргекте үілдеген уыз сәби,
Отырған қонақтарға алақтайды.

Бұп-бұлтық өкшеңменен тебінесің,
Ұмтыласың, шалқалап шегінесің.
Баданадай көздерің бақырайып,
Ей, өмірдің қонағы, не білесің?

Білесің бе, не болды маңайыңда?
Келесің бе, алдыма алайын ба?
Қолға түскен ұрыдай сүмірейіп,
Не көрінді отырған ағайынға?!

Сауық-сайран неліктен басталмайды?
Неге адамдар алдында асты алмайды?
Неге анау бұрышқа қойындасып,
Қалжыраған құтылар мас болмайды?

Отырғандар неліктен алаңды ойда,
Анаң қайда, қарғам-ау, Анаң қайда?
Ұстап тұрған ыдысын қиратты да,
Безіп кетті қалдырып жаман жайға.

Әкең неге соншама түнереді?
Алқымына ашуы тіреледі.

Қираған радио қобдишаны,
Тағы да періп-періп жібереді.
Ол қирады.
Ән бірақ қалықтайды.
Бұлбұл көмей сайраудан жалықпайды.
Бұл не пәле, қарғам-ау, білесің бе,
Бұл сиқырды енді кім анықтайды?!
Бұлбұл көмей бұралтып ән салады
Алыста адасыпты аңсағаны.
Қарт Атаң жұрт бетіне қарай алмай,
Қарт әжең әлсін-әлі тамсанады.
Ал ән ше?
Ән күнәсіз мамырлайды.
Әр жүректі бір шымшып дамылдайды.
Бұл не пәле, қарғам-ау, білесің бе,
Бұ не пәле, неғылған ауыр қайғы?!
Отыра ғой алдымда, қарақаным,
Мынау қолым, саусағың, алақаның.
Неге саған мынау жұрт қарамайды?
Тойың өтіп жатқанда, балапаным.
Неге, неге?
Білмейсің.
Мен білемін,
Мен айтайын кезегім келді менің.
Ей, өмірдің даңғаза қуанышы,
Түсінерсің бір кезде, сендіремін.
Айтпай жаным сірә да, жай таба ма,
Мен айтайын сен тыңда, байқа, бала!
Жалыны мол жастыққа кенелгенде,
Ата-анаңның қатесін қайталама!
Әуелі әнді тыңда, ән өлмейді,
Әнсіз тамұқ, кең болсын әлем, мейлі.
Әлемді кезіп жүрген махаббат бар,
Ән соны әрқашан да дәлелдейді.
Әнсіз жоқ нәсерде нұр, дауылда күш,
Ән сая — адам жаны дамылдағыш.
Сол әнді сорғалатып құйып жатыр,
Қираған радиоқабылдағыш.

II

Аттай төрт жыл екеуі достасқалы,
Екінші жыл жүректі тот басқалы.
Апырай, Алматыдан аттанарда,
Бағдатпен Бану неге қоштаспады?!

Ой, арман-ай, не деген сағым еді,

Секілді ғой даланың тағы желі.

Ажырасқан ақ қайың панасына,

Бей-жай боп Бағдат бүгін тағы келді.

Өтті уақыт ақ қайың өзгермепті,

Ал арман ғайып болып, көзден кетті.

Ішпей-жемей масайып, балбыраған,

Балауса, бал-шырынды кездер де өтті.

Тентек жел ақ қайыңды аймалайды,

Телміріп бала қайың жәй қарайды.

Бану жоқ, жапырақпен ойнамайды,

Бағдат тұр, бойда – дерті, ойда – қайғы.

...Күз бопты, асқарды бұлт тұмшалады,

Жел келіп жез қияққа мұң шағады.

Қатулы қабағына қаһар бұққан,

Қарт тауға қара нөсер мұң салады.

Қара бұлт қаралы ару түнереді,

Қарағай қара аспанға тіреледі.

Қаптай кеп қарбаласта қара қарға,

Қарайды қара тауға түнегелі.

Қара тау қара күзді ұнатпайды,

Қарайды, қамқор болып жұбатпайды.

Қарманып, қалжыраған қара құс кеп

Қайыңның бұтағына шуақтайды.

Табиғатта тірліктің бәрі де егіз

Қыс пен жаз, күз бен көктем, ән, лебіз

Махаббатпен масайрап жүрген шақта,

Мән бермейміз олардың бәріне біз.

Солай, солай...

Бағдат та екеу еді,

Екеуін бір-ақ арман жетеледі.

Өмірде жол ашасы басталғанда,

Бағдат қалды, ал Бану кете берді.

Махаббатын қыз Бану күйеледі,

Бағдат барып қайыңға сүйенеді.

Керуенін тартыпты батыс жаққа,

Кер тырналар – аспанның түйелері.

Бура шуда бұлттар да жөңкіледі,

Маңа барды, әлгіңдей мөңкімеді.

Жүректің шыңырауындағы әлгі бір ән,

Бағдаттың көзіне жас келтіреді.

Бұлт жөңкіліп барады, қарамайды,

Жел жетектеп барады қарағайды.

Әлсін-әлі жүректі дір еткізіп,

Санада сағыныш ән балалайды.

Бағдат тұр ұйып тыңдап әлденені,
 Ән келеді, шымырлап ән келеді.
 Нөсер тынды, қара құс бұтақтағы,
 Қауырсынан таранып, сәнденеді.
 Өректіп жел әлсіреп, баяулады,
 Асқарға кеп ақша бұлт аялдады.
 Ақ қайыңның бір сипап маңдайынан,
 Қырқадан Бағдат төмен аяңдады.
 Аяңдады, артына жалт қарады,
 Сырлы қайың сидиып қап барады.
 Тұла бойды тұлпардай тықыршыған,
 Бір жылы әуез жүректі ақтарады.
 Бір келеді жылы әуез, бір кетеді,
 (Жолағысы келмейді-ау тілге, тегі...)
 Алатаудың адуын ақ өзені,
 Бар аймақты барынша гулетеді.
 Екінші жыл жүректі тот басқалы,
 Неге Бану кетерде қоштаспады?!
 Күйген жері күлдіреп, жазылмайтын,
 Күй-көңілге қыз Бану от тастады.
 Неге Бану сертінде тұра алмады,
 Қандай ғана өзөзіл ылаңдады!
 Алғашқы өнім эфирден шырқалғанда,
 Неге, неге құттықтап, қуанбады?!
 ...Әлі есімде, жазы еді Алматының,
 Аясы еді Алатау жәннатының.
 Арқа сүйеп қырқада ақ қайыңға,
 Отырып ек шат көңіл, жанда — тыным.
 Ол сол күні мұңайып, көп қарады,
 Айтпақ болып бір нәрсе оқталады.
 Сала-сала сүйіріктей саусағымен,
 Шашымды сипайды да тоқталады.
 Сол кезде қарағаны сондай бөтен,
 (Әлде мені кімсің деп ойлай ма екен.)
 Сонда білгем сезімнің құдіретін,
 Сезімде қанағат жоқ, тоймайды екен...
 Мен отырғам, бір нәрсе қиялдағам,
 Бану өзі өпкен-ді, ұялмаған.
 Соны білем, мойныма құлап қалған,
 Құрметті құшағын жия алмаған.
 Әрі қарай не болды байқамадым,
 (Дерт қайғысын қалай деп айта аламын)
 Етпетімнен құлаппын есім жиып,
 Бану деген есімді қайталадым.
 Дерт қайғысын қалай деп айта аламын.

Жалтақтап жан-жағыма алаңдаймын,
Алаңдаймын, Бануды таба алмаймын.
Төңіректе дүниенің бәрі бөлек,
Өмірге жаңа келген адамдаймын.
Байқадым да бетімді жер сүргенін,
Табиғат, тажалыңды келтір дедім.
Сонда сездім, күтіп ем, сонда сездім,
Өз білгенін істепті дертім менің.

Жоғалып махаббатым, барша тілек,
Отырдым ақ қайыңға арқа тіреп.
...Ақ қайың, арман қайың, амалым не,
Аяңда талай-талай бал татып ек...

Ақ қайың, сырлы қайың, арман қайың,
Ақ қайың, арман қайың, тарлан қайың!
...Артына композитор қарай берді,
Асылы сенде бұғып қалғандайын.

Ақ қайың, арман қайың, ару қайың,
Саянда сауық дайын, дамыл дайын.
Бағдаттың жүрегінде ән болып қал,
Ақ қайың, бала — қайың, Бану — қайың.
Махаббат, о, махаббат салауатты!
Сені адам өміріне бағалапты.
"Ақ қайың" деп күбірлеп Бағдат міне,
Мың қайталап бір үнді бара жатты.

Сабыр, сабыр, ей, Бағдат, қысылма құр,
Әнің даяр, қарындаш ұшында тұр.
Мына күзде көз салшы жан-жағыңа,
Әр теректен мың жүрек ұшып жатыр.
Әнінді жаз, әнсіз жоқ дауылда күш,
Жел ызыңдап әкетсін Бануға алыс.
"Ақ қайыңды" эфирден ұстап алсын,
Ауылда радиоқабылдағыш...

III

Жылдан асты екі жас табысқалы,
Бәрі ортақ; арман, тілек, намыстары.
Елеусіз арасында екі өмірдің,
Бағдаттың бейнесі де алыстады.
(Деп жүрміз ғой қыздардан осал бар ма)
Қыз жүрегі сыр бүккіш қашаннан да.
Бану да құпиясын құмға көміп,
Жасырды жарым деген Асаннан да.
Сыр ашуды борышым деп санамады,
(Кім білсін, татулықты бағалады)

Кешегі махаббаттың орынында,
Жазылмайтын мерездей жара қалды.
Жасыратын жас гүлге жаққандай от,
Жасыратын Бағдатқа атқандай оқ,
Көрінетін құлаған әлсіз дене,
Ақ қайыңның түбінде жатқандай боп.
Бәрі есінде: Бағдаттың құлағаны,
Өзі шошып, аулақта жылағаны...
Құры сүлде қарманып қозғалғанда,
Тайып тұрған, көруге шыдамады.
Ол дерттің түсінбеген не екенін де,
Кете барған үрейдің жетегінде.
Жылдан асып барады Бану, міне,
Жар да сүйді, жайлы орын мекенінде.
Мекенінде, бірақ та ұмытпайды,
Күндер өтсе, сол бір жай жуықтайды.
Қоныстанып жатты оның жүрегіне,
Қайдағы бір қайрымсыз суық қайғы!
Солай, Бану, адастың арманыңнан,
Аша жолда арбаң тұр аударылған.
Сезім дейтін істейді өз білгенін,
Жасырасың несіне жан жарыңнан...

* * *

Түс мезгілі, жұбайлар отырысты,
Тату-тәтті, "махаббат" оты күшті.
Әзір ғана әсерлі қос жұбайға,
Жайсыз жағдай тап болды өкінішті.
Отырысты, әр неден сыр ақтарды,
Бір-біріне жаудыртып сұрақтарды.
Асан күліп, орнынан тұрды дағы,
Радио құлағын бұрап қалды.
Ендігі сыр кешкіге аман қалды,
Жұбайлардың мылжыңы тамамдалды.
"Музыкасы: Мамыров Бағдаттікі,
"Ақ қайың", — деп бір жаңа ән хабарланды.
"Ақ қайың, сырлы қайың, арман қайың,
Сырыңды айт, құр бекерге алданбайын.
Айналып неге саған келе берем,
Аяңда бір асылым қалғандайын.
Ақ қайың, арман қайың, ару қайың,
Сыр айтшы жанымменен қабылдайын.
Айтшы сен, махаббатым қайда кетті?
Көктемде самал құған сағымдайын.

Арманың әлі менің жүр есімде,
 Бар санам сағынышпен күресуде.
 Апырау, қайда менің махаббатым,
 Ақ қайың, айтшы маған білесің бе?"

Бөлме ішінде баяулап қалқыды да,
 Ән тынды, сөнген шамдай шалқыды да.
 Банудың жанарынан жас парлады,
 Қолқа, жүрек тығылып алқымына.

Жылауға да хақың бар, жыла, Бану,
 Жараңды жаза алса егер жылағаның.
 Махаббат тәттісіне тойдың дағы
 Адастың, ащысына шыдамадың.
 Мен сені жұбатпаймын жыла, Бану!

Бану, сені аяймын, қиналамын,
 Керек емес жасыңды тыймағаның,
 Бір адамның басына бар бақытты
 Қашан көрдің табиғат сыйлағанын?

Сен адал махаббатты күйеледің,
 Сен даяр махаббатқа ие ме едің?
 Аурумен арпалысып жатқаныңда,
 Бағдаттың басын неге сүйемедің?

Шын сүйген шыр айналып кетпес еді,
 Керек етсе, ажалмен шектеседі.
 Асықпа әлі, "Ақ қайың" қайда жүрсен,
 Арыңның алдына кеп беттеседі.

Жыла, Бану, мен сені жұбатпаймын,
 Аяймын, жыла, жыла, қуаттаймын.
 Халқым жазған махаббат дастанын ап,
 Ақ қайың аясында шуақтаймын.

Асаңда "бұл не?" деген сұрақ қалды...
 Бәрін де айтты Бану, сыр ақтарды.
 Содан бастап бұл үйге суық кіріп,
 Терезенің алдында шуақ қалды.

Бірге келдің, ей, сәби, білемісің?
 Екі адамның бір ғана жүрегісің.
 Екеуінің бір ғана тілегісің,
 Бірге келдің бүгін сен, білемісің.

Білемісің не болды ата-анаңа
 Бықсып жанған ол қандай от арада.
 Қуанышың еді ғой, балапаным,
 Осылай да туған күн атала ма?!

Не өзәзіл бұл үйде ойнап өтті,
 Не күш келіп бұл үйді ойран етті?!
 Қуанышқа жиналған қауым қайда,
 Қуанышты қонақтар қайда кетті?

Әкең жатыр неліктен төсекте аунап,
Сезім, сезім... Екеуін өш етті-ау, қап!
Білемісің, ей, сәби, қонақтардың,
Ауызынан барады өсек қаулап.

Не көрінген бұл үйдің адамына?!
Қуанбайды қаз басқан қадамыңа.
Неге сенің жан анаң бір күрсініп,
Ауық-ауық қарайды жанарыңа?!

* * *

Басың көтер, ей, Асан, көтерілгін,
Бану, сен, жар қадірін жете білгін.
Сен аман бол, ей, сәби, сен аман бол,
Сен межесі — тоғысар екі өмірдің.
Бұл өмір ғой, мұндай жай кезігеді,
Бадана көз батырым, сезін енді,
Сен барсың, сен тірісің әрқашан да,
Тек алғашқы махаббат, сезім өлді.
Қос өмірге меже боп көрінесің,
Сен осы үйге шуақ боп төгілесің.
Баданадай көздерің бақырайып,
Ей, өмірдің иесі, не білесің?..

1965 ж.

* * *

Тауға шығып еңтігіп,
Етегіңді жел түріп,
Енжарлықты өлтіріп,
Тұрсаң-ау бір желпініп!
Қарағайлар қапталда,
Қыран ұшып шатқалда,
Сәби-өзен шырылдап,
Жер тепкілеп жатқанда,
Пай, пай, шіркін, не жетсін
Сол бір сұлу шақтарға!
Омырауыңды ағытып,
Аунай кетсең мақпалға,
Одан артық бақ бар ма?!

1966 ж.

РАҚМЕТ, ДАЛА!

Дала, рақмет саған,
Асырдың-ау даңқымды,
Қуанттың-ау халқымды,
Алып төсіңе алып қазан орнатып,
Сапырдың-ау алтынды.

Пай-пай, неткен маңғаз едің
Білмейтұғын шалқуды.
Тұрсаңшы,
Билесеңші бізбенен.
О, менің Жерұйығым.
Асан атам іздеген!
Қатыгез кездерінде
Қасиетті халқым сенен күдер үзбеген,
Сенен бақыт іздеген,
Тұрсаңшы,
Тойласаңшы бізбенен.

Тұрсаңшы,
Көрсеңші кеудеңдегі кереметті.
(Нелер келіп, басыңнан нелер өтті...)
Самалдап, бір жамбастап жатарсың тек,
Ырысқа орап қойып төңіректі.

Билесің бе, Дала?
Біз сені
Жүрегімізбен жылыттық,
Ашшы терімізбен суардық.
Сенің үшін бәрін де ұмыттық,
Ұмыта жүріп қуандық.
Дала, рақмет саған!

Білемін ғой, сүймейсің босқа шуды.
(Есімде, даурықпадан жалыққаның)
Қан төкпей-ақ тер төгіп достасуды,
Ұлы Далам, тағы да анықтадың.

Ұлы Далам, не деген керім едің,
Жаратқан ғой бағыма сені менің,
Дүбірлетіп, әнеки, бара жатыр
Алтын артқан шаңқан боз керуенің.

Дала, рақмет саған!
Ырыс қосып жатырсың ырысыма,
Ағыл-тегіл жүректен нұр ұшыра,
Алтыныңды толтырып уысыма,
Дала, рақмет саған!

1966 ж.

ОТАН ТУРАЛЫ

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: "Отан!" — деп сыбырлаған
Жаным менің, Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!

Отан!

Отан!

Бәрінен биік екен.

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Отанды сүймеуің де күйік екен,

Отанды сүйгенің де күйік екен...

1966 ж.

* * *

Елім!

Саған ғашықпын.

ғашықпын саған:

Құмарымды қандырмап едім.

Батыр болып, бақ қонып, асып тұрса адам,

Қаруы жоқ құлың ғой алдыңда сенің.

Мен іздеп жүрген жер-көкте,

Арманым менің, ақылым менің.

Елім — үілдеп жатқан жөргекте —

Сәбиім менің, батырым менің.

Өмірдің қосын доғарып,

Бітсе екен сенің туыңда демім.

Жүз рет өшіп, жоғалып,

Қайыра тағы оңалып,

Табылған елім!

Бауырмал елім!

1966 ж.

ШҮҮ, ЖАНУАР

Жігіттер! Ал мен енді серпілемін,

Соқ, самал; бөс, бораным; желпі, желім!

Келмейді уайымдап жер тірегім,

Несіне үһілеймін, еңтігемін,

Енді мен желпінемін, желпінемін!

Күйіне домбырамды келтіремін,
Күйінген күйінішті өлтіремін!
Қуаныш — ғұмырымның кенті менің,
Өмірге мен келгенде сен тұр едің,
Сен неге сендей ағып мөңкімедің?!
Енемнен жаратылған еркін едім,
Енді мен серпілемін, серпілемін!
Ақтабан атым қайда ала қашпа,
Тарт көлденең, байлама мама ағашқа.
Ей, бала, ағаңменен жағаласпа,
Бала деген артына қарамас па?
Сабай берме тайыңды, қара қасқа,
Мерт боларсың мына бір жағаласта.
Алды-артың алай-түлей шақ адаспа,
"Абай бол" деп бітеді сана басқа.
Тізгініңді тарта тұр, қара қасқа,
Байқап-байқап жүргейсің, бала, жаста!
Шүү, жануар, қанатым — Ақтабаным,
Артқа таста талайдың мақтағанын.
Тежемен тізгініңді, қақпағаным,
Медет маған межеден аттағаның.
Тұяғында тұлпардың жатқан арын
Ажыратар арасын ақ, қараның.
Қайтсін жұрттың қармана даттағанын,
Шүү, жануар, тұлпарым Ақтабаным!

5.1.1966 ж.

ОТЫЗ БЕСІНШІ КӨКТЕМІМ

35 жыл.
Отыз бесінші көктемім,
35 жыл.
Уақыт қой көп-көрім.
35 жыл қуарып,
35 жыл көктедім.
35 күз, 35 қыс, 35 жас,
Осал өмір емес қой отыз бес жас...
35 жыл.
Әмірді кезіп келем.
Және 35 бола ма?
Сезіктенем...
Әкем менің есімде, шам түбінде
ВКП(б) тарихын ежіктеген.

Және бір сәт есімде ақпандағы,
Әкем отыр майданға аттанғалы.
Бәрі есімде
Дала, егіс, ауыл, мектеп,
Ұстаздар, интернаттың қатқан наны...
Бәрі есімде — далам да, тұрағым да,
Тек есте жоқ, күлдім бе, жыладым ба.
Балалық шақ жарбиып жүретұғын
Өгіз жеккен соқаның құлағында.
Шаруаның баласы болғасын ба,
Шаруамен айналдым он жасымда.
Майдандағы әкеме оқ жібердім,
Айырбастап күлшемді қорғасынға.
Әжем есімде.
Әрнеге қозбайтұғын,
Әріден көп әңгіме қозғайтұғын.
Темір керней есімде...
Боран үрсе,
Азалы үнін аңыратып боздайтұғын.
Есімде жоқ,
Бала боп өсіп пе едім?!
Болсам, неге жылы сөз есітпедім?!
Есімде тек,
Білемін жеңіс-құстың
Біздің жаққа бір апта кешіккенін.
Осылай өскемін.
Мен — солдаттың жаңдырып кеткен жалыны,
Сөнбедім де өшпедім,
Мен отыз бестемін.
Мені жұрт:
"Жақсыдан қалған көз", — дейді,
"Жақсыдан қалған сөз", — дейді,
Ақымақ болсам, төзбейді:
Хайуан дейді, ез дейді,
Хақым жоқ жаман болуға,
Мені жақсыдан қалған көз дейді.
35 жыл.
Бітпеген істерім көп.
(өткен өмір тәтті бір түс көрінбек)
Арым аппақ.
Айта алман, өкінбен де,
Өзгелерге қиянат істедім деп.
Биік болса болғаны болашағым,
Мен аласамын.

Өмір сахнасына алған заңды билетім бар.
Заңды орныма таласамын!!!

35 жыл.

Отыз бесінші шуағым

35 жыл күлдім,

35 жыл жыладым.

Кім біледі,

35 көктем,

Енді қанша тұрамын?..

35 күз, 35 қыс, 35 жаз

Осал өмір емес-ау отыз бес жас...

1966 ж.

* * *

Біздің үйге көктем келді, қыз келді,
Қызығың да, тамашаң да бізде енді.
Неғып жатыр әнуар — шұжық, балқаймақ, —
Нөкерімен шауып кетпей біздерді...

Біздің үйге Шолпан келді, Шолпаным!

Шолпым менің...

Қызыққа енді шолпамын.

Мінезіңнен...

Мінезіңнен қорқамын,

Лашынға тартқан-ау деп жортамын.

Қызым менің, күлкім менің, сауығым,

Базарым да, бауырым да, ауылым.

Қандай ғажап, қарақаттай көзіңнен

Қарап тұрған мен өзімді танымын.

3.V.1966 ж.

* * *

Сен — гүлімсің.

Қарағым, сені кім еккен? Сезімбісің?

Шыққансың қандай жүректен!

Жанарда тұрған жалғыз тал

әлде тамшы ма ең?

Жалт етіп бірде кірпіктен ырғып, дір еткен?!

Әнбісің әлде?

Неткен үн сені шырқады? Әлде сен,

қалқам,

Бозарып атқан қыр таңы. Сезіп тұр санам,

Сен өзің, сірә, болғайсың

Жалғандағы осы жақсының ғана ұрпағы.

Қинама мені.
Айтсайшы маған, сүйіктім?
Адасып жүрген лағымысың киіктің?
Айтсайшы, қалқам, бұлағымысың әлде сен
Бұрқанып жатқан мендегі теңіз-күйіктің?

1966 ж.

* * *

Келші бермен, саған бір сыр айтамын,
Күлдіремін, қаласаң, мұңайтамын.
Қармансам да, қаншама оқталсам да,
Көкейімде әлі жүр бір аңсарым.
Қоймай оны бір кезде ақтарармын,
Кере айырып кеудемді ақталармын.
...Түнеу күні түнерген суық күзде
Құлазыған сұп-сұрғылт баққа бардым.
Сарнауық жел сырнайлап басылды ұлып
Жатыр екен жасыл бақ шашын жұлып.
Қойғаны-ай мына қырсық табиғаттың
Дүлейге дүниені басындырып.
Ажарынан ада боп ақыл-көрік,
Азаптан да өлімді мақұл көріп.
Розалар семіпті, бағбан өне
Қаза болған қыздарын жатыр көміп.
(Бес тиын ғой бәрі де бәдігіңе),
Дүлей кімнің қарасын қадіріне.
...Күрегіне сүйеніп бағбан ата
Қыздарының қарайды қабіріне!
Күз байқатар өмірдің өткендігін,
Сарғаяды, семеді еккен гүлің.
Сондықтан да күзге мен өкпелімін,
Сондықтан да сағынам көктем күнін.

19.VI.1966 ж.

* * *

Досым менің, барады мезгіл өтіп,
Мезгіл өтіп барады, тоқтамайды.
Ұры өмірді уақыт — жел күзетіп,
Ұстамақ боп бір сәтке ноқталайды.
Жылдар ағып барады, жылдар ағып,
Аударылып теңіздің арнасында.
Жылап-сықтап әнеки түр балалық,
Біз теңізге секірген жар басында.

Шыдармын ба бақытты таба алғанша,
Барады өтіп несібем кенде менің,
Амал қанша, досым-ау, амал қанша,
Жақсы еді ғой өмірге келмегенім.

23.VI.1966 ж.

* * *

Мен өскен лашық — бір бөлме,
Бір бөлме сенің іргеңде,
Білгенімді істеп жатушы ем
Сонау бір алыс күндерде.
Мен өскен лашық — бір бөлме,
Бір бөлме — маған мың бөлме,
Хан тағы қараң қалатын,
Босағанды аттап кіргеңде.
Қонақпен күнді батырып,
Қонақ боп атып таң нұры.
Тұратын еді шақырып
Әжемнің аппақ жаулығы.
Мен өскен лашық — бір бөлме!
Болғансың пана кімдерге?
Ат ерттеп жатқан жас жігіт
Жарамады үйге кір деуге.
Демесе, мейлі, демесін,
Көрмеген нені бұл кеуде.
Жұрт едік қой ниеті кең,
Ей, жігіт, саған не етіп ем?
...Әкемнің қара шаңырағын,
Сатты екем неге... өкінем,
Өкінем, жігіт, өкінем!
Осалдан емес қырсығы,
Осы үйдің едім қыршыны.
Рұқсат болса, жігітім,
Су берші маған бір шыны?
Сыйламас іні сен бе едің,
Сый білмес аға мен бе едім?!
Су берші маған, інішек,
Су берші маған, шөлдедім!..

6.VII.1966 ж.

* * *

Сананы сары уайым сарылтқанмен,
Тынысты тұйық тұман тарылтқанмен,
Үзбеймін күдерімді жарықтан мен,
Үзбеймін күдерімді халықтан мен!

Қақым жоқ тағдырыма қалтырдарға,
Қақым жоқ болашаққа салқындарға.
Сенемін, түспек емес нарқым дауға,
Сезетін жүрегімді халқым барда.

6.XI.1966 ж.

* * *

Кем болып жаралғам жоқ мен ешкімнен,
Кейбіреуге қарыздар емеспін мен.
Пейілімді теңізбен таластырып,
Тереземді аспанмен теңестіргем.
Досқа сыйын, заһарын шашар жауға,
Қарыздармын халқыма қашаннан да.
Қабырғасы қайысып қарт әжемнің,
Қалай тұрам, көзіне жас алғанда.
Қайғы түссе басына бір ағаның,
Қалай ғана шыдап мен тұра аламын.
Жасын сүртіп солардың, бірге жылап,
Бірге күліп солармен, жұбанамын.
Ести тұра шырылын жас баланың,
Қалай ғана алшаңдап, мастанамын.
...Тік көтеріп сәбиді уатпасам,
Сәби-халқым, саған мен масқарамын.
Сәби-халқым, сарыла сыр ақтарам,
Жалған ой, жасырын күй жырақ маған.
Сенің үнің меңдегі, сенің жырың,
Сенің ойың санамда тұрақтаған.

6.XI.1966 ж.

САҒЫМ

Есімде ессіз менің бала шағым,
Болмасқа әжемменен таласамын.
Қиыры жоқ даланың сахнасында,
Сағым болып ойнайтын болашағым.
Теңіз болып жер беті тербелетін,
Қыбыр-қыбыр дүние сеңделетін.

Таулар алып кемедей жүзетұғын,
Желпіндіріп желкені желге бетін.
Сиқырлы сан мың сәуле төгілетін,
Сан мың өрнек сәнімен өрілетін.
Көз ұшында мазарлар көтеріліп,
Тәжі Махал сияқты көрінетін.
Сағым ойнап тұратын көпке дейін,
Бірде жылжып, шегініп шетке кейін.
Көрші ауылдар ғайып боп алыстайтын,
Аңсап өткен модалар Мекедейін.
Табиғат сиқырына аңырғамын
Аңырғамын, алысты сағынғамын.
Жоққа сенгіш сәбилік қайдан білсін,
Сағымнан әрі тағы сағым барын.

8.XI.1966 ж.

* * *

Жол ұзақ,
Шаршадым, шөлдедім,
Қимайды үп еткен жел лебін.
Ғарышта қалықтап бұлт болып,
Ақ жаулық желпіген сен бе едің?
Жол алыс,
Бусандым, терледім,
Ентіге алады жер демін.
Қиырда, қияннан мөлт етіп,
Көл болып көрінген сен бе едің?
Жол шалғай,
Бос ойлар — ермегім,
Сырласар тірі жан көрмедім.
Көңілде күй болып күмбірлеп,
Жүрекке жыр берген сен бе едің?
Жол қиян,
Қиналдым, шаршадым,
Жүрді екем шақырым қанша мың?
Жүрсем де шақырым қанша мың,
Сонша мың мен сені аңсадым.
Жеттім-ау,
Жеттім-ау, шөлдедім,
Шөлдедім, сен неге келмедің?
өміріме еш тағат таптырмас
Айнымас үмітім сен бе едің?

9.XI.1966 ж.

* * *

Қарғам-ау, қайдасың сен, жүрсің бе есен?
Хабар бер қасиетімді білсін десең.
Зіл батпан көкірегім көтертпейді,
Демігіп әлсін-әлі күрсінбесем.

Енжарлық, көңіліңдік, езілемін,
Қалғандай қара жаяу сезінемін.
Егерде осы өмірде бақыт болса,
Сол бақыт менің үшін өзің едің.

Есімде ақырғы үн, ақырғы леп,
Ақ моншақ жанарыңнан атылды кеп.
Үндесерге тіл келмей, амал қанша,
Қош дедік алғашқы рет, ақырғы рет.

Қайдасың, хабарың жоқ, өтгі уақыт,
Сан жылдар жігерімді кетті уатып.
Жетім құлын секілді көшке ілескен,
Сенімен кетті жастық, кетті бақыт.

10.XI.1966 ж.

* * *

(Л-ға)

Көңілім менің басылды,
Шегіне жеттім төзімнің.
Сүйе де менің басымды,
Бұршағын аршы көзімнің!

Сүріндім, оңбай сүріндім,
Кінәлі мына бір басым.
Алдыңа келіп жүгіндім,
Ақылшым әрі сырласым.

Сүйеші мені, қасыңа ал,
Құлауға, міне, пәс қалдым.
Ақындық деген — ашымал,
Ашымалға елтіп, мастандым.

Адуын жүрдім қашан да,
Адымым алшақ, бекем бой.
Арыңдап кеткен асауға
Ауыздық керек екен ғой.

Күнәсіз, бейқам жас күнді
Сұрама менен, жоқтама.
Асауың, міне, бас білді,
Ауыздық сал да, ноқтала.

Белгілі рақат таппасым,
Басылды, бітгі желігім.
Арқама ерің батпасың,
Аяшы мені, серігім!

11.XI.1966 ж.

* * *

Заулап өткен заман-ай, құр аттайын.
Сырғанаған күндер-ай сынаптайын.
Өксі, көңіл, өткізген сәттеріңе,
Өксі, көңіл, мен сені жұбатпайын.
 Белгісіз қыр аса ма, сай бара ма,
 Асығады осы өмір қайда ғана?!
 Көшін тартып барады шіркін жастық,
 Оянғасын қарасам айналама.
Қалмасам деп сол көштен далбасалап,
Жалын тартып асаудың жармасам-ақ,
Адуын ат ауыздық салдыртпайды,
Қараң қалған мені бір жанға санап.
 Өттең-ай, құлағыңнан басып тұрып,
 Басып тұрып, арқаңды қасып тұрып;
 Жастық көшін жалтартпай қуар едім,
 Шалқыта көбігіңді шашып тұрып...
Өксі, көңіл, мен сені жұбатпайын,
Өксі берші жалғыз тал бұлақтайын.
Күзден қалған күрең бір жапырақтай,
Жармасып ап жағаңда шуақтайын.

14.XI.1966 ж.

* * *

Иығыма ылғи асылған,
Күнім бар менің, түнім бар.
Өзгеден ұрлап жасырған
Өзіңдік менің мінім бар,
 Түзетер соны кімің бар?
 Тар кеудемде өшпеген,
 Талықсып шыққан үнім бар.
 Көктеген, бірақ өспеген,
Бағымда раушан гүлім бар.
Тыңдайтын үнді кімің бар?
Мәпелер гүлді кімің бар?
Тамылжып тұрып сөйлесең,
 Тамағың — бұлбұл, тілің — бал.
 ...Суықта қалдым жейдешең,
 Көзіме қара, мұңым бар.
 Сезінер мұны кімің бар?
Көрсетпе маған жасуды,
Көретін алда күнім бар!
Ауырлап жүрмін басымды,
Айықтырар кімің бар?..

14.XI.1966 ж.

* * *

Жігіттер, басымда екен бар салмағым,
Кезбе аяғым, несіне алшаңдадың?
Болғанына мәз болып жүріпін-ау
Түлкі тұмсық бөтенкем, тар шалбарым.
Салмағымды көтерген, жасымаған
Бар мүшем де, болса екен басым аман.
Шаруадай кетпенін арқалап ап,
Бас екен ғой бәрін де асыраған.

18.XI.1966 ж.

* * *

Сонау бір жазда, жайлауда,
Соғыстың кезі, қой баққам.
Көңілім келмей байламға,
Көп нәрсені ойлантқан.
Астымда тарпаң дөненім,
Торсықта шырын қымызым.
Миымда шикі елеңім,
Қайнайтын келіп күн ұзын.
Қайнайтын, шіркін, піспейтін,
Маздатып қойып оттығын.
Өзімді өзім күштейтін,
Қазіргі жағдай жоқтұғын.
Қойнымда дәптер, қаламым,
Қайтатын үйге жазылмай.
Сағымы сабыр даланың
Айта алмай жүрген назымдай.
Жүтірген төмен құлдырап
Көрдім де таудың бұлағын.
Көзімнің алды бұлдырап,
Қалқайып екі құлағым,
Қабаржып үнсіз жыладым.
Сондағы көздің жасынан
Ләззат алғам, нансаңыз.
Сұраңыз әрбір тасынан
Еліме менің барсаңыз.
Сұрапыл, сұрғылт, ашулы
Сұраңыз таудан, асқардан.
Сондағы тамшы жасымды
Кем көрмен ұлы дастаннан.
Бұлақтан барып сұраңыз,
Көрді екен, кімді білді екен...
Бұғынып қалған бір аңыз
Бұйығып тағы жүр ме екен.

Жартастың жонын ұрғылап,
Кеудесін сайдың тепкілеп.
Сұрар ма екен бір бұлақ;
— Сол бала қайда кетті? — деп.

18.XI.1966 ж.

* * *

Жүр.
Кеттік біздің ауылға,
Келістік.
Әкел қолыңды!
Шөйіліп күнәң жауында,
Найзағай оссын жоныңды.
Астыңа дүлдүл ат беріп,
Қиямен тауға айдайын.
Қияннан, кәне, ат келіп,
Алдыңа киік байлайын.
Биікті нағыз көргенде,
Жүрегің лоблып айналсын.
Биіктен қарап дөндерге,
Даңғаза басың ойлансын.
Көп айтушы едің тұнықты,
Тұнықты нағыз көр енді.
Алдыңда бұлақ тұрыпты,
Батыра көрме денеңді.
Тұныққа төніп қара да,
Тұнық боп көрін халыққа.
Ақ па екен дүзің, қара ма,
Өзіңді өзің анықта.

19.XI.1966 ж.

* * *

Жүрегімде жүргені-ай бір қауіптің,
Сабағындай шырмайды шырмауықтың.
Үмітпенен, арманмен, күдікпенен,
Өтіп жатыр зымырап зырлауық күн.
...Шешем менің еңкейіп бара жатыр,
Қай күні келер екен нала "батыр".
Жел маған сыбырлайды аят оқып:
"Бір күні айрыласың, қара да тұр".
Кім білсін, көңіл қандай күй кешеді,
Қаңырап қалуы оңай үй кешегі.
Алаңдаймын алтыным жоғалғандай,
Анамның көрінбесе кимешегі.

Шешем менің — иілген сұрау белгі,
Сәл ғана шаттық көрді, жылау көрді.
Қалай ғана қалпына келтірерсің,
Дауылдар майыстырған мынау белді.

Ұлың сені ұрмаққа бергісі жоқ,
Ұрмағың да тамұқ қой: көргісіз от.
Осылай көз алдымда жүре берші,
Сұраулы сөйлемдердің белгісі боп.
Ақ кимешек астынан сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса нені көрем?!

19.XI.1966 ж.

* * *

Ауыл түні бозғыл торғын мақпалдай,
Аспан жерге таңырқап тұр ақ маңдай.
Бір-біріне ғашық екі дүние,

Сырласа алмай, мұңдаса алмай жатқандай.

Құс ұшпайды, жел еспейді, тып-тынық,
Жұлдыз қандай, жұлдыз қандай түп-тұнық,
Жер мен Аспан.

Екі алыптың қойнында

Ұйықтап жатыр ұлан-ғайыр мықтылық,

Сал дүние, самала аспан, жарық кеш,

Жаймашуақ жаздың түні мамық төс.

Құс жолында керуенін доғарып,

Ұйып қана ұйықтап жатыр алып көш.

Сыр дүние-ай, сиқырың көп не түрлі,

Бір көрсетпей өтесің-ау бетіңді.

...Жанып-сөнген, жанып-сөнген жұлдыздар

Іңірдегі стадион секілді.

(Үздік-создық шырпыларын жаққандай).

Ауыл түні.

Ауыл түні мақпалдай.

Аслан мен жер бозғыл шәйі жамылып,

Сырласа алмай, мұңдаса алмай жатқандай.

21-22.XI.1966 ж.

* * *

Түсті есіме бір нәрсе түнде менің,
(Мәссаған, бұрын неге білмегемін...)

Өлі ұйқыны төсекте қалдырам да,

Таңсәріден оянам, түргелемін.

Түргелем де, таямын ауылыма,

Жараспайды қалаңыз тау ұлына.

Кеңірдектен тойдым-ау, жетер енді,
Бұл қаланың ойыны, сауығына.
Қойдым деп енді өтірік даналықты,
Барамын да, құшамын тау алыпты.
Балағымды тіземе түремін де,
Жалаң аяқ іздеймін балалықты.
Алшыңнан деп асығын лақтырып,
Асау тайын шыбықпен құлаққа ұрып.
Жүрген шығар, кім білсін, балалық шақ,
Жардан жарға секіріп лақ қуып.
Мақпал түнім тұрғанда, ұлы таңым,
Қымызды да, қызды да ұмытамын.
Қозы түсте жылғаға шомылам да,
Жанып жүрген жанымды суытамын.
Көйлегімді ескек жел жұлмалаған,
Жалаң аяқ жар кешіп, қырға барам. —
Мына иттің күшігі қайдан жүр? — деп,
Тұлымымды сипайды Құрман ағам.
Содан кейін шертеді ол ертектерді,
Үлгі етіп нағыз батыр еркектерді.
Ағайыма мен де айтам ауылдағы
Жәбір-жапа көрсеткен тентектерді.

23.XI.1966 ж.

МАЙГҮЛГЕ

Қалақтай едің,
Қабірінде қалақ тұр.
Туғаныңды, өлгеніңді санап құр.
Сенің аңқау құлағыңдай қалқыып,
Қыр басынан қала жаққа қарап тұр.
Қызым менің,
Гүлім менің,
Аяулым!
Жатыр молаң жотасындай қоянның.
Құлпытастың құны маған бес тиын,
Бірақ таспен қалай жаншып қоярмын?!
Қойман, ботам.
Керегі не көк тастың.
Қыста ақ қар, жазда шалғын шөп бассын.
Өзің келген май айында ақ нөсер,
Ағыл-тегіл бізбен бірге жоқтассын.
Керегі не көк тастың?!

27.XI.1966 ж.

Суық күз.
Сермеп жатыр жел ескегін,
Сен сонда көктем болып елестедің.
Жел жағыма панадай қайыспай тік,
Қалқандай қайрат берген емес пе едің?
Қыс келген, қырау тұрған кездерде де,
Маздаған шуағыңды сезген дене.
Ұмытты деп ойлама жақсылықты,
"Жалаң аяқ құдайдан безген неме".
Көктемге де сенімен еріп келдім,
Көктем тұрған бағымды келіп көрдім.
"Көрінгенге иілме, майыспа!" — деп,
Көңіліме төкашпар желік бердің.
Жаздың да жан шөлдетер аптабыңда,
Жан сусынын баса алмай жатқанымда;
Шыңыраудан шығардың шырын тартып,
Шырылдаған жүректі ап қалуға.
...Енді саған қараймын, қараймын да,
Шырқ айналам шабақтай ақ айдында.
Сыйыңа сый, жарқыным, қайтаруға,
Халім менің келе ме, жараймын ба?!

27.XI.1966 ж.

* * *

Жоқ күндерім бар күндермен өтеліп,
Баршылыққа, таршылыққа ет өліп;
Күйігім мен қуанышым қолдасып,
Келе жатыр мені иыққа көтеріп.
Екі дүние, екі мінез әр алуан,
Екеуі де орын тапқан санамнан.
Бақыт деген осы ма әлде, кім білсін,
Қайғы менен қуаныштан жаралған?!
(Мен еріксіз екеуінен қаймығам),
Қуанамын, қуанам да қайғырам.
Күйініш те маған керек сияқты,
Күйінішсіз шаттығымнан айрылам.
Жоқ күндерім бар күндермен байыпты,
Бар күндерім жоқ күндерге айыпты.
Мәңгі-бақи шаттықта өту мүмкін бе?
Адаммын ғой, қайғыру да лайықты.
Аң емеспін, адаммын ғой, санам бар,
Шаттығымды бөлісіндер, жарандар!
Көкте күнім тұрған сәтте нұр шашып,
Жай ойнатқан бұлтыма да қараңдар.

27.XI.1966 ж.

* * *

Пай, пай, өмір!
Өтесің-ау бір күні.
Тыясың-ау қуанышты, күлкіні.
Өмір деген — бір жарқ еткен найзайғай,
Өмір деген — көк аспанның күркірі.
Пай, пай, өмір,
Өтесің-ау бір күні!

Болмағандай, жүрмегендей сенде біз,
Кетеміз-ау, әй, кетеміз,.. пендеміз.
Ұрпақтарға береміз де кезекті,
Біз кетеміз. Кету үшін келгеміз.

Өмір деген — бұйым емес қолдағы,
Өмір дейтін — ұлы бекет жолдағы.
Қаның кеуіп қаталаған кезінде
Сусыныңды қандырсаң бір болғаны.
Мына күн де, мына аспан да, дала анау,
Бәрі бізден, бәрі бізден қалады-ау!
Өмір дейтін — тағатсыз бір қозғалыс,
Өмір дейтін — өлемін деп қарамау.

28.XI.1966 ж.

* * *

Жынданба, жүрек, жынданба,
Жиылып досың тұрғанда,
Жиырып сені жентектер,
Жымысқы қайғы-мұң бар ма,
Жынданба, жүрек, жынданба!
Қызығы тайып, қызы өлген,
Жалғыз-ақ сен бе бұл маңда,
Қыс қайтып, жасыл көктемде
Қызғалдақ өсер қырларда.
Өкініш айтып өткенге,
Жынданба, жүрек, жынданба!
Сары алтын дейді сабыр іс,
Тепкілей берме өкпемді.
Қыз деген құрғыр сағыныш,
Сағынту үшін кеткен-ді.

28.XI.1966 ж.

* * *

Әй, табиғат!
Шеберсің-ау, шеберсің.
Көрмегенді көрсетерсің, берерсің.
Ұлан-ғайыр байлығыңды місе етпей,
Ашкөзденген адамдарға не дерсің?!
 Айың анау, Күнің анау, Жер міне,
 Ау, Адамдар!
 Жетпей жатыр енді не?!
 Табиғатқа таласпаңдар, ағайын,
 Асырайды ол сені, мені, елді де.

29.XI.1966 ж.

* * *

Қазір түн.
Таңғы сағат төрттің кезі.
Ойлар-ай!
Ойлар мені еттің мезі.
Қалтырап ғарыштағы үміттейін,
Қарайды қаладағы оттың көзі.
 Қайтем анау төсекті иі қанған,
 Сәл жантайсам болғаны — күйік, арман.
 Рақат-ау ұйқы да, әйткенменен
 Ұйықтамауы керек қой миы бар жан.
Батқан жоқ мамық төсек жамбасыма,
Талыға күтудемін таңды асыға.
Оп-оая, дәл осылай отырып-ақ,
Кім кепіл мәңгі ұйықтап қалмасыма?!
 Қазір түн.
 Көктем түні.
 Нөсер, нөсер...
 Иен тегін нұр-емендер жонын төсер.
 Ұйқысыз-ақ өтейін түн күзетіп,
 Өшірмейін шырақты, өзі-ақ өшер.

1966 ж.

* * *

Көтеріп шаңын көшенің,
Көгілдір "Волга" тоқтады.
Көңілге салып неше мұң
Жүрегім кімді жоқтады?!
 Аяңдап келем көшемен,
 Аңырып әрбір жаңа үйге.

Ұқсайтын едім кеше мен
Ана бір томпақ сәбиге.
Жадырап жатыр біртіндеп,
Жайнасын аулым, жайнасын!
Соғады жүрек бүлкілдеп:
"Атамның үйі, қайдасың?"
Саябыр тартты әл-демім,
Ұстаның дүкені алыс қап.
Соғады келіп әлдекім,
Балғамен тесті жаныштап.
Ұста еді ол да осындай,
Ұсталық содан қалған-ды.
Ұсталыққа енді қосылмай,
Уыстап жатыр жалғанды.
Жұртыңда қалды асыл іс,
Жұртына берді ол пайдасын.
Соғады жүрек асығыс:
"Атамның үйі, қайдасың?"
Атамның үйі, қайдасың?"

1966 ж.

* * *

Сағынып, аңсап барғанда,
Сағына күткен жан бар ма?
Оттары қайда аулымның,
Ошақ та сөніп қалған ба?!
Лақтай ырғап өскен ем,
Суатта, анау жарларда.
Өскен ем, өмір кешкен ем,
Осынау ұлы тауларда,
Осынау ойлы орманда.
Самала мынау белдерге,
Сағынып, аңсап келгенде,
Сарала шәйі жамылып,
Самауыр қойған жеңгем бе?
Сауығушы едім көргенде,
Күректей күрең сақалын,
Сұлтанбай атам өлген бе?
Астыңда ма анау жотаның?
Еліктей жортып өскен ем,
Еңіс пен қырат, дөңдерде,
Өскен ем, өмір кешкен ем,
Өнеге тұтып зердемде,
Осынау ұлы жерлерде...

Армандап, аңсап барғанда,
Алдымнан шыққан жан бар ма?
...Басымды ием тауларға,
Басымды ием орманға,
Бұлардан ыстық жан бар ма?..

1966 ж.

* * *

Туады, туады әлі нағыз ақын,
Нағыз ақын бал мен у тамызатын.
Жесірдің айырылмас сырласы боп,
Жеңдеттің көзінен жас ағызатын.
Туады, туады әлі нағыз ақын!
Жыр сөздері жай болып атылғанда,
Атылғанда, аспаннан оқылғанда,
Мылқауларға тіл бітіп, керең естіп,
Жанар пайда болады соқырларға.

* * *

Қажыдың, қарғам,
басылар ма екен аптығың,
Қалжырама, ерте жат бүгін.
Көңіліңе алған түсіңе енсін шаттығың.
Ертерек қамдан,
ертерек, қарғам, жат бүгін.
Боз атқа мініп,
боз тауға, мүмкін, шығарсың,
Боз көйлек киіп,
бозарған таңда тұрарсың.
Боз Айдай балқып,
бозарған көкте тұнарсың,
Бозарған жаным,
боз түске неге құмарсың?!
Аяулым менің,
Ақ бояу әлде арың ба?!
Арманың ба әлде бағың ба?
Қып-қызыл оттан бозарып
шыққан жалынға
Телміре бермей, ертерек бүгін дамылда.
Аяулым менің,
айналаң толы аппақ нұр,
аялап сені сақтап тұр.
Осылай, қарғам, түндерге
аппақ нұрыңмен аттап кір.

Қажыма, жаным,
бөлмеңді ерте аш бүгін,
Ойлардың бөге тасқынын.
Күтуде сені
бозарған төсек,
бозарған көрпе-жастығың...

2.XII.1966 ж.

* * *

Ол енді кетті,
Мәңгілік кетті қасыңнан,
Көрмейсің енді ол жанды,
Көңіліңе сенің бас ұрған.
Алтынға құмар ғашық жан,
Айрылып қалдың, айрылып қалдың асылдан.
Ол кетті сенің қасыңнан.
Асылдан бөлек,
алтынға несін құмарттың?
Жүрегіне оның жүк арттың.
Жаз болып күліп, жадырап тұрған
шуақтың,
Жасырып жүзін,
бұлт болып неге мұнарттың?
Сен үшін ғана,
сен үшін ғана арнайы.
Тағдырдың нелер
тартпады дейсің қандайын.
...Татады зәһар,
татады зәһар таңдайың.
Бақ емес, бауырым,
шыбын да тайып кеткендей,
Тайқы екен сенің,
тар екен сенің маңдайың.
Ұшқан құстардан
сан сәлем жолда сен, мейлің,
Ол кетті сенен,
Ол енді қайта келмейді.
Рухың сенің
сал-сахараларда шөлдейді,
Рухы оның
келмейді, бірақ өлмейді!!!

1966 ж.

* * *

Тағы да күз, міне, сары таңды ұзақ түн,
Уысында тағы да мен ұйқы дейтін тұзақтың,
Ой-хой, шіркін, тағы да бір күзді, міне, ұзаттым,
Өмірімнің есейгенін сезінемін күзде мен,
Алдағыма асығамын, өткенді әсте іздемен,
Ой-хой, шіркін, болашаққа құмармыз ғой біз деген.
Жүрші, жаным, қоңыр күзде серуендейік жырақта,
Қайтқан құстың әуенімен қоштасайық қыратта,
Күз өткенге кейімеймін, сағынамын бірақ та.
Қайтып бара жатыр, өне, сағыныштар-тырналар,
Ақ қайыңдар, тал, теректер... алтын сары
сырғалар.
Туған жердің кеудесінде тұнжырайды жылғалар.
Қайда кеткен жасыл алқап, жасыл орман, жасыл маң?
Қайда кеткен жақұт гүлдер паң далаға шашылған?
Қайда кеткен, қалай өткен, кімге барып бас ұрған?!
Қалай біздер қапелімде аңғара алмай қалғанбыз?!
Әтпеген-ай, неткен аңқау, неткен аңқау жандармыз?
Келіп қапты-ау сағыныштай сап-сары ала
арман-күз...

1966 ж.

* * *

Қап-қара ғажап сиқырлы
Қашпаңдар қара бояудан!
Қаңдырып уыз-ұйқымды,
Қап-қара түннен оянғам.
Қап-қара түнді көрдім де,
Жап-жарық таңға кездестім.
Қарасыз, сірә, мен мүлде,
Аппақтың нарқын сезбеспін.
Жаныңның шашы қап-қара,
Көзі де қара, шамасы.
Сондықтан жүзі аққала
Сондықтан әсем, қарашы.
Ақ пенен қара алмасып,
Алмасып тұрса әрдайым.
Ақ түске ғана жармасып,
Қараны неге алмайын.
Қап-қара көзді бір қыз бар,
Қашпаңдар қара бояудан!
Аспанда қара жұлдыздар
Қап-қара түнде оянған.

02.XII.1966 ж.

* * *

Қашанғы қалжыраймын, ойлап өтем,
Қашамын, қайрылмаймын, қойға кетем.
Аламын да таяғын Шопан-Атам,
Ақ қойларымды өргізем, жоталатам.
Шыңға барып шыңғырып мұң шағамын,
Тұмшалағын, жасыл тау, тұмшалағын.
Мұң шағамын?! Мұңы бар күйкі ме едім?!
Ақ тауға алты қанат үй тігемін.
Ойнақтатып мінем де Күреңімді,
Оқалатып қоямын жүгенімді.
Көк шалғынды көсілте жүзіп келіп,
Қымыз ішіп жатамын, қызық көріп.
Қасқа бұлақ бесікті тербетеді,
Қасқыр жүрек ұдарым ер жетеді.
Қойларыммен қыр асып, тау барамын,
Бір қоныстан бір қоныс аударамын.
Қашамын, қайрылмаймын, қойға кетем,
Жетеді өзімді өзім алдағаным!..

2.XII.1966 ж.

* * *

Бұлқынып жатыр,
Келмейді-ау құрғыр шамасы,
Бұлқынып жатыр.
Таусылды-ау айла, шарасы.
Сәулемнің менің аяқ пен қолын матамай,
Бостандық берші, бостандық берші, мамасы.
Тұмшалап қойдың несіне сонша қаусырып,
Шандудан бөлек қалған ба шараң таусылып.
Аяқ пен қолын матамай бос қой, мамасы,
Кішкентай адам көрсетіп жатыр қарсылық.
Қарашы мынау қабаржып жатқан пішінге,
Ыза мен ашу қайнайды келіп ішінде.
Жетпей ме сол да, қойдың ғой мені арқандап,
Мамасы, босат, қызыма құрсау түсірме!
Көкемді босат, аяқ пен қолын матама,
Көтеріп жүрем, көтеріп өтем жотама.
Басымды тігем.
Бармақтай менің сәбиім бүлдіре қоймас...
Бостандық берші ботама!
Мамасы, босат, еркімен өссін тал шыбық!
Ауа мен күнге, Ай менен нұрға малшынып.
Бұлқынып жатыр, ұмтылып жатыр, қарашы,
Кішкентай жүрек, көрсетіп жатыр қарсылық.

4.XII.1966 ж.

ИТ БОЛАЙЫН, ЕНДІ МЫЛТЫҚ ҰСТАСАМ!

(Аңшының әңгімесі)

Қорамсақты байладым да беліме,
Қосауызды қолыма алдым желіге.
Күн шыққанша тауға жете жығылып,
Отырмақпын бір ұрымтал жеріне.
Жүріп келем, таңғы сағат төрт кезі,
Қанталап тұр қайсар таңның от көзі.
Жадымда әлі жаздың таңы сол күнгі,
Жалау ма әлде, жалын ба әлде шоқ па өзі?!

Ілбip келем, өзiмдi өзiм арқалап,
Тамылжып тұр таңғы ұйқыда шартарап.
Сол күнгі таң, сол күнгі таң сұмдық бір!
Анау шығыс абыржып тұр қанталап.
Именді ме иісін сезіп күдіктің,
Жытты, бәлем, шала қызу жігіт — түн.
Қос өкпемді қабындырып, алқынып,
Мен де жеттім, жотаға да іліктім.

Танымалы тау бұлағын бетке алып,
Деген жерге орналастым шет барып.
Сол күнгі таң... Сол күнгі таң... сұмдық-ай,
Шығыстан бір келе жатыр өрт жанып.
Жарық түсті, қарауылда көрініп,
Төңірекке қарап тұрмын елігіп.
Таяқтастам жерде ғана бір елік,
Емізіп тұр екі лағын керіліп.

Сол бір күнгі жауыздығым әлі есте,
Не айтарсың мерген деген әбеске!
Енесінің бауырына жармасып,
Еміп жатыр екі бірдей нәресте.
О, жануар, бар жүйесі ұйып құр,
Танауымен самал жұтып, иіп тұр.
Өлтіруден өзге еш нәрсе білмеген
Аңшылық па, аңшылық — ол күйік бір!!!

Көз алдында ата жауың тұрғандай,
Қанша қырсаң, сонша құмар бір қанбай...
Аңшылықты ақымақтың ісі де,
Аңшы деген — әпербақан ұрмаңдай.
Қосауызды қолыма алдым, көздедім,
Өз ішімде өшіп қалды өз демім.
Шүріппені басып қалдым... Ойда жоқ,
Бәрі қараң өлтіруден өзгенің.

Құрақтайын құлап түсті құралай,
Көзден атса, қайтуші еді құламай?!
...Айырма не аңшы менен жеңдетте —
Екеуі де өлтіреді сұрамай!

Жануардың жатыр екен сүті ағып,
Жүрегімде жаман сезік тұтанып,
Қайта сөнді... от жақтым,
Сындырдым да қарағайдың бұтағын.

Шоққа салдым бауыры мен жүрегін,
Аңшылардың ол әдетін білемін.

Жаман бір ой кетпей қойды миымнан:
"О, жануар, жаңа ғана тірі едің!"

Үйге келдім, құралайдың жүні үстім.
Асықтырып бара жатыр жұмыс — күн.
Мылтығымды ұстаттым да балама,
Олжамды енді боршалауға кірістім.

— Әй, обал-ай, жетім тастап лағын,
Қарашы анау ағып жатқан бұлағын.
Жазығы жоқ жануарды жайратып,
Әттеген-ай, қалай ғана шыдадың?!

Әйелім тұр қас-қабағы қатулы,
Әйел дейтін бізден гөрі ақылды.
Алмағайып ерке ұлымның қолында
Қосауызым аяқасты атылды.

Сорлы жарым сәл теңселіп құлады,
Шарасынан шатынады шырағы.

Әлсіреді, өлі жатыр күбірлеп:

"Әттеген-ай, жетім қалды-ау лағы!"

Шыр айналды шыңырау көк аспаның,
Сонда көрдім мені қара басқанын.
Қосауызды жұлып алып баламнан,
Тасқа соғып талқандадым, тастадым.

Көңіл сөнді бұлт жасырған шуақтай,
Көздің жасы сырғанайды сынаптай.

Сорлы балам үрейменен қарайды
Манағы бір жетім қалған лақтай...
Ит болайын, енді мылтық ұстасам!

4-5.XII.1966 ж.

* * *

Оңай сөз ғой "Отаңды сүйем" деген,
Не тындырдың "басымды иемменен?"
Оңай сөз ғой, құрбым-ау, оңай сөз ғой
"Отан үшін өлемін, күйем", — деген.

Өлім деген ерліктің қорегі ме?
Өлмей-ақ қой, бос сөздің керегі не?
...Егер Отан сыңсыған орман болса,
Жапырақ боп жармасқын терегіне.
Самалы бол Отанның салқындаған,
Саңдуғаш бол, сайратсын алтын далаң.
Семсері бол Отанның қынабында,
Сертке ұстаса, селт етпей жалтылдаған.
Шетсіз, шексіз, қиырсыз ұлы дала.
Шуақ болып шашылмай жылына ма?
Сүй Отанды!
Шыныңмен сүйіп өт те,
Гүл боп қадал ойына, қырына да.
"Жүз толғанып, күніне мың ойласам",
Ақ басты алып анаммен шырайласам.
Қалай оны сүйем деп айта аламын,
Бірге күліп, қуанып, мұңаймасам?!
...Оңай сөз ғой "Отанды сүйем" деген,
Іс тынбайды "жанамын, күйемменен..."
Өгей әке емес қой Отан деген,
Отанды мен Атамдай иемденем.

5-6.XII.1966 ж.

* * *

— Бала едік, ө?
— Бала едік кеше біздер.
Неше қыстар өтіпті-ау, неше күздер.
Енді бізді балалар әкеміз дер,
Енді бізді балалар шешеміз дер.
Жалаңаяқ бала едік лақ қуған,
Терезеге тас атып, лақтырған.
Көкесінің тартып ап тентектігін,
Көп жасағыр ұлдарың сауап қылған.
Мынауың не, басыңа шық тұрған ба?!
Аппақ ұнды әйелің жұқтырған ба?..
Қайранмын, қалай шыдап жүр екенсің?!
Жылаушы ең асығыңды ұттырғанда...
— Бала едік, ө?..
Бала едік.
Талтүс еді.
(үйретпепті-ау өмірдің салты сені).
Басқа несін қарадың?
Бас биік қой,
Биік жерге алдымен қар түседі.

Тентектікті бердім мен балаларға,
Бермесіңе қоймайды, шара бар ма.
Оңып тұрған жерің жоқ, сенің дағы,
Тілің қайтып барады табалауға?

Тек көздерің күлгенін ұмытпапты,
Қайық төсің қирауға жуықтапты.
Қолаң қара шашыңа кім байлаған,
Әне бір аппақ-аппақ суыртпақты?!
Кірпігіңде бұлт тұр жауатындай,
Сілкіп қалсаң, селдетіп ағатындай.
Маңдайыңа әлдекім сурет сапты,
Шағаланың шарқ ұрған қанатындай.

Сен бота едің көздерің мөлтілдеген,
Мен құлын ем тұлымы желпілдеген.
өтті бәрі...

Ана мен әке болдық,
Арамызда сыр қалды шертілмеген.

6-7.XII.1966 ж.

* * *

Ат суара барғанда жылғаға мен,
Ашаң жүзің ашылып, бір қарап ең.
Құлағыңда ай сырғаң дір-дір етіп,
Енді үзіліп кетердей тұрған әрең.

Қимыл сайын майысып бос буының,
Асылып тұр арқаңа қос бұрымың.
Құла бесті құлағын тіге қалды,
Қыз көрмеген мақұлық, осқыруын!

Жақындатпай жанына үрікті кеп,
Тарпаң неме тулап тұр бүлік тілеп.
Жолбарыстай атылып тізгіңді алдың,
Отты, өжет қыз едің, жігіт жүрек.

Тарпаң неме тайсалды қуатыңнан,
Құлай түстім қасыңа құла атымнан.
Ерге қондың.

Жөнелдің ен далаға,
Артыңда тек шаң қалды шұбатылған.

Құла сайтан барады оқтай ағып,
Шыт көйлегің алаулап оттай жанып,
Әудем жерге жеткенде бұрылдың да,
Қол бұлғадың артыңа тоқтай қалып.

Кім болды екен жолыңды торып жүрген?
Біреу барды қасыңа торы мінген.
Тентектердің өзімдей бірі ғой деп,
Жақсылыққа әйтеуір жорыдым мен.

Қырға тарттың құйын боп екеуің де,
Құла кетті торының жетегінде.
Құмды құшып, дәрменсіз қала бердім,
Қуатым жоқ еңсемді көтеруге.

Айналамда дүрлікті ауыл болып,
Адастырдың басыңа бағың қонып.
Құйын болып жылғадан бастадың да,
Сардалада жоғалдың сағым болып.

Қидым саған құла аттың тұяқ күшін,
Қарғамаймын, демеймін ұяттысың.
Сағым болып алыстап кеткеніңмен,
Самал боп оралатын сияқтысың.

Серігіңмен сен асқан жұмбақ қырдан,
Жұмбақ қырдан — жүрекке мұң қаптырған
Сағым жүрсе, телмірем сен екен деп,
Жете алмай орамалын бұлағап тұрған.

9.XII.1966 ж.

ЕЙ, ТОҚБЕРГЕН

Ей, Тоқберген, жисаңшы айылыңды,
Толқын айдап барады қайығыңды.
Жатқаның ба тымақты баса киіп,
Шапаныңның жағасы қайырулы!
Толқын айдап барады қайығыңды,
Бағытынан қайығың айырылды,
Айылыңды жисаңшы, айылыңды!

Ескегіңді ал, не жетсін сермегенге,
Есің кетіп, ұйықтама тербегенге.
Ағынменен ығысып кете берсең,
Өлмегенде қайтесің, өлмегенде?!

Қайрат қыл қуатыңның бар шағында,
Қайығыңды кері бұр, қарсы ағынға!
Күнге қақтап төсінде жатып апсың,
Мұның қалай, бәтір-ау, шаршадың ба?
Момын едің момыннан жаратылған,
Жайсаң едің құрбыңнан дара тұрған.
Жарамайды ұйқымен күн батырып,
Жарамайды ұйқымен таң атырған.

Ей, Тоқберген, Тоқберген, аш көзіңді!
Су перісі алдайды жас сезімді.
Жаның барда, жарқыным, жағаға тарт,
Тұңғыйыққа қалдыр да мас кезіңді.

9.XII.1966 ж.

* * *

Жұтайыншы елімнің таза ауасын,
Сарайымды, санамды тазаласын.
Жасырмайын аяздан дидарымды,
Жазаласын жарықтық, мазаласын.
Соқсын, мейлі, үскірік, тыншымасын,
Саусағымды, бетімді шымшыласын.
Туған жердің ежелгі әзіліне,
Туған ұлы шыдамай, кім шыдасын?..

Соқ, бұрқасын.
Қаласаң аттан алып,
Қатырып қой далаңа аққала ғып.
Ұшып-қонып өмірде жүрген ұлың
Мүздай қатып отырсын таққа барып.
Аяз Ата!
Соқ мені, шынығайын,
Шыдамасам, мәңгілік тынығайын.
Таяғыңа тас болып төтемесем,
Сынайын да құриын шыныдайын.

Ал, бұрқасын, аңыра, аңыра бір,
өн бойымды қуала, жаныма кір.
Ей, жүрегім, еліңді сүйем десең,
Ең алдымен суығын сағына біл!

10.XII.1966 ж.

* * *

Адамды адам түсінбеу — бір ақырет,
Ойлы жас, түсініпсің, рақмет!
Рақмет!
Жассың ғой жалыны мол,
Жалыны мол және де қуаты көп.
Ойлы жас!
Өлең — менің бар тынысым,
Жақсы сөзім — жаны игі халқым үшін.
Атақ қуып, бақ қуып, даңқ қуып,
Біреулерден жүргем жоқ арту үшін.
Оңашада ойларын тыным еткен.
Біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен.
Ақындар бар амалсыз бұғып өткен,
Ақындар бар ішінен тынып өткен.
Біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен.
Бізді олардың балама біріне де,
Ұлыға да санама, іріге де.

Қалам тартқан қазақтың бәрі де ақын,
Абай бірақ қайтадан тіріле ме?..

Ойлы жас!
Өлең менің сырласымдай,
Сырлассам да, құмарым жүр басылмай.
Айтып өткен ақыңда арман бар ма
Жүрегінің түбіне кір жасырмай.

10.XII.1966 ж.

* * *

Қабағы таудың қатулы,
Қар жауа ма, қайтеді?!
Бұлақтар мұңға батулы,
Мұз тұра ма, қайтеді?!
Ай туыпты шалқалап,
Шатынап аяз болар ма?!
Тыныстай қапты шартарап,
Шарқ ұрып дауыл соғар ма?!
Жапсаң жап тауды, қыратты,
Жаусаң жау, ақ қар, үш апта!
Бұйығып жатқан бұлақты
Бұрқана келіп құшақта.
Дала, орман тегіс ілбіпті,
Соқсаң соқ, дауыл, серпіл бір!
Мына бір бейқам тірлікті
Желпіндір, дауыл, желпіндір.
Шалқадан туған Айды да
Орақ қып көкке шаншып қой.
Жол ашсаң мұңға, қайғыға
Тірлігің онда мансұқ қой.

11.XII.1966 ж.

* * *

Қаздар қайтып барады мекеніне,
(Қанаты бар мақұлық кетеді де).
Қаз-қаз басып, қалтырап қария тұр
Дәрмені жоқ таяғын көтеруге.
Қарашаның қалықтап желіменен,
Қаздар кетті қоштасып көліменен,
Қайтқан құстың қария қанатына
Қарайды көзін сүртіп жеңіменен.
Қаздар қайтып барады тізбектеліп,
Іздеп кетті көктемді, іздеп келіп.

Қарашада қалтырап қария тұр
Тағы да бір сұп-сұрғылт күзді өткеріп.
Қаздар кетті, құлақта үні қалды.
Жазды әкетті.
Әкетті тұнық әнді,
Қайтқан құстан қара үзіп қалса дағы,
Қалтылдаған қария тұрып алды.
Қарашаның ұлыса желі гулеп,
Түсіне бер қаңтардың желігі деп.
...Қисайып бара жатқан қарияны
Сүйей берді баласы, келіні кеп...

11.XII.1966 ж.

ЕСІҢЕ МЕНІ АЛҒАЙСЫҢ *(I-нұсқа)*

Дүркіреп тұрған көктемде,
Сіркіреп нөсер төккенде,
Күркіреп жатқан бұлтты,
Найзағай шаншып өткенде,
Есіңе мені алғайсың.
Қазбауыр бұлттар маңғанда,
Орманға жазда барғанда,
Арманда мені, арманда!
Оңаша, жалғыз қалғанда,
Есіңе мені алғайсың.
Қараша келген шақтарда,
Қызарып тұрған бақтарда
Қурайлар сыңсып жатқанда,
Жапырақ жайрап жатқанда,
Есіңе мені алғайсың
Ақ ұлпа жерді жапқанда,
Ағаштар сырға таққанда,
Бозарып атқан ақ таңда,
Бозарып тұрып ақпаңда,
Есіңе мені алғайсың!
Есіңе мені алғайсың!

12.XII.1966 ж.

*(Өлеңге атты біз қойдық. Өйткені
әнмен солай айтылып жүр – Құрастырушы)*

ҚАСЫМ СОЛАЙ БОЛМАСА...

Дейсіңдер-ау: "Қасымның несі басым?!"
Қасым солай болмаса, несі Қасым?
Ақынмын деп қопаңдап жүргендердің
Әммесінен Қасымның десі басым.

Қуат алып жырына боз даладан,
Ол жанған.

Күні жоқ-ты маздамаған!

Өлісінде өнеге болғаны анық,

Тірісінде біреуге "жазған Адам..."

Жалын жұтып, жанын жеп жазған құрлы,
Өлеңінің өлмеуін арман қылды.

Тасқа басып қалдырды тәкаппар жан,
Қан менен жас аралас тарлан жырды.

Жеді.

Тынды...

Керемет дерттер төніп,

Keң кеудеде кетті ғой кектер сөніп.

Қасым деген қалғыған жанартау ғой,

Жанартау ғой.

Жаңды да, кетті өртеніп.

"Бір күй бар домбырамда..."

(Иесі — Қасым)

Қасым солай болмаса, несі Қасым?!

Жыр бәйгеге аттанған адам болса,

Сөредегі Қасымын есіне алсын!..

12.XII.1966 ж.

* * *

Неге жыламасын?!

Бәрісі де жылаған,

Жылай жүріп, жылай жүріп шыдаған.

Түнек болып келе жатқан тажалға,

Аттануда, аттануда тірі адам.

Жылап жатыр.

Өбісуде еріндер,

Жыламаған жалғыз ғана кебір жер.

Жылап жатыр үйленбеген күйеулер.

Жылап жатыр үйге енбеген келіндер.

Боздақтарын аттандырған шақтарда,

Боздап еді-ау боркемік боп қарттар да.

...Бір орманның бір түп өндірі шыбығын

Тиеп алып күнбатысқа тартты арба.

– Ал енді сен азаматсың! – деп маған,
Арбасына отырды да кетті ағам.
Тағы да бір қайрылмас па екен деп,
Тозаңдатқан қара жолды бетке алам.

Қайрылмады.
Олар ұзап барады.
Ән естілді.
Әлдиледі даланы.
Қарап тұрмын.
Құйын болып ағады
Қара жолмен
Көршіміздің Жанары.
(Талай рет хат апарып бергем-ді),
Тани кеттім үйге енбеген жеңгемді.
Қайсар қыздың қайсарлығын ел көрді,
Қайсар қыздың қылығына ел көнді.
Қайран аға!..
Қайсар жаңды таңдапты.
Қарсы ұшты.
Жұрт күрсінді салмақты.
Екеуінің араларын шаң жапты,
Екеуінің ортасында жау жатты.

14.XII.1966 ж.

* * *

Дос болам десең,
Досымды сыйла, қымбаттым!
Досыңа сонда,
Досыммен ғана қымбатпын.
Дос болам десең,
Мендегі доспен достасқын,
Сендегі доспен дос болып сонда тұрмақпын.
Достарың көп пе?
Апырау, негкен жақсы едің!
Досым аз менің...
Досым-ау мұның, тапшы емін!
Достарыңменен достастыр мені, асылым,
Достастыр мені!
Болайын құлың нақ сенің!
Достыққа жүрмін,
Достыққа жүрмін құмартып!
Өлгелі жүрмін,
Өзіме өзім мін артып...
Жауыздың барып жанына уәзір болғаннан,
Достардың барып ауласыңда өлген мың артық.

14.XII.1966 ж.

* * *

Досым, саған сенемін. Сеніп өтем!
Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.
Достық деген адамның көрігі екен,
Достық деген ақылдың серігі екен.
Қыран күлкі, тамаша — бәрі осында,
Отырмын думан-тойдың арасында.
Береке бойдан асып жатқанымен,
Олқы тұр көңілім менің, нанасың ба?
Ұйтқыш жатыр көңілде құйын-дауыл,
Неге сен келе алмадың жиынға бұл?!
Жыраққа жалғыз мені жібермеші,
Жаныңа жаманшылық бұйырмағыр!
Әне, жұрт өзді-өзімен сөйлеседі,
Өзімсіп: "Ей!" — деседі, — "ой!" — деседі.
Шіркіндер-ай, даурығып тыңдар емес!
Есіме ап, тост көтерсем, кейде сені.
Сенсіз көңіл қашанда хош тұрған ба?
Сенсіз думан қызылсыз бос қырман да.
Әсіре ойнап қайтемін, әсіре күліп,
Сенің орның құлазып бос тұрғанда.

14.XII.1966 ж.

* * *

Азамат едің тәп-тәуір,
Барасың болып жат бауыр,
Жалт беріп, сырғып кеткенің
Жаныма менің батты ауыр.
Айрылып достан жаны ізгі,
Ауырлық басты, сеземін.
Адасқан құлын тәрізді,
Апыр-ау, қайтіп төземін?
Көңілге салдық босқа кір,
Кіре алмай достық тыста жүр.
Қуатсыз қалған дос та бір,
Қанатсыз қалған құс та бір.
Бауырын бауыр қыя ма?
Табысайықшы қайтадан.
Қос ана бір-ақ ұяда,
Балапан едік шайқаған.
Азамат едің тәп-тәуір,
Барасың болып жат бауыр.
Толғанып кел де, тап бауыр,
Томсарып жүрер шақ па бұл!..

18.XII.1966

* * *

– От жағып қоймайсың ба алаулатып,
Отыр ғой қабағыңа қырау қатып.
Қарып тұр, қақпас аяз берер емес
Қатынымның жағдайын сұрауға уақыт.
Байқасай, мұрттай ұшпа тұмауратып.

От жағып қоюың ғой алаулатып.
Жаңылмасам, жаңа айдың төрті бүтін,
Қарғыс атқыр! Қарашы желпінуін! –
Аяздатып үйге енген шопан ата
Тығынын ашып алды кемпірінің:

– Ал, жақпадым, жақпадым, ұрамысың,
Енді түтін түтетсем, құран ұрсын!
Жетеді енді жегенім таяғыңды,
Колхоздың қотыр болған лағы үшін.

Шекпен алсаң, сен алдың, шен де тақтың,
Шетірейдің кісімсіп, теңге таптың.
Қырық жыл өткізіпін қой соңында,
Сопа басым сорайып мен не таптым?!

Қой бақтым, ешкі бақтым бөртелетіп,
Кезіп жүрсің кеш келіп, ерте кетіп.
Құдайдан сұрап алған құлынымды
Емін-еркін сүймедім еркелетіп.

Қисайып шалы жатыр, шамданбады,
Ұлып тұр құзар таудың аңғарлары.
Арызын айта жүріп асыл өжем
Отын қалай жаққанын аңғармады.

От жаңды, ас та келді алдарына,
Айналды жалғыз түтін малды ауылға.
Мал дейтін мақұлықтар риза ғой
Қазақтың кемпірі мен шалдарына.

17.XII.1966 ж.

* * *

Өлең деген тумайды жайшылықта,
Өлең деген тулайды қайшылықта.
Ақын болсаң, жарқыным, алысқа аттан,
Күнделікті тірлікке бой суытпа.

Айшылық жол...
Шөлдейсің, зарығасың,
Армандайсың, аңсайсың, сағынасың.
Жол азабын көресің, көресің де,
Ашынасың, біресе бағынасың.

Даламенен жүресің, тау асасың,
Сезесің биігін де аласасын.
Кенезең кепкенде бір, лай суға
Кез келген мақұлықпен таласасың.

Сапар ұзақ,
Тағы да аяңдайсың,
Алыпқашпаң басылып, баяулайсың.
Ел шетіне жетесің, жетесің де,
Көргеніңнің бәрісін баяндайсың.

Міне, осылай өлеңнің кілті деген,
Құйттай жүйең қалмайды сілкімеген.
Аттанам деп алысқа, айдалада
Адаспаса болғай-ды шіркін өлең.

18.XII.1966 ж.

ХАНТӘҢІРІ

Шыңның мен танымаймын аласасын.
Төбе де аласамен таласасың.
Тянь-Шанның шашақтаулы найзасындай
Қайсың Хантәңірімен жанасасың?

Шыңның мен ұнатамын биіктігін,
Шырқай кеп шыңырау көктен сүйіпті Күн.
Түндігін түртіп тұрған көк аспанның,
Қанеки, Хантәңірінен иықты кім?!

Егерде құдірет болса, бөлшегіндей,
(Алдында құдіреттің көр шегінбей).

Шаншылып өнеу тұрған Хантәңірі
Шапшыған Тянь-Шанның емшегіндей.

Күн де оның баурайында дөңгелеген,
Буалдыр, бозғыл шәйі перделеген,
Бойында Хантәңірінің бұғып жатқан,
Алапат аяныш бар жерге деген.

Тік тұр ол.

Қырын қарап сай-салаға,
Күн көркі, Көк — мекені, Ай — шағала.

Қалғымай қанша жылды өткерді екен
Тәкаппар Тянь-Шандағы қайсар аға?

Таудың мен ұнатпаймын тапалдығын,
Тапалдан талайлар-ақ татар жұғын.
Сүйем мен табиғаттың ұлылығын,
Сүйем мен табиғаттың қаталдығын!

18.XII.1966 ж.

* * *

Қарлығашым, келдің бе, қаршығадан саумысың?
Аман-есен жеттің бе, айыр құйрық нау-құсым?
Оралдың ба тағы да өзің өскен ұяға,
Оралдың ба, сүйіктім, екеуің де бармасың?
Қарлығашым, бұ қалай, қайда кеткен серігің?
Зияны жоқ зиялым, өкпелетті сені кім?
...Түсінікті, сүйіктім, түсінікті айтпа енді,
Тұмар құсым кеткен-ау тырнағында перінің.
(О жылы біз ауылда оңаша үйде тұрғанбыз),
Жаз да өтіп барады, қарлығашым жүр жалғыз,
Көзді ашып-жұмғанша көсеуін ап қолына
Жетіп келді бір күні жел үрлеген сырдаң күз.
Фанибет қой, шіркін-ай, шуылдасаң ұлардай,
Қиын екен жалғыздық қияда өскен шынардай,
Жалғыз қайтты сол жылы, жалғыз қайтты
жылқұсы,
Жұмыртқа да таба алмай, балапан да шығармай.
Қарауытып көз алдым, қарап тұрмын досыма,
— Қарлығашым, қайта орал мекеніңе, шошыма.
Әжем менің күйбеңдеп, күбірлеп жүр аулада,
— О, бөтшағар өмір-ай, өмір дейтін осы да!..

22.XII.1966 ж.

* * *

Қысқа жіп келмей күрмеуге,
Қысқа жіп келмей байлауға,
Қысылып жүрген құр кеуде
Қыжылдап босқа қайнауда.
Өзімді бітеп өз демім,
Өзді-өзін сезім қамауда.
Өткізген сәтсіз кездерім,
Өрт болып ішті жалауда.
Қамықпа дейсің сен маған,
Қамықпай қалай тұра алам?
Жел айдап алға самғаған
Қайықты қайтіп бұра алам?
Қамықпа дейсің, жарқыным,
Қамықпан, мақұл, қамықпан.
Қамыққан жүрек, ал тыным,
Ал тыным, жүрек жалыққан.

24.XII.1966 ж.

* * *

Түнде мен ұйқтамаймын, ол неліктен?
Ұйқыда біздің үйде пенде біткен,
Құрсаулы қашадағы аюдайын,
Жүремін де қоямын, сенделіп мен.
Түнде мен ұйқтамаймын, ол неліктен?
Ой дейтін ой болсашы мазалаған,
Апырау, ол не мені жазалаған?!
Нәр алып мен де еркіммен жүргем жоқ па,
Еркімен осы ел жұтқан таза ауадан?!
Қарасам қайғы-мұң да жоқ сияқты,
Тағдырым мына өмірден көп сый апты,
Санама сайтаңдайын қайдан кірген,
Ортеке орақ мүйіз, от тұяқты?!

* * *

Шау тартып қалыпсың-ау, қайран шабыт!
Жүруші ең кейбір жерде ойран салып,
Жүруші ең кейбір жерде сайран салып,
Шау тартып қалыпсың-ау, қайран шабыт!
Секектеп желетін де сен емес ең,
Тепектеп келетін де сен емес ең,
Ақ бұлт пен қара бұлттың арасында,
Алапат айқұш-ұйқыш төбелес ең!
Сен солай болмағанда елемес ем,
Сені мен найзағайға теңемес ем.
Шау тартып барасың-ау, шарық құсым,
Тояттап әлде жемге қарықпысың?
Бар, ұшшы!
Босатайын тұғырыңнан,
Шау тартпа!
Шынымен сен шабытпысың?!

1966 ж.

Бас бөйге

Бір төбеде бір топ тұр "а, құдайлап",

Бір төбеде бір топ тұр Абылайлап.

Мысық мұрт бағзы біреу аллалайды,

Ала бесті тағдырын қабыл ойлап.

Ала бесті иесі — аты Құрман,

(Ол емес-ті бұл тойға шақырылған).

Жанын алған жатқанның қарақшы еді.

Алты болыс Албаңды запы қылған.

Қарақшы еді мал тапқан ат жалынан,

Қарғыс атқан өмірі қатпа қылған.

Жортып өткен Құрманның жолдарынан

Жойқын-жойқын әлемет ақтарылған.

Сұрапылдай сұсты еді суық тағы,

Бұрыс жолдан тағдыры бұрылтпады,

Құрақ ұшып Құрманнан қорқатұғын

Туған елдің сықырлап уықтары.

Мекені жоқ, елі жоқ тұрақ қылған.

Жерді төсек, жұлдызды шырақ қылған.

Кезбе өмірі делбе етіп кер кедейді

Кез келген қиырларға лақтырған.

Құрман сол той ішінде аялдады,

(Бөйгі аттар оралуға таяу қалды).

Бай отырған төбеге бетін түзеп,

Көнігі кәззәп бөрі аяңдады,

Барды да, байға былай баяндады.

— Байеке, озады атым, бәс тігемін,

Тұлпарыңды тұғырым басты менің.

Алты болыс Албаңды дүрліктіріп,

Құнаныңда бөйгі алған тас түлегім.

— О, сәуегей, әулие, көріпкелім,

Құдайдан құжат алып келіп пе едің?!

Қастерлеп, қанат байлап жіберсең де,

Тұлпардан тұғыр озбас, желікпегін!

Қайдан білдің ат әлде бап шабарын,

Қалай-қалай бөсесің, қатпа жаным?!

Жөніңді айтқын әуелі, елірме олай,

Қайдан жүрген пендесің, бәтшағарым?

– Жұртым – жер, руым – көк,
 далада өстім,
 Қорлық көріп байлардан, нала кештім.
 Бәс тігемін, байеке, бәйгемді бер.
 Бәйгемді бер, озады ала бестім.

Бәс тігем де, қаласаң, жамбы атамын,
 Қиырға қой киікті, қандатамын.
 Шығаршы шымыр дене палуаныңды,
 Аяғыңның астына аунатамын!..

 Атып тұрды құр белбеу, саптама етік,
 (Алып ұрып, кетпекші аттап өтіп).
 Апыл-ғұпыл Құрман да ұстай алды,
 Қолын қару, кеудесін қақпақ етіп.

Қос дүлей ұмар-жұмар түйдектелді,
 Сығады қабырғаны күйреткелі,
 Бай намысын қорғаған пақырыңды
 Әп-сәтте-ақ Құрман пері илеп берді.

 Алып ұрды алдына, шыдатпады,
 Жолбарыстай атылып, бір аттады.
 Қыз-келіншек қымсынып, бетін шымшып,
 Мәрт жығылған палуанды ұнатпады.

Барлық назар Құрманда, таң көреді,
 Сүмбедей сұңғақ бойлы, паң денені.
 ...Осы сәтте ойпатта үздік-создық,
 Шуатылған шудадай шаң келеді.

 Жұрт дүрліге ойысып, ұрандады,
 Аруақтарын шақырды, тұра алмады.
 Қою шаңнан үзіліп жалғыз қара
 Жалғыз дара ойнақтап, қылаңдады.

Жалғыз қара үзіліп суырылды,
 Қара жолдың апшысы қуырылды.
 Айтып-айтпай не керек, сол бәйгеде
 Тұлпарлардың енесін тұғыр ұрды...

 Дүрліктіріп, таңдантип рулы елді,
 Ала бесті сөреге бұрын келді.
 Бай алдында ала атпен ойқастаған
 Жұрт жабыла қарап жүр жырыңды ерді.

– Байеке, бәйгем қайда, атым келді,
 Бас бәйгені байлану қақымда енді.
 ...Бұғыбай нөкерлерін жиып алып,
 Өзара сөйлесуді мақұл көрді.

 – Жолаушы тойсын менің жұғыныма,
 Қыз бермеймін кедейдің тұғырына.
 Сары атанды бас қылып мал беріңдер,
 Жетер сол да пақырдың ғұмырына.

Жалғыз атты жолаушы қара қасқа,
Адуынды неме екен алақашпа.
Еліме күшік күйеу болам десе,
Атын әкеп байласын мамағашқа.

Жақыным болам десе жатсынбаған,
Астыңдағы Аласын сатсын маған.
Кұйын қуған келімсек кер кедейді
Алласы асыра деп тапсырмаған!

Есітіп мұны Құрман жалынбады,
Жалынбады және де қабынбады.
Сипай соққан самалға бетін төсеп,
Ала аттың арқасында дамылдады.

– Байекеңе айт, естісін, Құрман – атым,
Зауқым жоқ заңды олжадан құр қалатын.
Табиғаттың тауда өскен тағысымын,
Тақыр кедей мен емес құл болатын.

Кесір бай кесе алмайды қанатымды,
Бар малына бермеймін ала атымды.
Заңды олжамды алдыма тарт көлденең,
Байыңа айт, тауыспасын тағатымды.

Сұр қашты хабаршыдан сумаңдаған,
Сыбыр мен үрей жетті "Құрмандаған".
Құрман есім құлаққа тигенінде,
Байдың да мысы құрып, түр қалмаған.

– Байеке, екі айтпаған тұқымыңыз,
Төніп тұрған түлейді тұқырыңыз.
Жетім қызды артына мінгестіріп,
Қызыл көзді пәледен құтылыңыз.

Елден безген есерсоқ, соқпа құрғыр,
Арыстандай айбат қып шапқалы тұр.
Қарғап қойған құдайдың шатпағы бір,
Ала атыңмен адасып отқа кіргір...

Талқан болды Бұғыбай тас қамалы,
Жұлқа тартып тәсбиғын тастады әрі.
Жеңіп алған жеңдетке бас бәйгеге
Қыз беруден қалмады басқа амалы.

...Тамашалап тобыр топ дуылдайды,
Қол ұшын беріп біреу бұрылмайды.
Ей, өлепат ит өмір, естисің бе?

Торға түскен торғайың шырылдайды.

Көзің қайда, көк аспан, көремісің,
Жарылсаңшы, осыған көнемісің?
Қара құс кеп қарлығаш балапанын
Қағып кетіп барады қорегі үшін.

Ар-намысы жаншылып, қараң қалып,
 Зарлайды он бес жасар Жамал налып.
 Туылмаған нәресте!
 Мингестіріп,
 Бір жырыңды барады Ананды алып.
 Өмірге келме, сәби, шақырмаймын,
 Шықпаған күнім болшы, аһ ұрмаймын.
 Қарақшыға мұрагер болғаннан да,
 Қанымда қалғаныңды мақұлдаймын.
 Қара жер жемсауында нала барда,
 Осылай құс іледі қара қарға.
 Сор-Жамал сорасы ағып зарланады,
 Заңына заманың шара бар ма?
 – Ағажан, ажыратшы ақ-қараны,
 Жетімек ем, өмірдің ақ табаны.
 Арыздасып қалайын атыңды бұр,
 Артымда сорлы бауыр қап барады.
 Кеше ғана екеуіміз гүл қарап ек,
 Ағажан, анау қырға бір қарап өт!
 Болайық біріміз – құл, біріміз – күң,
 Ағажан, екеуімізді бірге ала кет!
 – Ағажан, солай бұршы атың басын,
 Артымда қап барады ақылдасым,
 Шер жүрек, шерменде бір ғазиз еді,
 Қуарып, құса кешіп, аһ ұрмасын,
 Ағажан, солай бұршы атың басын!
 Қыз даусын Құрман тыңдап желкесімен,
 Зекиді оқта-текте келтесінен.
 Қос құлағын қайшылап ала бесті,
 Қояндайын жымады жер төсімен.
 – Тәйт әрі, неткен ащы сұм дауысың!
 Мен бе екен жыртатұғын күң намысын?!
 Берілмеген қос құлақ ер жігітке
 Әйелдің бақырғанын тыңдау үшін.
 Өз-өзінен таусылып өшкені не?!
 Анаң қыз, атаң ұл боп өспеді ме?!
 Ағасы нес-с... әлде сол әке-шешен
 Бірі ерім, бірі әйелім деспеді ме?!
 Қашаннан қас әдетін ұмытпапты,
 Қарақшы жатағына суыт тартты.
 Қыза-қыза өртеніп шоқтанған күн
 Нарттай жанып, батуға жуықтапты.
 Сарыла ойлай-ойлай иі қанған,
 Тұншықты Жамалдағы тұйық арман.

Күн батты. Ал батыста талауранып
Тапжылмай жатып алды ұйыған қан.
Ауыздықпен алысқан ала бесті,
Апырай, қайда сенің қараң өшті?!
Құзар тау, құлама өзен, ну қарағай,
Сыпырып сай-саланы самал есті.
Бұлықсып былдыр бұлақ сайда аунады,
Бұралып бұйра талдар Айды алдады.
Қарағай сыбдырымен қалғып-мүлгіп,
Суып тұр ала бесті байлаудағы.
Шыңыраудан үн шықты шырылдаған:
— Өлдім-ау... өлдім,.. апа,.. Күнім қараң!..
Қарақшы, сұм қарақшы... затың құрсын!
Өлдім, апа... естімей жатырмысың?..
Ай кетті бір орнында шыр айналып,
Тояттап төбеде отыр құмай барып.
Әлгіндегі жап-жасыл ашық аспан
Әлемет боп барады лайланып..
Сәбилік сөнді... тауда, қала берді..
Ей, өмір, балаң емес, Жамал енді!
Арман-өмір, аманат тек өзіңе,
Алдыңа ашулы Ару-Ана келді!

ҚҰЗДА

— Үш жыл өтті, бас ием, тұтқындадың,
Өміріңнен еш дерек ұқтырмадың.
Бөлтіріктей бағасың бейбағыңды,
Ұрлап әкеп жазықсыз жұрттың малын.
— Жап аузыңды! — деп Құрман шатынады.
Қатын деген пенденің ақымағы..
— Сабыр, сабыр, жарқыным, қаласаң, жұт,
Сен — бір атаң, мен — шөлдің жапырағы.
Жалмарсың да жұтарсың, тұрыппын ғой,
Жас күнімді кәрі еттің, суыттың бой..
Тағдыр қосқан тәңірім емес пе едің,
Адамша тілдесуді ұмыттың ғой.
Жалтармаймын, жарқыным, жалақтама,
Көретінім сені мен ала ат қана.
Мен де өзіңдей адамның баласымын,
Теңгермейсің көлдегі шабаққа да.
Елің бар ма, өміршім, елің қайда?
Ел-жұртың, дос-бауырың, теңіңді ойла.

Қашанғы қарақшы боп күнелтеміз,
Адамша күн кешейік, белің байла!
— Сендей заржақ көрсемші бұл жасымда,
Апырай, іштен оқып туғансың ба?!
Сәби керек! Тек сонда жөн түзеймін,
Тумаған тұл қатын да ұрғашы ма?!
Нәсері жоқ дауылдай бұрқанасың...
Перзент керек және де ұл табасың!
Тағдырымды тау-таста қуалаған
Атам қазақ менен де ұрпақ алсын!
Елім шетін көремін қай бетіммен,
Жапа шегем, жан күтем айла егумен.
...Ақ патшаның ордасы опат болып,
Бұ күні шаруа күйреп, бай кетілген.
Осы еді сенен бүккен сырым ғана,
Босуда елің Қытайға, Қырымға да,
Аңысын аңдиық та, күн кешейік,
Сөзіңді маған енді шығындама.

* * *

Төртінші қыс таудағы, үңгірдегі,
Ай сығалап, нұр шашып күн кірмеді.
Төртінші рет тұншығып мұз астында
Бұлықсыған бұлақ-күй күмбірледі.
Төрт жыл болды тау-пері тарлан үкі
Таста отырып, тапжылмай міңгірледі.
Төрт жыл өтті, ал Жамал дым білмеді.
Ақиреттей аяз тұр жалаң қағып,
Үңгіріне қисайды Жамал барып.
Жолбарыстай тояттап Құрман жатыр,
Жортуылы жаздайғы тамамдалып.
“Осы үңгірде мың рет өксідім-ау,
Осы үңгірде мың рет арамдалып.
Еркек біткен егерде болса осылай,
Жалғандағы неғылған жаман халық,
...Өлтіріп қашсам ба екен..
Қайда барам?..
Қарсы алар ата-анам жоқ аймалаған...
Жөн сілтеп, жол көрсетер бір пенде жоқ,
Әлде су, әлде құзда, сайда қалам.
Ақ патша дегені кімі тағы?!
Құдай білсін, өзіндей ұры тағы...
Ой, сұмдық-ай, пенделер жұмыр басты
Қалайша елі-жұртын ұмытады?!

“Босуда елің Қытайға, Қырымға да?!” —
Деді-ау маған, ой, тоба... Зұлым жаңа.
Аң мен құс аждаһаның мекенінде
Өлем бе жабайы боп, шынында да?!

Жалған-ай, тынысымның тарылғаны-ай!
Бақытсыз басым қара жамылғаны-ай...”

Қалғып кетті.

Келеді шыңға өрмелеп,

Шатынап шанағынан жарымжан Ай.

Құзар тау, құлама құз, боз жотаны
Астына ап аяз бейбақ боздатады.
Сайларда сайтан боран көкпар тартып,
Көкесін қорқыныштың қоздатады.

Құздарда пері жортып, жын аунайды,

Шынарда тозақ оты алаулайды.

Бораннан сауға сұрап қарағайлар,

Жезөкше келіншектей бұраңдайды.

Жарқ етпей жанындағы асыл үміт,
Жалт етпей жанарында жасы бұғып.
Тотысы иесіз таудың ерке бұлақ,
Қалыпты мұз астында жасырынып.

Сетінеп бара жатыр түн жиегі,

Ақ басын Ата тау да түнге иеді.

Үрейлі үңгірдегі май шам ғана

Үмітсіз аурудай ілмиеді.

Хаңдайын тоятпаған ханшасынан,
Қорылдап Құрман жатыр шалқасынан.
Кеңсірігін кенеп бір жібергенде,
Демінен тас үгіліп, шаң шашылған.

Үстіне асқар таудың тасын үйіп,

Жамал жатыр жаны — өрт, басы — күйік.

Заман-ай, өлі ұйқының өзінде де,

Қалыпты төңіріне басын иіп.

Ала ат тұр ұйқылы-ояу, күркешікте,
Ол да тұтқын, басы байлау, кілт есікте.
Қара тағдыр үшеуін ұмар-жұмар,
Әкеліп қамағаны-ай бір тесікке.

Таң атты, күн де шықты құлақтанып,

(Тіршілік өз міндетін жүр атқарып).

Жылайды қапастағы қайран бұлақ,

Қайрымсыз әлдекімге мұң ақтарып.

О, таулар, таулар, таулар басы бұлт,
Тыңдың ба түні бойы тасың ұлып?
Түнімен асыр салған перілерің
Қалды ма шың-құзыңа жасырынып?!

Түнде ғана түр едің сұрапылдай,
Тасың қалған қалайша уатылмай?!
Енді міне, аязың аппақ шыны

Маңдайдан шертіп қалса сынатындай.

– Ал, қатын, мосыңды іл, асыңды қой,
Тысқа шық, түнгі әлемет басылды ғой.
Не деген бетпақ еді салдақы түн,
Адамның берекесін қашырды ғой.

Түр, қамда тірлігіңді, жарамайды,
Жатқанды алла пендеге баламайды.
Асың әзір болғанша мылтығымды ап,
Бір аралап келейін қарағайды.

Біққан аң түнгі дауыл түнегінен
Паналайды тоғайды, білемін мен.
Бұйрық болса, сергиік жас сорпа ішіп,
Сыбағамыз бар шығар бұл өмірден.

Жамалға қарады да қиық күліп,
...Ол кетті бердеңкесін иыққа іліп.
Жамал бей-жай, көтерді өзер басын,
Ұйып жатып төсекте, ұйып тұрып.

Түн өтеді, қайтадан күн келеді,
Күн өтеді, тағы да түн келеді.
Фазиз Жамал төсекке сүт боп еніп,
Айран болып ертесі түрегеледі.

Ол байлаулы құлынды желі-күнге,
Екіталай енші жоқ ерігіңде.
Жанын жеген жалғыз ой Жамалдағы:
"Осы мен тірімін бе, өлімін бе?!"

Ойлайды да, өзегі өртенеді,
Өзіне өзі ібіліс, жеркенедеі.
Фазиз жанның өткені бүгін болып,
Бүгінгісі сорлының ертеңі еді...

ТОЛФАҚ

Болар-болмас желбіреп боз жалауы,
Шың басында бір нүкте қозғалады.
Талма түсте талаурап өртенген Күн
Сексеуілдің шоғындай қозданады.
Өшіріп, өмір дейтін шырай қалып,
Бас имекші өлімге құлай барып.
Тау тағысы пендені күзеткендей,
Төбесінен төнеді шыр айналып.

Құз жартастың құлама қиясында,
Балапандар шулайды ұясында.
Шыныменен, ей, Жамал, мына өмірді
Ажалдың ақымына қиясың ба?!

Қарашы жан-жағыңа ғажап қандай,
Бар тірлік саған қарап наз атқандай.
Тыйыл мынау ойыңнан, тиянақ тап,
Албастыға-ажалға мазақ болмай.

Қарашы анау масаты сай-саланы,
Саған қарап күнәсіз жайқалады.
Саған арнап, ей, Жамал, сезесің бе?
Сан рет бұлбұл әнін қайталады.

Қара орманға қарашы қалғып тұрған,
Қайрымдылық күтеді барлық қырдан.
Сінлің-бұлақ әнеки, жылай-жылай
Сыңғыр үнін сылқ үзіп, қарлықтырған.

Болар-болмас желбіреп боз жалауы,
Шың басында бір елім қозданады.
Шың басында, Ананың құрсағында,
Басталмаған бір өмір қозғалады.

Бір өмір тұр құрсақта ояңғалы,
(Опат болды Жамалдың ой-арманы).
Құшағына құз қанша тартқанымен,
Екі бірдей өмірді жоя алмады.

Ақ кебінін ажалдың жамылмады,
Ақ шырағы өлімнің жағылмады.
Қайта оралып ғайыптан ғазиз Ана
Жатағына келді де дамылдады.

Құрман отыр, отыр ол сесі биік,
Құрап отыр жас талдан бесік иіп.
— Жарқыным, неменеге тұнжырайсың?
Ұрыдан ұрпақ қалса, несі күйік?!

Несіне түнересің, аһ ұрасың?!
Түнерме, тұңғиыққа батырасың.
Қиядан қыранымды ұшырмасам,
Қара жер қарс айрылып қақырасын!
Несіне түнересің, аһ ұрасың?!

— Белгілі енді сенен айнымасым,
Ей, батыр, қашан маған қайрыласың?
Енді маған ел шетін көрсетпесең,
Менен де, сәбиден де айрыласың.

Қарама ондай кейіппен ұнатпаған,
Ит емен босағанда шуақтаған.
Иесіз таудың елігі емеспін ғой,
Кез келген жырларда лақтаған.

Ғашық етіп ғаламды келбетіне,
 Жаз жамырап болған кез жер бетіне.
 Аспанның астындағы алып бесік
 Асқар тау абдырап тұр тербетіле.

Жалаң аяқ самал жүр сай-салада,
 Шыңылдаған шыңдар бір қайсар аға.
 Бұлдыраған бұлақтар — бұйығы іні,
 Жасыл өңір, жалпақ жаз — жайсаң Ана.

Бұл аймақтан күн нұрын аямайды,
 Сағым болып желпиді, аялайды.
 Жер бетінде тыныштық болса егер,
 Осынау тауға келіп саялайды.

Шыңдарында найзағай дамылдаған,
 Құздарында қорқыныш мамырлаған.
 Талма түсте тау ару ұйқыдағы,
 Боз көрпесін бойына жамылмаған.

...Талма түс...

Тастөбеге күн шығады,
 Тар үңгірде әлдекім тұншығады.
 Ет жүрегін Құрманның езіп ұстап,
 Арын келіп әлдене шымшылады.

Ол үңгірге беттейді, бата алмайды,
 — Әрі кет! — деп ары оны бақандайды.
 Берекесін қашырған берместердің
 Берен-мылтық, мінеки, от алмайды.

Құрақ ұшып Құрман тұр, елеңдейді,
 Құлын даусы Жамалдың бебеулейді.
 Ол өмірден түскен бір пенде еді ғой,
 Пенде еді ғой... Апырау, неге өлмейді?!

Ғазиз Жамал құлындай шыңғырады,
 Құз шатынап, талықсып, шың жылады.
 Бебеулеген бейбақтың беймаза үні
 Тас жігерін Құрманның құм қылады.

Бір түседі атынан, бір мінеді,
 (Не сыйлайды тағдыры, кім біледі?!)
 Тайыншадай теңселіп тентек болған,
 Телміреді, бір сәтке ділгіреді.

Бір дел-салдық басып тұр тау-алыпты,
 Бар тыныштық осында қамалыпты.
 Құжыр-құжыр жартастар ұмсынады,
 Ұғатындай ұлы бір жаңалықты.

Самал да жоқ сайдағы сыбырлаған,
 Қалт кідірді құрақ та қыбырлаған.

Құздан құзға сол сәтте жаңғырығып,
Үні шықты сәбидің шырылдаған.

Таң-тамаша табиғат аңырады,
Таң-тамаша таудың да тағылары,
Құрбысының үніне құлақ асып
Қуанып тұр арқардың ақ лағы.

"Иә, алла, көрдім бе, көрмедім бе?!
Иә тәңірім, бердің бе, бермедің бе?!"

Шырылдаған үніңнен айналайын,
Шыныменен өмірге келгенің бе?!"

Қызым болсаң, қырымда құралайсың,
Ұлым болсаң, ұлы бір мұрадайсың.
Естисің бе, есі жоқ, ей, дүние,
Менен неге сүйінші сұрамайсың?!"

Қызым болса, қырмызы қызғалдағым,
Ұлым болса, түнекті бұзған жалын.

Бақытыңды осы бір, ей, дүние,
Қи маған, қырын қарап қызғанбағын!"

Шарасында шатынап, көзі жайнап,
Көңліңде дауыл тұр, сезім ойнап.
Алақанға арманын алды дағы,
Өзі кесті кіндігін, өзі байлап.

Жаба қойып бетіне орамалды,
Жамал тынды, тым-тырыс бола қалды.

Құрман жалғыз жейдесін дар айырып,
Қуанышын құндақтап орап алды.

"Қашан менің тағдырым тыным көрді,
Қан қақсатқан бөрі едім рулы елді.
Ұрпағым бар, дүние, енді менің,
Естисің бе, ей, өмір, ұлым келді.

Жалғыз едім таста өскен шыршадайын,
Жабырқаушы ем дауылда сынса қайың.

Су боп кетпей неге тұр қос шырағым,
Ну боп кетпей неге тұр қу самайым?!"

Жанарыңнан айналдым, жаным Жамал,
Жарым болып мәңгілік жанымда қал!
Келешегің, бақытың келді, міне,
Көгершінім, көтеріл, қабылдап ал!

Шолпаным боп шоқтанған таң атарда,
Ақ қанатты құсым бол алақанда.

Тәңірім бол табынып, бас иетін
Ұшып шығар ұя бол балапанға.

Жапырақсыз, бұтақсыз қу бас едім,
Жалғыздықпен жалғанда сырлас едім.
Ей, дүние, неге сен қуанбайсың,
Күйің келмей күйігіп тұр ма сенің?!"

Арқандаулы ала тұр шыбындаған,
 Күйбең-күйбең Құрман жүр қыбырлаған.
 Көкейінде бір ой жүр шымырлаған:
 "Адам тек азап үшін туылмаған,
 Өмір жоқ ең өзгертіп құбылмаған.
 Өкінішпен өткерген сәттерім-ай,
 Өмір, сенің өзіңнен құнымды алам!"
 Алып келді ала атты арқандағы,
 (Қабыл болсын қашанғы қарт арманы.)
 Бердеңкесін соққылап қара тасқа,
 Ұңғысын уатты да, талқандады.
 "...Жанып барам, Жамалжан, жанып барам,
 Қарақшы деп ат қойды халық маған.
 Қарабет боп мәңгілік қалсам дағы,
 Екеуіңді еліме алып барам!"
 Солай бастап сезімі қаралы ерді,
 (Қандай жаза болса да бара көрді)...
 Құлазыған құзар тау бөркін бұлғап,
 Қоқыс үңгір қоштасып қала берді.
 Өз өмірін өткерген өгей Құрман
 Өзге өмірді еліне ала келді.
 "Қан қақсатқан кешегі рулы елді,
 Мекендеген тау-тасты жырыңды еді.
 Қаласаңдар қағыңдар, басым міне,
 Есенбісің, ел-жұртым, ұрың келді...
 Қандай менің аяйтын тағдырым бар,
 Суға тастап иә отқа жандырыңдар.
 Тек бір ғана тілегім, ағайыңдар,
 Ұрпағымды артымда қалдырыңдар!
 Алдыңда тұр, ағайын, қаңғыбасың,
 Қаласаңдар, мінеки қанды басым.
 Аманат қып аранда қалдырамын,
 Жаңа өмірдің жазықсыз қарлығашын..."
 Салтанат құрмағанмен салқында өсіп,
 Алтын бесік ел іші, алтын бесік.
 Жаңа өмірді біз осылай бастап едік,
 Тентегімнің қылығын халқым кешіп.
 Қалғамыз жоқ опық жеп, ойрандап оқ,
 Бай да жоқ, басымызда байлау да жоқ.
 Ел қатарлы күнелттік еркімізбен,
 Егін салып, мал бағып, жайлауда боп.
 Тәрік етіп бар күшін, бар амалын,
 Орындады ол елінің қалағанын.
 Қайта туған, өмірге қайта келген,
 Жер қайыспай қайыспас қара нарым...

ЭПИЛОГ

– Ана, армысың!

– Уа, бар бол, балам, саумысың?

Сәл сабыр ет, қарағым,

Інішегің қалғысын.

Далада өскен емес пе бабаларың,

Талпынады далаға інішегің.

...Пай, пай, қандай мына бір самала күн!

Есен-саусың, қарағым, тыныш елің?..

Сайрады жасыл бақтың кенті – бұлбұл,

Уыз сәби ұйқыда елтіді құр.

Тентек самал әжейдің шәй жаулығын

Бүлк еткізіп, абайлап желпіді бір.

Жапырақтар жайылған алақандай,

Жәудірейді бұтақтан, тағат алмай.

Жасыл жәннәт. Ақ үрпік әжей отыр,

Ұядан жаңа шыққан балапандай.

Саялатып самал тұр жасыл бақты,

(Ақ жаулығы әжейдің қасын жапты.

Кәрілікке әлі де бас ұрмапты,

Ақша жүзін әлі әжім жасырмапты).

Мен де отырмын, алқызыл айналам гүл,

Айналам гүл. Жалпақ жаз. Жайнаған нұр.

Салауатпен сал әжей жалт қарады,

Қос жанардың қуаты таймаған бір.

– Оңаша осы баққа күнде келем,

Балам, сені осыннан күнде көрем.

"Түсі жылы, түңілме" дейді ғой жұрт,

Түсің жылы бала екен, білмеген ем.

– Күнде түсті осында өткеріп ем,

Мен де сізді осыннан көп көріп ем.

Үлкен адам болғасын, сәлем беріп,

Парызымды өтейін деп келіп ем...

– Күнде осыннан шұбырып ел де өтеді

Қалмаған-ау кішілік елде, тегі...

Жөн-жөн, балам, әмәнда осылай бол,

Сәлемдесіп жүргенге нең кетеді?!

...Әңгімеден әңгіме қозды-ай дерсің,

Сері самал теректі қозғай берсін,

Әлдеқайда асыққан жүрдек пойыз

Ботасы өлген інгендей боздай берсін...

Уыз сәби ұйқыда балбырасын,
Жайып құшақ жәннәт бақ албырасын.
Ертегідей өмірін еске ап әже,
Ет жүрегі езіліп, қан жыласын...

(Сауал қойдым әжейге тұрған бойда),

— Құрман ше, Құрман... әже, Құрман қайда?

— Оқ тиіп қан майданда қайтыс болған,

Соры бір арылмаған қу маңдайға...

Сол тұңғышым осында дәрігер-ді,
Қалғандары, қайтейін, бәрі де өлді.
Қайсібірін айтайын, қалқам, саған,
Білесің ғой кешегі әбігерді...

Мына біреу — немерем...

Қарғам менің!

Шүкіршілік алаға, арманда едім.

Айта берсе, қалқам-ау, арман көп қой,

Бұл өмірде армансыз жан бар ма еді?!.

1966 ж.

ҚАРАСАЗ

Мен бақыттымын,
Бақытты жерде туылдым.
Айналайын Қарасаз,
Қасиетінен суыңның!

Сенің әрбір бұлағың

Менің әрбір қан тамырым емес пе?

Қасиетті тұрағым,

Қасиетінен суыңның!

Көктемде үйрек ұшып, қаз қонып,
Қараушы едім тырналарға мәз болып.
Жыр уыстап туылмас ем, сірә, мен,
Жаралмасаң өзің Қарасаз болып.

Сонау жатқан жасыл тауды көлденең

Алғаш рет ес білгенде көрген ем.

— Асқар таудың ар жағында ел бар, — деп

Әжем айтса, әй, сәбилік, сенбегем.

Қарасазым!

Айтылмаған сезім ең,

Мен іздеген бақыттың сен өзі ме ең?

Сенің ғажап табиғатыңды кімге айтам,

Кім құмартса, өзі көрсін көзімен...

1967 ж.

МАСАҚ

Біржола өлген ескі өмір тұмауратқан,
Біржола өшкен ескі жұрт қылау жапқан.
"Әулие тас" атанған жерге келіп,
Басын жаңа қазақтар құрап жатқан...
Асқар-асқар таулардың арасына
Ауыл қонып, үй тұрып, жарасуда.
Жерден өсіп шыққандай жапа-жалғыз,
Алып тас тұр дегенге нанасың ба?

Атамзаман...

Атанып "аруақ қонған"...

Алып жартас мәңгілік салмақтанған.

Жұдырықтай қарт зергер тасты қашап,

Бір тал масақ мүсінін салмақ болған.

Бір тал масақ мүсінін салмақ болған,

Тас ағашпен айнала шарбақталған.

Жұдырықтай қарт зергер құлан ұрып,

Құлын мүшеге оралып, саңдақтанған.

— Мүмкін емес!..

— Мүмкін! Мүмкін! — деді.

Қайыспады қарт зергер іркілмеді.

Тіршілігін тоқыған өрмекшідей,

Алып тастың төсінде бүлкілдеді...

Өлшеусіз өте берді ай, апталар,

Алған ісі болмады аяқталар.

Қалжыраған қарт зергер, қара бала,

Қара тасты қашады, оятты олар.

Ал жылдар өте берді, өте берді,

Алыптан масақ жасау бекер еді...

Әкесі мен баласын алайда бір

Құдірет күш күн сайын жетеледі.

Күн сайын күн батырып, таңды атырды,

Күн сайын жан ауыртты, қан қатырды.

Масақ жоқ,

Алып таста бұжыр-бұжыр,

Әр жерінде әшейін таңба тұрды.

Талай жылдар жөнелді, жоғалтылды,

Талай қашау таусылды, жаңартылды.

Тылсым тасты тыншытпай, тықылдатып,

Адам тұрды, берілмей Апам тұрды.

— Кеш кірді ғой, қайтайық, балам, енді,
неткен түнек, неғылған жаман еді, —

Деді де шал, шағырмақ шаңқай түсте

Кірпік қақпай тесіліп қала берді.

– Кеш кірді ғой?! –
 Баласы жалт қарады,
 Қарады, жамандыққа аттамады.
 О, сұмдық!
 Қос жанары... қос жанары...
 Қалдырыпты зергерді, қарт бабаны.
 Шаңқай түс.
 Бала үрейлі, таңданады,
 Соқыр деуге қимайды, арланады,
 Екі қолы ербеңдеп, қайран кеуде
 Аттай алмай адым жер қарманады.
 – Неғылды, Ата, көрмейсің бе?!
 – Неғушы еді, балам-ау, көрмейсің бе?
 Басым меңіп барады, келмейсің бе...
 Масақ...
 Мәңгі масақ...
 Алып масақ...
 Қор қылғаны-ой төңірімнің қалыпқа сап.
 Үһ!
 Жаным-ай!..
 Адамның құдіретін
 Түлей тастың алдында анықтасақ...
 Тыңда, балам...
 Орында...
 өсиетім...
 Өтінемін...
 Болмағын бас иетін!..
 Тас та болса танысып...
 көнсін, білсін,
 Сездің, көрсін Адамның қасиетін.
 Ұрпағыңа айт.
 Әкеңнен басталғасын,
 Әрі қарай жалғансын, тасталмасын.
 "Әулие кеп түнеген орын" емес,
 Алып бір масақ болсын, тас болмасын!
 Ұрпағыңа айт...
 аяқсыз тасталмасын...
 ...Өткен жылдар өшкен жоқ, санада тұр,
 Талай сауыт тоздырды дала батыр.
 Жалғыз қолды қарт адам тасқа қарай,
 Жалғыз ұлын жетектеп бара жатыр.
 Өзі тіреп тұрғандай аспан, Айды,
 Баяғыдай тәкаппар тас қарайды.
 Жалғыз қолды мүгедек қарт зергер жүр,
 Аманатын атаның тастамайды.

Жақсы жандар жамандықтың бар екенін
сезбейді,
Жаман жандар жақсылықты
жамандайды, төзбейді.
Жақсы жандар иісі адам баласынан
безбейді,
Жаман жандар, жаман жандар
жамандықты көздейді!!!

1967 ж.

* * *

Арман-ай, әкеттің-ау тым алысқа,
әкеттің-ау!
Қайғы ма, қуаныш па?!
Әншейін әуре болып жүрмін бе әлде
Әзіргі көңіл жықпас жұбанышқа?!
Арман-ай!
Орыңдалар болармысың,
Қолыма қалай етсең қонар құсың?
Әлде сен әр қиядан із соқтырған
Олжасыз, опығы мол сонармысың?
Өзіңсің мәңгі серік қасыма алған,
Қайда бастап барасың, ғашық арман?
Пау, неткен жеткізбейтін жүйрік едің,
Солығың, сірә, сенің басылар ма?!
Ақ арман, аялдама, алысқа атта,
Серт етгім сеніменен табыспаққа.
Қайда апарсаң, сонда апар, жықпа жарға,
Үзбеген үмітімді алыстатпа!

1967 ж.

* * *

Мына дүние әділдіктен жаралған,
Өз орнында: жер де, күн де, тау, орман.
Бір-бірінен қуат алған, нәр алған,
Мына дүние әділдіктен жаралған.
Күн барады әділдігін арқалап,
Әділдігін бөлеп жатыр шартарап.
Әділдік деп жүргеніміз біздердің, —
Бар ғаламға, әлемге ортақ салтанат.
Мынау өмір — әділдіктің тұрағы,
Мынау дүние әділдіктен тұрады.
Ал Адам ше? Адам неге жылады?
Біреулерден біреу неге ығады?
Біреулердің сағы неге сынады?!

1967 ж.

Әке, сенің тастап кеткен мұраңды,
 Төрт немерең көрген шақта қуанды.
 Терің сіңген тақияға жармасып,
 Алма-кезек бірінен соң бірі алды.
 Иіскейді танауларын шүйіріп,
 Шешем отыр тәуба жасап сүйініп.
 Мазалаған әлдеқандай бір сезім,
 Тұрды менің алқымымда түйіліп.
 Кейіс пішін. Келінің де тұр қарап,
 (Сәбилер-ай, сәби кімді тыңдамақ.)
 Сездің бе, әке, сенен қалған мұраны
 Ұрпақтарың жатыр әне жұлмалап.
 Сезбейсің-ау, сезбейсің-ау, ардағым,
 Осыншама артыңда ұрпақ қалғанын.
 Пай, пай, шіркін. Орталарыңда отырсаң,
 Ию-қию базар болып жан-жағың.
 (Сезбейсің-ау өшпегенін отыңның...)
 Ортасында өзің шашқан қоқымның,
 Өзің жоқсың.
 Өзіңе ұсап отырмын.

1967 ж.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА

Аға,
 Саған білмеймін не айтарымды,
 Қай қырыңнан білмеймін байқарымды.
 Көңілдегі ой көмейге кептелді де,
 Түрмесіне кеудемнің қайтарылды.
 Қайтерімді, білмеймін не айтарымды.
 Жасқануды білмеуші ем, жалтаруды,
 Неге көңіл, білмеймін, аңтарылды?!
 Ақ тұлпарым бар еді саған деген
 Алып ұшпай ол неге қаңтарылды?!
 Сен зәру емессің ғой құрметке,
 (Сырлы аяқтың сыны бар, сыры кеткен.
 Тонға емес, орамал жолға жарап,
 Сый тартуды атамыз ырым еткен.
 Тартар сыйым өзіңе болмағасын,
 Белгілі ғой қасыңа жоламасым.
 Ақ сұңқарым бар еді, ұшпай қойды,
 Алсам дағы басынан томағасын.

Қылышымды суырып қынабынан,
Қыл қапқан жүзін көріп, жыладым-ау.
Жетімдердің кегі мен жесірлердің
Суарып ем суалған бұлағына.

Қайрап едім зауалдың шарығына,
Қақтап едім қан майдан жалынына.
Қынабына оны да жасырдым мен,
Керек болып жүрер деп халығыма.

Қынабына сап қойдым үмітпенен,
Оның несін жасырам бүгіп сенен.
Саған, аға, сақталған бір сый бар-ау,
Назарына ешкімнің ілікпеген.

Алтын да, алмас та емес жалтылдаған,
Бір сый бар, аға, саған тартылмаған!
Ұрпақтар аңыз етіп айта жүрер,
Сыйдан да он есе артық даңқың маған.

Ешкімнің назарына ілікпеген,
Саған бір сый тартам деп үміттенем.
Жүрегімнің тапсырған аманатын
Бере алмай кетем бе деп күдіктенем.

Қандай сый тартсам екен, аға, саған,
(Білмеймін, жараспай ма, жараса ма?!)
Ешбір сый таба алмасам, аға, саған
Аппақ тонын — атамның тәбәрігін,
Жүзге кел деп арқаңа жаба салам.

1967 ж.

* * *

Жалаң аяқ жар кешіп,
Қызыл аяқ қыр кешіп,
Қыр гүлімен бірге өсіп,
Қыр желімен бірге есіп,
Торғайлармен тілдесіп,
Торы тайға мінгесіп,
Тобын жазбай топ бала
Жүретін ек гүлесіп.
Орман, таулы туған жер —
Ортақ бізге бір бесік.

Оны да біз атқардық,
Жігіт болдық, мақтандық,
Тартып мініп ат жалын,
Жеке-жеке аттандық,
"Өнерімізді" ақтардық,
Өршелендік мақтан ғып,
Өкініші сол ғана —
Өзді-өзіміз таң қалдық,

...Орақ мұрын, қыр маңдай,
Маңғаз жігіт жүр бүгін.
Өзі ұстап тұрғандай
Туған жердің түндігін.
Сақтап қалса, жарады,
Азаматтың тірлігін,
Сәби шақтың бірлігін...

1967 ж.

* * *

Жаратқан,
Жанымды алсаң,
Алшы менің.
Бір түйір жерге түскен тамшың едім.
Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,
Артымда қалсын жерім,
Қалсын елім.

Мен де бір жүріп кеткен сағымдаймын,
Қалдыр деп,
Саған, сірә, жалынбаймын,
Мәңгілік мекеніме жету үшін,
Күніне қаншама рет адымдаймын.
Кім білсін,
Қаншама елі шырқарымды,
Кім білсін,
Қай күні сен қырқарыңды.
Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,
Жоғалтпасам болғаны ұрпағыңды.

1967 ж.

* * *

Ғашықпын!
Шын ғашықпын сол адамға!
Мен болмасам, болмайын. Сол аман ба?!
О, тәңірім! Неткен жан қайрылмайтын!
Жүрегі еттен бе әлде қоладан ба?!
Ғашықпын.
Қайтіп оны жасыра алам,
Бір алтын оның әр тал шашы маған.
Сағынайын, таусыла сағынайын,
Сағынышқа жаралған ғашық адам.
Шарықтап, қолым жетпес көкте Күнге,
Ақ қанат құсым менің, кеткенің бе?
Шарқ ұрып бар ғаламды шыр айналып,
Мәңгілік сені іздеумен өткенім бе?

Сарғайған сағынышты басып толық,
Бар үміт, бар сенімді шашып болып,
өтермін сірә да мен бұл өмірден,
Мәңгілік қалармын мен ғашық болып.

1967 ж.

АЛАТАУ, АССАЛАУМАҒАЛЕЙКҮМ!

Көзінің де, көңілінің де нұрын алған
талайдың,
Алатауға тамашалап таңмен бірге қараймын,
Уа, ассалаумағалейкүм, аппақ басты арайлым!
Шаруа-ата секілденіп өміріңді сарып қып,
Үлкен үйдің ошағындай дүниені қарық қып,
Аман-есен жатырмысың, айналайын жарықтық?
Жат осылай тапжылмастан, осыныңды хош алам,
Баурайында бауыр да аман, тең-түс, аға, дос аман.
Жат осылай тапжылмастан, уа, төкапшар босағам!!!

1967 ж.

* * *

Көңілде ән, көгімдегі Күн көруші ем,
Барғанда маған ылғи гүл беруші ең.
Жалт етіп жай отындай көкжиектен
Әттең-ай, маған енді бір көрінсең!
Кетер ем бұлтпен бірге араласып,
Көрер ем найзағаймен жағаласып.
Артыңнан ақша бұлт боп жүзер едім,
Көзіме бір көрінсең, бала ғашық,
Сандал тау, сайдан соққан самалым-ай!
Ой-санам құлайды кеп саған ұдай.
Әлдеқандай күн кешіп жүр екенсің,
Сүттен ақ, судан таза, адалым-ай!
Сап-сары сағынышпен жағаласып,
Жастық өмір басымнан барады асып.
Көзіме бір көрінші, тынайын мен,
Қайдасың, қайдасың сен, бала ғашық!..

1967 ж.

Жамылып сағыныштың сал шекпенін,
 Сарғайып сенің үшін зар шеккемін.
 Зарықтыр, о, тәңірім, жалықтырма!
 Мәңгілік ғашықпын мен, ант еткемін!
 Көзіме көрінбесең, көрінбе сен,
 Күнім боп тұра бергін көгімде сен.
 Өлді деп ойлай бергін сонда мені,
 Бұлт болып шуағыңды тұтып алып,
 Нәсер боп селдетіп мен төгілмесем.
 Көкке емес, жерге сонда құлайды арман,
 Сел болып ағар, мүмкін, лайланған.
 Сен сол кез кезбе бұлтқа бір қарап қой,
 Сол — менмін көктің жүзін шыр айналған.
 Білем саған жете алман, ғарыштасың,
 Белгілі мәңгілікке табыспасым.
 Дерт те емес, күйік те емес, жар да емессің,
 Сен маған сағыныш боп жабысқасың.
 Қайтсем екен сені ұстап қалу үшін?!
 Сен маған шексіз дала сағымысың,
 Мен өтермін, өтермін, өтермін мен,
 Мәңгілік сен қаласың, сағынышым!!!

1967 ж.

Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған,
 Сонда жатыр меңде жүрген орындалмас бар арман.
 Сенің жүзің көкте күннен, жерде гүлден нәр алған,
 Шашың сенің — жан баспаған жапандағы қара орман.
 Қас-кірпігің қарлығаштың қанатындай қап-қара,
 Үлбіреген жүзің сенің ақ жібек пе, мақта ма?!
 Әсем басың әп-әдемі, мүсініңе шақ қана,
 Шиедейін еріндерің қызарып тұр шоқтана.
 Толықсыған тұла бойың шыбық па екен, тал ма екен,
 Бойың сенің баяу атқан жазғы шұғыла таң ба екен?
 Күлкің сенің шашылған нұр, сөзің кәусар, бал ма екен,
 Бұл ғаламда сенен артқан, сірә, біреу бар ма екен?!
 Бұл ғаламда сенен артқан жан бар деуге сенбеймін,
 Сен солайсың, Ләйлім менің, сенбе маған, сен мейлің,
 Бұл ғаламда сенен артқан бір жан болса егерде,
 Оз көзімді өзім оям, оны мәңгі көрмеймін.
 Кім-кәм суы сенен арзан, тата алмаған кәусарым,
 Сенің әсем мүсініңді сөзбен қалай таусамын?!
 Мың Мәжнүн меңдей, сірә, тебіренбеген шығар-ау,
 Ашақ құсым, қайдасың сен? Аңсадым-ау, аңсадым...

1967 ж.

Тау бұлағы да ағады,
Ой бұлағы да ағады.
Әрқайсысы өзінше тепкілейді жағаны.
Бірі жылжып барады,
Бірі мөңкіп барады,
Бәрісі де, не шара, аға алмайды жоғары.
 Бәрісі де, ұмтыла, тек ылдиды іздейді,
 Әрқайсысы өзінше,
 Қатарларын түзейді.
 Дарияға қосылып жай тапсам деп теңізден,
 Байғұстардың бәрісі күдерлерін үзбейді.
Бірі жатыр күркіреп,
Бірі жатыр жылмиып.
Бірі қалды көлдерде көмейіне құм құйып.
Асығады байғұстар.
Сезінбейді сірә да,
Барар жері бәрібір екендігін тұңғыық,
 Асығады байғұстар,
 Өзін өзі қинайды...
 Бұлақтардың көбісі дарияға құймайды!
 Дарияны қайтеді.
 Мұнысы да жөн шығар,
 Мүмкін, олар даласын шөл етуге қымайды,
 Бар қуатын өзінің топырағына сыйлайды.

1967 ж.

* * *

Санаулы күн,
Санаулы ай,
Санаулы жыл.
Санай жүріп самайлар ағарды кіл.
Уақытты не пайда санағаннан,
Алатұғын өмірде бағанды біл.
 Қанша күнің,
 Санап көр текке кетті,
 Қанша жаңды
 Санап көр, өкпелеттің.
 Адамдықтан адасып қаншама рет,
 Қаншама рет ауытқып шетке кеттің?!
Қанша жүрек түбінде тұрақ тептің,
Қанша жанның жүзіне шуақ септің?
Қаншама рет қуанып бардың дағы,
Қанша адамның алдынан жылап кеттің.

Ал, қанеки,
Санап көр, санағышым!
Сарқылмастан тұрғанда сана-күшің.
Не жақсылық көрсетті адам саған?
Не жақсылық жасадың адам үшін?

1967ж.

Бәрі жасыл:
Жер-жасыл, аспан-жасыл,
Жасыл бұлт, жағалай кеп асқарға асыл.
Жабырқап жартастардан қашқанда сұр,
Жасыл маң, ағыта гөр тастарға сыр.

Бері жасыл:

Жасыл қыр, жасыл белес,
Жабырқау жартас қана жасыл емес.
Әжім-әжім тастардың беттерінде
Тұрақтамай кезіп жүр жасыл елес.

Жасыл емес тас қана дара тұрған,
Сұрынан суықтықтың зәрі атылған!
Тас қаншама мәңгілік болғанымен,
Өнуге емес, өлуге жаратылған.

Күн көзінен күмістей шашылған нұр,
Жасыл орман, жасыл көл, жасылдан қыр,
Жасыл кілем жаба сал, жасыл көктем,
Жабырқаулы жартасты жасылдандыр.

1967 ж.

ҚЫРҚЫНШЫ ЖЫЛДАР

Рас, қайғы-қасіреті бар қаптаған,
Ғұмырлар бар батқан және батпаған.
Әкелгенмен әр адамға бір қайғы,
Сол жылдарға қарғыс айту жат маған.

Жанды-жансыз бар табиғат түнерген,
Әр кеудеде бір шер барын білем мен.
Қан майданда ерлік етсе біреулер,
Қарсы жауға біз де шықтық түренмен.

Аңыздардан тере жүріп масақты,
Рас, рас, көзімізден жас ақты.

Бірақ со бір дауыл жылдар, от жылдар,
Бәрімізден бір-бір батыр жасапты.

Батыр жұртым, сол жылдарды өткердің,
Сонда да сен жақсы көрдің, жек көрдің.

Қара емендей қатып қалған әженді,
Кейінгі ұрпақ, батыр емес деп көргін.
Кейінгі ұрпақ, саған салған өткелдің,
Сағасында өткен жастық, өткен күн.
Қаршадайдан қара шаруа атанған,
Сен әкенді батыр емес деп көргін.
Сол жылдарға қарғыс айту жат маған,
Сондағы мен ерлігіме мақтанам.
Балғын ұрпақ, сенің болашағыңды
Біле білсең, мына біздер — сақтаған!

1. V. 1967 ж.

МҰЗБАЛАҚ

Поэма

(Бауыржан Момышұлына)

Екі тәулік өткен-ді,
Ата бүркіт аш қалды.
Қия тартып бөктерді,
Қия тінтті тастарды,
Күз ығысып кетті енді,
Қиямет қыс басталды.
Азық табу оңай ма,
Ақ иығын талдырды.
Аңдар ығып тоғайға,
Адырларды қалдырды.
Үңірейген сайларда,
Үлбіреген қар жатты.
Қан базарлы жайлауда
Тірі жәндік қалмапты.
Сонау өткен жазда бір,
Сонау қырдың төсінде,
Көк киікті, қаз бауыр,
Бүктегені есінде.
Басталысы қаңтардың,
Бас қариды мұз демі.
Адырлардан арқардың,
Ақ лағын іздеді.
Қалықтады Мұзбалақ,
Қансоқтаны аңсады.

Қарап шығып жүз қабат.
Қалжырады, шаршады.
Төмен, жерде, шатқалда,
Қорбаңдайды құмайлар.
Өлексені ақ қарда,
Жәукемдеген сыңай бар.
Бұғанасы бұлт беріп,
Атылғанда ақ иық,
Күшігендер сырт беріп,
Тоңқаңдайды далиып.
Қанаты бар дегенмен,
Ұша алмайды қорбаңдап.
Өлексеге кенелген,
Міне, осылай қор болмақ,
Қайқаң етті хас қыран,
Қайта көкке самғады.
Құмайлардың астынан,
Өлексені алмады.
Мұзбалақтар әсте бір,
Өлексеге түспейді.
Олардікі басқа өмір,
Басқа тірлік істейді.
Самғап күнін өткерер,
Самғамаса, кем болар.
Қорек болса көкте егер,
Қонбас еді жерге олар.
Қайта атылды хас қыран,
Қайта көкке самғады.
Шар аспанның астынан,
Шолмаған жер қалмады.
Дамылдаудан дүр безіп,
Құз ылдида сырғанап;
Тау қойынын жүр кезіп,
Туырлықтай ту-қанат.
Қанша шолып өтсе де,
Тірі жәндік қаямапты.
Жылдағыдай текшеде,
Жайылымда мал жатты.
Ашуды аштық суарып,
Арпалысып бір кетті.
Қансоқтасын шығарып,
Жем табуға міндетті.
Көкке атылды, қағынған,
Қиядан кеп ілмекке.

Оқшау тұрған табыннан.
Жабағыны бүрмекке.
Шыңырау көкте шырқады,
Көз жіберді аймаққа.
Бұлаң етті бір тағы,
Жылқы жатқан сай жақта.

Кенет тұра қалды да,
Шұғыл кейін бұрылды.
Әлде байқап қалды ма?
Әйгілі сұм жырыңды.
Дауылдатып көктен бір,
Бөле келе жатқанда,
Арлан бөрі көктеңбіл,
Тіке тартты қапталға.

Жалғыз пана жан сақтар,
Қапталдағы қара орман.
Бірақ болат саусақтар,
Жауырынға қадалған.
Азулары ақсиып,
Арлан бөрі бұлқынды.
Болат тұяқ қақшиып,
Қақ тұмсыққа ұмтылды.

Жауырыннан, тұмсықтан,
Мыта келіп бүргенде,
Танауынан ыршып қан,
Әлсіреді бір демде.
Қос жанарын арланның,
Екі-ақ шоқып ағызды.
Жарығынан жалғанның,
Тарлан бөрі жан үзді.

Бір тағыны бір тағы,
Жөндеп жатыр, не керек!
Тағылардың ұрпағы,
Тайды құртса, не дер ек?!
Арланды әбден жұлмалап,
Қансоқтаға қанды да,
Тасқа қонды Мұзбалақ,
Енді ұшудан қалды ма?!

Топшылары керіліп, —
Қалжырапты айқаста.
Қона салды ерініп,
Балақтағы жәй тасқа.
Қырқалар — ақ, құздар — ақ,
Аппақ таудың қойнауы.

Қалжыраған Мұзбалақ,
Дамылдауды ойлады.
Сығырайып бір қарап,
Сылқым күн де асты қыр.
Сай-саладан сырғанап,
Сал тыныштық басты бір.
Таудың тентек бұлағы,
Тас тепкілеп жатқанда,
Үнсіз іштен тынады,
Қарағайлар қапталда.
Танымайтын аңқауға,
Табиғаттың сыры көп.
Қаһарланған қаңтарда,
Қайдан соқты жылы леп?!
Ақ атанға жүк артып,
Шынымен қыс өткен бе, ей?!
Керуенін шұбалтып,
Мына келген көктем бе, ей?!
Тамсанады қыран да,
Тамсанады күртік қыр.
Жылы аспаннан бұларға,
Жылы жаңбыр бүркіп тұр.
Көк аспанның астынан
Төгілген нұр шаттандыр!
Қан сасыған хас қыран,
Рақатқа батты-ау бір!
Бойы сергіп бір түрлі,
Бойкүйездік құласын:
Қыран қатты сілкінді,
Сермеп қалып құлашын.
Қос дүрбісін Мұзбалақ
Бір ашады, бір жұмып.
Жылы жаңбыр жүз қабат,
Бар күнәсін жүр жуып.
Қауырсынын қақты да,
Бойындағы қаны ұйып,
Рақатқа батты ма?!
Қалғып кетті ақиық..
Ол ояңды мұздақтан,
Айнала аппақ, Таң атқан.
Арқа-басы зіл батпан,
О, сұмдық-ай, жаратқан!
Алғаш ауырсынбады,
Қазір ұшып самғардай.

Әттең, қауырсындары...
Сауыт киіп алғандай.
Туырлықтай қанатта,
Туырлықтай сауыт мұз.
Әттең сорлы, балақта,
Шыңда болсаң, қауіпсіз.
Сайқал ұйқы бөктеріп,
Самұрық құс өкінді.
Ашулы арлан кектеніп,
Келе жатқан секілді.
Өлген арлан желігіп,
Жалмайтындай көрінді.
Төс сүйегін кеміріп,
Баурайтындай көрінді.
Жорғалаған жандарды
Жоғарыдан көргенде,
Талай рет таңданды,
Қапы қалған шерменде.
"Қанаты жоқ бейбақтар
Күнелтеді қалай", – деп.
Мазақ етіп кей уақта,
Шошытатын талай кеп.
Қанатсыздың барлығын,
Қауқарсызға балайтын.
Жорғалаған жандыны,
Жемтігім деп қарайтын.
Көкте самғап өткен ер,
Отыр жерде, құр кеуде.
Қорек болса көкте егер,
Қонбас еді бұл жерге.
Құлақтанып шықты Күн,
Құз жотасына өрмелеп.
Құдіреті мықтының,
Күрт үзілді жерге кеп.
Қара орманға текшеден
Қайта орады киіктер.
Қапсыра кеп бөкседен
Халің келсе, тиіп көр.
Шаңқ-шаңқ етіп долдана,
Шырқау шыңға бір атыл.
Қайта төмен сорғала,
Халің келсе, сұрапыл.
Қайраттанып хас қыран,
Қайта-қайта қарманды.

Мұз сауыттың астынан,
Шолып отыр бар маңды.
Аспан ашық кірбеңнен,
Аспаннан бұлт тарқапты.
Салаң етіп бір белден,
Шыға келді салт атты.
Қырға шығып делдиіп,
Шолды дағы бар маңды.
Таста отырған ербиіп,
Мұзбалақты аңғарды.
Бұрылды да бүйірден,
Қиялады бөктерді.
Мұздан сауыт киінген,
Мұзбалаққа дөп келді.
Тасқа орнатқан мүсіндей,
Мұздан сауыт жамылып;
Кішігірім кісідей,
Отыр екен самұрық,
Шатынайды сынғалы,
Балақтары батпандай;
Қара тасты тырнағы
Жарып бара жатқандай.
Қалқан төсі далиып,
Қанатынан күш алмай;
Шойын топшы ақиық,
Шоңқайыпты ұша алмай.
Кебін етіп үстіне,
Киініпті ақша қар.
Шоршып тастан түсті де,
Шоршаңдады бәтшағар.
Қалай күнін өткерер,
Қос аяқпен өрмелеп?
Қорек болса көкте егер,
Қонбас еді жерге кеп.
Олжа келсе алдына,
Адам тағат қылар ма,
Аткөрпесін алды да,
Жаба қойды қыранға.
Қайта қонып атына,
Тарта берді ақырын.
Қалғып кетіп қапыда,
Қолға түсті пақырың.

Тұғырында жем берді,
 Тұтқын бірақ татпады.
 Аш өлуді жөн көрді,
 Қыран атын сақтады.
 Мынау тегін несіптен,
 Бір шоқып та жемеді.
 Көздей ғана тесіктен,
 Көкке қарай береді.
 Түгеп болып тағатын,
 Бір сәт қалғып, қылжиып;
 Туырлықтай қанатын
 Бір созады, бір жиып.
 Ұша алмайды серпіле,
 Жалғыз томар — жайлауы.
 Жібермейді еркіне
 Балақтағы байлауы.
 Қан ағызған кезімен,
 Қош айтысқан саусақтар.
 Ауық-ауық көзінен
 Аунап түсті моншақтар.
 "Босат, балам, қыранды.
 Босағаңда қатырма.
 Құс қой сорлы тұмарлы,
 Бостандық бер пақырға.
 Қанаттыны ұстар кім,
 Қанаттыны қамама.
 Қасиетті құстардың,
 Қасиетін бағала!
 Бар обалын жамылып,
 Балам, қайтіп көктерсің.
 Көкті кезген самұрық,
 Көкте жүріп, көкте өлсін",
 Әйдік ұлы көнбеді,
 Айтқанымен жүз қабат.
 Ақжем болып шеңгелі,
 Абақтыда Мұзбалақ,
 Мекені боп мәңгі — жер,
 Енді күні қараң ғой. ~
 Әлсіздерді әлділер
 Тұтқындаған жаман ғой...

1967 ж.

* * *

Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген,
(Сонау бір соғыс жылы естіген ем).

Әредік әлдеқалай есіме алсам,

Қос басы, қою қара кешті көрем.

Шар тастар, шалғынды сай Қарағайлы,
Шулы өзен шомылдырған шағала Айды.
Жетеліп бұлттар көшіп өтетұғын,
Жетектеп жетегінде қара қайғы.

Жел тынған, жапырақ та сілкінбеген,

Тауға кеп түн ұйитын кілкілдеген.

Әр жүректі сол бір ән мазалайтын,

Әр көмейде сол бір ән бұлкілдеген.

Қос басында қауымның бәрісі де,
Қосылатын жасы да, кәрісі де,
Сіңір тірсек біздер де шырқаушы едік,
Түсінбестен сол әннің мәнісіне.

Күндізгі зор бейнеттің түні келіп,

Әр кеш сайын ән тыңдап жүріп едік.

Көз ұйқыға кеткенше сол бір әннен

Сай-сала тұратұғын күңіреніп.

Жүректің шыңырауында қоздайтұғын,
Шыбыны бар кеудені қозғайтұғын.
Қауым айтқан сол әнді естігенде,
Боталы інген борықта боздайтұғын.

Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген,

(Сонау бір соғыс жылы естіген ем).

Сол бір ән көмейіме кептелгенде,

Өмір дейтін керуен көшті көрем.

1967 ж.

ҚОСЫҚТАР

Қарақалпақ әсерлері

* * *

Боза тау ма?

Боз отау ма?

Кім білсін...

Боз отауды айт,

Ал, ақсақал, бір күрсін.

Боза таудан боздап шыққан сол бір үн,

Алатаумен бірге жатып, бір жүрсін.

Мынау үнің бойыңды алды, құлатты ой,
(Қобызыңның құлақтарын бұрап қой)

Боза тау ма?
Боз отау ма?
Кім білсін...
Өткен күндер екеумізге сұрақ қой.
Боза тауды айт,
Бозғыл тұман жамылған
Боз отауды айт,
Бозбаланы сағынған.
Боз жырауды айт,
Қолына ұстап қобызын,
Құмды кезіп, тағдырына табынған.

Боза тау ма?
Боз отау ма?
Білмеймін.
Боза тау деп, боз отау деп біл, мейлің.
Боздап тұрған боза тауың, кәрия,
Біздердегі "Елім-аймен" бірдей мұң...

1967 ж.

* * *

Жойқын дейді?!
Жойқын деген жалған ғой.
Жорамалмен жойқын болып қалған ғой.
Ағатай-ау, әму деген, расында,
Жойқын емес, жүйткіп жатқан арман ғой.
Әму деген шанағына сыймаған,
Шабыт кернеп, шалқып жатқан күй маған.
Бақыты ғой мына құмның, мына елдің,
Тәлейіне табиғаты сыйлаған.

Жойқын деді,
Өртүрлі әркім мақтады,
Жойқын екен төңкеріліп аққаны.
Менің үшін қасиеті әмудің –
Құмға сіңіп, құрып кетпей жатқаны.
Жойқын дейді,
Жойқын болса, не етеді?!
Ерке дария еркелейді, кетеді.
Еліне кеп еркелесе тентегі,
Бүлінбес-ау Қарақалпақ мекені.

Жойқын дейді...
Жойқын болса, несі бар?!
Жойқын күштің жомарттығын есіңе ал.
Жойқын дария, әне, тасып барады,
Мықты болсаң, ал, құлағын кесіп ал...

1967 ж.

Қарақалпақ ақыны Ибрагим Юсуповқа

Шежіресін талай жыл, талай заман,
 Білмегенмен айтасың, ағай, маған.
 Бабалардың өзі жоқ, ізі жатыр,
 Қала орнатып, егін сап, мал айдаған.
 Боз қорған, күрең қорған, қара қорған,
 Қалайша құм далаға дара қонған?!
 Сірә, біздің бабалар текке өтпеген,
 Мен білсем, осы арада қала болған.
 Қала болған!
 Өткізген салтанатын.
 (Жәйім жоқ болмады деп жалтаратын).
 Ауғаннан, Египеттен, Ираннан кеп,
 Зергерлер тасты қашап, мал табатын.
 Қала болған!
 Бұл жерде халық тұрды.
 Қас жауын Қараспаңда жолықтырды.
 Құм жұтқан қараң қалған мынау сарай,
 Мұңайып жер астынан соны ұқтырды!
 Бұл анық алып қала ізі екені,
 Алжыған шежірені түзетеді.
 Қалай десең, олай де, өткен өмір,
 Өшпейді, өз намысын күзетеді...

1967 ж.

Құмдар...
 Құмдар...
 Тау құмдар, қырат құмдар!
 Қаншама керуенді шулаттыңдар,
 Қаншама өзендерді суалттыңдар,
 Қаншама ғасырларды ұзаттыңдар...
 Шағылда бірін бірі сүйеп өлген,
 Шалғайда көшкен-ау жұрт түйелермен.
 Берекеңнен айналдым, беу, қазақ-ай!
 Соншама сахараны иеленген.
 Самолеттің астында мидай далам,
 Сағым болып самғайды,
 Қимайды адам...
 Кез келген өңірінде қолтаңба бар,
 Керуеннің ізімен шимайлаған.

1967 ж.

ТӨЛЕГЕНГЕ

I

Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның,
Қызарып батты ертеңгі шығатын күн.
Торғай-өлең шырылдап бара жатты
Аузында ажал дейтін сұрапылдың.

Торғай-өлең өлмеді, аман қалды

Әкетті ажал...

Жыр емес, адамды алды.

Бір өмірдің дастаны басталды да,

Шорт үзілді,

Шоп-шолақ тамамдалды.

Қаралы лек.

Бозғыл шаң шұбатылды.

Бара жатыр жерлеуге шын ақынды.

Маржан жырдың мөп-мөлдір бір түйірі

Құмға түсіп кетті де, уатылды.

Тұңғыш көрдім қайтқанын шын ақынның,

Қаталы-ай ажал дейтін сұрапылдың!

Сұңқар төсі томпиып қарсы қарап,

Қаршығадай қылшылдап тұратын кім?!

Енді жоқ азаматым, аймандайым,

Жоқ болды құмға сіңген айрандайын.

Асығыс ылғи жортып жүруші еді,

Бетпақтан су іздеген жайраңдайын...

II

Бармаңдар ақынды жұрт жерлегенде,

Көрмеңдер көрдің аузы жабылғанын.

Көтеріп сендер оны келмегенде,

Көмусіз қалмайды ғой, бауырларым!

Көмбеңдер!

Топырақты тастамаңдар!

Жабыла толтырыңдар құмды ұраны.

Ақынды көмсін білмес басқа жандар,

Басына бармаңдар да, құрбылары!

Ет жүректің езілмес кезі ме бұл...

Жылай білсең, шын жыла!

Жасыма тек.

Кезек күтіп тұрғандай сезіне біл,

Алдындағы апанның басына кел.

1967 ж.

* * *

Неғылған ой жаншып тұрған мұншама,
Нені аңсаймын,
Кімге барып мұң шағам?!
Әуре ететін әлде, жырым, сенбісің,
Әлекке сап, әр нәрсеге жұмсаған?!
Не көксеймін?!
Неге мұнша жалықтым?!
Әлде өмірді енді білдім, жаңа ұқтым?
Қолым жетпес қуатыңа құмар қып,
Әурелеген әлде сен бе, жарық күн?!
Өтіп жатыр, өтіп жатыр келге күн,
Не күтемін?!
Не береді ертеңім?!
Апырым-ау, құйттай жанға не керек —
Ауа тегін, аспан тегін, жер тегін!!!
Базар өмір бары-жоғы бір менде,
Нені аңсайды?!
Неге құмар бұл кеуде?!
Әлде мынау дүниенің рақаты —
Әр нәрсені білгеннен де білмеу ме?!

1967 ж.

* * *

Бәрекелді!..
Назымды кімге шағам?!
Түнге шағам,
Түстегі Күнге шағам,
Айға шағам,
Ал болмаса, назымды кімге шағам?!
Мәссаған!
Мен өкпемді кімге айтамын?!
Түнге айтамын,
Немесе Күнге айтамын,
Көк аспанмен көктемде көрісем де,
Күркіреп бұлтпенен бір қайтамын.
Назым болсын тек қана.
Назым қайда?
Наз түсінбес жаңдарды наз ұрмай ма?..
Наз дегенің — көңілдің ақша бұлты,
Самал соқса, ұлп етіп жазылмай ма?!

1967 ж.

* * *

Адам маған ұнайды қылығымен,
Толқынымен ұнайды, тұнығымен.
Біреулері тоңдырса шылығымен,
Біреулері жылтады жылуымен.
Адам маған ұнайды қылығымен.

Мен де адамға ұнаймын мінезіммен,
Мың сойқандық аттанар бір өзімнен.
Жақын тартса, біреулер сыртқа тепсе,
Өкінбеймін, өйткені кінә өзімнен.

Өкпелетті талайлар, өкпелеттім,
(Өкпелетіп адамды көктемек кім?!)
Жақсылық па?
Жүгірем құшақ ашып,
Жамандық па?
Оған да бетпе-бетпін.
Көзімен де, көңілімен баяндаған,
Адамдардың мінезі аян маған...
Қандай бақыт!
Солардың арасында
Жетер жерге жеткенше аяндаған.

1967 ж.

* * *

Япырай-ай!
Неткен көктем!
Көктем!
Көктем!
Дүние-ау,
Сен осылай көкпеңбек пе ең?!
Қымырандай ашимын қырға шығып,
Өзегімді жалайды өткен-кеткен.
Мына дала, мына өлке — жап-жас әлі,
Адамдардың жоғалды сан жасағы,
Бір ұрпаққа бір ұрпақ жалғасады,
Мына дала, мына өлке — жап-жас әлі.
Жап-жас әлі.
Ой да жас, орман да жас,
Елтіп тұр.
Көктемге болған да мас?!
Көзге күйкі жалғыз-ақ қиырдағы
Құлазыған, мүжілген қорған қораш.
Япырай!
Неткен көктем!
Көктем!

Көктем!
Дүние-ау, сен осылай көкпеңбек пе ең?!
Мәңгі-бақи түлеген қаз қалпыңда,
Табиғат, керемет ең неткен, неткен?!

1967 ж.

* * *

Біздің таулар керуендей шұбалған.
Күнді өздері батырған да шығарған.
Тұлғаларын тұңғиыққа суарған,
Олар биік тұманнан да мұнардан.
Сенсең бөрік, сәлде шалған — атамдар,
Желкен бұлттар — желкілдеген сақалдар,
Өркеш-өркеш маң-маң басқан атаңдар,
Біздің таулар — аяқталмас сапарлар.
Көшін тартып, көше-көше сабылып,
Көш бастаушы бағытынан жаңылып.
Біздің таулар — тоқтап қалған керуен,
Сахараның сағымына аңырып.

1967 ж.

* * *

Құмған алған,
Суға барған,
Сұлуымды сағындым.
Сырғаланған,
Қуған арман,
Құлынымды сағындым.
Түйнектер мен
Жидек терген,
Нуларымды сағындым.
Үйректермен
Иректелген,
Суларымды сағындым.
Тынып тіптен,
Түлік біткен,
Жусағанын сағындым.
Жиі беттен
Сүйіп өткен,
Қыр самалын сағындым.
Безінбейтін,
Сезінбейтін
Аңғал кезді сағындым.
Өзім дейтін,
Сезім дейтін —
Жанған кезді сағындым.

1967 ж.

ЖЕР

Жер!
Сенің есігіңді қағып тұрмын,
Сен бесігім болмасаң, нағып тудым?!
Өз ұямды өзіме қимайсың ба,
Неге мұнша пендеңді сабылттырдың?!
Жер!
Сенің есігіңді қағып тұрмын!
 Өтті менен,
 Бәрі де өтті менен,
 Ұлыңмын тілеуіңді көп тілеген.
Жер!
 Менмін... Адаммын ғой...
 Аясаңшы!
 Адаммын,
 Күнде сенің арқаңды тепкілеген.
Өзіңнің сәбиіңмін құндақталған,
Түсіндім...
Сенсіз, Ана, күн жоқ маған.
Асылып жауыр қылған арқаңнан да
Қойының әлдеқайда қымбат маған!

1967 ж.

* * *

Арып-ашқан жан болса,
Мен бір үзім нан болсам.
Ол мені жеп әлденсе,
Бишараға әл берсем.
 Айнала шөл құм болса,
 Қарға адым жер мұң болса,
 Жолаушының сонда мен
 Құтысында су болсам.
Өшкелі жатса ер дене,
Өмір болып келсем мен.
Қайғыдағы пендеге
Қуаныш боп енсем мен.
 Арманымнан жаңылсам,
 Ақша болсам, не деймін?!
 ...Қашан дағы табылсам
 Қалтасынан кедейдің.
Мен, мен болсам, мен болсам,
Бір өзім бір ел болсам.
Қол астымда — әскерім,
Ар-ожданым сен болсаң!

1967 ж.

БАЛА ШАҚТАН – БОЛАШАҚҚА

Ө м і р д а с т а н

1. БЕСІК БАЛАҒЫНДАҒЫ ЖЫЛАН

Қырық-отыз құрым үй Жиiekтегі,
Қырқадағы орақта ниеттері.
Шешем бөлеп, ұйқтатып, бесігіммен,
Керегеге кетіпті сүйеп мені.

Кетіпті өзі жылғаға су алуға,
Сусап келер әкемді суаруға.
Әкем байғұс орақта болса керек,
Мұршасы жоқ күлуге, қуануға.

Есі-дертін екі ұлға кезек бөліп,
Кетсе керек әжем де тезек теріп.
Тойып алсам, томпиып жатады екем,
Шамалы екен шешемді мезі еткенім.

Жар салып, жасалмапты тойым анық,
Ағайын шабылмапты қойын алып,
Уыз емген бұзаудай жатсам керек,
Уызына шешемнің тойып алып.

Тал бесігім қорғаныш болып маған,
Жатсам керек, сірә да, қорықпағам.
Қошан тірлік айналам дүние екен,
Құрымаған немесе молықпаған.

Жатса, тұрса жармасып жерге үңіле,
Өз тірлігін күйттепті ел де міне.
Сірә, бір жан, білмеймін, қуанды ма?
Бір қазақтың өмірге келгеніне.

(Неге керек қуансын, қуанбасын!
Қазақ жұрты, әйтеуір, суалмасын!)

...Шешем менің жылғадан қайтсын үйге,
Апыл-ғұпыл асығып су алғасын.

Асығыпты, ешнeгe бұрылмапты,
Әлденеден жүрегі суылдапты.
Құлағына әлдекім сыбырлапты,
Әлдебіреу мен болып шырылдапты.

Үйге келсе,

қаперсіз жатыр екем,

Шошырлықтай нәрсе жоқ заты бөтен.

Қайта бүркеп бесікті қойыпты да,

Қаннен-қапер қатерден қапыл екен.

Бірдеме деп, күбірлеп, ырымдапты.
Тіршілігін жалғапты, бұрылмапты;

Жүк үстінде, сол сәтте ала мысық,
 Үдірейе бесікке, бырылдапты.
 Ине-мұрты шаншылып танауында,
 Әлденені мысық тұр қарауылдап,
 ...Оралып қара шұбар жылан жатыр,
 Бас жақта, тал бесіктің балағында.
 Зәре-құт жоқ, анамда сұр қалмаған,
 Қарсы алдында аждаһа сумаңдаған,
 Бас бармақтай басында сағат тілі,
 Өтті-кетті дегендей жылмандаған.
 Құрым үйдің құбыжық есік-төрі,
 Дәрмені жоқ алмапты шешіп мені.
 Әжем үйге кіргенде, үнсіз ғана,
 Әбжыланды нұсқапты бесіктегі.
 Әжем келіп жүзімді байқап көрген,
 Тірі ме деп, басымды шайқап көрген,
 Сусып түсіп сумаңдап, шұбар тажал,
 Ирелеңдеп, іргеге тайқап берген.
 Қысып тұрып қысқышпен желкесінен,
 Әжем оны алыпты жер төсінен.
 Анама сүт әкел деп бұйырыпты,
 Әңгімені доғарып келтесінен.
 – Бұзықтың қамшысындай иректелген
 Бұзық ит, сені не сор сүйреп келген?!
 Тамыз, кәне, сүтіңнен таңдайына,
 Тажал неме бізге де үй деп келген.
 Тұрыпты анам түсінбей мән-жайына,
 Ысып-суып, зымырап қан бойына.
 Дұшпанды әжем есен-сау жолға сапты,
 Ақ тамызып жауымның таңдайына.
 – Өлтірмегін,
 көтерме құнын босқа,
 Ол шаққан жоқ,
 жытуын, қуын, шошқа!
 Ұйықта, ботам,
 өзің кеп тиіспесең.
 Жылан деген төкпейді уын босқа.
 Мен жатыппын есен-сау бесігімде,
 Алда болып ажалым, несібім де.
 Титтей-титтей қырық күн сығалапты.
 Қырық жамау құрым үй тесігінде.
 Әлде сақтап періштем қақты ма екен?!
 Әлде қорғап мысығым жатты ма екен?
 Әлде менің дұшпаным өзі қорқып,
 Менен келіп қорғаныш тапты ма екен?!

Неге менің үйіме төте кірді?!

Бесігіме неліктен көтерілді?!

Неге мені шақпады?!

Сезді ме әлде?!

Мен өзіне жау емес екенімді.

Жақын болса жауым кеп, сүйінер ем,

Жауым болса жақыным, күйінер ем;

Кім екенін білмеймін, түсімде мен,

Қара шұбар жыланды жиі көрем.

Сақта мені, салқын тау, жұпар далам?!

Улы тістер бар шығар мұқалмаған...

Екінші рет білмеймін не боларын,

Бірінші рет, әйтеуір, жұта алмаған...

2. АЛДЫМЕН КӨРГЕНІМ – АСПАН

Кешірсін мені Жер ана,

Жер ана – мәңгі жөргегім.

Көк аспан, тұнық көк аспан –

Көзімді ашып көргенім.

Әкеткен де іліп сол Аспан

әжемнің құрған өрмегін.

Тек Аспан – менің арманым,

Тек аспан – менің ермегім.

(Шалқамнан бөлеп үйреткен)

Жатырмын міне шалқамнан.

Аспанды көр деп, Жер өзі

Көтереді арқамнан.

Шаршайды бір сәт жанарым,

сүрініп сонау тауларға,

Өте алмай алып қалқаннан.

Қалқанға барып көкжиек,

салбырап тұрып құлайды;

– Аспанның шеті сол ма? – деп,

абдырап сәби сұрайды.

Әлек боп әже жатқаны,

әуелі атап құдайды:

...Аспанның шеті болмайды,

болмайды, балам, о несі?!

Қалқалап тұрған, көрдің бе?

Таулардың сонау төбесі.

– Әр қарай тағы аспан ба?

– Мыжыма, балам, өсесің,
өскен соң өзің көресің.

Көнбеймін,
және қараймын,
Алыста жатыр мұнартып,
көк айдын, бірде ақ айдын,
Тағы да таулар-қалқандар,
Аспанның шеті құлай кеп,
таусылғанға санаймын.
Тамаша!
Дәл сол жерде, оңаша,
Тағы да аспан бар ма екен,
өз көзіңмен қарасаң! Көкжиек!
Жұмақ көкжиек!
әр жағың маған белгісіз, –
әлде бір жатқан түнек пе,
тірі адам шыдап көргісіз?!
әлде бір аспан бар ма екен,
Менікіне де бергісіз?!
Белгісіз маған, белгісіз.
Өз үйім ғой – Жер менің,
Алдымен Аспан – көргенім.
Айды, Күнді, Жұлдызды
Сонан соң барып көргемін.
Алдымен аспан – көргенім,
сонан соң барып таныдым,
бұлттардың қаптап өргенін,
селдерден кейін аспаннан,
әжемнің көрдім өрмегін.
Аспаннан түнді таныдым,
аспаннан таңды таныдым,
Таныдым түннің түнегін,
Таныдым күннің жарығын.
Аспаннан саулап тұратын,
түйірі ме әлде бидайдың,
түйірі ме әлде тарының?!

Желпініп алып,
бір сәтте,
желікпе бұлттар тарайтын,
Тойымсыз біздің томпақ жер,
томсарып көкке қарайтын.
Көкжиек және көлбей кеп,
Көлеңке тауға жанайтын.
Жанарына жас тұнып,
Жалғызсырап көдер де,
Аспанға карап жататын,
Қайтқанда құстар, келгенде.

Айдында шабақ шоршитын,
аспандағы айды көргенде,
аспаннан сәуле төнгенде.
Аспанға қарап суығам,
аспанға қарап жылығам,
“Аспанның асты кең”, – дейді,
(үсті кең, солай ұғынам)
Апырау, мұнда не сыр бар?!
Майлаяқ біздің қамықса,
аспанға қарап ұлыған.
Аспанға қарап келді адам,
аспанға қарап кетті адам,
Шынымен аспан шексіз бе?!
Белгісіз осы тек маған.
Көкжиек таумен сүйісіп,
көрінбей жатса әр жағы,
Аспанның біткен жері сол,
аспан жоқ әрі деп қалам.
Құнысқан құрым үйімде,
жаттым-ау талай шалқалап,
Белгісіз маған әуе аспан,
белгісіз маған шартарап.
Майыстырып уығын,
желпініп алып құрым үй,
Аспанымды аядай,
тұратын еді арқалап.
Аядай менің Аспаным,
Төңкерілген төбемнен,
Алайда сен шексізсің,
шетіне жетпей келем мен.
Өзіңе қарап туыппын,
Өзіңе қарап өлем мен...

3. АДАМ АТА МЕН ХАУА АНА

Мен – Адам Ата,
Ол – Хауа Ана,
Мен де таза, ол да таза, ауа да.
Жылжып ағып жылға жатыр, ой-толқын,
Қарекетсіз біз отырмыз жағада.
Айналамыз алау-жасыл жаннат бақ,
Антарылған екеумізді ардақтап.
Бет алған ек біздер қайда бармаққа?
Неге отырмыз ел көзінен аулақтап?

Не күш бізді бастап келді, білмейміз,
Неге біздер ойнамаймыз, күлмейміз?!
Неге біздер бұрынғыдай асыр сап,
Алдым-жұлдым арпалысып жүрмейміз?!

Әрі жақын, әрі алыс арамыз,

Қыз бенен ұл...

Бөлініппіз, қараңыз.

Қыз бенен ұл...

Жер мен көктей арамыз,

Жер менен көк жақындасып барамыз.

Біз отырмыз, еш нәрсе де демейміз,

(Еш нәрсені түсінбесек, не дейміз...)

Жылып аққан жылғаға тас лақтырып,

Құныға кеп құмға аяқты бөлейміз.

Ал табиғат...

ал табиғат тым басқа,

Түйіп болмас, сүйіп болмас сыр-дастан.

Бію-қию құстар анау шуласқан,

Көбелектер нәр алуда тынбастан.

Шалғын мынау бұйра шашын таранған,

Сары, жасыл,

қызыл гүлдер — сан алуан.

Самадатып сағым ақса аулақта,

Сағым болып теңселеді тау, орман,

Барлығы да сүйісуден жаралған.

Бар өлкеде бара жатыр нұр жанып,

Бәрі бізді бағатындай ұрланып.

Адам Ата бастап берген күнәға,

Біздер бірақ мойнымызды бұрмадық,

Бақа-шаян, айуандар не түрлі,

Сол күнәні қалайтындай секілді.

Басқа шығып бал шарабы көктемнің,

Балбыратып, мазамызды кетірді.

Не керемет бізді мұнда тастаған?!

Ол да менен, мен де одан жасқанам.

Айналайын Адам Ата, Хауа Ана,

Алдыменен қайсың едің бастаған?

Әлде сен бе, айналайын Хауа Ана,

Қауызын ашқан гүлге ұсап қараған?

Адам Ата, әлде сен бе ақ гүлден,

Нәр алғанды тіршілікке балаған.

(Айтарым бар сендерге мен мақтанып),

Сендер батқан күнәға біз батпадық,

Тұрған болар, әйтеуір, бір от жанып,

Жанып барып, жанып барып тоқтадық.

Албыраған алмадайын Хауа Анам,
 Албырап тек отыр еді манадан,
 Шырт етті де, бұтағынан үзіліп,
 Шолп беріп суға түсті жағадан.
 Сермеп қалып аппақ сазан білекті,
 Ағынменен арпалысып бір өтті.
 Су сипалап, су аймалап денесін,
 Мен өплеген дидарынан су өпті.
 Аунап, тулап арнасында жылғаның,
 Араласып кетті-ау, кетті су, жалын.
 Сонда барып сезді менің қу жаным,
 Су мен өрттің өрістес боп туғанын.
 Тас бауыры қалуға бір жылынып,
 Суық су да тілейді екен жылылық,
 Алау жалын өртенгенмен қаншама,
 Қалайды екен қалғанды бір суынып.
 Су мен жалын бірін бірі тапқандай,
 Суыта алмай, жылыта алмай жатқандай,
 Ақ жалынды аппақ нөсер жапқандай,
 Ақ айдынға аппақ жалын батқандай.
 Жалын мен су барып-барып басылсын,
 Мөлдір моншақ жағаға кеп шашылсын.
 Хордың қызы судан алып кеудесін,
 Қос қолымен көкірегін жасырсын,
 Қос бұрымы қос иыққа асылсын.
 Жылып қана жуасыған жылғада,
 Су моншағы мойынынан сырғанап,
 Моп-момақан ақ қанатты періштем,
 Әлі менің көз алдымда тұр қарап...
 Махаббат па әлде басқа сезім бе?
 Сезінбедім сол бір сәтте өзім де.
 Қысқа өмірдің қызғылықты сәтінің,
 Негативі әлі менің көзімде.
 Талай қызық көрдім де мен, көрермін,
 Тайталасқан сезімге ерік берермін.
 Менен алып негативін сол сәттің,
 Сондағыдай сурет жасап берер кім?

4. ШАРУА ҺӘМ ЖАУЫНГЕР

Білмеймін, өлдің бе сен, өлмедің бе,
 Белгісіз, жеңдің бе сен, жеңбедің бе.
 Кетіп ең: "Көппен көрген — ұлы той", — деп,
 Уыстап қайратыңды шеңгелінде.

Білмеймін, сен аттың ба, жау атты ма?!
 Тірідей тықты ма әлде абақтыға?!
 Білмеймін, бір қағынғыр соғыс салса,
 Шалғайдағы шаруа жауапты ма?!
 Жанжал десе, құлағы елеңдеген.
 Жауынгерлер сияқты ем сенен де мен.
 Сенбеймін, сен адамды ата алмайсың,
 Қару алған жауынгер дегенменен.
 Аранын ашқан шақта қанды ауыздар,
 Қорғанып аттың ба әлде жалмауыздан?!
 Білмеймін, қайтып адам өлтіре алдың,
 Үйінде көрмеп едің мал бауыздап?!
 Намысың қозды ма әлде төзім беріп,
 Оқ болып ұшты ма әлде сезім-желік?!
 Орақпенен қолыңды отап алсаң,
 Шошушы ең өз қаныңды өзің көріп...
 Әлде ол басқа қан ба жолай, бөтен,
 Әлде ерліктің ғадеті солай ма екен?!
 Әлде елінде егін сап, мал баққаннан,
 Адамды ата салу оңай ма екен?!
 Мен білмеймін,
 білмеймін,
 түсінбеймін!..
 (Ел мақтасын ерлігің үшін мейлі).
 Қарлығаш боп отыңа су себем де,
 Сені, әйтеуір, тозаққа түсірмеймін.
 Қару құрсын, қаруды неғыласың,
 Сен орақты алдымен танығасың.
 Жаһаннамға қан жүктеп кеткен жоқсың,
 Егін салған егеу қол шаруасың.
 Базарлап отыратын барыңменен,
 Шаруа едің жаныңмен, арыңменен,
 Әлде жау бұлағыңды бұрып алып,
 Егініңді суардың қаныңменен?!
 Әлде біреу тұтқан соң арманыңды,
 Амалсыз жұмсадың ба қанжарыңды?!
 Амалсыз өлтіруді үйрендің бе,
 Жау айдап баратқасын бар малыңды?!
 Құлағалы тұрған соң қайран қосың,
 Қару болып қолыңда қайлаң-досың.
 Қансыратып біреуді жықтың-ау сен,
 Құрбандықсыз қан майдан қайдан болсын.
 Өлтіруден басқа еш, дым білмедің,
 Кім білсін, кек алып та үлгірмедің...

Алғаш рет жауыңды жамсатарда,
Аян маған абыржып, ділгіргенің.
Мүмкін, жауың сол сәтті пайдаланды,
Аяушылық, парасат жайға қалды.
Сезім билеп, сен аяп тұрған шақта,
Сені аямай, дұшпаның байлап алды.
Адаммен тілдесуге құмар едің,
Мүмкін, сен аңғалдықпен тұра бердің,
Мүмкін, сенің көзіңде қан ойнақтап,
Әйтеуір, қыра бердің, қыра бердің.
Өкінбен сен өмірден өтті ғой деп,
Өкінем жау түбіңе жетті ғой деп.
Өкінем жеңдеттердің арасында,
Сендей бір шаруалар кетті ғой деп.
Кетсінші аулақ!
Құрысын пайымдаулар!
Жан емеспін қасқырдан қойын даулар.
Менің әкем белгісіз солдат емес,
Бауырлар моласына қойылғандар!
Бауырлар моласына табынамын!
Басқадай ескерткішті нағыламын.
Бастарыңда мәңгілік тұрса болды,
Орақ пенен Балғасы шаруаның...

5. МЕНЕН СҰРА

Мен соғысты көргенім жоқ,
Көргім де жоқ, көрмедім.
Соғыс ойынын ойнайтынмын,
(балалардың ермегі).
Қару алып,
қан майданда,
Қас жауыма төнбедім,
Көрдім бірақ
жесірлердің, жетімдердің еңіреуін.
Мен соғыста болғамын жоқ,
қатыспадым, бармадым,
Батыр ойынын ойнайтынмын,
(батыр болу — арманым).
Білем бірақ,
шымылдықтар түсірілмей қалғанын,
Бесік жыры болғандығын
қатындардың зарлары.

Жо, жоқ,

жолдас!

Біз соғысты көргеміз!

Аты солдат болмағанмен,

солдаттардан кем бе біз?!

Қызыл аяқ партизандар —

қырдан масақ тергеміз,

Қалтамызды қағып тұрып,

қан майданға бергеміз.

Аштан өлген ауру қартты,

ақпандатып көрге біз,

Тоңды тесіп, әзер-әзер,

үш-төрт күнде көмгеміз.

Таттық біздер сол соғыстың,

"балы менен шекерін",

Көрдік біздер,

Махаббаттың құлазыған мекенін,

Сездік біздер,

жеңгеміздің жастығының өтеуін,

Білдік біздер,

әкесіздік,

некесіздік не екенін.

Көрдік қой біз,

өткердік қой,

қылы-қылы кездерді.

Гүліміз де ерте ашылып,

кәмелеттік тез келді,

Тыңдап біліп,

көмейдегі айтылмаған сөздерді,

Тани білдік құмарлықтың тұманы бар көздерді.

Атасына жараспайтын келінінің сәлемі,

Кез еді бір...

(кесапаттар кесапатқа тән еді...)

Тілдеріне тиек тұтып,

іздейтұғын дәлелі —

Не демексің,

тек соғыстың, тек соғыстың әлегі.

...Соғыс деген қайдан шықты?!

Авторы кім алғашқы?

Есіл Адам,

есі кетіп,

оған несін жармасты?!

Бір дәуірден бір дәуірге неге үзілмей жалғасты,

Бүкіл адам тарихының бетін неге қан басты?

Соғыс деген немене өзі?
 Тек қана апат, қырғын ба?
 Арман-тілек, ақыл-ойды апаратын құрдымға?
 Соғыс деген —
 аққан соры ақсүйектің, құлдың да,
 Соғыс деген —
 Төккен ары қыздың және ұлдың да.
 Соғыс деген жаралмаған,
 жалғыз ғана қан үшін.
 Соғыс деген —
 сор айдаған содырлардың табысы.
 Соғыс деген — сақаймайтын есуастар дәрісі.
 Соғыс деген —
 сойқандардан қорғанғандар намысы.
 Соғыс деген —
 сотқарлардың қолындағы найзасы,
 Қолданады, долданады,
 таусылғанда айласы.
 Соғыс деген,
 соғыс деген — зұлымдықтың айнасы,
 Біреулердің шығыны да, біреулердің пайдасы.
 Жас дәуірге,
 жармасып ап,
 соғыс дейтін кәрі бір,
 Қолдан ажал жасап алып,
 жасқандырып әлі жүр,
 Әділетті,
 әділетсіз...
 Аты — соғыс бәрібір,
 Қан төгіссіз қара жердің кірмей қойды "сәні" бір.
 Тыныш жатқан бір елге,
 бір ел келіп ұрынар,
 Қандай ғана әкесінің алынбаған құны бар?!
 Қайсы ел соғыс бастаса,
 ел емес, ол — ұрылар,
 Қан майданда басы оның
 алдыменен жұлынар.
 ...Шексіз сүйем ұлтымды
 сүйе тұрып алайда,
 Басқа адам баласына көз алартсам, қалай ма?!
 Ұлтын сүю бір бөлек,
 ұлтшыл болу жарай ма?!
 Қайтіп айтам Дантеге,
 Жетпейсің деп Абайға?!

Маған соққан самал жел,
басқаға да соғады,
Маған келіп бақ қонса,
басқаға да қонады,
Меңдегі бар ұлылық,
басқаларда болады,
Қандай ғана қақым бар,
тұрам деуге жоғары?!
Әлемге ортақ ауа бар,
әлемге ортақ жарық бар,
Мұңаймасын "кішілер",
мұңайтпасын "алыптар",
Ұлы ұлт жоқ,
кіші ұлт жоқ,
Адамдар бар, халық бар,
Соғыс емес, еңбекпен ұлылығын анықтар.
Халықтар бар,
алдында тарам-тарам жолдары,
Табиғаттың бәрі ортақ,
таласпаса болғаны.
Соғыс деген —
бір халық бір халықты зорлауы,
Соғыс деген — фашистер,
ұлтшылдықтың қорғаны.
Соғыс дейтін сөз ескі,
өтті ол енді кезеңнен,
Сөздік қорға фашизм, фашист деген сөз енген.
Фашизм, фашист сөздерден,
құлақтардың безі өлген,
Қарғай жүріп оларды ерніміз де кезерген.
Соғыс — фашист,
екі сөз, бір түбірден таралған,
Бірі сыңар қалмауы үшін,
біреуісі жаралған.
Қарға оларды, тау мен тас,
қарға оларды, қара орман,
Фашизм — ұлы ғасырды уландырған арам қан!
Фашизмді көргемін, фашизмді сезем мен,
Мен құрсақта жатқанда маған
қару кезенген.
Фашист барда соғыс бар,
ол — ақиқат ежелден,
Фашизм бар, фашист бар,
соғыс деген сөз өлген.

...Мен соғысқа бармадым,
мен соғысты көрмедім,
Бірақ көрдім солдаттың үйіне кеп өлгенін.
Құмарлана құша алмай сағынышын жеңгемнің,
Құлағанын үйге кеп өз көзіммен көргенмін.
Мен соғысқа бармадым,
мен соғыста болмадым,
Жүрді бірақ майданда мен жіберген қолғабым.
Көрдік бірақ құрбы қыз толмай жатып солғанын,
Жібіткенін көргемін әлдекімнің тоңдарын...
Жанап өтті балалық, бала болып өспедім,
Шаруаның ғұмыры кенедейден кешкенім.
Менен сұра,
Бидайдың егілгенін, өскенін,
Менен сұра
Еңбектің қысқа таңын, кештерін.
Менен сұра соғыстың тастап
кеткен зардабын,
Ауыл қайтып көтерді қан
майданның салмағын,
Менен сұра жас бала қайтіп әйел алғанын,
Менен сұра жас қыздың қайтіп
шалға барғанын...

6. АҒА, МЕН ТІРІМІН

...Содан бері көрмедім, жолаушы аға-ау,
Жолығысып, шіркін-ай, қол алсақ-ау!
Кезең асып, қайрылмай кетіп еді:
Сонау — сен, сонау — атың, шанаң — сонау.
Жадымда.
Соғыс кезі, сойқанды кез,
Қыс еді қытымыр шал, сойқан мінез.
Салдыртып шыға келдің қыр басына,
Қалдырып алдындағы қайқанды лез.
— Мынадай түтеп тұрған борасыңда,
Ей, бала, өлейін деп барасың ба?!
— Ағатай, ала кетші нағашыма!
Әнеки, аноу таудың арасыңда.
Сөзіміз осы болды, үндемедің,
Шұбар ат желіп кетті: "Шүү!" — деп едің.
Қайырымсыз кісіні алғаш көрдім,
Қайырымсыз қазақты білмеп едім.

Деп тұрғам жоқ сенен мен өш алайын,
(Кездесті ғой қайрымсыз неше ағайын...)

...Шұбар атың аман ба, өлген жоқ па?

Сынған жоқ па сондағы кәшауайың?

Білмегенсің менің кім екенімді,

Жетпесімді ауылға, жетерімді.

Сәлем, аға, көңілдің архивінен

Сен қалдырған бір тозаң көтерілді.

Сен кеттің.

Мен тағы да жаяулайын,

Жүгірейін, желейін, аяңдайын.

Сәл сабыр ет, ағасы, ретіменен,

Аспай-саспай, ақырын баяндайын.

Аштық дейтін албасты наланы артқан,

Бала едім қорек іздеп бара жатқан.

Адамның баласы деп, қарайлап ем,

Қараңдап көрінген соң қараң арттан.

Баратқан ем таппақ боп несібемді,

(Ағат айтсам, ашумен, кешір енді...)

Сен маған қайырылмай кеткеніңде,

Есіңде ме, ағасы, бесін еді.

Екі көзім, шұбар ат, сенде менің,

Өкпем кеуіп, артыңнан терлегемін.

Өуре етейін деген бір әзілі деп,

Өзімді өзім жұбатып, сенбегемін.

Панам ғой деп, тәңірім жолықтырған,

Шырылдағам жолыңа болып құрбан.

Естімеуің даусымды мүмкін емес,

Себебі жел мен жақтан соғып тұрған.

Ақыры ғайып болды тарлан шұбар,

Тарлан шұбар — сендегі ардан шұбар.

Жарты қасық қазақтық қаның болса.

Құлағыңда дауысым қалған шығар.

Сол кеткеннен мол кеттің, қарамадың,

Күн батты, қырға қарай жағаладым,

Жүріп келем қадалып жүрегіме,

Шұбар аттың емшекті тағалары.

Батырсып, қайрат жиып, жортқан болам,

— Қайт! — дейді қарсы алдымнан

соққан боран.

Сонда, аға, сен қай жерде бара жаттың?

Шұбардың тұяғынан оқтар-борап?!

Мен адастым таудың бір аңғарында,

Байыппенен бағдарлай алмадым да.

Еміс-еміс естимін иттің даусын,
 Ендігі сол — үмітім, арманым да.
 Болды ма аяз, білмеймін болмады ма,
 Көңіл бөлген мен жоқпын ол жағына.
 (Сен сонда шай да ішіп үлгердің-ау,
 Болайын сенің қазақ болғаныңа...)
 Қарамай қажығаным, тоңғаныма,
 Иттің даусы қай жақтан шықты екен деп,
 Тың тыңдап, терім қатып, сорладым-ау.
 Иттің де даусы тыңды қырсыққанда,
 Өлген бе бұ дүние, тұншыққан ба?!
 Кешір, аға, мен сені аяғам жоқ,
 Омбы қарға бір түсіп, бір шыққанда...
 Бір сайдың тірелдім кеп тұйығына,
 Аспан құлап барады иығыма,
 Бетім ауған жақпенен безіп келем,
 Түсіп алып қойлардың шиырына.
 Жоқ, аға, мені өлсін деп жаратпаған,
 Үміт тұр қарсы алдымда қарап маған.
 Шай ішіп, буы шығып қыстау жатыр,
 Мұржасына түтінін сабақтаған.
 Төбеттер жүр қораны шыр айналып,
 Тура тарттым, тұрмадым мың ойланып.
 Қорқыныш та, үрей де былай қалып,
 Тақадым-ау қыстауға құлай барып.
 Кісі алатын төбеттер қалай бөтен?!
 Несібемнен бұрылып қалай кетем?!
 Қорқпа, аға, есен-сау үйге де ендім,
 Аш адамды ит тағы аяйды екен...
 Төрт-бес төбет қаппады, таламады,
 Рақмет иттерге, бағалады.
 Иттің тісі жүрекке дарымады,
 Дарығаны — шұбар ат тағалары.
 Үй иесі өзіңнен бөлек екен,
 Бала десе, бәйек боп өледі екен.
 Қайырымды қазаққа дөп келіппін,
 Қазақ деген сен емес, бөлек екен.
 Жауып жатыр тонын да, торқасын да,
 Беріп жатыр етін де, сорпасын да.
 Нағашымның қыстауын таппағанмен,
 Әке-шешем отырмын ортасында.
 Сен туралы қартқа айттым, жолаушы аға,
 Сені жақсы демеді ол оншама.
 Өкпеңнен, тәліміңнен түк қойған жоқ,
 Ластанды сонау ат, сонау шана...

Қарт сенің біледі екен қылығыңды,
"Даярлап жүрмін, — деген, — құрығымды".
Қан майданнан баласы оралғанда,
Қалайда үзем деген жұлыныңды.
Білмеймін бес бересі, аласыңды,
Қарт саған кәрін төгіп, аласұрды.
"Ит болмаса, айтпай ма, бұл тауда жоқ,
Ол сенің біледі ғой нағашыңды".
Өткен күн өткен із ғой, басылады,
Кешкен бұлт — көңіл кірі, ашылады.
Бабам білмес қазақтың қара шалы,
Он бес күн каникулда асырады.
Қолқанат қып, қойын да бақтырмады,
Тоң аудартып, кетпен де шаптырмады,
Өзі әкеліп тастады ауылыма,
Өзіңе ұқсап өзекке лақтырмады.
Жетер енді,
Жел сөзді желпіді інің,
Жолаушы аға, барсың ба, мен тірімін.
Атын былғап, аман-сау жүрсің бе сен,
Қазақтың қасиетті кемпірінің?

7. ДАРИҒА–ЖҮРЕК

1. АҚҚУДАЙ ЕДІ

Болған-ды менде бір жеңге
Жылайтын еді бір демде,
Күлетін еді бір демде.
Күлетін еді бір күллі әлем,
Дариға жеңгем күлгенде.
Жас тамып жасыл бүрлерден,
Қарағай, терек, бүргеннен.
Жылайтын еді гүлдер де,
Дариға жылап жүргенде.
Ауыра қалып бірдемде,
Айығушы еді бір демде.
"Аққудай еді көлдегі,
Сұңқардай еді жердегі".
Айта да жүріп осы әнді,
Дариға-жүрек шөлдеді.
Санаттан жары келмеді.
Саятқа көңлін бөлмеді,

Сабырға сайтан ермеді,
Сайтанға ерік бермеді,
Дариға-жүрек шөлдеді,
Шөлдеді, бірақ өлмеді.
"Сұңқардай еді жердегі,
Аққудай еді көлдегі".
Аққудай еді көлдегі...

Жолбарыс бақай – білегі,
Құлан жон жанның бірі еді.
Құлпыра соқса жүрегі,
Қыранды құрдай іледі.
Қос уыс бұрым арқада,
Қос жылан болып жүреді.
Егіз шың тұрған кеудеде,
Еңістің жатыр сілемі.
Қос жанар бірден жалт етсе,
Жарқ етіп шыққан күн еді.
Дариға-жүрек кім еді?!

Даланың жалғыз гүлі еді,
Екеуі болса, бірі еді,
Біреуі болса, өзі еді.
(Оны өзі де сезеді).
Дариға-жүрек кім еді?
Тасылмай қалған өзені,
Ашылмай қалған өзегі,
Келмей бір кеткен кезегі,
Керемет жанның өзі еді,
Айтылмай қалған сөз еді,
Ашылмай жүрген сыр еді,
Басылмай жүрген жыр еді,
Дариға-жүрек кім еді?
Дариға-жүрек мендегі!
"Сұңқардай еді жердегі,
Аққудай еді көлдегі";
Дариға-жүрек шөлдеді.

Сап-салқын қоңыр кештерде,
Сайлардан самал ескенде,
Алыстан Ай кеп шындардың,
Ақ сәлдесін шешкенде,
Керуен бұлттар көшкенде,
Көңілден оттар өшкенде,
Аршалар күбірлескенде,
Жан салар соның бәріне,
Ән салар сонда бір үн бар,

Тұрындар бәрің, тұрындар!
Әнменен туып, бірге өлген,
Атаңнан қалған ырым бар,
Тұрындар, түгел тұрындар!
Әуезге құлақ бұрындар!
Әуелі сыртқа шығындар.
Шығындар да, тынындар,
Талықсып жеткен сол үнге
Талықсып біраз тұнындар.

Аясында анау аршаның,
Дариға отыр ән салып,
Білдірмей өксіп бір шалың,
Бір шалың отыр тамсанып...

Дариға отыр ән салып.
Жер түбі кеткен жарларын,
Жесірлер тұрсын қарсы алып,
Жетімдер ұшсын жар салып.

Дариға отыр ән салып,
өлі бір кешке жан салып.

"Сұңқардай едім жердегі,
Аққудай едім көлдегі..."

Дариға-жүрек шөлдеді.

Дариға-жүрек шөлдеді,

Сапардан жары келмеді...

Дариға отыр ән салып.

Дариға солай отырсын,
Жалғаннан жарын шақырсын.
Керенау, дел-сал, ей, таулар,
Күрсінбей неге жатырсың?!
Кейімей тұрсың, кең жайлау,
Кең жайлау емес, татырсың!
Кеуіп бір қалған тақырсың!
Кейімей тұрсың, Ай да, сен,
Ай емес, қара бақырсың!
Қараңды суға батырсын!
Күңірен, таулар, күңірен,
Күңірен, жайлау, күңірен,
Кеудеңнен жалын атылсын!
Кірпігіңді қақшы, Айым,
Көзіңнен жасың шашылсын.
Дариға-жүрек басылсын,
Көңілдің кірі ашылсын,
Жасырсын, бәрін жасырсын.

Шақырды жарын, келмеді,
Белгісіз тірі, өлгені,
Дариға-жүрек шөлдеді.
Тау дағы көңіл бөлмеді,
Ай дағы көңіл бөлмеді,
Жайлау да көңіл бөлмеді.
Қос басы өлік көмгендей,
Дариға оны көрмеді.
"Сұңқардай едім жердегі,
Аққудай едім көлдегі",
Дариға-жүрек шөлдеді.
Дариға-жүрек шөлдеді.

2. ЖАЛҒАН

– Жеңгелер-ау, жеңешем қайда менің?
– Шомылып жатыр аноу сайда, – деді.
Бір сұмпайы күлкіні қымтап қалды,
Қылымсыған қатынның қаймақ ерні.
– Әкел бермен,
қымызың қайда?! – деді.
– Қымыз емес,
бүгінгі айран еді...
– Ыстық мынау,
соншама кешігесің...
Әкел бермен!
Несіне тесілесің?!
Шалғы шындап отырған кексе қатын:
– Ей, Бәтiш,
неңе сонша есіресің?!
Несібеңді ұрлаған Дариға ғой,
Балаға несін сонша жекіресің?..
– Жүресің де қоясың
өсек бағып,
Қашан бізге беріп ең төсек салып?!
Жәйіңе отыр оттамай, ісіңді біл,
Тұлпарға әкеп теліме есекті алып!..
– Пішту деген бетім-ай!
Қарай қалғын?!
Білмейсің бе сынғанын шар айнаңның?!
Оз көзіммен көргемін, әлі көрем!
Шомылуға сен дағы талай бардың...
Мен кетіп қалдым...

Жаман түстен шошынып оянғандай,
Шошып кеттім,

шошыдым,
ой, аллам-ай!

Мен алапат екі бір жыртқыш көрдім,
Қызыл қанға бөксесі боялғандай.
Сұмдық көрдім ешқашан сыр аспаған,
Несіне айтамын деп тыраштанам...

Сұмдық көрдім,
бүкіл бір сұлулықты,
Сұрқия құмарпаздық ластаған.
Дүние-ау,

сұлу ең ғой жаңа ғана,
Оп-оңай-ақ
осылай

жоғала ма?
Айтсаңшы, ей, табиғат,
сұлулығың
Осындай сұрқайлықтан жарала ма?!

Дариға...

Тьфу!!!

Жаман еді аты қандай!

Сорлы аға,

сойқан апты қатын алмай.

...Аузымды аңдаусыз ашып қалсам,

Жүрегім снаряд боп атылардай.

Тьфу, ит!

Қандай жаман ән салады,
Ән емес, осы екен ғой аңсағаны.
Мына бір бояуы жоқ бозала тау,
Өзіне сұлуымын деп тамсанады.

Мына бір бұрқыраған бұзық өзен,

Даурығып өзіне өзі жар салады

Мына бір татымы жоқ тау самалы,

Ана бір албастыдай аршалары,

Мен сұлу, мен сұлу деп қарсы алады.

Мына бір қызыл гүлдер қызынақсып,

Ана бір жаужапшырақ қол соғады.

Қай жерден көрінер деп қансонары,

Сонау бір кәрі қыран тау шолады.

Қыран емес, жауыз ол, қан сорады!

Жақпар-жақпар жартастәр,

құдайсыңдар!

Себебі сендер, міне, былайсыңдар:

Тәкаппар сұлулықты сақтайсыңдар,
Беттеріңнен жосқанда лай сулар,
Тәкаппар сұлулықты сақтау үшін,
Тәкаппар қорлықтарға шыдайсыңдар.
Күннен жылу, желден тіл сұрайсыңдар!

О, жартастар!
Жартастар, құдайсыңдар!
Жабыла кеп жалғандық, күндегенде,
Әр "сұлудың" басына құлайсыңдар.
Сұлулықты қайтадан құрайсыңдар,
Сендер ғана мәңгілік ескерткіштер,
Сендер ғана мәңгілік құдайсыңдар;
Сендерге мен шыңғырып шынымды айтам,
Шыңғырып сендер бірге жылайсыңдар.
Жалған! – дедім,
(жалған деп айтам әлі.)
Жалған-н-н! – деді,
(жартастар қайталады).
Таулар! – деп ем,
(тауларым байқамады.)
Жартастарым таулар деп қайталады.
Дариға-жүрек!
(тағы да қайталады).
Құндыз бөркі құздардың шайқалады.

3. НАМЫС ПЕН МУЗА

Самалдап барып,
саялап тынған шалғайда,
Дариға-жүрек
аққуға қосқан ән қайда?
Сұлулық шіркін шынымен мені алдай ма?
Дариға-жүрек
және бір әнге салмай ма?!
Қою түн мынау,
қоқырсып жатыр қос басы.
Бойкүйез тау тұр,
бозбала бұлтпен достасып.
Бір бел мен бір бел –
қосыла алмайтын қос ғашық,
Гүлдерін ұстап,
қолдарын бұлғап, қоштасып.

Естерін жиып,
есіней-есіней, маужырап,
Адамдар түгел ұйқыға кетті қалжырап.
Бұлақтың басы,
бұйығы өскен бал құрақ,
Бағады сыбыс,
естілер емес ән бірақ,
Жартастар жатыр
жалаңаш тастап кеудені,
Сайларда, міне,
сарыла-сарыла шөлдеді.
Мазасыз бұлақ маңайға тыным бермеді,
Аңсатып бәрін
Дариға-жүрек келмеді.

Несіне келсін,
ән салу оған мақтан ба,
Не жетсін, шіркін,
несібе құшып жатқанға.
Несі бар оның
жетім мен жесір, қарттарда,
Не жетсін, шіркін,
темекіні орап тартқанға.
Жат көздер, мейлі,
жазғырып оған қарасын,
Түсінсін бе олар
өлі мен тірі арасын.
Жарайды сол да,
Жанының басты жарасын,
Жадырап енді,
жалыны бойға тарасын.

Дариға-жүрек
несіне енді салсын ән,
Несін алды оның,
Жүрекке ине шаншыған.
Не тауып еді
көзінен тамған тамшыдан.
Не тапты әннен
көңілін ыңғи жаншыған?!
Күтпеңдер, таулар,
Дариға әнге салмайды,
Жартастар, күтпе,
Дариға даусы бармайды.
Күтпеңдер, сайлар,
күлкімен енді алдайды,
Халқының үнін сауыққа енді арнайды.

...Осы бір ойлар
 түн сайын мені езеді,
 Бойымда қаным —
 тулаған таудың өзені.
 Жанымды менің
 жеңгемнің даусы кезеді,
 Жүрегім ұлып,
 қалғандай жетім сезеді.
 Шөпшабыс еді.
 Қосымыз тұрған шатқалда,
 Ұйқыдан қауым
 жаңадан тұрып жатқанда,
 Дариға-жүрек
 ботадай келіп боздады,
 Бозарып тұрып,
 бозарып атқан ақ таңда.
 Тыңдаған жан жоқ,
 өзінше жұрттар дүрбелең,
 Кімдері сөйлеп,
 кімдері ұрсып кімменен.
 (Қауымның мұндай
 қатыгездігін білмеп ем.)
 Айғай мен қайбар,
 айналам тегіс гулеген.
 — Таң атпай жатып
 ойыңа түсті әлдене?
 Сайқалданба енді,
 үніңді өшір, қар неме!
 Сұмдықты бастап,
 таң атпай жатып зарлама,
 Үніңді өшір!
 Өтірік зарлап алдама!
 — Пәруәрдігер,
 албасты ма өзі, пері ме?!
 әруақты мына ит
 оятар болды-ау көрінен.
 Дариға-жүрек,
 мына жұрт сенен жеріген,
 Көмгелі жатыр
 әніңді бірге сенімен.
 Күрсініп алып,
 күңіреніп кетті тау маңы,
 Бағытын бұзып,
 бұлттағы Ай теріс заулады.

Тигендей бүйі,
кең жайлау кейіп, аунады,
Дариға-жүрек
дамылын таппай, лаулады.

Жайлауды тастап,
жапырлап ауыл көшкендей,
Шатырлап барып,
ошақта оттар өшкендей.
Азалы бір үн,
аяулы жауы жеңгендей.
Азалы бір үн,
арызын кімге шаққандай,
Мезгілсіз күз кеп,
мерейді тұман жапқандай.
Мекенін тастап,
мезгілсіз құстар қайтқандай,
Қоңыр қаз ән сап,
қоштасып бара жатқандай.
Қыршындай солған,
қызғалдақ гүлге бүр жарған,
Қурайлар сыңсып,
жоқтау сап құла қырлардан.
Азалы бір үн,
бірде мұң-қайғы,
бірде арман,
Азалы үннің астында жатыр бұл жалған.
Дариға-жүрек
лапылдап барып басылды,
Күрең күн келіп,
мойнына таудың асылды.
Бір белден сонда,
бригадир келді ашулы,
— Тездет! — деп,
жұрттың дегбірін әбден қашырды.
Тірліктің күні
тірліктің сәнін сырғытты,
Тірліктің күні
тірліктің әнін қылғытты.
Жалына аттың
біреулер жасын ырғытты,
Біреулер жасын
бетінен төмен жылжытты...
— Қымызың бүгін тәтті екен,
құйшы, тентегім,

Айызым қанып,
ішейін бүгін иен тегін.
Жеңгемде көзім,
күдіктің бұлтын серпемін,
Белгісіз маған
Көңілім бір күй шертеді.

Ернінде оның
қиығы менің көзімнің,
Елестеп кетті
қылығы баған-қозымның,
Қозыма сусын бергендей болып сезіндім,
Лас ойларды лақтырдым мүлде,
безіндім.

Сырлы тостақтан
сызылта сорып болды да,
Сызыла беріп
сырғанай тұрды орнынан.
Аяныш көзбен,
абайлап қарап сорлыға,
Жігерім жасып,
Көңілім сонда болды нан.

– Тентек,
сен отыр,
атыңды тұса, аттанба,

Тас жуа теріп келейін ана шатқалдан!

– Дем алсаң етті,
несіне сонша желіктің?

– Тентегім менің...
түсінесің бе... жерікпін...

(Түсіне алмағам, жерікті қашан көріппін.)

Оңаша жалғыз
отырмын жұмсақ мақпалда,
Қоямын қарап,
жеңешем кеткен шатқалға.
Оңбаған ойлар
оралып жатыр қайтадан,
Сонау бір өткен,
сонау бір сұрқай шақтарға.

Безінем одан,
көрмедім оны, бармадым,
Бәрі де сұлу,
сұлулық толық жан-жағым.
Қарағай шырша,
қапталдан құлай қаулауын.

Тұңғиық көкте
 қыранның қара самғауын.
 Сайлардан соққан
 самалдың қара салқынын,
 Таңдайға ұйып,
 гүлдердің мына аңқуын.
 Бу шашып, өнеу
 Көрі жартастың балқуын,
 Жасыл белдердің,
 жасырып бәрі шалқуын!
 Жарық дүние-ай,
 жаным-ай менің!
 Ғажапсың!
 Ғажапсың, шіркін!
 Амал не, тезсің,
 аз-ақсың...

Құзар жартастан
 орамал көрдім бұлғаған.
 – Қош бол, тентек!..
 (Әзілдеп, сірә, тұр маған).
 Көк көйлек көрдім,
 қалықтап құздан зулаған,
 – Қош бол! – деп, – Тентек... –
 шуылдап үні тынбаған.
 – Қош бол! – деп тастар
 хабарлап жатты жан-жаққа,
 Неғылған сұмдық?!
 Дариға ма әлде аруақ па?!
 Өте алмай қалдым,
 жете алмай қалдым ар жаққа,
 Дариға-жүрек
 Ұшты да кетті аулаққа...

Муза деп атап,
 ақындар ғибрат қылатын,
 Сол екен – менің періште жырым,
 мұратым!
 Дүниенің мынау
 қабағын бағып тұратын,
 Дариға-жүрек
 өмірге берді бір ақын...

8. ҚАНАТТАРЫМ МЕНІҢ

*...Сол жылдардағы соғыс құрбандарының
отбасыларына арнаймын*

Бәрі де майдан үшін!

Осы ұранды,

Медет қып бүкіл қауым жосыған-ды.

Шабындықтар айрылып шалғышыдан,

Дихандардың еркексіз қосы қалды.

Кетіп жатыр біреудің бауырласы,

Біреудің бас иесі, ауылдасы.

Қаңырап, мелшиіп тек қарап тұрды,

Бітпеген мектептердің қабырғасы.

Жоқ болды жаңа мектеп енді бізге,

Бітпей қалды, (қырсықты көрдіңіз бе?!)

Сонда барып ойнаймыз соғыс ойнын,

Сәбіміз, дөнеңе жоқ көңілімізде.

Атысамыз, Чапай боп шабысамыз,

"Біз" болып, "неміс" болып алысамыз.

Діңкеміз құрығанда үйге келіп,

Дертімен шешейлердің табысамыз.

Осылай енген біздің өмірімізге

Баяғы болып өткен соғыс аңыз.

Бартұғын екі досым, екі інім,

Екі Анам, екеуі де екі Күнім.

Мал дегеннен жалғыз-ақ құла құнан,

Қасқасы бар астыңда кекілінің.

Екі Ана, екі ғана дос болатын,

Екі іні, құла құнан – қос қанатым.

Жеті жетім сүйеніп бір-біріне,

Қайғы дейтін қаңырап бос қалатын.

Мен қанатсыз емес ем жаралғаннан,

Жалғыз жаяу да емес ем қараң қалған.

Жаным сүйген жақсы атты қанатым деп,

Қанат алып ұшқан ем адамдардан.

Өмір озды.

Отыздан әрі аттадым,

Ұшып келем, келмейді тағаттағым.

Қандай еді?!

Қайда жүр?!

Қайда кетті?!

Менің мамық балапан қанаттарым?

Құздары құлаш ұрған көкте күнге,
Алып таудың аулымыз бөктерінде.
...Құландай құнаныма құрық түсті,
Соғыстың ең алғашқы көктемінде.

Сәби ем, шын қайғырып үлгермеген,
Жалаңаш-жабықтықты мін көрмеген.
Жарысып бірге жүрдім күндерменен,
Жайғасып бірге ұйықтадым түндерменен,
Сәби ем зор өмірден дым көрмеген.

Жылғада жүрдік ойнап аулақтағы,
Жылқы жатты қашада тау жақтағы.
Бір топ адам бір асау ортасында,
Қарбалас қоршап алған қаулап бәрі.

(Құтылмас бұғалықтан жылқы малы),
Шу асау қыл арқанда қылқынады.
Босанбақ боп шалмашы тақымынан,
Торға түскен торғайдай бұлқынады.

Көз алдымда шалмашы шіренгені,
Жақындады асауға біреулері.
Қос құлақтан біреулер тұқырта ұстап,
Біреулері тентекті жүгендеді.

Соншама атбегілер ортасында,
Құнан емес, құланнан қорқасың ба?
Жалына кеп жармасып пысық бала,
Қарғып мінді асаудың арқасына.

Тастай алмай үстінен "батыр" ұлды,
Асау біраз әлек боп атырылды.
Жылқышы қарт балаға дем береді:
"Тарт тізгінді, босатпа тақымыңды!"

Қарысып қалды бала құламастан,
Көнді асау ауыздыққа шыдамастан.
Кенет менің жарқ етті көз алдымда,
Кекілі күлтеленген құлақасқам.

Қос құрбым қос жағымда қанатымдай,
Алды да ұшты арланды соғатындай.
Үшеу болып ұштық біз, ортада мен,
Нағыз бір жауды шауып алатындай.

Таусылмаған табы бар бұла күннің,
Тізгініне ораддым құнанымның.
Тай ашуым тулап бір өн бойымда,
Шеміршегін шайнайды құлағымның.

Бойды кернеп барады аңғал күшім,
Қайткенде де қалап тұр жанжалды ішім.

Жылқышы қарт мырс етті миығынан:
"Қарай гөр зәнталақты, малжандысын!"
Жүрегімнен қарт сөзі шоқып алып,
Тұр едім мен ызаның оты жанып,
Жем иісін сезгендей құла құнан,
Иіскейді кеудемнен оқыранып.
"Үйретіп бер деп сенен сұрадым ба,
Не әкеңнің құны бар құнанымда?!" –
...Пысық бала құланы мытып еді,
Атылды асау.
Мен қалдым жыладым да.
Шаужайынан айрылып қалғанымда,
Әзіл-оспақ гуледі жан-жағымда.
Сайқы-мазақ тұрғандай болды қаптап,
Бүкіл сонау таулардың аңғарында.
Шарт сынды шанағынан шыдам деген,
Қалайша кек қайырам жылауменен?!
Қос қанатым – қос досым, ойда үшеуміз,
Жарыса ұштық самғаған құнанменен.
Омыраулата осқыртып Көктеңбілін,
Артымыздан саңқ етті өктем бір үн:
"Ей, шірік! Қай жеті атаң көріп еді,
Аттыны жаяу қуып жеткендігін?!
Жоғал былай, жотаңнан таспа арымын!
Қу аяқ, құйттайыңнан қашқан арың.
Жалғыз сенің басыңа түскен іс пе,
Жаны қайтіп шыдап жүр басқалардың?!
Күн өткен әкең сені бұла қылған,
Жаныңды шығарармын құлағыңнан!
Күшіміз жетпей жатыр, соқаға шық,
Қасымда болсын десең құла құнан.
Қарай гөр, қаршадайдан жынданады...
Екі бірдей шешенді кім бағады?!"
Қайырып үшеумізді қосқа әкелді,
Шолақ қол бригадир Құрманәлі.

II

Аңыздық,
Аптап сеуіп тұрады аспан,
Аңыздарда қаңбақтар жүр адасқан.
...Бала неме бар күшін сарқа тартып,
Арып біткен астымда құлақасқам.
Арып біткен жануар майысады.
Жетектегі жауырға ойысады.

Құйттай байғұс қамытта мықшиғанда,
Денем мұздап, қабырғам қайысады.
Беу жастық-ай!
Сезбейді-ау құлағанын,
Бір қамшы салдыртпайды құла жаным.
Азаптан құтқарайын десем дағы,
Таба алмай-ақ қойғаным бір амалын.
Басын тежеп, пәле сол салбыраса,
Соп қамшымен соқашым салды қанша,
...Күңіреніп дүние кетер еді-ау,
Егерде адамға ұқсап мал жыласа.
Пысық бала сұм еді-ау ойран бөлек,
Ойлаушы едім қас дұшпан қойған ба деп.
Жаным келіп алқымға тығылатын,
Арықтарды жауырдан сойғанда кеп.
Сүйсінетін соп қамшы ысқырғанда,
Құмар еді құлшына күш қылғанға.
Іштей нелер қарғысты жаудырамын,
Тәңірінің таяғы түскір жанға.
Қаныпезер, жауыз деп аталғандар,
Соқыр күштің торына маталғандар,
Адам деген сезімнен тумады ма,
Қайдан ғана жаралған қатал жандар?!
...Күннен бөлек түйір жоқ шар аспаңда
Самал да жоқ саялап, толастарға,
Көлбей келіп көкжиек төңкерілген,
Төңіректі қоршаған тау-асқарға.
Жатыр таулар, кемедей қайырлаған,
Жатыр дала, әлдене уайымдаған.
Жатыр бәрі, жатыр бір сал тіршілік,
Жердің төсін уыстап айырылмаған.
Шошымаған, тірліктен жасымаған,
Жатыр ауыл бір-бірін асыраған.
Біреулердің түтіні түзу шығып,
Біреулердің түтіні шашыраған.
Бәрі жатыр қимылдап, әлі өлмеді,
Әлі өлмейді, өлмейді, дәлелдеді!
Осынау тыныштықта сену қиын,
Қырғын боп жатқанда әлемдегі.
Сену қиын қырғын боп жатқанына,
Адамды адам аяусыз атқанына,
Сену қиын ұры кеп түскеніне,
Байырғы Бағбан-Отан бақтарына,
Сену қиын қарауыл болғанына,
Нелер ғұмыр фашистің оқтарына.

Алайда абыржу бар жерде, аспанда,
Дариға-ай, дүниені шер басқан ба?!
Тату елге бұл тажал қайдан келді?!
Таршылықтан көздерін енді ашқанда.

...Иесіз дала.

Аңызға,

Арық көлік.

Бар қуатты бойдағы алып беріп.
Түрендейміз соқамен ескі аңызды,
Арықтармен қыбырлап барып келіп.

Жырта-жырта түтіліп, тозған аңыз,
(Күш шамалы, тыңға қол созбағамыз...)

Өшпесін деп әкелер салған ізі,
Әйтеуір қозғаламыз, қозғаламыз.

Қозғаламыз бағынып бір ағынға,
Қозғалады жануар құнаным да.
Соп қамшысын жылаңдай ысқыртады,
Пысық бала соқаның құлағыңда.

Сыртылдап бар сіңірі, таспалары,
Құлақасқам қамшыдан жасқанады.
Домбыраның ішегіндей созылады,
Сорлым менің су болып қас-қабағы.

Құйттай менің құрбым-ай!
Қанша амалым?!

Мұншама азап мен саған аңсамадым.
Арқа-басын тер басты.

Сездім міне,

Қанатымның біржола шаршағанын.

Бар қуаты біртіндеп ойсырауда,
Жануар ғой тілі жоқ жәй сұрауға.
Бір пысқырып, кекілін сілке тастап,
Дәрмені жоқ құлағын қайшылауға.

Тоқтады, зор күрсініп алдыдағы,
Кілт тұрып қозғалыстың қалды бөрі.
Мезгілсіз үсік ұрған жапырақтай,
Бүрісіп қос құлағы салбырады.

Сөніп кетіп барады әл-шыдамым,
Әлденемен әлек боп жаншыламын.
Пысықтан қорықтым да тұңғыш рет,
Қанатымды аямай қамшыладым.

Қайыс өрме бауырын тілімдейді,
Еш қимыл жоқ, буыны дірілдейді.
Қарғып түсіп,

қарасам көздеріне,
Баяғы от, баяғы ұшқын білінбейді.

Үрей кеулеп кетті де тағатымды,
Қамытынан босаттым қанатымды.
Соқаның құлағынан айырылмай,
Состиып со бір сотқар бала тұрды.

Ерін алдым.

Сергіп бір сілкінбеді,
Астыңғы ерні сол ғана бүлкілдеді.

"Ештеңе тақалған жоқ, абыржыма!" —

Деді де пысық бала күңкілдеді.

"Пысық, пысық" дегенге әуестене,
Аяйтұғын жәйі жоқ әбес неме.
Құнаным тұр, ұқсайды қалт-құлт етіп,
Аяғын тәй-тәй басқан нәрестеге.

"Пысық-пысық" дегенге қораздана,

Қоқиланып қарайды Ораз бала.

...Жануарым сенделіп барды дағы,

Серейіп құлап түсті бораздаға.

Қиылып кетті менің ерке арманым,
Сезіндім қанатымды өрт алғанын.

Құйындай құйқылжыған құла құнан,

Құрыды, тұяғын да серпе алмады.

Кекілінен сипаймын байғұсымды,

Қандай әсем қасқасы ай мүсінді!..

Белім менің бесіктен шықпай жатып,

Беймаза өмір, мінеки, қайғы ұсынды.

Бар әлемнің қайғысы бір басымда,

Еңіредім, ешкім жоқ сырласуға.

Қос бауырым, қос құрбы қасымда жоқ,

Қос анам жоқ жетеу боп мұңдасуға?

Пысық Ораз, үш жауыр жұбатпайды.

Асқар таудай басыма құлап қайғы,

Бар өңірдің аптап пен аңызағы,

Тек менің арқама кеп шуақтайды.

Кімге керек шырылдап жылағаным,

Сардала сағымымен бір ағамын.

...Еске түсіп әкемнің өлгендігі,

Сезіндім қорғанымның құлағанын.

Сезіндім майдан болып жатқандығын,

Сезіндім сор келгенін бақтан бұрын.

Сол сәтте сену маған қиын еді,

Көрем деу келер таңның атқан нұрын.

Зіл батпан уайыммен жаншыламын,

Көзімнен бұшақ жауды, аршымадым,

Көл-көсір адамзаттың көз жасына,

Құйылып жатты менің тамшыларым.

Сезіндім: мұң-наланың көшін көрдім,
Сойқанын соғыс салған кесірлердің.
Қолдан келер айла жоқ, қосылдым тек,
Хорына жетімдер мен жесірлердің.

Шығармай шар аспанды шырағынан,
Аңызда жатты жайрап құла құнан.
Қанатым мертiккендей сезiнемін,
Жаулардың маған атқан бiр оғынан.

Күн батты.
Таудың басы қанталады.
Қанталап көпке дейiн тарқамады.
Қалдырып құнанымның қаңқаларын,
Жаяулап ер-тоқымды арқаладым.

Жүрiп келем...
Жiгерiм опырылды.
Ашу да, айбат та жоқ сопы ғұрлы,
Жүрiп келем қайтадан жалғайын деп,
Қалдырып кеткен кеше оқуымды.

Бұлыңғыр...
Болжай алман алдағымды.
О, өмiр!
Ала көрме арманымды!
Бәрiн сезем.
Бiрақ та сезiнбеппiн,
Бiр-ақ сәтте есейiп қалғанымды...

III

Шешей қазiр шаруа басыбайлы,
Әжем отыр тастап ап насыбайды.
Қайран қалам.

Апырау, неткен берiк?!

Жалғыз ұлы өлсе де жасымайды.

Бiлмеймiн боздауы ма, өлеңi ме,
Күңiренiп өрмекке төнедi кеп.
Көңiл айта көлгiрсiп келгендерге:

"Кебiн киiп кетпеген келедi", — деп,

Қайраттана өрмекке төнедi кеп.

Қос iнiм жүр,

Әзiрге ес бiлмейдi,

Қиындықта ес бiлмей өссiн мейлi.

"Кебенек киiп кеткен" әкемiзден,

Өлдiден басқа хабар естiлмейдi.

Қайырым жасап қасымыз, досымызға,
Қаперсiз жүре берiп қасымызда.

Қайран әкем тым құрса жөні түзу.
Жәй да салып бермепті басымызға.

Ел басқарды.

Қауым боп қолдасты елі.

Бірі дос, бірі бауыр, жолдас деді.

Бақандай бір ауылды билеп тұрып,

Бір үй жасап алуға болмас па еді?

Білмеймін, арланды ма, алданды ма,

Дүние опа етпесін аңғарды ма?

Әзірге әзер-әзер тұр қалқыып,

Әкемнен көз тоқтатар қалған мұра.

...Қос досым тұр қасымда – қос қанатым

Қос жүрек тұр менімен қос соғатын

Екеуінің енгенде ортасына,

Құлазыған көңілім хош болатын.

Қос досым, қос қанатым

Қайрат, Берік,

Мал-мүлкін қоспаса да айдап келіп,

Әлдері келісінше әкесіздер,

Әлек боп жатыр маған қайрат беріп.

Тасташы, неге сонша уайымдадың,

Ал менің басы бүтін тайымды алғын.

Құнаныңнан артпаса кем түспейді,

Тайымды алғын!

Қуаныш тойыңда мін.

О, достық!

Неткен ғажап сезім едің!

Ет жүректің езілмес кезі ме бұл.

Қос қанатым тұрғанда қолтығымда,

Езілемін неден мен, безінемін.

– Естеріңнен айналдым, шырақтарым,

Осылай бір-біріңді жылатпағын.

Осынау елге түскен қара күнде,

Осылай бір-біріңе шуақтағын.

Бізді қойшы, біздің күн таяу қалды,

Күш кетті, әл таусылып баяулады.

Көліктерің тұрғанда, қарғаларым,

Жолға тастап кетпеңдер жаяуларды!..

Назарымды осы үнге тоса қалдым,

Тұңғыш көрдім әжемнің босағанын.

...Құйын соғып өтті де, желпінді жел,

Солқылдатып діңгегін босағаның...

Әжем сөзін әріге жалғамады,

Көзін сүртті көрсетпей, арланады.

Көрініп тұр: көзден жас парлағаны,
Қажығаны, төзімі қалмағаны.
Таңба тұр өткен күннің бәрінен де,
Қашанғы шыдай берсін кәрі кеуде.
Дариға-жүрегiнiң дақтары бар,
Келмейтiн бұл өмiрде дәрiлеуге.
Қашанғы шыдай берсiн кәрi кеуде?!

* * *

Жоқ!

Бiзге орнаған жоқ заманақыр!
Жеңе алмады жеңдет те, нала батыр.
Қан майданнан хабарды жиi естимiз:
"Бiз жеңемiз!
Жау қашып бара жатыр".

Сүреңсiз күн өтуде, сүреңсiз түн,
Жұрт үмiткер.
Күнелтпек тiлеусiз кiм?
Жұрт үмiткер,
Үмiткер достарым да,
Мен бiрақ реңсiзбiн, күдеусiзбiн.

Күндерге күн, айларға ай жалғанады
Жалған үмiт жанымды алдамады.

Өлдiден басқа ешбiр хабар да жоқ,
"Кебенек киiп кеткен" жаннан әлi.

Қылаулатып қыс та тұр, қыраулатып
Қыраулатып кетедi тұмандатып.
Әжем жатыр төсекте әл үстiнде,
Әлi бiткен байғұсым тұмауратып.

Тыным бермей бишара жамбасына,
Шешем жүр

Сол өзiнiң шаруасында.

Жесiрлiктiң жабынын мойнына iлiп,
Жегiлiп жүр тұрмыстың арбасына.

Жалғыз ғана иесi баспананың,
Жалғыз соның бағамыз қас-қабасын
Жалынады ол маған, жабығады:
"Қарғам менiң, оқуды тастамағын!"

"Тастамайын оқуды аш қалғанда,
Қатерлi күн қатыгез басталғанда.

Тастамайын оқуды, үмiт тұлкi
Бұлаң етiп бұлтарып қашқанда алдан.

Тастамайын оқуды налығанда,
Тарығарда, қауқарсыз арығанда.

Тастамайын оқуды, тері шалбар
Борбайымды қаңтарда қарығанда.
Тастамайын табаннан сыз өткенде,
Үсік ұрып құлағым тыз еткенде.
Тастамайын оқуды, жесір анам,
Өлі әкенің өлі орнын күзеткенде.
Тоқым-төсек, ерімді жастанайын,
Тастамайын оқуды, тастамайын!
Ант етейін алдыңда, алаң болма,
Жастайынан қуарған ақ самайым!"

Осы ой тұрған.

Онда мен айта алмағам.

Бірақта іреңімнен байқауда анам.

Талқан сұрап қыңқылдап екі інім жүр

Үйректің баласындай байпаңдаған.

...Жоқ!

Бізге орнаған жоқ ақырзаман.

Сары аяз да жеңбеді сақылдаған.

Әке, сенің өшкен жоқ түтінің де,

Өзіңсіз өлген де жоқ қатын, балаң.

Тек әжем...

Әжем байғұс қиналады,

Саған деген үмітін тыймайды әлі.

Сыбырлап атыңды атап шақырады.

Сірә, сені бұл өмірден қимағаны.

Өлімге қимай сені жатыр әлі,

Сыбырлап жиі-жиі шақырады.

Сарғайып күннен-күнге бара жатыр,

Секілді сары күздің жапырағы.

Ербеңдеп екі қолы қарманады,

Байғұстың қозғалуға қалмады әлі.

Есімде әлі.

Әжемді өлерінде,

Көзімше көрші шалдың алдағаны.

Жатқан-ды түпсіз, терең сандырақта,

Одан саса қоймады шал бірақта:

"Балаң тірі, тірі екен хаты келді,

Қинама енді жаныңды қалжыратпа..."

"Бәсе...

Солай...

Кебенек киіп кеткен", –

Деді де, бәрімізді сүйіп беттен,

Мазасыз жан алданып, толас тауып,

Мәңгілік ұйқыменен ұйып кеткен.

Екі шеше тербеткен ұл едім мен,
Екеуінің айрылдым біреуінен.
Бақытым да бар шығар бұл өмірде,
Сорым да бар іргемді түре кірген...

* * *

Алақай, жеңіс келді, жеңіс келді!
Көз жасынан құрғайды жер үсті енді.
Атыраптан "аттандар" естілмейді,
Алаулаған от-жалын тегіс сөнді.

Сүйінші бер.

Қуаныш келді елге.

Көз жасы құйылмайды шерлі көлге.

Құлаған құнанымды құшақтап ап,

Жыламан қу далада енді мен де.

Енді күндер батпайды қанталанып,
Күңіреніп жатпайды барша халық,
Қан майданнан ұлынан хабар күткен
Қасіретін көрмеймін қарт ананың.

Оралуда майданнан жаралылар,

Берері бар, өмірден алары бар.

Жас жұбайлар үйінде той болады,

Жас жұбайлар...

жандары балақұмар.

Азаматын аңсаған қартаң баба —

Бір мейірін төгеді дарқан дала.

Тасына да жерімнің дән өседі,

Бауырсаққа жаримыз, талқанға да,

Шаттанады шау қарттар, шалқар бала.

Оралуда кімдердің бауырласы,

Кімдердің әкелері, ауылдасы.

Есекке ығыр болып тұрмайды енді,

Мектептің бітпей қалған қабырғасы.

Жоғалды.

Жоғалды енді қаһарлы күн,

Пысық Ораз тастайды қаталдығын.

Азабынан қалай да айығар-ау,

Арқалаған жесірлер атан жүгін.

Қасіретті, кайғыны тастап әрі,

Адамдардың ашылып қас-қабағы.

"Қой үстінде бозторғай жұмыртқалап",

Уыз өмір қайтадан басталады.

...Өтіп жатыр жеңістің ай, күндері,

Талпынуда інілер тай мінгелі.

Азамат боп қалыппын.

Жесір жеңгем,

Әзілдесіп менімен: — Қайным,.. — деді.

Жылдар өтті тыныштық жамылғалы,

Дүрбелең де тынған шақ ауылдағы.

Ойнай жүріп жетіппіз он жетіге,

Комсомолға біздерді қабылдады.

Қуанышты айт сол жылғы шақтардағы,

Басымызға қонбаған бақ қалмады.

Жастықтың жұлдызына құмартамыз

Жатырмыз аудан жаққа аттанғалы.

Болашаққа жолдама алуға біз,

Көлік сайлап,

жол жүру қамындамыз.

Кешегі кесапатты өрт, дауылда біз

Қиялдап, осы күнді сағынғамыз.

Қос досым даярлапты көліктерін,

ішім жанды оларды көріп менің.

...Тағдыр-ай,

қараң өшкір уайымды,

Тек менің маңдайыма беріп пе едің?

Барып қайттым ауылдың бастығына,

(Білмеймін, достығы ма, қастығы ма?!

“Көзің көріп тұр, бала, көлік жоқ қой”, —

Деген сөзбен үйге ендім бастырыла.

Жабырқаған анама қарадым да,

Уайымның ұлыдым табаныңда.

Сарқылмаған әлі де жас бар екен,

Жабығулы жаным мен жанарымда.

Жеңіс келіп,

бөледі шартарапты,

Құшақ-құшақ қуаныш арқалатты.

Жүрегімнің жүрді екен қай жерінде?

Бір түйіні қайғының тарқаматты.

Көз жасымен найсапты қуалаймын,

Жұбатпаңдар, ағайын, сұрамаймын.

Жанның шері жоғалсын жаспен бірге,

Қазір жылап, екінші жыламаймын!

Уайым — улы жылан, тасқа мекен

Екінші жыламаймын, масқара етем!

Алдағы күндеріме апармайбын,

Меңде әлі сарқылмаған жас бар екен...

“Бәтшағар, мұның қалай, қатынға ұқсап?

Жігітсің, ойласаңшы ақылға сап”...

Әжемді аттандырған баяғы қарт,
Басу айтты.

Далаға шақырды шақ;
"Мін мынаны!

Сұраусыз алла алдында.

Неге келіп айтпайсың, арлаңдың ба?!"

Сенерімді біле алмай, сенбесімді,

Қарай бердім қартқа мен таңдандым да.

– Ауыр күндер сайранын кім сүрмеген,

Аптығыңды баса ғой дүрсілдеген!

Айналайыным ажалдың ауызынан,

Аман-есен оралса, мінсін деп ем.

Ол бақытты қимады құдай маған...

Жыласам, сенен бетер жылай да алам.

Не істемекпін?

Тіріге өмір керек,

Тіршіліктің қазығын шыр айналам.

Бар, балам, қала көрме қатарыңнан,

Қала көрме үмітті сапарыңнан".

...Ақ бас данам... Айналдым сақалынан!

Тұрғызды қорғанымды қопарылған.

...Ақ бас данам атандай торы ат берді,

Торы ат емес,

туырлық қанат берді.

Болашағыма ұшайын, ұшайын бір,

Самғайтұғын маған да сағат келді.

Көрсем де жабығымнан жау атқанын,

Сезсем де сынның ауыр сағаттарын,

Бүлінбепті,

әлі де бүтін екен,

Менің мамық балапан қанаттарым.

Жау менің әкемді атты, атамды атты

Жау оғынан жаралы жапан жатты.

Қарақшылар қаншама қарманса да,

Қанаттымды, халқымды ата алмапты.

Самғаймын Болашаққа, Ана-мекен,

Құндақтап қуанышыңды ала кетем.

Бүлінбепті қуатты қанаттарым,

Ақ бас қарт,

ақ бас халқым аман екен!

Қанаттарым менің!!!

9. АТАМЕКЕН

Әкел, досым,
Сен маған қолыңды бер!
Әкетейін, мен өткен жолымды көр.
Сонау шыңның басына шығарамын,
Менмін ғой бұл аймақтың жолын білер.
 Мінеки,
 Шыға келдік шың басына,
 Ал енді шақшанды бер құрдасыңа.
 Атамекен туралы сыр шертейін,
 Құлағың түр, құрдасым, сырласыңа.
Қалай екен?
Мына шың биік пе екен?
Жарылмасын әуеге тиіп шекең.
Қайсыбіреу өлкемді жамандаса,
Шоқ түскендей жанымға күйіп кетем.
 Біз тұрған тау есімі Елшенбүйрек,
 Шыға келсең, аспанға еңсең тимек.
 Жазда оранып жатады көк торғынға,
 Қыста аппақ елтірі сеңсең кимек.
 Басқа таудан жырақ бұл Елшенбүйрек.
Тұзды көлге тірелсе мына басы,
Құлар жері — батыста Лабасы.
Аноу — Тянь-Шань,
Ал анау — Хантөңірі —
Осы өлкенің байырғы ғұламасы.
 Мен туған жер — Қарасаз баурайдағы,
 Жалғанда жер біткеннің бал қаймағы.
 Есім кетіп жүргенде ес білдірген,
 Жаралған жұлдызым ғой маңдайдағы.
Іркес-тіркес ағады қара сулар,
Қарасаң, суларда да таласу бар.
Бұл суларға менің көп бересім бар,
Бұл сулардан менің көп аласым бар.
 Бақытым ғой Қарасаз келіп конған,
 Кисем, — киім, ішсем — ас, көлік болған.
 Мендей ұлдың осы жер мыңын туып,
 Әлі күнге мыңына жерік болған.
Сүтін еміп өскен ем сан бұлақтың,
Сан жыладым құрбымнан,
Сан жылаттым.
Жалын тартып мінген ем осы маңда,
Өмір дейтін шу асау арғымақтың...

Кешір, досым, ауытқып кеткеніме,
Кейінірек тоқталам өткеніме.
Әзірге сен шығысқа көз жіберіп,
Қарап отыр қиянға, шеткеріге.

Қазір жайлау

Жерінен май тамып тұр.

Төгілдердей мөлтілдеп шайқалып тұр.

Кәне, досым, екеуміз қиялменен

Шалкөдені аралап қайталық бір.

Жайлауын айт жайлау деп Шалкөденің,

Еңсесі мыңғырған мал әр төбенің.

Су емес, суатынан қымыз аққан,

Пау, шіркін, қандай ғажап өлкем едің!

Киік ойнап шатында, бөктерінде,

Айғайтас Шалкөденің нақ төрінде.

Қырағы көз шекара Құмбел анау

Қытаймен екі ортаны қақ бөлуде.

Айғайтас – Шалкөденің шаңырағы,

Ақ отау ақша бұлтты жамылады.

Жат жаққа жұрт үдере көшкен кезде

Жабырқап тас та болса аңырады.

Айғайтас – тас емес тек айғайлаған,

Ғұлама қарт жұрт үшін қайғы ойлаған.

Халықтың үні жатыр кеудесінде,

Бір кезде "Елім-айлап" ойбайлаған.

Айғайтас – Албаңдарға атамекен,

(Оны мен шежіредей атап өтем).

Ертеде ел шетіне жау тигенде,

Айғайлап, хабар беріп жатады екен.

Солтүстігі Қарарша, Кетпенімен,

Қымбат олар бүгіні, өткенімен.

Оңтүстік шығысында Ойқарағай,

Артында Айғайтастың бөктерілген.

Шалкөде екі таудың арасында,

Екі өзен тулап жатыр сабасында.

Жалғанда гүл біткеннің бәрі осында,

Жалғанда шөп біткеннің бәрі осында,

Адамға шипа болар дәрі осында.

Кеңбұлақ –

Менің бабам өскен мекен.

Менің әкем кіндігін кескен мекен.

Сайды сағым қуалап бара жатыр,

...Ғасырлардан оралған көштер ме екен?

Жаратыпты бәйгеге ат қосуға,
Біздің ру ұясын тапты осында.
Көшеді ел, көшеді замандар да,
Тәңірім жерді бірақ сақтасын да.

Біздің жұрт Кеңбұлақты мекендеген,
Ауру былай тұрсын, жөтелмеген...
Менің бабам бай да емес, аткезші емес,
Кедей де емес, тұғырмен тепендеген.
Күшін сатып біреуге жалданбаған,
Сауда жасап, Пішпекке сандалмаған.
Бір өзіне жетерлік шаруа жинап,
Бір перзенті болуын армандаған.

Байларменен пейілі қатар екен,
Шалдың шақар мінезі қатал екен.
Ірімшігін қайнатып, құртын жайып,
Сары қымыз сапырып жатады екен.
Кеңбұлақта еркімен сайрандаған,
Өтті, кетті. О, менің қайран бабам!
Кеңбұлағым болса екен мәңгі бақи,
Болса екен таулар да аман, сайлар да аман.

Кеңбұлақтың кішкене тұқымы – мен,
(Қыран емес, әрине, үкімін мен).
...Әй, досым-ай, қалтаңда шақшаң да жоқ,
Қайтгім енді?..

Беріп қой түтініңнен!
Жер туралы бойыма шабыт кіріп,
Досым, сені алдым ба жалықтырып?
Бауыр төсеп, шіркін-ай, жатып алса,
Бабалардың жұртына барып тұрып.

Сайлардан саумал өзен жайлап құлап,
Самал бел сонау жатқан – Жайдақбұлақ,
Баурында ерке бұлаң бала болып,
Базарлап өскемін жоқ ойнап бірақ,
Баурында бұла болып күн кешпедім,
Бұлдырап бурыл тайға мінгеспедім.
Бұйығы жетімдермен бірге өскемін,
Үнімен жесірлердің үндескенмін.

Күнмен батып, бірге атып таңдарымен,
Шөп шауып, шөмеле сап, мал бағып ем.
Зарларымен қарттардың ұйқыға еніп,
Қатындардың оянғам зарларымен.
Сенбесең қой,
Сенсең сен.
Мақтанамын.

Жеп жүрген нанымды мен ақтағамын.
Мендеген – шаруаның мұрагері,
Шаруаның паспорты сақтағаным.

О, Жайдақ!
Жайдақбұлақ!
Жасыл мекен.
Армысың, ақбас Атам,
Асыл мекен!
Кеудемде керемет боп қатып қалған,
Өскен жер,
Әлде сенің тасың ба екен?!

Қарағайлы.
Қарсыда Ақбұлағы.
Ақша бұлттан жұлып ап лақтырады.
Қатартөбе ортада қалғып жатыр,
Секілденіп қойшының Саққұлағы.

Тұзуақтас әне тұр коқырайып,
Атаның ұмыт қалған ақ тұмағы.
Өлкеге Қисықақтас қырын қарап,
Шипалы жылы суын атқылады.

Осы жер бәйіттердің нақ тұрағы,
Түбінде осы жерде бақ тұнады.
Дара тұр Шәкірамбал жұбын таппай,
Қолтық – бір қолға тұрмас ұрыншақ тай.

Еңкейіп Есекартқан анау жатыр,
Жабыға жаба салған ыңыршақтай.
Қос өзен Шалкөдеден құлдырайды,
Ойнақтап өрістегі құлыншақтай.

Белдеріне көзің сал Дардамдының,
Дардамды деп қалмақтан қалған бұрын.
Затында жер – біздікі,
аты – оныкі,
Шежіре біледі оның жалғандығын.
Рақат-ау, қажысаң, Шолаққа кеп,
Сарқырама басында алған тыным.

Қос Шибұт анау жатыр егіздейін.
Дегендей басқалардан неміз кейін.
Қос қанат қып ұшайын қос қолымды,
Қосағымның мекені, сені іздейін.

Бала сүйдім, жар сүйдім, Шибұт, сенен,
Жырыммен ел-жұртыңа сыйлық берем.
Қырқаңнан қызыл түлкі қылаң етсе,
Қияңнан қосылушы ем жүйрікпенен.

Қыран болып ілуші ем қырмызыңды,
(Қатерімде қуатың тұр қызулы).
Тентегіңе жатсынбай телдің сен,
Құлын мінез, құс аттас бір қызыңды.

Қос өзен қосарланған —

қос келіншек,

Жағаңда жан біткенді дос көруші ек.
Атаның ғұрпын сақтап күйеусініп,
Кез келген кедейің де төс беруші ед.

Шибұттың сай-саласы тұйық келер,
Жатыр ғой тұйықтыққа сыйып нелер...
Ал, Шибұт, сәлемімді ал, қарыздар ем,
Малым жоқ өрісімде жиып берер.

Армысың, асау Шибұт, Асыл аға!
Мың сәлем тауыңа да, тасыңа да!
Шибұт сен, менің үшін махаббатсың,
Махаббат әлмейінше басыла ма?..

Кешір, дос, менің біраз бөскеніме,
Есім кетіп оралам естегіме.

Қай-қайдағы жоғалған қайран күндер,
Шыныменен шырпыдай өшкені ме?!

Сонау тұрған Қошқардың басы ма екен?
Қошқардың мүйізіндей тасы бөтен.
Ел аузында аңызға жүгінсек біз,
Осы тауға қырғыздар ғашық екен.

Аңсайды ғой алысты аты бар жан,
Бұл тауда қырғыздың көп аты қалған
Әргі жағын қайтеміз... қазақ, қырғыз,
Әйтеуір, осы тауда жатып алған...

Жайлау барсаң, Қошқар бар, Таласқа бар,
Жадырайды жан-жүйең, толас табар.
Ну орман, бал бұлақты көргеніңде,
Басқа жайлау жәйімен қораш қалар.

Таң сызғанда сарғайып сары белден,
Сары белден сәулелі лағыл өрген.
Сай-саладан салқын бір самал соқса,
Таңдайыңа қымыздың дәмі келген.

Құлағың тұр қыранның шаңқылына,
Кеуденді тос керіліп салқынына.
Әжім-әжім ақ тастар күнгедейдегі,
Өткен бір ғасырлардың тамтығы ма?

Ескерткіштер сияқты гүл алаңда,
Бірі малға ұқсайды, бірі — адамға.
Ақ тастардың беттері сора-сора,
Сора-сора... О, сұмдық, жылаған ба?

Әр жыраны қуалап мың бұлағы,
 Желідегі құлындай шыңғырады.
 Қыран келіп киікке сорғаласа,
 Басын шайқап ну орман қынжылады.

Ауа, шіркін! Не деген жұпар едің!
 Жұта бергің келеді, жұта бергің,
 Жалғыз-ақ осы ауамен қоректенсең,
 Досым, сен бұл өмірден ұтар едің.

Жайлау барсаң, Қошқар бар, Талас барғын,
 Аялап кір астына көк аспанның,
 Желкесінде желпілдеп желбегей бұлт,
 Шыңнан асып кете алмай толастар күн.

Батысында Қошқардың көрші күнгеі,
 Көмірші көк бестінің ершігіндей.
 Кегенге кеп Құсмұрын су ішіп тұр
 Қашаннан дәл өзінің меншігіндей...

Жерім осы Шалкөде аңғарында,
 Асқар-асқар тау жатыр жан-жағымда.
 Арманым ба, кім білсін, әлде маған
 Табиғат өзі орнатқан қорғаным ба?

Ұзын сонар жырымды сабылттырып,
 Алдым ба, дос, сені мен жалықтырып?
 Қанеки түтініңнен беріп жібер,
 Сорайын ерінімді қарып тұрып.

Сонау тұр Лабасы, Төте бері,
 Жабырды жамбасқа алып жетеледі.
 Басына Лабасы бұлт іліксе,
 Бар аймақ күрк-күрк жөтеледі.
 Нақышына келтіріп шебер тіккен,
 Шұбартал – зер тақия шекедегі.

Бір кезде ел Үшқакпақ пен Мұзарт асып
 Қашқарға қашқын болып өтер еді.
 Анау жатқан Үкірші жап-жалаңаш –
 Таулардың барып тұрған көтерімі.

Байынқол бай өлке ғой, жұртқа да анық,
 Беу, шіркін, бір ай жүрсе Сыртқа барып!
 Шекарадан әрі асып Текес кетті,
 Бұлағын бар аймақтың ұрттап алып.
 Тігілген қос отаудай Қостөбе тұр,
 Алдында Хантәңірдің бұқпаланып.
 Бердібектей азамат осында өскен,
 Табанын таңертеңгі шыққа қарып.

Шекарада бір жер бар Сүмбе деген
 Оны мен көрмеген ем, білмеген ем...

Сезем бірақ Сүмбенің байлығына,
Көз алартып қарайды іргедегі ел...

Өмірге шешем келген осы маңда,
Өмірді сүйген және шошыған да.
Он бесінде жат жұртқа пенде болып,
Жат босаға тұрыпты тосып алда.

Қаршадайдан қайғыны ішіп қанған,
Қайырылмай артына ұшыпты арман.
Сарбастау, *Нахамның көз жасымысың?
Сау етіп кірпігінен түсіп қалған.

Тағзым етіп атымнан аударыла,
Қарай-қарай өтермін тауға мына.
Сай-саланы сағым боп кезіп жүрген
Анамның адастырған арманы ма?

Шаттансам шарық ұрып кейдегіме,
Кешір, дос, күйінемін кейде міне.

Шартастың басындағы шарбы бұлттар,
Он бес жасар шешемнің көйлегі ме?
Қарашы, эне, Шартастың басы мұнар,
Жарқылдайды жасылы, жасыны ма?
Әлде менің анамның алпыстағы,
Әлдеқалай оянған ашуы ма?!

Сонау тауды атайды Ылайлы деп,
Бөрі жортқан белінде, құдай-жүрек.
Кезбе бұлттар көрісіп шыңдарында.
Сұп-сұр болып түнере жылайды кеп.

Бауры — қыстау, басы — от Ылайлының,
Бар нұрымен жонына құлайды күн.
Тұзкөл, міне, төсінде қаз бен үйрек,
Қауырсынмен өрнектеп су айдынын.

Тар кеудеде тұншығып талай үн жүр,
Сабыр, досым, самал жүт.
Маңайың гүл.

Түтініңнен беріп қой Ақжалынға
Көк жалынды апарып жабайын бір...

Көкірек жанса жансын күйіп те өшіп,
Бұлақ жыр бұрқанар ма ійіп, көшіп.
Биікті көрем десең, досым менің,
Алдымен биікке шық, биікке шық!

Бұл биік біз отырған — Сарыдоғал,
Санамды самайының ағы қолдар...
Тіл бітіп сөйлеп кетсе қайтер еді,
Ақ жондар, мына жатқан сары жондар?!

* Наха деп шешесін айтып отыр.

Ей, тастар! Кейде биік, кейде төмен,
Ей, сайлар! Кейде тайыз, кейде терең.
Ей, таулар! Құдіретің болсам егер,
Жоныңнан осып тұрып сөйлетер ем!

Үнсіз-тілсіз мелшиіп жатқан әлем,
Құдіретің мен болған шақта бәлем.
Қатпар-қатпар қырқанды парақ етіп,
Кітабыңды өзің-ақ ақтарар ең...

Амал қанша... сен маған бағынбайсың,
Мен саған қажет емес, жалынбайсың.
Құпияңды баурыңа басып алып,
Қашан құрып кеткенше дамылдайсың...

Кешір, дос, айқайым бар кейде тегін,
Жер үшін жаралған бір бейнет едім.
Туған жердің құлы емес, тілімін мен,
Қалайда оны сөйлетем!
Сөйлетемін!

Қарасазым сөйлейді қалай дағы,
Сөйлейді тауы, тасы — бар аймағы.
Шуақта отырып ап күңіренген,
Әжемнің ғаламда жоқ тарайды әні.

Әжемнің естілгенде созған әні,
Күрсініп мына таулар қозғалады.
Ағыл-тегіл селдетіп аспан келіп,
Көрісе құшақтайды боз даланы.

Өшпейсің, атамекен, суық кіріп,
Кетпейсің ғайып болып, ұмыттырып.
Қиырдан әкем саған қол созады,
Бауырлар моласынан шығып тұрып.

Көрінен күңіренгенде батырағың,
Қалайша сөйлемесін жапырағың.
Бір ұланын қалайша жоқтамасын,
Бір уыс бұйырмаған топырағың.

Аян ғой аймағыңның сыры маған.
Сөйлейсің, сөйлейсің сен, Ұлы далам!
...Мен сенің көкке ұшырған бозторғайың,
Шырылдап жерге түспей тұрып алам.

Жаралған жан емеспін басы бөтен,
Туған жер, топырағыңды басып өтем.
Кеудемде қатып қалған бірдеңе бар,
Кім білсін, туған жердің тасы ма екен?!

29.IX-1.XI.1967 ж.

ПОЭЗИЯ

Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Мені сен сезесің бе,
неге іздедім?

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,

Қарауытқан таулардан сені іздедім.

Сені іздедім кездескен адамдардан,

Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.

Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,

Сені іздедім жоғалған замандардан.

Сені іздедім досымнан, қасымнан да,

Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да,

Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,

Қызыл-жасыл шұғыла шашылғанда,

Көкжиек пен көкжиек қосылғанда.

Махаббаттан іздедім, сағыныштан,

Арманымнан іздедім алып ұшқан!

Сәттерімнен іздедім жаңылысқан,

Сені іздедім жадырау, жабығыстан.

Сені іздедім зеңбірек гүрсілінен,

Күннен, түннен, гүлдердің бүршігінен.

Қуаныштан, түршігу-күрсінуден,

Жүректердің іздедім дүрсілінен.

Сені іздедім сезімге у шараптан да,

Минуттерден іздедім, сағаттан да,

Сені іздедім.

Іздеймін, тағат бар ма?

Сені маған егіз ғып жаратқан ба?!

1968 ж.

* * *

"МАЗ-дар", "ГАЗ-дар",

"Москвичтер", "Волгалар".

Заула, заула, заула, темір жорғалар!

Қызыл сәуле, сары сәуле, көк сәуле,

Көзін қысса, темірлер де қорғанар.

Қызыл сәуле...

Қызыл ала қан ба екен?! ~

Сары сәуле...

Сары уайым бар бөтен.

Көкжиектен жалт етті бір көк сәуле,

Уһ, жаным-ай!

Болашағым алда екен!

Заула,
заула, заула, темір аттарым!
Шаш артыңа жолдың шаңын, батпағын.
Сарғая күт, сары сәуле жанғанда,
қызыл сәуле жалт еткенде, тоқтағын!

1968 ж.

ҚАЗЫНАМ БАР

Қазынам бар.
Біреуге берсем бе екен?!
Өкпелейді-ау бермесем,
Берсем, — бөтен.
Бар байлықты қойныма тығып алып,
Әлде мына құмдардай өлсем бе екен?!
 Қазынам бар,
 Біреуге қисам ба екен?!
 Ренжиді-ау қимасам,
 Қисам, — бөтен.
 Әлде мына даладай бар байлықты
 Бір өзім иемденіп жисам ба екен?!

Қазынам бар.
Тәуекел, сатсам ба екен?!
Өзіңдікін өзгеге сатсаң, — бөтен.
Әлде мына таулардай бүркеніп ап,
Бүк түсіп, теріс қарап жатсам ба екен?!
 Қазынам бар.
 Қисапсыз шектеледі.
 Қызғанады біреулер, жек көреді.
 Бермеймін де сатпаймын, көрсетпеймін!
 Алам десең,
 Алдымен зертте мені...

1968 ж.

* * *

Самұрыққа міндім бе,
Самғадым ба көкпенен?
Сахарадан бұл күнде,
Үн естілмес "өк!" деген.
Барар жерге бір күнде,
Арып-ашпай дөп келем.

Апта жүріп, ай жүріп,
Аңызакқа ұрынбан.
Ат-тұрманнан айрылып,
Айдалада жығылман.
Әр ауылға қайрылып,
Сусын іздеп бұрылман.

Керуенім шұбалып,
Кең даланы кезбеймін,
Кең бұлақтан су алып,
Бақырға құрт езбеймін.
Ұшты. Болды. "ТУ" алып,
Қонғанымды сезбеймін.

1968 ж.

ӘБДІЛДАҒА

Тұрғанда ұйқы-тұйқы ақ самайың,
Мен қалай,
Әбе, сені жат санайын.
Абыржып асаңды ұстап отырғаның,
Ашулы Грозный патшадайын.
Сөйлесең,
Бурадайын лықсып-тасып,
Жаралы жауынгердей сылтып басып,
Әбігер боп жүргенің қашан көрсем,
Жырдағы жалғандықпен мылтықтасып.

Бой түзеп,
Босқа кетпей сауықпенен,
Боз қырау босағасын тауыпты өлең.
Жаман жыр жазғанымда,
Ақ таяғың
Арқамда ойнай ма деп қауіптенем...

1968 ж.

* * *

Мейлі, мені шығарсын шірік қылып,
Мейлі, мені тастасын лақтырып.
Отанымды сүйемін күліп тұрып,
Отанымды сүйемін жылап тұрып:«
Мейлі, мені қайғыртсын, қуантсын да,
Мейлі, менің басыма бақ бермесін.
Мейлі, мейлі, жылатсын, жұбатсын да,
Мені, әйтеуір, Отаным жат көрмесін.

Бәр-бәрісін бақытпен теңгерем де,
Сүйем оның шетсіздік, шексіздігін.
Қапаланып қайсыбір пенделерге,
Өкпелесем Отанға, бетсіздігім.

Басымды иіп, тіземді бүгіп тұрып,
Ажарымда айдындай шуақ тұнып,
Отанымды сүйемін күліп тұрып,
Отанымды сүйемін жылап тұрып.

8.II.1968 ж.

* * *

Жігіттер, дем алайық тауға барып,
Балақты жүреміз бе шаңға малып?!
Алматының қарайық төбесінен,
Алдымен көк майсаға аунап алып.

Майсадан майда, шіркін, мақпал бар ма,
Масайрап шығайықшы шатқалдарға.
Жылылық апарайық біздер де бір,
Мәңгілік жатқан мұзға, жатқан қарға.

Алатау Алатау ғой біздерменен,
Жылылық бізден таппай, іздер неден?
Құрдымға құлап кетсек, өкінбейік,
Жігіт пе үйде туып, құзда өлмеген?

Алатау ашып тастап гүл кілемін,
Мұртына мұздақ қатып тұр, білемін.
Тым құрыса леппен біз жібітейік,
Ерітейік мұртының сүңгілерін.

Балақты жүреміз бе шаңға малып?
Сәлемдесіп қайтайық шалға барып.
Алматының қарайық төбесінен,
Ақ шалдың кілеміне аунап алып.

8.II.1968 ж.

ҰЛЫМА

Жүре-жүре мен өмірге қанықтым,
Өмір сырын жаңа ұқтым.
Қызбалықтық күндерімді ұзатып,
Енді, міне, әке боп та қалыппын.

Сен өмірге басқа жолмен бас қадам,
Әкең жүрген соқпақтардан қаш, балам!
Ұғып ал да, сақ болып өс, айтайын,
Өмір жолын әкең былай бастаған:

Мен әкемнің тәрбиесін көрмедім,
Ал анамның ақылына көнбедім.
Тіпті, кеше оқушылық кезде де,
Тізгінімді ешбір жанға бермедім.
 Өмірімде бір иілген емеспін,
 Менмендігі менен өткен жоқ ешкім.
 Боламын деп жалын жүрек, от кеуде,
 Бола алмай, қуыс кеуде боп өстім.
Енді, міне, ұлым маған қарайды,
Өткір көзін өңменіме қадайды.
Көп қателік жіберіппін, амал не?
Кешір, ұлым, мойындадым, жарайды!

1968 ж.

* * *

Тоқашқа

Алматының шәрісі таныс маған,
Таптағамын көшесін, жаныштағам.
Әнебіреу кассадан ақшамды алып,
Мынабіреу кассаға табыстағам.
 Әнебіреу мүйісте тұра қалып,
 Сылқытушы ек топ-торғын сыраны алып.
 Мынау бақта масайрап отырушы ек,
 Күлуші едік, алдымен жылап алып.
Не істемесін жас ғұмыр шөлдегенде...
"Атағымыз" таралды елден-елге.
Қалтамызда болмай-ақ қара бақыр,
Қараушы едік аяқ пен кеуделерге...
 Іше жүріп күн кештік сырамызды,
 Кім не десе о десін мына бізді.
 Алматының аяулы ақ нөсері,
 Ағыл-тегіл жуады күнәмізді.
Жонымызды төсейік тұра қалып,
"Жын ұрған ба?!" — деп қалсын мына халық,
Күлейік, алдыменен жылап алып,
Жүрейік, алдыменен құлап алып...

1968 ж.

БІРЕУГЕ

I

Өсіңіз, жетіліңіз, тасқындаңыз,
Бірақ та биікпін деп асқынбаңыз.
Сен мықты, анау осал, мен орташа
Бәріміз бір аспанның астындамыз.
Сіздің ой біздің оймен бірікпейді,
Шайқаңыз осы өмірді жүріп мейлі.
Ойлаңыз, арзан атақ, сасық ырыс,
Сіз өлгенде, қайтадан тірілтпейді!

II

Сен қандайсың?
Сен бе?
Сен...
Жыландайсың елге сен,
Жүре алмайсың жөнге сен,
Құрдымдайсың шөлде сен,
Құрымайсың, өлмесең!
Сен қандайсың?
Қандайсың?!
Майлы, майда шандайсың,
Жұғып кетсең, қара майсың,
Алпыс айлалы аңдайсың.
Адамдарды қармайсың,
Өзгелерге ор қазып,
Өз көріңді қамдайсың!
Сен сондайсың!
Сондайсың!
Барса келмес жолдайсың,
Балшықтағы сордайсың,
Түбінде сен сорлайсың!
Түбінде сен оңбайсың!
Сондайсың сен, сондайсың!

1968 ж.

МЕН СӨЙЛЕЙМІН

Сөйлеймін
Коммунистер мінбесінде,
Шығамын
Дүниемен тілдесуге!
Жұмыр жердің түріліп көз-құлағы,
Қарасын Кремілдің іргесіне.
Кремілден эфирге таралған үн,
Тағдырын айтып берсін адамдардың.
Болашағын алдына жайсын әкеп,
Болашақ ұрпақтардың, замандардың.
Жолдас Ильич!
Сан талай асулардан
Астық біздер,
Әріге асылды арман.
Қамдануда біздерді қарсы алуға
Делегаттар болашақ ғасырлардан.
Күн боп шығып болашақ қас-қабағы,
Жанымызды тербетер достар әні.
Апаратын жол дағы болашаққа
Өзің жатқан іргеден басталады.
Біз келеміз тау бұзып, тасты аударып,
Рухың сенің ұран боп бастауда анық,
Жерде отырып ойлаған ойларыңды
Байқоңырдан ұштық біз аспанға алып.
Келер-кетер өмірдің сан жасауы,
Алма-кезек ғасырлар алмасады.
Жолдас Ильич, ісің мен ойың сенің
Ұрпақтардан ұрпаққа жалғасады.
Жолдас Ильич!
Достықты өсиеттеп,
Халқым отыр бүгінде қасиеттеп.
Адамдардың арындай асыл мұра,
Ғасырлардан ғасырға асып өтпек.
Ұлы достық, ұлы күш қолдасуда,
Ұлы дүбір ұран боп жолды асуда.
Біздің достық құрыш боп құйылуда,
Жұмыр білек жұмысшы домнасында.
Біздің достық халықтың жүрегінде,
Нан өсірген диқанның білегінде,
Космосқа ұшқан корабіл рулінде,
Тың қопарған трактор түренінде.
Біз тұрамыз бір семья кісідейміз,
Біз достыққа еш ақау түсірмейміз.

Біздер деген — сәулетші сәндеп соққан
Орнатылған достыққа мүсіндейміз.

Бір біздерде көзқарас,
сыйынамыз,
Бір-ақ Тудың астына жиыламыз.
Әр өзеннен ырыс боп ағамыз да,
Бір мұхитқа бәріміз құйыламыз.
Езілген елден өскен Орда-Одақпыз,
Мәңгілік достық болып орнамақпыз.
Қан төгіп, жеңіп алған Достықты біз
Қанымыз сарқылғанша қорғамақпыз.

Біздің достық әрбір ұлт санасында,
Ортақтасып ойымен жарасуда.
Біз достықты тілейміз жер жүзінде,
Ақ ниетті барлық адам баласына.

Жолдас Ильич!
Жол ұзақ, сапар алыс,
Күрестер тұр, қалайша жата аламыз!
Октябіден басталған шеруді біз,
Ғасырлар Октябіріне апарамыз!

1969 ж.

ИЛЬИЧ САЛҒАН ІЗБЕНЕН

Біз — оның жалғасымыз,
жолдасымыз.

әлемге бақыт іздеген.

Қолдасыңыз, келіңіз қолдасыңыз!

Барамыз Ильич салған ізбенен.

Сап бұзба

Секілденіп көкек, байғыз,

Байқаңыз!

Өсек, жала, орныға тұр,

Жер шарын тілімдеген айғыз-айғыз.

Данышпан Лениннің жолы жатыр.

Біз білеміз болғанын ақшыл, солшыл —
бәрі былшыл!

Бәрін де таптағанбыз.

Иә, біз — жауынгер топ.

Сол — шын!

Сол үшін ғасырлардан аттағанбыз.

Бұл шақта коммунизм емес елес,

Қаусаған Еуропаны кезіп жүрген,

Ол – бүгiнiм, ертеңiм белес-белес,
Дос емес, жауымды да сезiндiрген.
Айтпа маған жаттанды ертегiңдi,
Ер көңiлдi ешкiм де бола алмайды.
Қаша алмайды.

Ұстаймын ертеңiмдi.

Ертеңiңдi қоя тұр,
Асан Қайғы.
Бiр кезде Еуропаны кезген елес,
Сөзбен емес,

Орнауда еңбекпенен.

Сен деп келем, КПСС, өзге емес,
өз қолымен өмiрдi өрнектеген.
Коммунизм, мiнеки, санамызда,
Даламызда,

Егiн сап, малый баққан,
Дауылдатқан зауытта, қаламызда,
Шахтада, мартендерде жалындатқан.
Коммунизм көш емес,

Көзiн сатқан,
Жүгiн артқан өгiзге,
Қара пiлге,
Коммунизм – космонавт

Езу тартқан
Құдiреттi космостық корабiлде.
Екi дүние:

Екеуi екi дара.
Көзге қара.

Ей, жолдас, жаңылмағын,
Болашақ бағыты айқын,
Жолы сара,

Берi қара!
Ленин жағында кiм?!

1969 ж.

МЕН – ОКТЯБІР

Тоқтатып болмас,
толқыннан туған алыппын,
Жасқанбай болмас,
жаралған Күннен жарықпын.
Айырып болмас,
Достықтан туған халықпын,
Еңсесi биiк,
Ерлiкпен келген шабытпын.

Шаттанып кетсем,
Шашырап менен нұр тамған.
Ал ашу буса,
Жасыннан бетер бұрқанғам.
Күрсіне қалсам,
Күтірлеп сынып көк аспан,
Қуанып кетсем,
Қуаныш гимні шырқалған.

Жер деген мына
Қасиетті зор мінбеден,
Мен – Октябір
Достыққа дәйім үндеген.
Мен – Октябір,
Жиһанға кеткен таралып,
Жасаушым, менің
Ленин жатқан іргеден.
Мен – Октябір,
Күресте күшін шыңдаған,
Тізесін бүгіп,
Құлдыққа басын ұрмаған.
Миллиондардың қаны мен терін ұрлаған,
Капиталистерді
Көріне тықпай тынбаған.
Мен – Октябір,
Дүние солай ат берген,
Қуансын досым,
Күйінсін жауым жат көрген.
Мен – Октябір
Дүниені мынау жалғаймын,
Қайсыбіреулер қақ ортасынан қақ бөлген!

1969 ж.

ЖАЗЫЛҒАН УАҚЫТЫ БЕЛГІСІЗ ӨЛЕҢДЕР

(Алғаш енген жинағының жылымен берілді)

“Армысыңдар, достар!” кітабынан
(1966-жыл)

БЕСІК БАСЫНДА

Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде,
Ұйқыдағы сәбидің келбетіне.
Ояту былай тұрсын, рұқсат жоқ,
Ұйқтап жатқан ұлымды тербетуге.
 Ұйқта, ұлым, ұйқта, бөпем, қасыңдамын,
 Керек емес, дүния, асылдарың!
 Бақыт, байлық – барлығы менің үшін
 Сенің бір кеп мойныма асылғаның.
Тамағыңнан айналдым бүлкілдеген.
Танауыңнан айналдым сүртілмеген
Не дейсің сен бұртиып, айтшы, маған
Қытықтаған жүректі бір тілменен?
 ...Қандай ғана анадан туады адам,
 Сәбилердің ұйқысын қуалаған?!
 О, тыныштық! Тыныштық қандай рақат!
 Қандай рақат сәбилер жыламаған!
Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде,
Ұйқыдағы сәбидің келбетіне.
Кім болсаң ол бол, мейлің, рұқсат жоқ,
Ұйқтап жатқан ұлымды тербетуге!

СОЛДАТ СӨЗІ

Адамдар дос. Досты кеп дос атпасын!
Оқ сыңдырып егіннің масақ басын,
Сәбилерді бесікте қырау шалып,
Кемпір-шалдың көзінен жас ақпасын!
 Арулардың самайын ақ шалмасын,
 Асыл мұра махаббат тапталмасын!
 Ер-тоқымын шопанның тышқан тонап,
 Диканымның күрегі даттанбасын!

Соғыспаймыз. Соғысқа қарсылармыз,
Тыныштыққа жаралған жаршылармыз.
Бір кезде сел боп аққан қызыл қаннан
Өмір үшін қалған бір тамшылармыз...

КҮЗЕТШІ

Сәлем бере бара қалсаң Мұратқа,
Тыныштық деп алдымен айт, сұратпа.
— Тыныштық па, тыныштық па, балалар?
Деп отырар қысы-жазы шуақта.

Қыс та таныс қоржынына мұз артқан,
Бөрі таныс: жылымық түн, ұзақ таң.
Өмір таныс өмір жасын ұзартқан,
Әзірге аман өлім дейтін тұзақтан.

Шатынаған соғыс салған сызаттан,
Көрі кеуде жалын атқан, сыз атқан!
Төрт баланы тыныштыққа құрбан қып,
Төрт келінді төрт адамға ұзатқан.

Төрт келіннен алып қалды төрт бала,
Өзі — пана, ал өзіне — төрт пана.
Қартың отыр түгендеп ап ұпайын,
"Айырбастап төрт қараға төрт қара".

Қартың қазір бір бәйтерек мәуелі,
Сексен емес, жүзіңнен де дәмелі.
Сәлеміңе қайтаратын жауабы:

— Тыныштық па? — деп сұрайды әуелі.
Суыт жүрген кәріден де, жастан да,
— Тыныштық па? — деп сұрайды сасқанда.
Күн күркіреп, шатырласа найзағай.
— Тыныштық па? — деп қарайды аспанға.

Өмірде әлі қауіп көп қой не түрлі,
Қарт қалғымай, күзетші боп бекінді.
Сәл ұйқтаса, төрт немере төрт жаққа
Көзден ғайып болатұғын секілді.

СӘБИ АНА

Айналғанда аядай қалашықты,
Алдымыздан кішкентай Ана шықты.
Қырда отырған ауылға апаратын
Жалғызаяқ соқпақтан адасыпты.

Бір қолында батпандай қуыршағы,
Бір қолында ойыншық құлыншағы.
Екі жансыз мүсінді мәпелейді,
Мәпелейді, біресе ұрысады.
Қарадық та, селт етпей жанарымыз,
Алжығанға санадық Ананы біз.
...Бораны ұлып, бетінен боздағы ұшқан,
Сұлап жатыр далада жаралы күз.
Бәйек болмай отырған жан қалмады,
Сонда да Ана назарын аудармады.
Сәбидейін өзімен өзі болып,
Қуыршақ пен құлыншақ алданғаны.
Сөзге тартпақ болып ек, естімеді,
(Адам қалай оп-оңай ескіреді?
Адамның ғұмырынан қысқа не бар,
Күн еңкейсе болғаны, кеш кіреді).
— Жастар-ай, жамандық жоқ көңіліңізде,
Мына отырған Ана кім, көрдіңіз бе?
Бір күрсініп алды да, отырған қарт
Ана өмірін баяндап берді бізге.
(Ана халін қарттан біз ұғындық кең),
Жиырма үш жыл сарғайған құр үмітпен.
Жиырма үш жыл сарғайған құр үмітпен,
Сәби ана сапардан ұлын күткен.
Сұрапылдан сәбиі оралмапты,
Қуыршақ пен құлыншақ содан қапты.
...Қара жолды қаптай кеп тозаң жапты,
Қаралы күз қайтадан бораңдатты.
Ымырт ауыр салмақпен далаға енді,
Қап-қара жамылғысын ала келді.
Ауылына жетті де сәби ана,
Ойыншығын құшақтап қала берді!

АЛПЫСҚА КЕЛДІҢІЗДЕР

Бәрін де көрдіңіздер,
Бәріне көндіңіздер,
Бәріне сендіңіздер,
Бәрін де бердіңіздер,
Сіздер алпысқа келдіңіздер.
Менің де әкем келер еді алпысқа,
Амал нешік, жоқ боп кетті тартыста.
Амал нешік, селдір сақал қарт ұста,
Ауылында жүрер еді балта ұстап.

Соғыс, соғыс... Соғыс — жауы жер-көктің,
Соны біліп, соғысқа жол бермек кім?!
Егер сонау қанды майдан болмаса,
Жүрер еді топайкөгі еңбектің.

Жақсы күннің рақатын сезіп тек,
Немеремен сауық құрып, кезіп кел,
Қайран қартым отыратын еді ғой,
Өлеңімді оқи алмай ежіктеп.

Мен егінсіз қалдырғым жоқ даламды,
Мен көмусіз қалдырғым жоқ Анамды,
Мен әкесіз қалдырғым жоқ баламды,
Ешқашан да өлтіргім жоқ адамды.

Алпысқа келдіңіздер,
Бәрін де көрдіңіздер.
Бәріне сендіңіздер,
Бәрін де бердіңіздер.
Алпысқа келсек екен енді біздер...

* * *

Мен қарапайым қарттарды сүйем,
Не деген керім еді!

Не біледі осы жұрт, не біледі?!

Бабалардың баласы — қариялар,

Сиреп бара жатқандай көрінеді.

Сақалыңнан айналдым, қарт бабалар,

Ұрпағыңа не айтасың артта қалар?

О, тірі шежірелер, қалдырыңдар,

Қанеки, нелерің бар салтқа жарар!

Қанеки, нелерің бар, Аталарым?

Ұрпағыңа ұран қып апарамын.

Сенімдеріңді ақтаймын, ақтаймын да,

Сендердің мұрагерің атанамын.

Осылай деп қарттардан қалап келем,

Өнеге, өсиетін санап көрем.

Санап көрем... тоймаймын... сұранамын,

Себебі мен де бір күн жауап берем.

Қарттар бізді тастайды-ау, күйінемін,

Ой, өмір-ай, неғылған қиын едің?

Сондықтан да садақ боп иілемін,

Сауыт болам, тек қана киіне біл...

ҚАРТ АҚЫННЫҢ ДЕГЕНІ

Көбелек деп жүрсің бе отты айналған?
Қуатым бар кеудемде шоқтай жанған.
Кер бестімін көрмеде қаңтарылған,
Бәйге болса, қалайда шаппай қалман.
 Шаппай қалман және де озбай қалман,
 Бәсінді қой, нанбасаң, сөз байланған,
 Жебесімін жез таңдай бабалардың,
 Қынабында тыныстап, тозбай қалған.
Артықпын деп айта алман алайда мен,
Алдымда аға, артта іні қарайлап ем.
Қалған адам, әдетте, көз жазбайды,
Озған адам артына қарайды өрең.
 Шаппай бермен бәйгені ала ғой деп,
 Жүрмісің жүйрік емес, шалағай деп?!
 Ұл тапқанда ұлы анам боза ішіпті,
 Қалжасына бақандай қара қой жеп.
...Кер бестімін кермеде қаңтарулы,
Дүбір шықса, үзермін арқаныңды.
Қалмаспын орта жолда омақасып,
Тамсantlyп тандандырмай бар қауымды.

СОНДА ДА БІЗ...

Сабыр, сабыр, әй, достым, ашуланба,
Төрт тентегің "қуатыңды қашырғанға!"
Бұл өмірде баладан асыл бар ма,
Сабыр, сабыр, ой, достым, ашуланба!
 Шектелмесін ашумен бар амалың,
 Жарылмасын, сабыр ет, қағанағың.
 Молшылық қой әзірге, заман тыныш,
 Орындай сал балаңның қалағанын.
Белдігінді несіне шешіп алдың?
Таста әрі, балалардың есін алдың.
Қара борбай шағыңды ұмыттың ба?
Қырықыншы жылдарды есіңе алғын.
 Жұтатұғын жалмауыз жұттан да әрі,
 Есінде ме сұрапыл сұқтанғаны?
 Болса талқан, болмаса бір уыс дән,
 Бір шыны сүт, ал басқа түк қалмады.
Шәй орнына қайнақ су сораптадық,
Сонда да біз жамандық жолатпадық.

Барға мәз, балапандай тояттадық,
Сонда да біз өмірді жоғалтпадық,
Нанды беріп майданға, етті беріп,
Жұбандық, өзіміздей көпті көріп.
Отарлы жан отырып қорек еткен,
Көк сиырға өмір бер деп тіледік.

Жазда аптап, қыста аяз қарып алып,
Арыдық та, ашықтық жарымадық,
Сонда да біз осындай сотқар едік,
Балалықтан басқаны танымадық.
Тірі қалдық, өлмедік сонда да біз,
Ошарлы жан, бір үйде он баламыз.
Ұзақ күнге даладан шаршап келіп,
Өлімсіреп қарайтын сонда Анамыз,
Өмір сүре бергеміз сонда да біз.

Сабыр, сабыр, ой, достым, ашуланба!

* * *

Тау өзені тентек қой, тасып жатыр,
Ақ көбігін аспанға шашып жатыр.
Арғы жаққа отарын өткізе алмай,
Бала шопан айғайға басып жатыр.
– Тарт! – деп еді, өзеннен өт деп еді,
Беттемеді көк серке, беттемеді.
Қойлар қайтсін қойшының ыза-кегін,
Тасқа барып соғылды шек дегені.
Қуып шығып серкені қойдан бөліп,
Сырық сапты қамшымен сойды-ау келіп.
Бірін бірі паналап, ығысады,
Көк серкенің тағдырын қойлар көріп.
Дүбін жазбай дүр етіп үрікті де,
Отар тұрды, қалтырап бірікті де.
Сорлы серке тұзаққа ілікті ме,
“өлдім” деді, сақалын сілікті де.
Қой маңырап, шопанның сыбағаны,
Шыңға жетті серкенің “жылағаны”.
Ұйқылы-ояу маужырап қырда отырған,
Қарғып тұрды қарт шопан, шыдамады.
Жетіп келді желдіртіп күреңімен,
Ашу буы атып тұр реңінен.
Сақалдан ап серкені сабап жатқан,
Шопанның ұстай алды білегінен.

– Түк көрмеген түлейдей... малды ұра ма?!
Жоғал былай, торсықтай салбырама!
Серке емес, сен өзің де сескенесің,
Сен қылмаған ерлікті мал қыла ма?!
Шешініп суға түскен қартты көріп,
Көк серке өзенге өзін атты келіп.
Көсемінен көз жазбай тұрған отар
Жамырасып жағаға тартты берік.
Қазақтың мал – ырысы, малы – бағы,
Қашаннан бір-біріне танымалы.
Күреңімен қырқа асып бара жатқан,
Қартқа қарап көк серке маңырады.

АРМЫСЫҢДАР, АДАМДАР!

Күн батты ма, түн келді ме, таң атты ма қайтадан,
Күдіретті тірлігіңе кірістің бе қайта, Адам?
Ар ма, өмір, бар әлемді баурына алып шайқаған!
Әрбір әрпі қанға шомған тарихыңа қараңдар,
Отырардай опат болған қала жоқ па, жараңдар?
Тату-тәтті бармысыңдар, армысыңдар, Адамдар!
Әлем – дарқан, саялаңдар, бәріңе де орын бар.
Қорған емес, салтанатты, сәнді сарай соғыңдар.
Ей, Адамдар, сендер тату, сендер тату болыңдар!
Анамыз – Жер, сол Анадан жаратылдық, туыстық,
Алайда біз қан да төктік, қалжырадық, ұрыстық..
Армысың сен, арамызда жалғыз перзент –
Тыныштық!

ТАРТУ

*№16-құрылыс-монтаж
басқармасының еңбекшілеріне*

Жамбас пұл төлеп жатақта жүрген ақынбыз,
Жадырап келіп, жаңа үйге кіріп жатырмыз.
Ібекем қайда? Күнекем қайда? Ойбай, тез!
Той жасап берем, тортыңды қой да, шақырғыз!
Ібекең келді, Күнекең келді, тойладық,
Әзіл де болды, күлкі де болды, ойнадық.
Бәрі де болды-ау, осы үйді салған адамның
Бірінің де атын есімізге алып қоймадық.

Қадірлі аға, қайырымды жан ғой Ібекең,
Күнекең болса, еркелеп жүрген іні екен.
Апыр-ау деймін, алайда осы қуаныштың
Әдеби тілмен, авторы нағыз кім екен?!

Еденді сырлап, іргені сылап, қалаған,
Шатырын жауып, орнатып газды жаңадан.
Терезе салып, асфальт төсеп аулаға,
Екі-үш жыл бойы сіңірді-ау еңбек сан адам.
Аязда тоңды-ау, аптапта күйді-ау жондары,
Азаппен жүріп жарылды-ау беті, қолдары.
Сезеді ішім, терменен осы үй орнады,
Сол жаңдар бізбен, амал не, бірге болмады.
Жарығын, суын, жылуын бізге жіберді,
Жайсандар жүр-ау қуантып тағы біреуді.
Қарсы алар ма еді қайырымды құрылысшыны,
Патшадай күтіп, жолына төсеп кілемді.
Жадырап, жылып, жаңа үйде тұрмыз, аманбыз,
Адамды сүйіп, адаммен жүрген адамбыз.
Қадірлі жаңдар тыс қалды неге назардан?
Өкініп тұрмыз соңынан енді соған біз!..

ҚАЙЫРЛЫ ТҮН

Қайырлы түн!
Жер-Анам,
Көк аспанды жамыл да,
Таңға дейін дін аман,
Тәтті ұйқыда дамылда.
Орманың да шуламасын,
Суларың да туламасын.
Ақ басты ала тауларың да,
Күңіренбесін, жыламасын.
Шамыңды өшір,
Түсіре ғой пердеңді.
Қайырлы түн, алып Жер!
Дүбірлетіп сенің ұлы кеудеңді.
Таптамасын танктер.
Қайырлы түн,
Көк аспан,
алып жерді төсен де,
Таңға дейін тәтті ұйқыда толаста,
ұшырама кеселге.
Қайырлы түн,
Ақ аспан!

Боз көрпеңді айқара жап иыққа,
Сенің нұрың тыныштықпен жарасқан,
Қайырлы түн, ұйықта!
Шашу болып, жұлдыздарың шашылды.
Айың келіп ақ мойныңа асылды.
Шәйге орап әдилесін Құс жолы
Тыныштық деп аталатын жас ұлды.

Қайырлы түн,
Қойлы ауыл,
фабрика, зауыттар!
Бейбіт еңбек шалқысын,
Лаула, лаула, жан оттар.
Қорытылсын болаттар,
Шойындар да балқысын.
Тыныштық үшін, халық үшін!
Қайырлы түн,
ғалымдар!
Ақтарыңдар ақылды,
Тыныштықты тойлаңдар.

Рақмет, әкелдіңдер атомды,
Енді соны ажал етпеуді ойлаңдар.
Қайырлы түн!
Саған айтам, мамық түн,
Саған айтам, әрине,
Тыныштығын қымтап ал да халықтың,
Әдиле, түн, әдиле.
Тыныштық,
Тыныштық,
Тыныштық,
Жабырқама күрсініп
Қайырлы түн, тыныштық!
Қайырлы түн, Тіршілік!

ҚОЙЛЫ АУЫЛДА

Жел тұрып күзгі салқын таза ауадан,
Түңлігін киіз үйдің мазалаған.
Әкесі қой күзетіп, мылтық атса,
Жас сәби үйде жатып мәз-ау оған. ~
Жаз болса, жорға мініп жайтақтаған,
Күз болса, қойшы жаны жәй таппаған.
Отырған іркес-тіркес қойлы ауылдан
Қым-қиғаш үн шығады айтақтаған.

Көрмедім қойшыдайын жан асылын,
(Тұрмысы еңбегіне жарасуын).
Бір сәтте үйге еніп қымтап кетті,
Көрпесін әйелі мен баласының.

БІЗДІҢ КӨКТЕМ

Көктем келді ауылға, мамырлап бұлт,
Таң-тамаша дүние, дабырлап жұрт.
Көктем келді. Өмірдің келешегі,
Көкпен бірге дүркіреп төл өседі.
Сағым қыздың ап қашып орамалын,
Асыр сап тентек жігіт-жел еседі.
Көктем келіп ауылға қыз көрікті,
Таң-тамаша дүние жүзге еніпті.
Асқар ала таулардан асып әрі,
Аяз атаң барады мұз бөрікті.
Көктем, көктем! Қыз-көктем ауылдағы!
Өлең — жыр, әзіл — күлкі ауыл маңы.
Тиянақ таппай ұшқан көк көбелек,
Көк гүлге қонды дағы дамылдады...

КҮЙ ҚАЛСА ҒОЙ

Сексенде селкілдеген Ахметті,
Ажал келіп ақыры бақыл етті.
Бұйырғаны қартыңа бұл өмірден
Айналасы алты кез ақырет-ті.
Тіршіліктен есіл қарт шеттетілген,
Бәрі қалды артыңда бет-бетімен.
Балаларға балға-шот ойыншық боп,
Ер-тоқымы түсіпті етпетінен.
Сары үзеңгі сарғайып, тат басыпты,
Сырма тоқым шаңменен баттасыпты.
Қанжығасын қарақшы тышқан тонап,
Көкпар қылып жан-жаққа ап қашыпты.
Тәбәрік боп балаға, немереге,
Сусар бөрік о да тұр керегеде.
Төңкеріліп қалыпты төс темірі,
Отқа күйген қожалақ бөренеде.
Ауық-ауық көмейі күбірлеген,
Домбыра тұр ішектері дірілдеген.

Отыратын күй шертіп Ахмет шал,
Сырласқандай құпия бір үнменен.

Шіркін, сол күй қалса ғой, бұзылмайды,
Ескірмейді, тозбайды, сызылмайды.
Күйге буаз домбыра қос ішегі
Қанатымен шыбынның ызындайды.

Қарт кетіп, жер астынан баспана апты,
Байлық қапты, бақ қапты, басқа қапты
Тәбәрік қып артына қартың бірақ,
Күмбірлеген күйлерін тастамапты.

Күй қалса ғой артында, бұзылмайды,
Ескірмейді, тозбайды, сызылмайды.
Қашанғы қарт жолдасын іздегендей,
...Ауық-ауық қос ішек ызындайды.

* * *

Кең дүние, төсінді аш, мен келемін,
Алынбаған ақым бар сенде менің.
Бұйрат құмдар — бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар — бусанып терлегенім.

Аспанындай кей сәтте күрсінемін,
Жас талыңдай жауқазын бүршік едім.
Кең дүние, керемет қалпыңменен,
Жүрек болып кеудеме кірші менің!

Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,
Секілді бөрі менен көз алмаған,
Кең дүние, кенде етсең сыбағамнан,
Шырылдаған сәбидей мазанды алам.

Сен менің жүрегімді жазалама,
Шыдайды ол қуанышқа, қазаға да.
Жүрек деген — сезім ғой, сезіміме
Сезіммен кел. Болмаса, мазалама.

КӨҢЛІМ

Көңілде-дауыл,
Көңілде оттар жанады.
Қуаныш-қайғы бірісін бірі жабады.
Жүрегім сонда жадырап, сергіп қалады,
Дауыл мен оттан рақат, дамыл табады.

Достарым көп-ақ,
Өзімсіп кейде сатады.
Жұбатып бірі, жылатып бірі жатады.

Жүрегім сонда неліктен шиыршық атады?!
Қалайды-ау, сірә, қуаныш әлде... қапаны...
Қуаныш, бақыт, өкініш, қайғы — бәрі де ой,
Көтере берем:
көңілім — жердің шары ғой.
О, дарқан көңілім!
өмірімнің тозбас сәні ғой!

* * *

Міне, тағы ашу келіп алқымыма тығылды,
Ақылымның есігінен аттай бере жығылды.
Көлдей тұнық көңіліме қоқыс тастап лайлап,
Кей пенделер қайнатады-ау, қайнатады-ау зығырды.
Інім айтса, бас изедім; ағам айтса, қош көрдім.
Жанның бәрін жатырқамай, жақсы дедім,
дос көрдім.
Араларын ажырату мұншама ауыр болар ма,
Адалдық пен арамдық деп аталатын қос белдің.
Мақұл дейін, кінә өзімде, өзіме айып тағайын,
Ақ жаныма, пәк жаныма қалай күйе жағайын.
Адалсың ба, қолыңды бер, сенен тәлім алайын,
Арамсың ба, аулақ-аулақ маңайымнан, ағайын!
Арым, міне, сүттей аппақ, алдыма кеп жылап тұр.
Жаутаңдаған жанарында жалғыз ғана сұрақ тұр.
Өмірдегі адамдықты, адалдықты теріп ал,
Қалғандарын құлан жортпас құла дүзге лақтыр!

СОҚПАҚ

Жалғыз аяқ соқпақ жатыр іргесінде үйімнің,
Соған шығу қиыны екен өмірдегі қиынның.
Жалғыз аяқ соқпақ әкеп жолға салды шытырман,
Шимай-шимай сызығындай жүрегім мен миымның.
Бұл соқпақпен әкем менің қан майданға аттанған,
Бұл соқпақпен әжемді де қабіріне ап барған.
Бұл соқпақпен баламды да ұзатып сап мезгілсіз,
Бәрісінің жүрген ізін ескерткіш қып ап қалғам.
"Жол деген көп далада да, қия белде, жоңдарда
Адаспа, ұлым, андап басқын, ұрынбағын орларға", —
Деп соқпақпен ғазиз анам аттаңдырған мені үйден,
Бетіндегі әжіміндей айғыз-айғыз жолдарға.
Сол соқпақпен жүріп келем бір жығылып, бір тұрып,
Жол іздеймін, жол іздеймін алға қарай ұмтылып,

Жол шіркіннің орының да, жарының да көбін-ай,
Сүрінемін, жығыламын, қайта жүрем ынтығып.
Жол үстінде ор жоқ деуге қалай ғана нанасың,
Жолдар, жолдар, үйден шалғай қайда әкетіп барасың?
— Орға ұрынбай, жарға ұрынбай айналып өт! —
деп маған
Бекер ғана айтыпсың-ау, бекер, бекер, анашым...

ЖҰМЫСТАН СОҢ

Қажып тұрмын, несіне жасырайын,
Әкелші, ата, бар болса насыбайың.
Азан-қазан шулаған қапақ бастан
Құрып кеткір даң-дұңды қашырайын.
Айтшы, ата, әкемді көріп пе едің?
Ол да мендей жан ба еді желікпелі?
Ол да мендей шақшаңа құмар болып,
Сергіп бір қайту үшін келіп пе еді?
Ол да мендей шолжаңдап жүріп пе еді?
Саяқ па еді, болмаса күлік пе еді?
Болмаса дүйім елді дүбірлеткен
Бағзы біреулердей бүлік пе еді?
Мұрагері емес пе ем арт жағында,
Әкеме тарттым ба, ата, тартпадым ба?
"Ата көрген оқ жонар" деуші еді ғой,
Байырғы атамыздың салттарында.
Айтшы, ата, әкемді көріп пе едің?
Ақыл-кеңес оған да беріп пе едің?
...Оу, ата, мұның қалай, жарамайды,
Несіне көз жасыңа ерік бердің?!
Көрсетпе көз жасыңды, жасымаймын,
Әкем өлсе, мен бармын, несі уайым?
Әкемдей бір атайын шертіп тұрып,
Әкелші, тәуір екен насыбайың!

ЖАСТЫҚ

Ойлайыншы, не берді жастық маған?
Үйрет деп асау берді бастықпаған.
Жастық маған от берді жалыңдат деп,
Жастық маған оқ берді жауыңды ат деп.
Жастық мені жалтартпай шыңға айдады,
Жастық менің жаныма жыр байлады.

Жастық мені шыңдады, шынықтырды,
Жастық, шіркін, өмірді шын ұқтырды.
Ризамын жастыққа, текке өтпеді,
Әзір тұр гүл-бағымды көктеткелі.
Жастық маған ақыл-ой, сана берді,
Амал не, жастық өзі қалады енді.

ТАҢ АЛДЫНДА

Айдың да кеткісі жоқ көк бетінен,
Табандап жатып апты етпетінен.
Күн түнге таңнан хабар айтып еді,
Жұлдыздар үркіп кетті бет-бетімен.
Асылып ақ Шолпанға түн құшағы,
Қалуға таңмен бірге тырмысады.
Жердегі емес, көктегі ғұмырлар да
Қалайды-ау, сірә, бөрі Күнге ұқсауды...

* * *

Оспанхан Әубәкіровка

Жүр, досым, аяндайық баққа қарай,
Күн көзін тұман тағы қаптағаны-ай!
Аяз Атаң тәтгісін үлестіріп,
Ашшысын екеумізге сақтағаны-ай!
Тұрғызбастай тұмшалап қаралықты,
Жердің бетін ақ ұлпа қар алыпты.
Кеше біздер жылатып тастап кеткен,
Ойнатып жүр сәбилер балалықты.
Топ шымшық тал басына үймеледі,
(Көрінген сауысқаннан именеді).
Бір орында бір биді мың қайталап,
Секектеп олар қашан билегелі...
Аяндайық ауылымыз жаққа қарай,
Қайың да ақ, терек те ақ, ақ қарағай,
Пай, пай, шіркін! Демін-ай жігіт-қыстың.
Қари ма-ау, күйдіре ме-ау, от па, қалай?..

ЖҰМБАҚ

Келісетін мемлекеттер елшісіне ұсаған,
Қабак бағып, қыл үстінде біз отырмыз — үш адам.
Үшеуара жоқтан бар қып бір әңгіме бастаймыз,
Бастаймыз да, жалғай алмай, жібін үзіп тастаймыз.
Жараспайды әзіліміз, жараспайды күлкіміз,
үшеуміз де ашылмайтын кілтсіз қара құлпымыз.
Жабығады жас келіншек, қарамайды жарына,
Сүле-сопа жігіт отыр қолын тайап жағына.
Дастарқанның бір шетінде мен де отырмын еш үнсіз,
Сұрақ та жоқ, жауап та жоқ, бір жұмбақпын шешусіз.
Қатынасын жаңа ғана жөнге қойған екі елдің,
Арасына ақымақ боп бекер келген екенмін.
Үнсіз секунд, минуттарды мүлт жібермей санап құр,
үш ғұмырды ұзатып сап, керегеде сағат тұр.
Бұл өмірден еш алаңсыз сәби жатыр бесікте,
Ұйқта, бөбек, үлкендердің жұмбақтарын есітпе!
Үнсіз кітап оқылды да, аударылды парақтар,
Үнсіз үшеу отырды да, ақтарылды шараптар.
Қулығы ма, шындығы ма, үй иесі мас болды,
Жас арудың жанарына мөлтілдеген жас толды.
Мен отырмын. Отырдым да достығы үшін екі елдің,
Бокалымды толтырдым да, толтырдым да, көтердім...

МАХАББАТ ДИАЛОГЫ

- Құс боп ұшып жоғалсам, не етер едің?
- Сені іздеумен мәңгілік өтер едім.
- Отқа түсіп өртенсем, не етер едің?
- Күл боп бірге соңыңнан кетер едім.
- Бұлдырасам сағымдай не етер едің?
- Жел боп қуып, ақыры жетер едім.
- Қайғы әкелсем басыңа не етер едің?
- Қойшы, сәулем, бәрін де көтеремін.

ЖЫРЛАСАМ БА ЕКЕН

Жырласам ба екен, жыласам ба екен,
білмеймін,
Алдымда тұрған адамды мынау кім деймін?!
Алдымда менің адасып кеткен арман тұр.
Жылатсам ба екен, жұбатсам ба екен,
білмеймін?!

Алдымда менің адасып кеткен тұр арман,
 Айыру қиын бейнесін сұрғылт мұнардан.
 Жетілмей жатып жемісін мұның кім алған?
 Алдымда менің ағаш тұр көктей қуарған.
 – Танымай тұрмын, таба алмай тұрмын сені мен,
 Жанарың ұқсас, жаным-ау, қайдан көріп ем?
 Ақырғы рет адасып келіп, сенімен
 Сырласу үшін, мұңдасу үшін келіп ем.
 Жемісім менің көктеді, бірақ өспеді,
 О, қашан менен жастықтың оты өшкелі!
 Бір кезде сенің арманың болған емес пе ем?
 Есіңе алшы, есіңе ал да, кеш мені!
 – Есімде, иә, есіме түсті қара қыз,
 Ұмыт боп кеткен, суық боп кеткен арамыз.
 Кешегі сотқар адуын жанның орнында,
 Тандыр боп қалған әруей отыр, қараңыз.
 Жастыққан жалғыз қабак пен ғана қас қапты,
 Қап-қара шашы буырыл тарта бастапты.
 Жалыңдай сүйген, жаныңдай сүйген "жан жары"
 Оқылған хаттай төрт бүктеп, жыртып тастапты.
 "Есімде менің алдыңа сенің барғаным,
 Санаңды бөліп, сөзімді менің алмадың.
 Алаңсыз едің күлкіңмен ғана алдадың,
 Алдадың дағы, алыстай бердің, арманым.
 Алыстай бердің, алыстай бердің, арманым,
 Адасқан сенен, асулар тұрған алда мың.
 Заулатып өткен, шаңдатып өткен жолыңда,
 Гүл болып өсіп, құрай боп қатып қалғамын.
 Есімде менің, есіңе сен де алып көр,
 О күннен қалған ескерткіш бар ма, алып кел.
 Ілесіп кеткен, бір өсіп кеткен өзіңмен,
 Жастығым қайда, жаз күнің қайда, тауып бер!
 Есігімді аштым, шығарып жолға салмадым,
 Қош бол деп енді қолын да қысып қалмадым.
 Байқамай қалдым, не болып кетті жан-жағым!
 Үзілді ме әлде үмітсіз менің арманым.
 Жанымда менің арман боп мәңгі жүр, мейлің,
 Лап етіп сөнген үмітгің несін үрлеймін.
 Жастық-ай, сені түсіну қиын, білмеймін,
 Жырласам ба екен, жыласам ба екен, білмеймін"

* * *

Жәй ғана көңілде жоқ қалағаным,
Кешкілік бақты ұзақ араладым,
Өбісіп те өлісіп екеу отыр,
Өтіп кеттім, бұрылып қарамадым.

...Есімде бар, жаз ба еді, күзде ме еді,
Көп жыл болды бұл баққа біз келгелі.
Әйтеуір, дәл осылай бейуақта,
Құмар көңіл әлдене іздеп еді.
Ел аулақта екеуміз отырысып,
Ерітуші ек осылай мұз денені.

Осы мезгіл, осы шақ, осы уақта,
Отырушы ек осылай осы бақта.
Артымызда қап қойған албырт жастық,
Ой, тоба! Әлі күнге шошымапты, ә?

* * *

Күміс жалды күн дейтін көлікпенен
Көріп келем өмірді, көріп келем.
Қуатым бар жанымда, сеніп келем,
Даңғазаға даурығып, желікпеген.

Кездеседі кей-кейде босаң қайғы,
Кеспек болып алдымда шошаңдайды.
Кездестірем кейде бір осал жайды,
Кезі-кезі келгенде дос алдайды,
Көңіл сонда құлазып, босаңдайды.

Жүгірмей, желмей, жортпай, жорғаламай,
Өрмелеп шығып келем жонға қарай.
Қыран болсам, қонбас па ем шыңға барып,
Дариға-ай, қанатымның болмағаны-ай!..

* * *

Анам маған: "Үлкенді сыйла!" — деген,
Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.
Үлкендерден ауысқан кішілікті,
Үлкендердің өзіне сыйға берем.

Атамнан қалған мұра — ізеттілік,
Арымды соған қойған күзеттіріп.
Адалдық — менің сәби Айбарым ғой,
Маңдайынан жүргені жүз өптіріп.

ШАБЫНДЫҚТА

Қызыл-жасыл гүлдердің төсіндегі,
Аймалайды даланың есіп желі.
Салқын түсіп, сал самал саңлақтаған
Шабындықты көрдің бе бесіндегі?
 Ұлы бесін. Қайтқан кез күн аптабы.
 Су сылдыры саябыр бұлақтағы,
 Көк құрақты көсілте күртілдеткен,
 Шалғышының тұсаулы жүр аттары.
Қарабас, көк шалғынды бұраңдаған,
Жаздың кеші болымсыз тұмандаған.
Көрікті едің, сен неткен көрікті едің,
Күдіретті мекенім — құлан далам!
 Ұлы бесін. Қайтқан кез күн аптабы.
 Бебеулеген бытпылдық суат маңы.
 Беттегі шалғышының ән сазына
 Үн қосқан үймекшілер қыраттағы.
Жанай соққан бөктерден тау самалы,
Жасыл алқап далаға жан салады.
Боз үкісін көделер үлпідетсе,
Саршұнақ, бетегелер тамсанады.
 Паңсынады сұлудай сыр алмаған,
 Жасыл майса балауса сылаңдаған.
 Сен неткен әсем едің, әдемі едің,
 Күдіретті мекенім — құлан далам!
О, гүлді алқап, неғылған байтақ едің?
Төсіңе ал да, жырымды шайқа менің.
Шарт буынып, шалғымды қолыма алсам,
Шабытымды сонда бір байқар едің.

БӨЗ ОРАМАЛ

(Баллада)

— Живописің тұла бойы тұнып тұрған тарих,
Живописі көзбен емес, көңілмен де таниық,
 Живопись — ол айғайлаған өлеңі емес ақынның,
 Сыры ішінде, тілі ішінде өрнегі ғой ақылдың!
Мені біл деп, мені көр деп, даңғойланып жатпайды,
Көрген сайын құпиясын тереңірек сақтайды...
 Әлде әзілі, әлде шыны суретші дос мақтанды,
 Сандығын ол ашты дағы, қолтумасын ақтарды.
Ақындықты кемсінді ме, қалдық біздер өкпелеп,
Айтысуға даяр тұрмыз суретшімен жекпе-жек.

Айтыстық та. Жазғандарын көбінесе сынадық,
Сегіз ақын біріктікте, бір суретші құрадық!
— Күн батқанда су бетінде бозғыл бояу болмайды, —
Десе бірі, сегіз ақын бірін бірі қолдайды.
Күн қызарып шығуы анық, таң қызарып атпайды,
Сегіз ақын жамырасып, бірін бірі жақтайды.
Ал суретші үндемейді, тек жымыып қояды.
Көрсетті бір картинаны көзге ұрған бояуы.
Картинаға қарай қалдық, жерден алтын тапқандай,
Суретшіміз тұнжырап тұр әуелгідей мақтанбай.
Картинада қанды соғыс қанға бояп жатқандай,
Қан майданның ортасында қазақ жатыр ақ маңдай.
Тұрғызбастай тұмшалапты ажал дейтін зіл салмақ,
Өлі баурын ұзатып сап, тас түйіліп тұр солдат.
Фашистердің белгісі бар, аңыздаған танктер,
Кімдер жеңді, кім жеңілді, ал енді аңғар, танып көр.
Адамзаттың ғұмырларын ойрандауға қол қойған,
Қиян-кескі қатал соғыс, қиян-кескі қан майдан.
Картинада өмір, өлім, қауіп-қатер, оқ ұшқын,
Құдіретті емес, жауыздығын айыптап тұр соғыстың.
Картинадан көзге қораш еш кемшілік таппадық,
Сегізіміз сегіз түрлі пікір айтып мақтадық.
Автор дейтін риза-қош болушы еді ондайда,
Керісінше суретшіміз бір тұңғыық шомды ойға:
— Мақұл дейін, бұл еңбекті бәрің дағы қостадың,
Бірақ мұның кемшілігін көрмедіңдер, достарым.
Білдіңдер ме мына жатқан өлі солдат сезімін,
Білдіңдер ме мына тұрған тірі жанның өзі кім?
Өлі солдат, жау танкісі, қанды майдан айналаң,
Бірақ мұнда сезім қайда көңіліңмен ойнаған?
Бұл арада қолдана алмай ең негізгі детальды,
Қолдан келген бояуларды баттай бергем беталды.
Өлі достың өз сезімін тірілтсем бе деп едім,
Амал қанша, әзірге тек әуре болып келемін...
Картинаға тағы теңдік, тағы қайта қарастық,
Сегізіміз сегіз түрлі жорамалдап таластық.
Картинаны көкке ұшырдық, картинаны құптадық,
Әйтсе дағы суретшінің көңілінен шықпадық,
Көңілінен шыға алмадық, өрісіміз тар екен,
Бұл суреттің біз білмейтін өз тарихы бар екен.
Өз еңбегін суретшіміз өз ойымен өлшепті,
Әйнектеулі рамадан бөз орамал көрсетті!
Алақандай бөз орамал, бетінде тұр қан дағы,
Қандай жанның құпиясы, қандай жанның арманы?

Жібек жіппен бұрышына жазылыпты екі есім,
 Аңтарылдық көрдік тағы құпияның көкесін.
 – Тұла бойың құпия екен, құтылып көр, тайқып көр,
 Құтқармаймыз, онан да өзің жәйлап бізге айтып бер.
 Кім біліпті, өзін жүрген құпия жан екенсің,
 Неге мұнда қанның дағы, неге мұнда екі есім?
 – Ол екеуміз бір ауылда бірге тұрдық, бір өстік,
 Майданға да бірге аттандық, жаумен бірге күрестік.
 Кауібі мен қатері мол қанды майдан жорықта,
 Туған жерден хат алудан артық бақыт болып па?
 Соғыс, соғыс! Тұншықтырып түтеп тұрған қаталдық,
 Сол күндердің бірінде біз туған жерден хат алдық,
 Сын сағаттың кезеңінде өмір, өлім арбасқан,
 Екеумізге бір хат келді ауылдағы Қарғаштан.
 (Көршіміздің Қарғаш дейтін жалғыз қызы бар еді,
 Біз майданға аттанғанда ол бір сәби бала еді).
 Біз кеткенде ол оқитын-ды сегізінші класта,
 Хат жолдаған сол Қарғаш па, сол Қарғаш па, рас па?!
 Конвертке жазылыпты екеуміздің атымыз,
 Қарғаш қыздың хатын алып, қуанысып жатырмыз.
 Ел-жұртының амандығын Қарғаш хатқа салмапты,
 Алақандай бөз орамал екеумізге арнапты.
 Қыз жолдаған орамалда жазулы тұр екі есім,
 Сұм қыздың бұл не істегені, бұл не деген көкесін?!
 Қарғаш қыздың қылығына қарай-қарай өкіге,
 Алақандай орамалды бөлмек болдық екіге.
 Қыз жүрегін олжалауға қақымыз жоқ, бөлмедік,
 Нелер сезім сыбырлайды, сыбырлайды, көнбедік.
 Екі бойдақ – екі солдат қыз жіберген сыйды алдық,
 Қыз жүрегін түсіне алмай, әрі-сәрі қиналдық,
 Қиналдық та, төс қалтада кезек сақтауды ұйғардық,
 Біз ант еттік қорғау үшін аманатын Қарғаштың,
 Бөз орамал кезек-кезек қалтамызда алмасты.
 Бөз орамал қалтамызда арымыздай сақталды,
 Жау шегініп, жойқын жорық бітуге де шақ қалды.
 Жүрдік солай, жүрдік солай, арада үш-төрт жыл өткен,
 Бөз орамал қалтамызда бірге соқты жүрекпен.
 Бөз орамал құпиясын түсінбедік, түсіндік,
 Анығы сол – ішімізден Қарғашты еске түсірдік.
 Қыз Қарғашты екеуміз де жанымызға баладық,
 Екеуміз де бір үмітке сарғая кеп қарадық,
 Сол үмітке жетуге біз тағат таппай асықтық,
 Бақыт па екен, достық па екен әлде,
 мүмкін, ғашықтық,

Қанды майдан екшеп жатыр өмір менен өлімді,
Қалың өртте Қарғаш бізге үміт болып көрінді.
Сол үмітке, сол Қарғашка жетуге біз асықтық,
Әлде қызға, әлде өмірге, әйтеуір, бір ғашықтық,
Қалың өрттің ортасында гүл өскенін көріп пе ең,
Махаббаттың жауыздықпен күрескенін көріп пе ең?
Екеуара бір махаббат, махаббатты қорғадық,
Махаббатты қызғанамыз, қызғанамыз ол да анық!
Екі солдат міне осылай айлар, жылдар өткізді.
Досым бір күн жай түскендей суық хабар жеткізді:
"Білесің ғой, жастайымнан зат сақтауға олақпын,
Кешір мені, қара басты, орамалды жоғалттым..."
Жан досыма бір жауыздық жасамақ боп оқталдым,
Достық, достық! Қол байланды, мысым құрыш тоқталдым.
Күндер өтті. Досым менің сүле-сопа күйге енді,
Жапа-жалғыз отырып ап тұнжырауды үйренді.
Әдеттегі әзілі жоқ, әні де жоқ, күлмейді,
Түтінденген темекіден басқа ешнәрсе білмейді.
Бір жүректе екі күйік маған жеңіл тимеді,
Сағыныштай саруайым мені дағы биледі.
Қатері көп қан майданның өтіп жатты ай, күні,
Амал нешік, кездестірдім дүзі қара қайғыны.
Жан ұшырған бір шайқаста досым менің оққа ұшты,
Өрт ішінде жалғыз гүлді жалаңдаған от құшты!
Жауыз соғыс жайратыпты бұл өмірдің пендесін,
Жаралы дос әлсіз қолмен сипалайды кеудесін.
Сезіп тұрмын, тіл күрмеулі, тығындапты көмейді!
Жанарымен жалыңданған, о, дариға, не дейді?
Кіресілі-шығасылы қақтығысында есінің,
Жанарымен аймалайды сұрағандай кешірім.
Әлсіз қолмен әзер-әзер төс қалтасын ағытты,
Қанға тиген орамалды уысына алыпты.
Жан тапсырды орамалды уыстаған қалпымен,
О, махаббат! О, махаббат! Неғылған сен алтын ең?!
Сен тірліктің сәні ме едің, сен өмірге қорек пе ең?
О, махаббат! Тіріге де, өлгенге де керек пе ең?!
Бөз орамал, бөз орамал... Жүрегі ме Қарғаштың?!
Бір өлі жан, бір тірі жан екеуміз де жармастық,
Өлі уыс та берер емес, не істемекпін... ділгірдім...
Өлі достан махаббатымды алып қалдым, үлгірдім.
Өлі достың шарт сынып бір шатынаған жанары,
Жеп жібере жаздайтындай оқ боп атып барады.
Жеп жібере жаздайтындай, жұдырығын тас түйіп,
Қан майданның қақ төрінде жатты досым қасқыпп.

Солай болды... Бәрі ақиқат... әлде есімнен алжастым...
 Мынау жатқан бөз орамал — орамалы Қарғаштың...
 — Әңгіменді әрі қарай, әрі қарай жалғастыр,
 Сонан кейін қандай жағдай? Тағдырын айт
 Қарғаштың.
 — Әрі қарай не болады, оралдым мен майданнан,
 Алда — үміт, артта — қайғы, сан сапалақ ойда — арман.
 Болған жәйтті әңгіме етсем, кездестіріп Қарғашты,
 Сайтан алғыр қу қыздың ол сезімі екен алғашқы.
 — Кешіріңіз, аға, — дейді, — кешіріңіз, жақсы аға,
 Ондай ойым болған жоқ-ты, берілгемін басқаға.
 Әрі қарай не болушы еді, несіне енді сөз етем,
 Қарғаштардың махаббатпен ойнап жүрген кезі екен.
 Біз солардың махаббатын, сезімдерін қорғаппыз,
 Біздер өсте махаббатқа берік қорған болмақпыз!

ЖЫЛ ӘКЕЛГЕН ЖЫР *(Новелла)*

Уақыт өтіп жатыр үмітпенен,
 Құс уақыт тұзаққа ілікпеген.
 Алдым — тау, артым да тау, айналам — тау,
 Қарағайлы қиямен жүріп келем.
 Құз жартас құлайтындай ұмсынады,
 Долы өзен мұз астында тұншығады.
 Желігіп таудың желі аймаласа.
 Қыз қайың бетін басып қымсынады.
 Таныс маң, таныс аймақ, таныс мекен,
 Оңаша ойымменен алыс кетем.
 Со бір жылы неліктен аңғармағам,
 Отары қарияның алыста екен.
 Армысың, құба жолды қырқаларым?
 Сендерден жыр табамын, сыр табамын.
 Ақпанның ақша қары бүркеп алып,
 Қарай гөр тұрмастай қып қымтағанын.
 Қарай гөр қатал қыстың сайраңдарын,
 Сайлапты қару-жарақ, саймандарын.
 Қылышын қынабынан суырып түр
 Қаһарлы батырдай-ақ майдандағы.
 Иесіз тау. Бір пенде жоқ сырласуға,
 Жөнелді қонағына күн де асыға.
 Жырадағы жалғыз үй орнында екен,
 Шоқытып шыға келсем қыр басына.
 Пана болған қойшыға, сонаршыға,
 Жалғыз үй, мұншама ыстық боларсың ба?!

Бұл үйдің есігі ашық, асы даяр,
Бейсауат суыт жүрген жолаушыға.

Бұл үйден сөзін тыңдап қарияның,
Қаласаң, ұрпағыңа жария қыл.
Бұл үйдің ағыл-тегіл пейілі де,
Сарқылмас суы іспеттес дарияның.

Жақсының жақсылығын мақтайды адам,
Жақсының жақсылығын сақтайды адам.
Ақсақал Ата басын иілтіп кеп,
Оралып шылбырыңа ат байлаған.

Қозы ымырт. Міне сол үй жырадағы
(Естіледі сәбидің жылағаны).

Міне қазір ақсақал атымды ұстап:

— Қош келіпсің, балам! — деп тұрады әлі.

Әуелгі әдетімен алақашпа,
Сырттан ит атып тұрды қара қасқа.
Қария емес, жас әйел үйден шығып,
Атымды байлап жатыр мамағашқа...

Қойшы үйі.

Жаңа жылдың дастарқаны.

Жас келін жатырқамай ас тартады.

Мөп-мөлдір құтыларға құйған шарап,

Жалт етсе, жанарыңды жасқантады.

Иісі танауыңнан таңдайға ұрып,
Табакта ет, қазы жатыр қарны айрылып.

Бес минутсіз он екі, әлі отырмыз,

Атақты көкмойынға салмай құрық,

Бұл үйде бәрісі де баяғыдай,

Күрсініп Науат шешей қояды жәй.

Көрпе үстінде дамылсыз ербеңдеген

Сәбидің қолы менен аяғын-ай.

Бұл сәби немересі қарияның,
Тамшысы сарқылмаған дарияның.
Бір балапан қалғаны мақұл-ақ қой,
Ішінде бабаң салған ор ұяның.

Есіл қарт бұтақты бір емен еді.

Тағдыры тамырын терең шегеледі.

Аурусыз-сырқаусыз аттаныпты,

Иіскеп маңдайдан бір немерені.

Өмірдің арқалап ап бар салмағын,
Қайран қарт қайрап өтті қартаң жанын.

Со бір жылы үйінде қарияның,

Есімде жаңа жылды қарсы алғаным.

Осы үй. Осы жатқан тау аңғары,

Қойлар да күйістерін тамамдады.

— Жыл келді ғой ішейік әкел, кемпір,

Қысырдың қымызынан сабандағы.

Өмірің түлкі емес қой атпен қуған,
Алда, ұлым, ойын-күлкің, бақ пен думай.
Жылдарың ақ қой өзі кір шалмаған
Жақсы ендеше ақ затты ақпен жуған.

Мына кесе — момақан елің үшін,
Мына кесе — құт құйған жерің үшін,
Мынасы үйіндегі анаң үшін,
Анасы — отаудағы келін үшін!

Ал мынау мына менің өзім үшін,
Мал соңында өткізген кезім үшін.
Ал, кемпір, сен мен үшін сыбағанды ал,
Білесің ғой, бұ шалың өзің үшін!

Кел, ішейік!
Алайда бір нәрсеге келісейік,
Аяз құрдас келгенде әр жыл сайын,
Аман-есен осы үйде көрісейік!

Тұлпардай құлап түсіп кермесінен,
Есіл қарт әруақ бопты жерге сіңген.
Қария жоқ, қысырдың қымызы жоқ,
Шарап ішіп отырмын кенжесімен...

МЕН БЕ ЕКЕМ?!

Шаруа басты маңдайды
Шаршатам, күнде терлетем.
Шола алмай алыс, шалғайды,
Шоғырда жүрген мен бе екем?!
Қинамай жанды, ауыртпай,
Жүретін кезім кемде-кем.
Илеуге қойған мамықтай,
Иесіз бұйым мен бе екем?!
Тереңнен тартып нәр алмай,
Теңізде жүру жөн бе екен?
Қайығы батқан адамдай,
Қармаған талды мен бе екем?!
...Дос басына күн туса,
Досымнан бұрын мен кетем.
Қару ап жауым ұмтылса,
Қайыра соқпас мен бе екем?!
Отаным, сенің ұлыңмын,
Сен үшін, Отан, бел бекем!
Ал қызыл арда Туыңның
Тұғыры болмас мен бе екем!

ТҮС
(Элегия)

Діндар деме, ағайындар, діндар десең, сескенем,
Түсіме енді туған жерім, түсіме енді өскен ел.
Әлдеқалай жолым түсіп туған жерге барыппын,
Туған ауыл, ой шұқыры – бәрісіне қанықпын!
Мөңтей шешей ескі үйіне атым байлап түсемін,
Жарты кесе қатық көже обырлана ішемін.
Ат-тұрманын алдым дағы, атымды отқа босаттым,
Шідерлемей, жиренімді бос қоюды қош аппын.
Аунап түсіп, сілкінді де, тарта берді жиренім,
Қарап тұрмын жиреніме, көңілсіздік күйдемін.
Көше бойлап әзілдесіп ескі досым екеуіміз,
Өткендерді әңгімелеп келе жатыр екенбіз.
Жирен бестім суаттағы қосылмады жылқыға,
Тауға қарай ойнақтап ап, тарта берді жұлқына.
Жануарым ілездемде ғайып болды көзімнен,
Мен өзімді қара жаяу қалғандайын сезінем.
Кенет қайдан пайда болды құйын қуған салт атты,
Біреуді атты, ол бишара аяқасты жан тартты.
Жұтардай боп салт атты қарт маған қарай бұлқынды,
Ауылдағы ақсақалдар арашалауға ұмтылды.
Ол көнбеді, қашпақ болдым, ол артымнан қуа атты,
Орақ кескен масақтайын сылқ түсіріп құлатты.
Кеудемдегі шыбынымның барлығына сенемін,
Сенемін де, жаңдалбаспен алға жылжи беремін.
Қатал қартым аямады, аямады және атты,
Мен жығылдым құшақтап ап өмір деген жаннатты.
Құшағымды бояп, міне, қара қызыл қан да ақты,
Жібергім жоқ, жібергім жоқ өмір дейтін жаннатты.
Жанып біткен шырақтайын баяу ғана сөнді леп,
Қатал қартым қару кезеп, тағы маған төнді кеп.
Ажал қартым – ауылдағы өзіміздің Белдібай,
Мейірімділік белгісі жоқ; "Жаныңды алам,
мен – құдай".
Жалт қараймын, әлі өлмеппін, әлі жаным бар екен,
Жалынамын Белдібайға, жан ұшыра зар етем:
"Аташым-ай, жалғыз балаң Ержаңдайын емес пе ем,
Менің сізбен өмірімде кезім жоқ қой егескен.
Барлығын да алыңыз сіз – бақытымды, барымды,
Қиыңызшы бірақ маған шырылдаған жанымды!"
Қанша қатал болғанымен, аңтарылды ол, атпады,
Қамшы басып күреңіне қақ белімнен аттады.

Қанжоса боп қала бердім, қозғалуға жоқ шамам,
Қайран жырдың бір шумағын айтайын деп оқталам.

Тіл күрмеулі. Тірісің деп жұбатамын көңлімді,

Құшағымнан ажыратпай ала кеттім өмірімді.

Өмір деген жаннатымды аймалаймын күрсініп,

Айналамда өтіп жатқан өзінше бір тіршілік.

Ел де, жел де айтқандарын әрқайда алып қашатын,

Менің туған ауылымнан шыққандай ма-ау жас ақын.

Мен жатырмын жырларымның бір шумағын айта алмай,

Ал тіршілік өтіп жатыр, өтіп жатыр байқалмай.

Өмір деген өтеді ғой, өлгендерге қарай ма...

Көзімді аштым, таң атыпты, түсім екен алайда.

Туған жерге бармап едім бастан асып жұмысым,

Ағайындар әңгіме етіп, аңсады ма туысым.

Мөңтей шешей тағамын да көп жыл

болды татпап ем,

Асан атам қара орнында аунап-қунап жатпап ем.

Көп жыл болды жүйрік жирен ойнамады тақымда,

Кім біледі, түсіме енген тулап жүрген атым ба.

Саламымды сағынды ма қатал қартым Белдібай,

Кім біледі, түсіме енген "қорқыныштан" белгі ме-ай...

Көп жыл болды оралмадым, оралмадым ауылға,

Арашашыл ақсақалдар аңсап жүрген қауым ба?..

ОТАНЫМ

Тарихтан белгілі,

Мен оны қайталап жатпаймын.

Қуантқан жарлыны, шерліні,

Отаным Қазақстанды

Әрқашан мақтаймын.

Тарихтан белгілі,

Тарих — сұңғыла қария.

...Кез болған ел жыры, ел мұңы

Секілді тасыған дария.

Біздің де қарт Асан, қайғы Асан

Жерұйық іздепті, кезіпті.

Ол дағы тұрғысыз байласаң

Қорқыттың еліне кезікті...

Ақылгөй бабалар, даналар

Туыстық, достықты аңсаған.

Тап болып тартысқа кереғар,

Не шара? Шаршаған...

Белгілі бәрі де,
Тарихтан белгілі,
Мен оны қайталап жатпаймын.
Мақтаймын туымды, гербімді,
Отаным Қазақстанды
мақтаймын!

Отаным — достықтың Отаны!
Мен саған ерікті мүшемін.
...Ей, қазақ,
Аттан түс, қонақта!
Жақының, жат емес басқа бұл.
Қасиетті жерімде, елімде
Халықтар мәңгілік дос-бауыр.

* * *

Ата орыс, аға өзбек — бауырым,
Бәріміз бір ғана қауым күш!
Бұл — менің, сенің де ауылың,
Қанеки, шайымнан қанып іш!
Қанып іш, қаласаң, бас тартам,
(Аяйтын не жай бар достардан).
Мендегі кең пейіл, шат көңіл —
Туыстық ортақ бір дастарқан!

ТАУДАҒЫ КӨКТЕМ

Сай-саланы
Аймалады,
Жоталардан жел есті.
Көк қарағай
Көп баладай
Күбір-күбір кеңесті.
Қасқа бұлақ,
Тастан құлап,
Бара жатыр шапқылап,
Шыңылдаған,
Сыбырлаған
Айқай тастар — саққұлақ,
Бір жүрекпен
Дір-дір еткен
Жасыл талдар жас талдар.

Еміренген,
Тебіренген

Ақбас Ата — Асқарлар.

Күннен — бөркі,
Гүлден — көркі,

Тау тамаша, тау алып.

Қатпар басын,
Шатқал, тасын

Көрген сайын жаңалық.

Айналаңа,
Сайға қара,

Шыңға қара ақ маңдай.

Бала шағың,
Болашағың

Көктеп келе жатқандай.

МАЗМҰНЫ

Ақынның қысқаша өмірбаяны.....	Өмір.....	35
Ей, Жұмаш!.....	"Осы күн мен бір жексұрын".....	—
Қырман басында.....	Жұлдыз.....	36
Қойшы бала Әкітай.....	Табыт.....	—
Бұлт (I-нұсқа).....	Ай (I-нұсқа).....	37
Жүрегім.....	Ай (II-нұсқа).....	—
Мұздама, жылы жүрегім.....	Бұлт (II-нұсқа).....	38
Досыма!.....	Туған жерім.....	—
Жасыма, көңіл! (I-нұсқа).....	Өкпе-наз.....	39
Жасыма, көңіл! (II-нұсқа).....	Шыбық.....	40
Күзгі кеште.....	"Өмірге ерте құлаш сермегенмен".....	—
Үміт.....	Шибұт шыңында.....	41
Арманым!.....	Жас ана.....	42
Ақ гүл.....	"Шіркін-ай, қымбат жастық шақ" (I-нұсқа).....	—
Тауда.....	"Шіркін-ай, қымбат жастық шақ" (II-нұсқа).....	—
Өмірге серт!.....	"Қараңғы түнді жамыла".....	43
Жар есіне!.....	Тастағы гүл.....	—
Түс.....	"Шыпынса көңіл жабығып".....	44
Бұл қалай?! (I-нұсқа).....	Жолаушы.....	—
Бұл қалай?! (II-нұсқа).....	Қыстауда (I-нұсқа).....	45
Әке аманаты.....	Қыстауда (II-нұсқа).....	46
Ауырмай жаным қиналды! (I-нұсқа).....	Қысқы боран (I-нұсқа).....	47
Ауырмай жаным қиналды! (II-нұсқа).....	Қысқы боран (II-нұсқа).....	—
Өмір толқыны.....	Жас бала.....	48
Соңғы сағатта (I-нұсқа).....	Бір ой.....	—
Соңғы сағатта (II-нұсқа).....	Жабыр тау.....	49
Түнгі табиғат.....	Күнім батар менің де.....	—
Өзім үшін.....	"Ұша алмай бала бұлбұл темір торда".....	—
Досыма хат!.....	Жас қайың (I-нұсқа).....	50
Жапаңда жалғыз жас емен.....	Жас қайың (II-нұсқа).....	—
Жүрекке нәзік тіл бітті.....	"Кейде көңілім жалынды өрт секілді".....	—
Қиялым.....	Ләззат.....	51
Жас жүрек.....	Сен неге?.....	—
Мені оятқан.....	"Бақытты сонау сәби шақ".....	52
Сабыр ет, досым, азырақ!.....	Қыстың күні.....	—
Тұңғышым.....	Жыл құсы.....	53
Күзгі таң.....	Көктем.....	—
Күзгі жолда (I-нұсқа).....	"Ойында армаң".....	54
Күзгі жолда (II-нұсқа).....	Бес хат.....	55
Балапан (баллада) (I-нұсқа).....	Ерікке қоймас күлдірмей.....	57
Балапан (II-нұсқа).....	Туған жер тудырған ой.....	—
Көңілсіз күн.....	Шибұтта.....	61
Көкірек.....		
Түнгі жолда.....		

Ләззатқа.....	62	Сыдыққа.....	80
Жетектеп үміт қиялым.....	—	Элегия.....	—
Тілек.....	63	"Хош, бақытым, хош, өмірдің көктемі".....	—
Шіркін қиял, ойды жеген дертпен тең.....	—	"Жалғыз жұлдыз аспанда".....	—
Махаббат.....	—	Тұс.....	81
Алматы.....	64	"Арманға алдандырып алыс кеткен".....	—
Япырмау, қалай едің сен?.....	—	Апама.....	—
Сағынам, Шибүт, сені де.....	65	Лашынға.....	82
Өскен жер жылы жүрекке.....	66	"Сәлем, сәулем".....	—
Болжау.....	—	Біздің жақтың іңірі.....	—
Бір ой.....	—	Әкем туралы сөз.....	83
"Үміттенем ұшпай жатып ұяда".....	67	Хат.....	84
Үмітім — өлеңім.....	—	Анашым.....	—
Сағыныш сағаттары.....	—	Ойлар.....	85
"Шынымен еткен еңбек еш кете ме?!".....	68	"Қайдасың, көріктім, гөзелім".....	—
Лыкенге!.....	—	Қотыр қойлардың шағымы.....	—
Есінде ме?.....	69	"Мүлде бөлек...".....	86
Достарға.....	70	"Сен ақынсың демесе де...".....	—
Жанайбекке.....	—	"Білесің бе менің отты жанымды".....	87
Сезігу.....	—	Жалғыз көкек.....	—
Маған ыстық.....	71	Менің бір досым.....	88
Жүрегім неге.....	—	Н-ның монологы.....	—
Беторамал.....	72	Менің Отаным.....	—
Жиырма.....	—	"Қатыгез...".....	90
Сүйемін, өскен Отаным!.....	73	"Не айтам саған...".....	—
"Талабым арыстанның жүрегіндей".....	—	Ажалға.....	—
Екі сезім.....	74	Неміс жұмысшысына хат.....	91
Менің інім.....	—	Россия.....	92
"Ызаға қалай шыдарсың?".....	—	Лашынға.....	—
Май гүлі.....	75	Отыздан асып барамын.....	93
Анама!.....	—	Майгүліме (1-2).....	94
Үйшінің ойы.....	76	Ильич (Поэма).....	95
Көрдің бе сен?.....	—	"Бүлініп кеттің...".....	133
Көңіліз-ақ!.....	77	Жылдарым менің, жылдарым.....	—
"Өмірден менің күткен үмітім сол".....	—	Әкеме.....	134
Арман.....	78	"Тыныштық деген осы да".....	—
"Қайдасың...".....	—	Ақмарал.....	135
Кел, ішелік!.....	—	"Келіншек...".....	—
"Білесің бе менің мұңлы жанымды".....	79	"Тура қара...".....	136
"Көңілім риза емес саған, жаным".....	—	"Алматының жерінде...".....	—
З...fa!.....	—	"Сатқан емен...".....	—

Сабырханға.....	137	"Сағынып, аңсап барғанда"....	168
Мінезім.....	—	"Туады, туады әлі нағыз	
Жанарсыз адам келеді.....	138	ақын".....	169
Ескерту.....	—	"Қажыдың, қарғам...".....	—
Сен батыста, мен		"Ол енді кетті...".....	170
шығыста.....	139	"Тағы да күз...".....	171
"Иә, жаратушы...".....	—	"Қап-қара, ғажап сиқырлы".....	—
"Иә, Аллаһ...".....	140	"Қашанғы қалжыраймын...".....	172
"Әнеки менің Отаным...".....	—	"Бұлқынып жатыр...".....	—
Дала данышпаны.....	141	Ит болайын енді мылтық	
Ақ қайың әні (Поэма).....	142	ұстасам!.....	173
"Тауға шығып...".....	149	"Оңай сөз ғой...".....	174
Рақмет, дала!.....	150	"Бала едік, ә?...".....	175
Отан туралы.....	151	"Ат суара барғанда...".....	176
"Елім!".....	—	Ей, Токбергген.....	177
Шүү, жануар.....	—	"Жұтайыншы елімнің таза	
Отыз бесінші көктемім.....	152	ауасын".....	178
"Біздің үйге...".....	154	"Адамды адам түсінбеу...".....	—
"Сен — гүлімсің...".....	—	"Қабағы таудың қатулы".....	179
"Келші бермен...".....	155	"Қаздар қайтып барады	
"Досым менің...".....	—	мекеніне".....	—
"Мен өскен лашық...".....	156	Есіңе мені алғайсың (<i>И-нұсқа</i>)...180	
"Сананы сары уайым...".....	157	Қасым солай болмаса.....	181
"Кем больш...".....	—	"Неге жыламасың?!...".....	—
Сағым.....	—	"Дос болам десең...".....	182
"Жол ұзақ...".....	158	"Досым, саған сенемін...".....	183
"Қарғам-ау, қайдасың...".....	159	"Азамат едің тәп-тәуір".....	—
"Көңлім менің...".....	—	"От жағып қоймайсың ба...".....	184
"Заулап өткен...".....	160	"Өлең деген тумайды...".....	—
"Иығыма ылаң асылған...".....	—	Хан тәңірі.....	185
"Жігіттер, басымда екен		"Қарлығашым, келдің бе...".....	186
бар салмағым".....	161	"Қысқа жіп келмей	
"Сонау бір жазда,		күрмеуге".....	—
жайлауда...".....	—	"Түнде мен	
"Жүр. Кеттік біздің		ұйқатамаймын...".....	187
ауылға".....	162	"Шау тартып қалыпсың-ау...".....	—
"Жүрегімде жүргені-ай бір		Ару ана (Поэма).....	188
қауіптің".....	—	Қарасаз.....	201
"Ауыл түні бозғыл...".....	163	Масақ.....	202
"Түсті есіме...".....	—	Миллиард дастарқаны.....	204
Майгүлге.....	164	"Тозығы жеткен...".....	205
"Суық күз...".....	165	"Талай жылдар өтіпті, талай	
"Жоқ күндерім...".....	—	заман".....	—
"Пай, пай, өмір!".....	166	"Өкпелетті дей алман...".....	206
"Жынданба, жүрек...".....	—	Сіздер.....	—
"Әй, табиғат!".....	167	"Қуанамын таңымның	
"Қазір түн...".....	—	атқанына".....	207
"Көтеріп шаңын көшенің".....	—	"Жарқыным-ау!".....	—

"Арман-ай, әкеттің-ау тым алысқа"	208
"Мына дүние..."	—
"Әке, сенің тастап кеткен мұраңды"	209
Бауыржан Момышұлына.....	—
"Жалаң аяқ жар кешіп"	210
"Жаратқан"	211
"Ғашықтың"	—
Алатау, ассалаумағалейкүм!.....	212
"Көңілде ән, көгімдегі..."	—
"Жамылып сағыныштың..."	213
"Сенің көзің түпсіз терең..."	—
"Тау бұлағы да ағады"	214
"Санаулы күн"	—
"Бәрі жасы"	215
Қырқыншы жылдар.....	—
Мұзбалақ (Поэма).....	216
"Бір ән бар..."	223
Қосықтар.....	—
"Жойқын дейді"	224
"Шежіресін талай жы..."	225
"Құмдар"	—
Телегенге (1-2).....	226
"Неғылған ой..."	227
"Бөрекедді!"	—
"Адам маған..."	228
"Япырай-ай!"	—
"Біздің таулар..."	229
"Құмған алған"	—
Жер.....	230
"Арып-ашқан жан болса"	—
Бала шақтан — болашаққа (өмірдастан).....	231
Поэзия.....	278
"Маз"-дар, "Газ"-дар..."	—
Қазынам бар.....	279
"Самұрыққа міндім бе"	—
Әбділдаға.....	280
"Мейлі, мені шығарсын..."	—
"Жігіттер, дем алайық..."	281
Ұлыма.....	—
"Алматының шәрісі..."	282
Біреуге (1-2).....	283
Мен сөйлеймін.....	284
Ильич салған ізбенен.....	285
Мен — Октябір.....	286

ЖАЗЫЛҒАН УАҚЫТЫ БЕЛГІСІЗ ӨЛЕҢДЕР

"АРМЫСЫҢДАР, ДОСТАР!" КІТАБЫНАН	
Бесік басында.....	288
Солдат сөзі.....	—
Күзетші.....	289
Сәби ана.....	—
Алпысқа келдіңіздер.....	290
"Мен қарапайым..."	291
Қарт ақынның дегені.....	292
Сонда да біз.....	—
"Тау өзені тентек қой..."	293
Армысыңдар, адамдар!.....	294
Тарту.....	—
Қайырлы түн.....	295
Қойлы ауылда.....	296
Біздің көктем.....	297
Күй қалса ғой.....	—
"Кең дүние, төсеңді аш..."	298
Көңілім.....	—
"Міне, тағы ашу келіп..."	299
Соқпақ.....	—
Жұмыстан соң.....	300
Жастық.....	—
Таң алдында.....	301
"Жүр, досым..."	—
Жұмбақ.....	302
Махаббат диалогы.....	—
Жырласам ба екен.....	—
"Жәй ғана көңілде жоқ..."	304
"Күміс жалды күн..."	—
"Анам маған..."	—
Шабындықта.....	305
Без орамал (Баллада).....	—
Жыл әкелген жыр (Новелла).....	309
Мен бе екем?!.....	311
Түс (Элегия).....	312
Отаным.....	313
"Ата орыс, аға өзбек — бауырым"	314
Таудағы көктем.....	—

Мұқағали Мақатаев

ШЫҒАРМАЛАРЫ

КӨП ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

I-том

Құрастырған — *Оразақын Асқар*
Сарашысы — *Ұлжалғас Зәуірбекова*
Техникалық сарашысы және
беттеген — *Нургүл Сейдахметова*

Теруге 06.05.13 жіберілді. Басуға 11.07.13 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Пішімі 84x108^{1/32}. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 20.0 б.т. Шартты баспа табағы 17.0. б.т. Таралымы: мемлекеттік тапсырыс бойынша 2000+баспа есебінен 50 дана. Тапсырыс №908. Келісімді баға.

ИБ № 5121

“Жалын баспасы” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 050009. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143/93-үй. Тел.: (727) 394-36-40

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ISBN 978-601-7286-62-0



9 786017 286620

700 тт.